

МАҚАЛАЛАР МЕН СҰХБАТТАР

Нұрперзент  
ДОМБАЙ

ЕРЛІК – ЕЛГЕ

МҰРА



Алматы  
2022

УДК 94 (5Қаз) “1941/1945”  
ББК 63.3 (2) 622.78  
Д 60

*“Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
“Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,  
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау  
және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру”  
бағдарламасы “Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін  
сатып алу, басып шығару және тарату” кіші бағдарламасы  
бойынша жарық көрді”.*

**д 60 Нұрперзент Домбай**  
**ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА** - Алматы, - “Алматы-  
Болашақ” АҚ, 2022. - 192 б.

**ISBN 978-601-7646-39-4**

Белгілі қаламгер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Нұрперзент Домбайдың бұл кітабында екінші дүниежүзілік соғыс кезінде кеңес әскерлерімен бірге басқыншы жауға қарсы аянбай күрескен қазақ жауынгерлерінің ерен ерліктері сөз болады. Оқырман қауым Кеңес Одағының Батыры Үрмәш Түктібаев, Халық Қаһарманы Хиуаз Доспанова, ержүрек жауынгерлер Мұханғали Тұрмағамбетов, Әбсамат Тәжбенов, Бектай Әбсаттаров, Қозғанбай Әбиев және басқалардың өмір жолдарына қанығу арқылы отансүйгіштік, патриоттық қасиеттердің құндылығын сезінері анық.

Араға жылдар салып, сол қанды қырғын дүмпуі қанша алыстағанымен оның зардабы санадан еш өшпек емес. Әсіресе Отан үшін от кешкен ерлердің есімдері – мәңгілік ел жадында.

УДК 94 (5Қаз) “1941/1945”  
ББК 63.3 (2) 622.78

**ISBN 978-601-7646-39-4**

© Н. Домбай, 2022  
© “Алматы-Болашақ” АҚ, 2022

## ЖАУЫНА КӨКТЕН ШҮЙІЛГЕН

Әскери ұшқыш, ел басына ауыр күндер тудырған 1941-1945 жылдардағы соғыстың ержүрек жауынгері, қазақтың қаһарман қызы Хиуаз Доспанованың өміріне тереңірек қанығуға белгілі қаламгер Жақау Дәуренбеков ағамыз басқаратын «Ана тілі» баспасының ұсынысы себеп болып еді. Баспа ерлігі елге өнеге апамыздың 90 жылдығына орай жинақ шығаруды жоспарлаған екен. «Сол кітапты құрастыруды сізге жүктесек» дегенді айтты. Ешқандай қарсылық болмады. Өйткені «қанатты қыздың» өткен жолдарынан біршама хабарымыз бар болатын.

Ол кітап 2012 жылы «Қаһарман қыз» деген атпен Алматыда жарық көрді. Оған батыр қыздың жазбалары, естеліктер, очерктер, мақалалар, сұхбаттар, өлең-жырлар енгізілді. Оқырман қауым аталған жинақ жөнінде жылы лебіз білдірді.

Соғыс басталғанда қаршадай қыздың «Мен де қолыма қару алып, туған Отанымды қорғаймын» деуі таңдандырмай да, таңдай қақтырмай да қоймайды. Соғыс деген де ажалмен арпалысу ғой. Содан қорықпай, үрікпей, керісінше, қасқайып қарсы ұмтылғаны бір жағы сүйсіндірсе, екіншіден «Бұл неткен жүрекжұтқандық?!» дегізетіні тағы белгілі.

Ол мектепте оқып жүргенде-ақ ерлік істерге құмартқан. Әсіресе, челюскиншілердің, оларды құтқарған ұшқыштардың әрекеттері ерекше әсер қалдырған. Челюскиншілер деген кімдер еді? Аз-кем анықтама бере кетейік. 1934 жылдың 13 ақпанында Чукот теңізіне кеңестік «Челюскин» кораблі мұз ойылып, батып кетті. Бортта 111 жолаушы болатын. Оларды құтқару оңай болмайды. Осы кезде өз кәсібін шебер меңгерген майталман ұшқыштар көмекке келді. Ақырында кемедегілер түгелдей ажал аузынан қалды. Құтқару жұмысына қатысқан жеті ұшқыштың ерен ісі ел ішінде аңыз боп тарады. Әсіресе, бұл оқиға балалардың, жастардың санасына айрықша әсер етті. Өзгеше көңіл күйді Хиуаз да бастан кешкен. Бұдан қала берді Гризодубова, Осипенко, Раскова секілді әйел ұшқыштардың Мәскеуден Қиыр Шығысқа дейін ешбір аял-

дамай ұшып баруы дүниежүзін дүр сілкіндірген. Бұл ғажап сапар Хиуаздың арман-қиялын одан әрі қанаттандыра түсті. Онда бір-ақ ой болды. Мақсат – ұшқыш болу.

Балалық шақ-арманшыл шақ. Өмірде байқалатындай, балғын арманның адастырмай, шатастырмай көздеген нысанаға жеткізетіні де бар. Жалпы жүрек қалауына ештеңе жетпейді. Оған жүрдім-бардым қарамай ескерген абзал.

Мектептің тоғызыншы сыныбында оқып жүргенде өз ойын, болашақта ұшқыш мамандығын игергісі келетіндігін ата-анасына сездірді. Алғашқыда қорқақтағаны рас. «Келісе ме, келіспей ме?» деген ой жатса-тұрса мазалаған. Қалай дегенмен де қыз балалардың тандай беретін мамандығы емес қой. Оның үстіне қауіптігі де басымдау. Теп-тегіс қара жердің өзі де түрлі-түрлі апаттардан құралақан емес. Аспанның аты аспан. Табан тірер бір жер жоқ. Беті аулақ ондайдың...

Несін айтады, мәселе ойдағыдай шешілді. Әкесі де, анасы да қыздарының ойына қарсы шықпады. «Егер өзің мың ойланып, мың толғанып осындай шешім қабылдасаң, біздің қарсылығымыз жоқ. Көздеген мақсатыңа жетуіңе тілектеспіз» дегенді айтты. Шынын айтқанда мұндай жауап күте қоймаған. Құптай қоймайтын шығар деген күмән болған. Әлгі сөзді естігенде екеуін бірдей құшақтап алды. «Рахмет, сіздерге. Сенімдеріңізді ақтауға тырысамын» деді екі беті бал-бұл жанып.

Хиуаздың о бастағы ойы әке-шешесі келіссе қаладағы аэроклуб оқуына жазылу еді. Бір асу артта қалды. Енді аэроклубқа тіркелу үшін мектеп директорынан ұлықсат алу керек. Себебі мектепке де, аэроклубқа да қатысу зор жауапкершілік жүктейді. Кез-келген оқушы екеуіне бірдей үлгіре алмайды. Бірін меңгергенімен, екіншісіне көлеңке түсіріп алуы мүмкін. Ал Хиуаз болса өзіне сенімді еді. Екі жақты да ұятқа қалдырмасы анық. Ендігі үміт тек мектеп басшысы Матвей Георгиевичте ғана.

Директор сөзін мән бере тыңдағанымен кейін сәл ойла-нып қалды.

– Сенің қоғамдық жұмыстарың бар ғой. Мектептегі комсомол ұйымының жетекшісің әрі аға пионер вожатыйлығың

тағы бар. Бұлардан басқа күнделікті сабағыңды қайда қоясың. Бәріне үлгіре алар ма екенсің,- деді сұраулы пішінмен.

– Маған сенім артуыңызға болады,- деді бірден.

Мектеп басшысы үндеген жоқ.

Оқушы жүзінен байқалған жігерлілік пен өз-өзіне сенімділік ұшқыны бұдан әрі сөз қозғаудың артықтығын байқатып еді. Хиуаз да бәрін түсінді.

Үндемегені, демек келісім бергені.

Аэроклубтағы сабақтардың бірде-бірінен қалмады. Алғашқы әуеге көтерілуі ұмтылмастай есте қалды. Көкте түрлі жаттығулар жасауда да, парашютпен секіруде де басқа құрбы-құрдастарына қарағанда үздік көрсеткіш көрсетті.

Емтихан тапсыратын сәт те жетті. Нәтижесінде аэроклубты да, мектепті де ойдағыдай аяқтады. Облыстық әскери комиссариат аэроклубтағы еңбегін жоғары бағалап, әскери билет тапсырды. Онда «запастағы ұшқыш» деген жазу болды.

Ұшқыш болу о бастағы арманы болғаннан кейін қалалардың ішінде Мәскеуді таңдаған. Сол уақыттағы одақтың ордасы саналатын шаһарға жеткеннен кейін еш бөгелместен Жуковский атындағы әскери-әуе академиясын бетке алды. Құжаттарын тапсырғаны сол еді, «Сізге болмайды» деген сөзді естіді. Неге болмайтынын өздері де түсіндіріп бере алмады.

Ол кезде жете мән бере қойған жоқ еді. Кейін ойланса, мұның бар кінәсі – «азиялық» болғаны сияқты. Бұл нағыз қорлау ғой. Әйтпесе мектептегі бағаларының бәрі жақсы, одан қала берді аэроклубта оқығандығын айғақтайтын құжат та бар.

Орналасқан жеріне салы суға кетіп оралды. Мұндайды күтпеген. Арманының қанаты қиылғандай қатты күйзелді.

Батып бара жатқан ми батпақтан суырып алып, басын көтерткен жанындағы достары болды. Әлі жас екенін алға тартты. Өмірде сын-қатердің көп болатындығын, сондықтан еңсені түсіріп, мойымау қажеттігін айтты. Бір сөзбен айтқанда, бойына жігер, тың күш-қайрат қосты. Қалада оқу орындары көптігін, солардың біріне түсуге кеңес берді.

Ойланды, толғанды, ең соңында құрбыларының сөзіне

құлақ асты. Мектепте жүргенде жақсы оқығанының әсері шығар, ұстаздарының өздері «болашақта педагог не инженер, яки тарихшы болғаның жөн» деп, алдағы өміріне жөн сілтейтін. Хиуаз болса олардың айтқанын үнсіз тыңдап, «көрерміз» дейтін де қоятын. Міне, енді тоғыз жолдың торабында тұр. Бар арманы ұшқыш болу еді. Ол көзден бұлбұл ұшқандай. Енді қайсысы қолайлы? Мамандықтарды сараптай келе дәрігерлікке қол созғанын жөн көрді. Адам өміріне араша болудан, оған қуаныш сыйлаудан артық зор міндет бола ма екен?..

Қасына Тая атты құрбысын ертіп, дәрігерлік институтқа құжаттарын тапсырды. Аттестаттағы бағалары кілең «бес» еді. Сол себепті оқуға түсу емтихандарынан босатылды.

Демалысқа толы жаз да өтті. Оқу жылына әзірлік басталды.

Көңіл шіркінге қайтып тұзақ құрар. Ұшак, әуежай естен шығар емес. Қанша ойламайын десе де болмайды. Бірақ оқуға баса көңіл бөлу керек. Бұл мектеп емес, жоғары оқу орны. Тапсырма көп. Соларды уақытылы орындамаса – үлкен сын.

Соңғы сынақтарды тапсырып жатқанда гитлершіл жендеттердің Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасағаны жөнінде жаманат хабар жетті.

Суық сөз жан түршіктірді. Ешкім де мұны күтпеген. Бір жағы қорқыныш болғанымен, екінші жағынан басқыншы жауға деген кек, өшпенділік оянды. Әсіресе екіншісінің салмағы басымырақ болды. «Елімізді жаудан қорғаймыз. Майданға жіберіңіздер» деген топтың бел ортасында Хиуаз да бар еді. Өкінішке қарай, бірден майданға жол түспеді. Сабатқа қатыса жүріп, қаладағы метрополитен құрылысында еңбек етуіне тура келді. Бұдан басқа, қорғаныс бекіністерін тұрғызуға қатысты.

«Мен запастағы ұшқышпын ғой. Неге майданға бармасқа?» деген ой Хиуазға тыныштық бермеді. Алайда алдынан «Сен тылда да керексің» деген жауап кесе-көлденең тұра қалатын.

Бірде Орталық комсомол комитеті жақтан «Әйелдердің

әуе полкі ұйымдастырылып жатыр екен» деген сыбыс естілді. Комитетте Мичунова атты таныс келіншек бар еді. Дереу соған хабарласты. Рас сөз екен. Ол полкті жасақтап жатқан, өзі «шіркін, бір кездесіп әңгімелесем, сырымды бөлісем» деп қиялдайтын әйгілі ұшқыш, кезінде Мәскеуден Қиыр Шығысқа дейін еш жерге қонбай ұшып барған ұшақтың ұшқышы Марина -Раскова болып шықты.

Ертеңіне комиссия отырысы өтетін жерге құстай ұшып жетті. Расында да қыздармен әңгіме жүргізетін талай рет суреттен көрген Раскованың өзі екен.

Жылы қарсы алды. Қайдан екенін, ұлтын, қосымша алған мамандығын, ата-анасын сұрады. Сауалдардың бәріне іркілмей жауап берді.

Комиссиядан шығып, қабылдау бөлмесінде қорытындысын күтіп отырған. Жарты сағат өтер-өтпестен «Полкке қабылдандыңыз» деген хабар алды.

Хиуаз, басқа да қабылданған қыздар Жуковский атындағы әскери-әуе академиясының жатақханасына келді. Осы жерде оларға әскери киім берді.

Қызық бір жағдай болды. Хиуазға берілген киім шак келгенімен, етігі үлкен болып шықты. Мұны көрген қыздар күліп жатыр. Тек Рая есімді қыз ғана ештеңе болмағандай, аяғындағы етігін шешіп Хиуазға ұсынды. Осы сәттен бастап Рая Аронова екеуі бұрыннан таныс-біліс адамдардай бір-бірін жақын тартып, достасып кетті.

Хиуаздар осыдан кейін Саратовқа келіп, қаладағы әскери училищеде арнайы курстан өтті. Рая екеуі штурман бөлімінде білімдерін жетілдірді. Алғашқыда шағын, жай жүретін ПО-2 ұшақтарымен жаттығулар жасады. Зенит оғына қарсы тұру, төмен келе жатып бомбалау тәсілдерін үйренді. Тәулігіне бес-алты сағаттан артық ұйқы болмады. Қыздарда бір ғана мақсат болды – тезірек майданға жету.

Оқып жүріп, мақсат-тілектері бір өзі секілді қыздармен танысты.

Емтихан тапсырарда қобалжығанымен, нәтижесі сәтті болды. Теориялық та, практикалық та сынақтардан еш мүдірмеді. Училищені бітірерде сержант атағын алды.

Әскери киімдермен қамтамасыз етті. Бұған қоса пистолет, планшет, карта бар. Енді тек жаумен айқасу қалды.

Соғыс кезінде Хиуаз жау шебіне үш жүзден аса ұшып шығып, жауынгерлік тапсырмаларды орындады. Солардың ішінде сөз жоқ, алғашқы сапар ешқашан ұмытылмасы анық.

Орыс жеріндегі Майндорф аталатын ескі де сәулетті ғимарат көпшілікке жақсы белгілі. Тапсырма – осы маңдағы елді мекендерге шоғырланған жауды техникаларымен қоса бомбалау. Звено командирі Катя Пискарева болды да, штурман ретінде Хиуаз бекітілді.

Ұшақ ұшуға дайын болды. Мұны звено технигі мен эскадрилья технигі жеткізді. Полк комсоргі Саша: «Жолдарың болсын, қыздар» деп, аялы алақанымен қолдарын қысты.

Ұшу алаңына жедел басып келе жатқан полк парторгі Мария Рунт көрінді. Ол да қыздарға «жол болсын» айтуға асыққан екен. Мария ұшаққа көтерілгенде Хиуаз оның қолына жүрекжарды өтініші жазылған қағазды ұстатты. Онда былай делінген: «Бірінші рет өз бетіммен жауынгерлік тапсырмаға ұшып барамын. Мені коммунистік партия қатарына мүше етіп алуларыңызды өтінемін. Егер оралмасам мені коммунист деп есептеңіздер».

Ол уақытта елде бір ғана партия – компартия үстемдік құрды. Коммунист болу үлкен мәртебе еді. Нағыз адал жан-дар, патриоттар, Отанға шын берілгендер коммунист саналды. Хиуаздың өтініш жазу себебі осыдан.

Әлгі өтінішті қолына алған Мария бір жағынан таңданыс білдірді. Әрі ризашылығын жасыра алмады. Таңданғаны – мына ойдың Хиуазға аяқ-астынан қалай келіп қалғандығы. Ризалығы – қайсар қыздың жүрегінің ақтығы.

– Сендей жауынгер қыздың аман-есен оралатынына сенім мол. Кездескенше, Хиуаз. Жолдарың болсын! – деді полк парторгі төменге түсіп бара жатып.

Бомбалаушы ПО-2 шағын ұшақ. Ал штурман отыратын жер мүлде тар. Бірақ, соған қарамастан, бұл жердегі «құрал-саймандар» жеткілікті. Парашют, противогаз, пулемет, нысананы жарқырататын – САБ, планшет... дейсіз бе. Бұларға қосымша ұшқыштың үстіндегі киімі де, теріден жасалған



аяқ киім де жеңіл деп айта алмас. Белбеуге қыстырылған пистолеттің де өзінше салмағы бар. Әрине, барлығы да қажет болғаннан кейін ауырсына алмайсың.

Ұшақ көкке көтеріліп келеді. Төңірек тас түнек. Әр жерде от ұшқындары байқалады.

Міне, дұшпан орын тепкен шепке де келіп жеткендей. Дұрыс келе жатқан сияқты. Бұл да, Катя да үнсіз. Катяға да оңай емес. Ұшақтағы бомбалар салмақты. Күш рульге түседі. Сол себепті тұтқаға мықты болу керек.

– Келдік, – деді Хиуаз трубка арқылы.

– Жаксы, – деді Катя нысананы бетке алып.

Жау зеңбіректері байқап қалыпты. Төменнен оқ жаудырып жатыр. Мұны қыздар елей қойған жоқ. Алған беттерінен танбады. Мақсат нысаналы жерге жетіп, тапсырманы орындау.

Хиуаз белгіленген жерге келгенде алдындағы тұтқаны тартып қалып «Отан үшін!» деп айқайлап жіберді. Дауысының қалай шыққанын өзі де байқамай қалды. Сол сәтте бойын жауға деген ашу-ыза, кек кернеп кетіп еді.

Бомбалар тасталғаннан кейін Катя ұшақты кейін бұрды. Жау зеңбіректері атуын тоқтатар емес. Төменгі жақ отжалынға оранған. Хиуаз төмен қарағанда сезді, нысана дәл көзделіпті. Жалынның көлемі орасан.

Осы кезде екеуінің бойын мақтаныш сезімі кернеді. Бәрі ойдағыдай болды. Бойдағы қуаныштың әсері ме, төмендегі зеңбірек даусын да елеген жоқ. Өздерінің ұшу алаңына қарай үлкен бір шаруаны тындырғандай жайдары қалыпта келеді. Үлкен іс деуге әбден лайық. Жау шебіне барып, бомба тастау, одан аман-есен шығу, шынын айтқанда, ауыз толтырып айтарлық зор да маңызды іс.

Аэродромға жеткенде техникалық қызметкерлер екеуін де босатар емес. Алғашқы сапар ғой. «Қалай болды?», «Не істедіндер?», «Фашистерді көрдіңдер ме?» деп, топан сұрақтың астына алды. Қыздар емес пе, бәрін білгілері келеді. Оларға бәрі де қызық.

Сапардан оралғаннан кейін командирге рапорт беру – міндет. – Ойлағандай-ақ Бершанская екеуін де күтіп отыр екен.

– Жауынгерлік тапсырма орындалды. Ұшақ та, өзіміз де аман-есен жеттік,- деді алма-кезек үн қатып.

– Жарайсыңдар! Сәтті оралуларыңмен құттықтаймын! – деді полк командирі екі қызды да құшағына алып.

Мұнан соң екеуінің полк штабына баруына тура келді. Тәртіп бойынша тапсырманың қалай орындалғанын нақпанақ айтып берулері керек екен. Солай істелді де. Штаб бастығының орынбасары болған жайды бұлардың көзінше дивизия штабына хабарлап жатты.

Бұл бір ғана сапардың хикаясы. Соғыста мұндай сапардың үш жүзден астамы болды. Олардың қай-қайсысы да қауіпті еді. Ұшқыштар әр сапарға аттанарда «осыдан аман-есен ораламыз ба, қалай болар екен?» деген оймен жолға шығады. Бұл ой Хиуазды да айналып кеткен емес. Дегенмен де «Тәуекел. Біздің ісіміз адал. Сондықтан бәрі де ойдағыдай болуы тиіс» деген жігер-күшінің салмағы басымдау түсіп жататын.

Жаудың шебіне ұшып жүріп, түрлі жайттардың кездесетіні бар. Бірде ойда-жоқта әбден састырған бір оқиға болды.

Жаудың дәл үстінде жүр. Кезек жарық қылатын бомбаға келген. Әдеттегіше бар пәрменімен лақтырды. Қырсық дегенді қойсаңшы, жанатын зат жанбай қалды. Осындай «ауруы» барынан хабардар-тын. Қайта оралып кеп, тағы да лақтырды. Не керек, бұл жолы ұятқа қалдырмады. Нысана айқын көрінді. Олай болса, бомбалаудың реті келді. Енді кезекте тұрғаны термиттік авиабомбалар. Бірінен соң бірін төмен қарай зулатты. Соңғысын лақтырам дегенде қолынан шығып кетіп, кабина ішінде домалай жөнелсін. Зәресі ұшып кетті. Ол жарылса бітті. Күл-талқандары шығады. Бұл бомбаның ерекшелігін түсіндіре кетейік. Ауыр бомбалар тасталғаннан кейін, олардың артын ала термиттік бомбалар жөнелтіледі. Бұл бомбалар күшімен жау нысандары өрт құшады. Енді көрмейсің бе – өртке өздері оранбақшы. Беті аулақ жамандықтың.

Қолымен сипалап, бомбаны іздей бастады. Табылар түрі жоқ. Ана жақта рульдегі Полина айқайлап жатыр. «Не істеп жатырсың! Аманымызда кетейік. Бол, тез!» дейді. Бұл болған жайды айтқан жоқ. Көңіл күйін бұзғысы келмеді.

«Листовкаларды лақтырып жатырмын. Сәл шыда» деді даусын өзгертпестен.

Кейін қарай ұшып келеді. Ақыры іздеген заты табылмады. Одан сайын мазасы кетті. Ұшақ қалыпты жүрісінен танбаса жақсы, оқыс қимылдай қалса, біткендері ғой. Полина шебер ұшқыш болатын. Әзірге көңілден шығып келеді.

Аэродромға таяған сәтте ұшақты жайлап қондыруын өтінді. Бұған Полина таңырқап жатыр. Талай бірге ұшып жүр ғой, Хиуаздан дәл осындай ескерту естіген емес. «Жараланғаннан саумысың?» дейді. «Жоқ, аманмын, сонда да ақырын қондыр» деп жауап берді.

Ұшақ қонған кезде жоғалған затын тағы іздей бастады. Әйтеуір табылды-ау. Орындықтың ең түкпірінде жатыр. Сол кезде ғана Полинаға жағдайды айтты. Ол да басын шайқап, «Құдай сақтаған екен» дейді.

Әлгі оқиғаның әсері болар, Хиуаз жау нысаны кезіккенде көбіне алдымен термиттік бомбалардан құтылудың амалын жасайды.

Апатты жағдайлар тек жау тұрақтаған жерде ғана емес, өз шебіңде де кездесіп жатады. Бұл әдейі жасалмайды. Кездейсоқтық, әрине. Хиуаз сондай екі оқиғаны бастан кешірді. Екеуінде де қатты жараланып, өлім аузынан аман қалды.

...Түн іші. Кезекті сапарға аттанбақ. Ұшақ көтерілмекші болып, жылжып келе жатқанда ауыр затқа соққандай болды. Аржағы есінде жоқ. Талып қалыпты.

Бір көзін ашқанда полк командирі Евдокия Давыдовна үстіне төніп тұр екен.

– Сәл шыда. Бәрі жақсы болады, – деді. Ептеп тұрғызып, өзінің ұшағына отырғызды. Енді бір көзін ашқанда кабинада жалғыз. Полк командирі көрінбеді. Жанына техник Тося келді. Таңдайы кеуіп шөлдеп жатыр екен.

– Су берші, Тося, – деді даусы болар-болмас естіліп.

– Кішкене шыда. Бұл жерде су жоқ. Евдокия Давыдовна дәрігерге кетті. Қазір келеді, – деп жатыр ол.

Тағы да есінен адасып, талықсып кетті. Көзін ашса жанында ақ халатты дәрігер тұр. Мән-жайды дәрігер айтты.

Миы шайқалған, жіліншегінің сіңірі созылған.

Жан-жағына қарап, ұшқыш серігі Полинаны сұрады. Жеңіл жараланған, жағдайы жақсы екен.

Ойы сан-саққа жүгірді. Басының ауырғанын, жарақатын емес, алдағы күндерін ойлады. «Енді ұша алам ба екен?» деп күрсінді. Мұны түсінген, бұған жиі соғып тұратын Наташа күлген болады.

– Ұшу не, құрбым-ау. Алдымен денсаулығыңды ойламайсың ба? Ұшу ешқайда кетпейді ғой, – дейді.

Госпитальда бір айдан аса уақыт жатты. Жарақат жай болмады. Әрең -дегенде бойын түзеді.

Апаттың жағдайын Наташа айтып берді. Тапсырмаға сәйкес аэродромдар жиі көшіріліп отыратын. Бұл жолы да солай болған. Бірақ асығыс таңдалған аэродром еді. Ұшу белгісі ретінде таудай боп үйілген бір мая шөп алынған. Ұшақ көтеріле бергенде әлгі көлемі ауқымды маяға бар пәрменімен соғылған.

Хиуаз ұзамай қолындағы таяғын тастап, кезекті ұшуға дайындықты бастап кетті.

Мына оқиғаны да еш ұмыта алмайды. Құдай сақтап, осы жолы да бір өлімнен аман қалған сонда.

1943 жылдың көктемі. Күн бұлтты. Бірақ, соған қарамастан, Юля Пашкова екеуі тапсырманы талаптағыдай орындап, кері қарай қайтып келе жатты. Міне, өздерінің аэродромдары да көрінді. Ұшақ қонуға бет алып келеді.

Аржағын білмейді. Бір қараса, ұшақ сынықтарының арасында жатыр. Юляның әлсіз даусы шығады. «Біз қайдамыз?» дейді. «Білмеймін» дейді бұл. Жалма-жан пистолетін іздеді. Ойы немістердің қолына түссе өзін-өзі атып өлтіру. Юляда да сондай ой болса керек. «Пистолетімді ала аласың ба?» деді шамалыдан кейін. Бұл жауап беруге үлгермеді. Көзін ашқанда қыздардың таныс дауысы естілді.

Кейін біліп жатыр. Мұны госпитальға әкеліпті. Аяқтарының сүйектері сынған.

Нендей жағдай болған? Қонуға келе жатқанда өздерінің полкіндегі бір экипажбен соқтығады. Екі ұшақтағы төрт адамнан тірі қалғаны өзі ғана екен. Қалай тірі қалды? Тәртіп

бойынша ұшқан кезде белдікті орындыққа бекітіп қою керек. Хиуаз болса мұны орындай бермейтін. Қимылдауға кедергі келтіретіндей көрінетін. Бұл жолы да сол әдетінен танбаған. Ұшақ құлаған кезде тосын күш мұны кабинадан сыртқа лақтырып жібереді. Аман қалуының сыры осы екен.

Майдандық та, тылдағы госпитальда да жатып Юляның жағдайын сұраған. «Жеңіл жарақаттанған сияқты» деген сөз естиді. Құрбылары Хиуаздың көңіліне қараған екен. Юля майдан госпиталінде ауыр жарақаты салдарынан көз жұмыпты.

Юлямен бірге ұшқаны кейінгі сәттерде ғана. Көңілі баладай пәк, таза. Өзі бауырмал. Тек Хиуаз ғана емес, полктағы қыздардың бәрі оны жақсы көрді. Апаттың алдындағы сапар әлі есінде. Славянская станицасында орналасқан жау бөлімін бомбалауға тапсырма алған. Станицаға жақындағанда Юляның жыламсыраған даусы естілді. Сөйтсе, бұл елді мекенде Юляның әке-шешесі тұрады екен. Бұл шынында да жүрек толқытатын жайт еді. Кім өзінің ауасын жұтып, суын ішкен, балалық шағы өткен мекеніне, оның үстіне ол жерде әке-шешен тұрып жатса, қайтып қана оқ жаудырар... Өмірде мұндай да болады екен-ау. Алайда әскери тапсырманың аты – тапсырма. Оны бұлжытпай орындау керек. Бұдан өзге елді мекен жау қолында. Шегінер жол жоқ. Екеуі ақылдаса келе Юляның әке-шешесі тұрған үйге жақындамауға тырысты. Үйдің амандығын білу үшін екі рет айналып та шықты. Өкінішке қарай, көз жеткізу қиын еді. Сол Юля енді жоқ. Оның аспан түстес мөлдір көгілдір көзін енді көре алмайды, сыңғырлаған күлкісін де ести алмайды...

Хиуаз күз аяғында ғана сауығып, бөліміне қайта оралды. Ол осылай шешті. Майданда болуым керек деп ұйғарды.

Бөлімге келгенде қыздар өз көздеріне өздері сенер емес. «Жазылдың ба?», «Бәрі жақсы ма?» деп сұрақтың астына алып жатыр. Бұл болса «Көріп тұрсыңдар ғой» дегендей бәріне қарап күлім қақты.

Бір апта өткен жоқ, ұшу қайта жалғасты.

Хиуаз соғысты Германия жерінде аяқтады. Бұған дейін көптеген қалалар мен селоларды артта қалдырды. Закав-

казье, Солтүстік Кавказ, Украина, Белоруссия, Польша жерлеріндегі шайқастарға қатысты. Майданнан елге екінші топтағы мүгедек болып оралды.

Соғыс уақытында майдан газеттері әйел ұшқыштардан құралған полк туралы көп жазды. Полктен немістер де хабардар екен. «Бұлар әйелдер емес,мыстандар. Қылмыс жасап, сотталғандар. Жазаларын өтеу үшін ештеңеден тайынбайды. Өлім оларға қорқынышты емес.»деп тон пішетін көрінеді жау жағы.

Хиуаз туралы аз жазылған жоқ. Бірде оның атына қанық болғандықтан майдандық газеттің қызметкері Сағынғали Сейітов іздеп келіп,жақынырақ танысады. Жерлестерінің шақыруымен Хиуаздың өзі де редакцияда болып,Жұбан Молдағалиевпен, Әбу Сәрсенбаевпен кездесті. Кейін аталған екі ақын да Хиуаз туралы өлеңдерін жарыққа шығарды.

Соғыстан кейін мединиституттағы оқуын жалғастырғысы келген,Бірақ өмір оны басқа арнаға бұрды.

Хиуаз жоғарыда тілге тиек еткендей,мектепте жүргенде-ақ қоғамдық жұмыстардың бел ортасынан көрінген.Сабақты үздік оқумен қатар пионер вожатый,қабырға газетінің редакторы, комсомол ұйымының хатшысы секілді жұмыстарды қатар атқарды. Институтта да комсомол, спорт жұмыстарына белсене араласты. Майдандағы полкта да солай-полк комсомол бюросының мүшесі,полк газетінің редакторы,полк комсоргінің орынбасары. Бірде полкта өткен спартикаданы жақсы ұйымдастырғаны үшін әуе армиясының қолбасшысы ризашылығын білдіріп,аты жазылған сағатты қолына таққан.

Осы айтылғандар Хиуаздың бойында ұйымдастырушылық қабілеттің,адамдармен жұмыс істеу қарымының бар екенін айғақтар еді. Сондықтан майданнан аман-есен оралып,Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Мінайдар Салинмен болған әңгімеде ол кісінің өтінішін жерге тастамай, партиялық жұмыс саласында қызмет етуге келісімін берді. Облыстық партия комитетінің нұсқаушысы болып бекітілді. Жас қызметкерінің партиялық-саяси даярлығын жетілдіретін болса одан сайын шындалатынын

білген М.Салин Хиуазды Алматыдағы жоғарғы партия мектебіне оқуға жіберді.

Партия мектебін өте жақсы бітірді. Мұндай болашағы зор кадрлар Алматыға да қажет еді. Республика комсомол комитетіне хатшылыққа ұсынылды. Кейін комсомолдың бірінші хатшысы болды, республика жастарына жетекшілік етті. Мұнан соң СОКП Орталық Комитеті жанындағы жоғарғы партия мектебін тәмамдады. Қаз КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайланды. Республика Жоғарғы Кеңесі Президумының хатшылығына жоғарылатылды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің апаратында жұмыс істеп, Алматы қалалық партия комитетінің екінші хатшысы қызметіне дейін көтерілді.

Хиуаздың орталық комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметінде жүргенде төңірегіне батылдығымен, әділдігімен, ашықтығымен беделді болғанын кезінде қаһарман қызбен қызметтес болған Қанапия Ахметовтың айтқаны бар еді. Қиналған жанға, әділетсіздікке араша түсу Хиуаздың бойындағы ізгі қасиеттердің бірі екен. Бұл туралы Қанапия ағамыздың өзі куә болған бір оқиғаны еске түсірген.

Қайраткер азамат Оразай Батырбековтың есімі көп адамға таныс. Орталық партия комитетінде бөлім басқарды, Алматы жоғарғы партия мектебінде жетекшілік етті. Жас жігіт 1951 жылы Алматы қаласындағы Фрунзе аудандық комсомол комитетінің хатшысы еді. Жаңа қызметке бекітілген шамалы күннен соң ауданда төтенше жағдай орын алды. Пионер лагерлерінің бірінде бір бала суға батып кетеді. Мәселе орталық комсомол комитетінің бюросына дейін қаралады. Қабылданған шешім жобасында лагер директорын, аға пионер вожатыйды, сондай-ақ аудандық комсомол комитетінің хатшысын жұмыстан шығару көзделеді. Алғашқы екі шешім бірден қабылданады, ешкім қарсы болмайды. Бұл түсінікті де, өйткені сөз нақты адамдар лагерьдегі тәртіпке жауапты адамдар жөнінде болып отыр. Ал кезек аудандық комсомол комитетінің хатшысына келгенде бюро мүшелірінің бірі Батырбековтың қызметке кіріскеніне көп болмағанын, тіпті аталған лагерьге барып та үлгермегенін, сондықтан

талқылау мен шектелу қажеттігі туралы ұсыныс айтады. Бюроны жүргізіп отырған Хиуаз Доспанова болатын. Ол да Батырбековтың бұл қызметке жақында ғана тұрғанын тілге тие ете келе, әлгіндегі ұсыныспен келісетінін білдіреді. Осы кезде әңгімеге Мәскеуден келген БЛКЖО ОК-нің өкілі араласып, «Бұлай істеуге болмайды. Төтенше жағдайға байланысты қабылданған шешімдер туралы телефон арқылы Мәскеуге хабарланды, Михайловтың өзі біліп отыр (сол кездегі БЛКЖО-ның бірінші хатшысы) дейді. Хиуаз БЛКЖО-ның қызметкеріне қарап : «Михайловқа қайта телефон шалып, түсіндірмесе болмас па?» дейді. Анау болса: «Бұлай істеуге болмайды. Михайлов жолдас қазірдің өзінде қатаң шаралар қабылдауды көздеп отыр» деп айтқанынан қайтпайды. Бұдан әрі әңгімені созудың пайдасы жоқ еді. Өйткені Михайлов БЛКЖО-ның бірінші хатшысы ғана емес, ВКП (б) ұйымдастыру бюросының мүшесі де болатын. Мәскеуден келген өкіл комсомолда қатаң әкімшілік – командалық жүйе барлығын, онымен ойнауға болмайтұғын ескертіп өтеді. Мәселе одан әрі талқыланбай, жоба сол күйінде қабылданады. «Жас комсомол қызметкері Оразай Батырбековтың қызметте өсу жолдарына тосқауыл қойылғандай болатын, - дейді Қанекең- біз бұған баршамыз болып өкіндік, алайда қолдан келер қайыр жоқ. Кейін білдік, Хиуаз Доспанова өз қызметкері үшін аяғына дейін күресіпті. Ертеңіне Алматы қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы А.Никлюдовқа барып, Батырбековтың тағдырына байланысты шешім дұрыс қабылданбағанын, көмек көрсетуін айтады. Никлюдовта бәле ғой, сөз тауып кетеді: «Өздерің жұмыстан босатасындар, сосын келіп әділдіктің салтанат құруын сұрайсындар» депті. Осы жерде Хиуаз байырғы тік мінезіне салып, алған бетінен қайтпайды: «Рас, мен соққы алдым. БЛКЖО ОК мен Михайловқа қарсы ештеңе істей алмаймын. Алайда коммунист ретінде өзімнің сүйікті қалалық партия комитетіне жас комуниске қатысты әділетсіздіктің орнын алып отырғандығы жөнінде хабардар етуге міндеттімін» дейді. Сірә, Хиуаздың батыл әрі шын көңілден айтқан сөзі Никлюдовты ойландырса керек. Батыр-



бековке аупорткомның нұсқаушылығы ұсынылады. Алайда Оразай сол уақыттары конкурстық емтихандарды үздік бағалармен тапсырып, ҚазМУдың аспирантурасына түсті».

Бейбіт өмірге араласқаннан кейін түрлі жауапты қызметтердің тізгінін ұстады. Қазақстан комсомолы орталық комитетінің бірінші хатшысы болды, республика жастарына жетекшілік етті. **ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайланды. Республика Жоғарғы Кеңесі президиумының хатшылығына жоғарылатылды. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің аппаратында жұмыс істеп, Алматы қалалық партия комитетінің екінші хатшысы қызметіне дейін көтерілді.**

Алпысыншы жылдардың бас кезінде майдандағы жарақаттары және контузиясы сыр беріп Хиуаз зейнеткерлік демалысқа шықты. «Амалсыз демалысқа шығарды» деп айтсақ та болады. Себебі партия басшылығындағыларға қайсар қыздың мінезі ұнай бермейтін. Ол еш нәрседен тайсалмайтын, сескенбейтін, пікірін еш бүкпесіз ашық білдіретін. Мұндай қасиеттің қалыптасуына бір жағы кешегі жауынгерлік жолдың, екіншіден комсомолда қызмет істеген жылдар әсер еткен. Жастыққа маймөнкелік, жағымпаздық емес, не нәрсені де іркіліссіз, тіке айту жарасатын. Бұл «мінез» партиялық қызметке келе қоймайтын еді. Ерте зейнеткерлікке шығуының да осындай себептері болуы мүмкін.

Ерлік жасалғаннан кейін оның бағаланғаны маңызды. Хиуаздың соғыстағы қимыл-әрекеті нағыз ерліктің өнегесі. Қадыр Мырза-Әлінің сөзімен айтқанда, ол «дыбыстан ұшқыр реактивті ұшақ емес, күндіз көзге түссе винтовкамен де атып түсіретін кәдуілгі дарылдақ бомба тиелген ұшақтың штурманы» болды. Сондықтан Хиуаздар тек түнде ғана аспанға көтерілді. Жаужүрек қыздың әрбір ұшуын бір ерлікке бағалауға әбден болар еді. Бірақ мұны ойлайтын жан болмады.

Әрине, марапатсыз қалды деп аузымызды ку шөппен сүрте алмаспыз. 1945 жылдың қаңтар айының соңғы күндерінің бірінде маршал К.Рокоссовский Шығыс Пруссиядағы Тухаль

атты шағын қалаға келгенде Хиуаздың кеудесіне ІІ дәрежелі Отан соғысы орденін таққан. Мұның алдында «Қызыл Жұлдыз» орденімен және «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Соғыс уақытында және одан кейінгі кезеңдерде Хиуазбен бірге шайқасқан қыздар ең жоғары марапат – Кеңес Одағының Батыры атағын иемденген еді. Мәселен, Наташа Меклин, Ира Себрова, Катя Пискарева, Марина Чечнева, Раиса Аронова және басқалар. Бұл атақты Хиуазға да беруге болатын еді ғой. Бұған да «өзге», «азиялық» болғаны кедергі келтірді ме екен. Әйтпесе, елемейтіндей басқа кемшілігі жоқ еді ғой.

Осы мәселені, Хиуаздың ерлігі Батыр атағын беруге әбден лайық екенін мыңболғыр қазақстандық ардагер Павел Батлук көтерді. Ұлы Жеңіске елу жыл толғаннан кейін, 1995 жылдың 8 наурызында республикалық «Советы Казахстана» газетінде оның «Гвардиялық полктың штурманы» атты мақаласы жарияланды. Мақаланы жазуға сол уақытта 46-шы гвардиялық әйелдердің авиациялық Таман полкінің штурманы Александр Акимоваға Ресей Федерациясының Батыры атағы берілгендігі түрткі болған. Ал аталған полкта оның ұйымдастырылуынан бастап, яғни 1941 жылдың күзінен 1945 жылдың жеңісті мамырына дейін жаумен күрескен, алғашқыда штурман, содан соң полктың байланыс бастығы қызметін атқарған Хиуаз да болған еді. Мақала авторы Хиуаздың ерлік жолдарын баяндай келе ол туралы Ресейде жарық көрген кітаптарда да кеңінен сөз болғанын алға тартады. Мысал ретінде Марина Чечневаның «Небо остается нашим», «Боевые подруги мои», Раиса Аронованың «Ночные ведьмы», алғысөзін Кеңес Одағының Батыры А.Маресьев жазған «В небе фронтовом» атты кітаптарды келтіреді. П.Батлук мақаласының соңында «Мүмкін бізге де Хиуаз Доспановаға «Халық қаһарманы» атағы берілгендігін тойлайтын күн де келер» дейді. Осы жерде Павел Батлуктың да кезінде әскери ұшқыш болғанын ескерте кетейік. Демек, ұшқыштың кім екенін, оның орнын жақсы біледі деген сөз.

Батлуктың мақаласы шығу бойына көп адамға ой салды. Алдымен ұсынысты қолдап, «Казахстанская правда»

газетінде белгілі мемлекет қайраткері Михаил Есеналиев үн қатты. Қазақ басылымдарында Әзілхан Нұршайықовтың, Қадыр Мырза-Әлінің, Қанапия Ахметовтың мақалалары бірінен соң бірі жарық көрді. Ақырында олардың пікірімен мемлекет басындағылар санасты. Сөйтіп, ҚР Президентінің 2004 жылғы 7 желтоқсандағы Жарлығы бойынша Хиуаз Доспановаға мемлекетіміздің ең жоғары марапаты – «Халық қаһарманы» атағы берілді.

*Не болады бір ғұмырың,*

*Бір жасың?*

*Әділдікке асықпайды Мырза сын.*

*Мойындалып жатса шындық,*

*Үш емес,*

*Он ғасырдың өзіне де ырзасың* – деген ақын Қадыр Мырза-Әлінің өлең жолдары бар еді. Ақын айтқандай, арада біршама жыл өткенімен әділдік ақыры тұғырына көтеріліп, қазақтың отаншыл, патриот қызына Батыр атағы берілді. Бір сүйіншісі, елі ұсынған мәртебелі атаққа Хиуаз көзінің тірісінде ие болды.

Енді қаһарман қыздың кіндік қаны тамған туған жері туралы. Хиуаздың әкесі Қайыр Доспанов көкірек көзі ояу, білімді, жаңашыл адам болған. Жауапты қызметтер атқарған. Қызметіне байланысты бірде Ақтөбеге, бірде Оралға, бірде Алматыға қоныс аударып отырған. Осыдан Хиуаздың туған жерін шатастыратындар бар. Ал нақтысына келетін болсақ, ол Атырау облысы Құрманғазы ауданына қарасты Зормата ауылдық кеңесінде, «Круглый» аталатын қоныста дүниеге келген. Бұл туралы ҚР-ның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстанның Құрметті журналисі Рахмет Иманғалиев бұлтартпас деректер келтіре отырып дәлелдейді. Ол бір жағынан Хиуазбен ауылдас болған. Сол себепті журналист келтірген деректерге сенбесіне лаж жоқ.

Р.Иманғалиев соғыс және еңбек ардагері Мұса Досжановтың естелігінен үзінді келтіреді: «Біреулер Қайырды 1959 жылы қайтыс болды деп жазды, бұл қате. Бұл кісі 1952 жылы қайтты. Мен жерлеуіне қатыстым. Ал енді біреу Хиуаз туған жерінде үйлену тойын жасапты депті,

бұл мүлде қисынсыз және оны «Көбелеңкі» деген ауылда туды деуі де жансақтық. Әрине ол авторларды кінәлауға болмайды, олар естігендерін жазған ғой. Мен Хиуаздың дүниеге келгенін көрген адаммын. Ол 1922 жылы туған еді, мен одан сегіз жасқа үлкенмін. Доспанов Қайырдың маған нағашылығы бар. Киров округінің жерінде Шағырлы деген ауыл бар. Ондағы үлкен көпірден шығып, түстікке сәл жүргенде оң қол жақта «Селпай» деген арал қалады. Бұл Қайырдың кіндік қаны тамған топырақ. Енді шығысты бетке алып жүргенде жол бойымен созыла түсетін қызыл төбе бар. Оны «Круглый» деп атайды. Бертінде қойылған аты ғой, дұрысы «Қызыл төбе». Одан тағы шығысқа көпірден шыққанда «Қызылмұрын» деген ауыл бар. Неге бұларға «қызыл» деген сөз қосылды, оны айта алмаймын. «Круглый» төбесінің терістік қапталында масқар руының Қайыр, Қали, Смағұл, Жәрдем, Мардан, Құспанғали деген ағайынды алты отбасы қоныстанды. Олардың үйлерінің орнына кейін совхоздың шопандары қыстады. Хиуаз Қайырқызы дәл осы жерде дүниеге келді. Хиуаздың атын қойған өздерінің ағайыны Әлімғазы Смағұлов деген ақын еді. Бесікке салған менің анам Дәметкен Ізтілеуқызы болатын. Хиуаздың бесікке салған «тыштымасын» көбейту мақсатында сүзбеден жасалған ұсақ құрттарды алақан толтырып алған баланың бірі мен едім. Доспанов Қайыр оқығаны көп, орысша жақсы білетін адам болды. 1918 жылдан кеңес өкіметіне белсене қызмет жасады. Сол кездегі Теңіз уезіне Нұғыман Манаев бастық болған кезде Қайрекең милиция, сот саласында жауапты қызметте болды. Ақыры оны 1925 жылы Орал қаласына құқық қорғау органдары саласындағы қызметке алып кетті де Хиуаз бар болғаны төрт жасқа қарап тұрған кезінде туған ауылынан қол үзді. Оның барлық оқыған, жауапты қызметте болған жағдайларынан жерлестерінің толық хабары болмауы осыдан еді. Тек 1949 жылы анасы Меруертті көруге бір келіп кетті, артынша оны Алматыға көшіріп алды. Егер бүгінгі ұрпақтарына қажет болса дегенім ғой-Хиуаздың ата-тек шежіресін мен мынадай түзілімде ғана білемін. Олардың арғы бабасы Қисық аталыпты. Ол кісінің қалайша «Қисық»

болғанын білмеймін. Қисықтан Мұқамбетқали мен Шеркешбай туған. Шеркешбайдан Доспан, Доспаннан Қайыр, Бисен. Қайырдан /бұл кісі тұрмыстық жағдайына байланысты екі мәрте үйленген/, яғни бірінші әйелі Меруерттен Белмерген, Марат, Хиуаз, Алма, екінші жеңгемізден Қобыланды мен Тарғын».

Рахмет Иманғалиев те Қайыр ата мен Меруерт ананы талай көріп, әңгімелерін тыңдаған. Хиуаздың анасы Меруерт 1944-1947 жылдары «Жаңа талап» деген колхозда партия ұйымының хатшысы болған. Қызының майданда жасаған ерлік тері жайында газеттерден оқып отырады екен.

Кіндік қаны Атырау топырағында тамғанымен Хиуаз бұл күнде барша қазаққа ортақ тұлғаға айналып кетті. Мұндай биікке жеткізген оның бойындағы туған елге деген махаббаты, кешегі соғыс жылдарындағы қайтпас қайсарлығы мен жауын жер жастандырмай көңілі көншімес табандылығы.

Хиуазды тірі кзінде өзгелер көзге ілмегенде Баукең-батыр Бауыржан Момышұлы ерекше ардақ тұтқан. Бұл сөзімізге бір ғана дәлел.

Газеттерде кезінде Алматыдағы екі жылдық жоғарғы партия мектебінің тыңдаушылары болған Дүйсенбі Әріпов пен Кәрім Баққараевтың мақалалары жарық көрді. Мақала авторлары 1965 жылдың 30 сәуірінде партия мектебінде Бауыржан Момышұлымен болған кездесу жайында әңгімелейді. Міне, осы кездесуге Баукең Хиуазды да ертіп келеді. Алғашқы сөзді де Баукең Хиуазға бергізеді. Осындай қарым-қатынастың өзі Баукеңнің Хиуазды қатты қадірлейтінін, оның майдан жолдарымен, ерлік істерімен жақсы таныс екенін аңғартар еді. Оны кездесу барысында сөйлеген Хиуаздың сөзінен де анық байқайсыз:

– Мені қазақ халқының зиялы азаматтарының бәрі дерлік біледі, сыйлайды. Солардың ішінде Ұлы Отан соғысының батыры, алдыңызда отырған Баукең ағамыз айрықша сыйлап, құрмет көрсетіп келеді. Осының бір айғағы сіздермен бүгінгі кездесуім. Жоғарғы партия мектебінің тыңдаушыларымен кездесуге бірге барамыз деп телефон шалуы Баукеңнің маған көрсеткен тағы бір құрметі еді. Сол үшін, аса құрметті

Бауыржан аға, сізге шын жүрегіммен үлкен рахмет айтамын, - дейді Баукең жаққа қарай аса ілтипатпен мойнын бұрып.

Осы кездесуде атақты ұшқыш жаудың шебіне қарай 300 рет ұшқанын өзі де тілге тиек ете кетеді.

– Жер бауырлап ұшатын «ПО-2» өте төмен ұшатын болғандықтан зенит оғына жиі кезігетін. Сондықтан да жау тылына әрбір сапарымыздың соңғы болуы мүмкін екенін біліп жүрдік. Қарулас құрбы-достарымның қатары көз алдымда азая бергенін көру ауыр еді. Қандықол басқыншылардан олардың кегін алуға қалғандарымыз әркез серт беретінбіз. Жаудың тылын, шебін талқандау жөніндегі сан алуан әскери тапсырмаларды орындау кездерінде менің де үш рет өмірмен қоштасу жағдайында болғаным, айлап госпитальдерде жатып, емделіп, аман қалғаным бар.

«Біздер Доспанова Хиуаз деген кісіні жаңа – танып білгендей болдық. Бұл кісінің әрбір сөзінен тура айтар, қайсар мінезі, қолға алған ісін жеріне жеткізбей тыңбайтын жігерлігі аңғарылып тұрды. Хиуаз апайдың сөзі аяқталысымен тыңдаушылар ұзақ қол соғып, қошемет көрсетті», - дейді мақала авторы Д.Әріпов.

Хиуаздың өзінің отбасына келсек, апамыз майданнан оралғаннан кейін Шәку Әміровпен тұрмыс құрды. Шәкең де сұрапыл жылдарды бастан өткерген соғыс ардагері. Ол кісі 1921 жылы Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Күнтимес аталатын жерінде туған. 1939 жылы мектеп бітіріп, Қостанайдағы педучилишеге түседі. Алайда осы оқу орны жабылып қалады да Қостанай мұғалімдер институтына құжатты тапсырып, студент атанады. 1943 жылы Кеңес Армиясының қатарына шақырылады. Майданнан 1945 жылдың қазан айында оралады. Хиуазбен Алматыдағы партия мектебінде оқып жүргенде танысады. Екеуі 1948 жылы қосылып, шаңырақ көтереді.

Шәкең сырттай Қазақ педагогика институтының тарих факультетін бітіреді. Көбіне партиялық жұмыста болды. Қазақстан компартиясы орталық комитетінде, республикалық партия мектебінде қызмет етті.

Ерболат атты ұлдары 1950 жылы дүниеге келді. Ресейдің

Новосибирск қаласындағы университеттің математика факультетін бітірген. Ол қазір

Қ.Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық университеттің оқытушысы. Үйленген. Екі баласы бар.

– Ел басына күн туғанда анам да жүрек қалауымен майданға сұранып, Отанын қорғады. Жау тылына бірнеше рет ұшты. Жараланды да. Ол кісі «мен батыр болайын, қаһарман болайын» деп соғыспағаны анық. Не көрсе де елмен бірге көрді, - деген еді Ерболат бізбен болған сұхбатында.

Рас, Хиуаз батыр болуды, атын шығаруды ниет еткен жоқ. Алайда ел басына ауыр күн туғандағы оның қимыл-әрекеті, бойындағы жауға деген кекшілдігі, мақсатына жетпей тынбайтын қайсарлығы қаршадай қызды Батыр етіп шығарды. Соғыстағы ерен ерлігін жанында жүрген құрбы-құрдастары да мойындады. Бұған жоғарыда тілге тиек болған қарулас құрбыларының жазбаларындағы ыстық лебіздер дәлел.

2008 жылдың 20 мамырында Халық қаһарманы Хиуаз Қайырқызы -Доспанованың жүрегі соғуын тоқтатты. Аты аңызға айналған ержүрек қыз туған халқымен бірге мәңгі жасай бермек. Оның есімі өзі кезінде ерекше құрметтеп, қадірлеген Кеңес Одағының Батырлары Мәншүк Мәметовамен, Әлия Молдағұловамен, өзге де ұлтымыздың аяулы қыздарымен қатар атала беретін болады.

## **ОҚ ПЕН ОТ АРАСЫНАН ОРАЛҒАН** *Баубек хаттары – қасиетті де қастерлі*

Қазақтың белгілі ақыны Әбу Сәрсенбаевтың қызы Райхан апамыз «Ана тілі» газетінің редакциясымен жиі байланыс жасап тұрады. Міне, тағы да телефон шалып тұр.

– Таяуда әкемнің қағаздарын ақтарып жүріп, Баубек Бұлқышевтің соғыс уақытында жазған хатын тауып алдым. Әкеме жазыпты. Сіздерге қажеті бар ма?

– Қажеті болғанда қандай... Оны сізден қалай алуға болады?

– Онда ертең баламнан беріп жіберейін.

Баубек. Туған елінің аяулы перзенті. Отаншыл, елшіл бауырымыз. «Баубек қазір Отан солдатты, майданда жүр. Қолында мылтығы, қалтасында қаламы. Елімізді қорғап, жерімізді ластап жүрген неміс-фашистеріне екеуі де тас шоқпардай тиеді» деп еді кезінде атақты жазушымыз Ғабит Мүсірепов.

Ол 1916 жылы Қарағанды облысының қазіргі Ұлытау ауданындағы Аманкелді ауылында дүниеге келді. 1935 жылы жазда оқу іздеп Алматыны бетке алды. Баспада, сол кездегі «Лениншіл жас», «Октябрь балалары» газеттерінде жұмыс істеді. 1940 жылы 20 ақпанда армияға алынды, Мәскеуде саперлер даярлайтын училищеде оқыды. Ар жағы белгілі. Соғыс. Оның басқа жауынгерлерден ерекшелігі, майдан даласында жүріп газеттерге жалынды мақалаларын жазды. Ол екі тілде – қазақша, орысша қалам сілтеді. Оның «Өмір мен өлім туралы», «Заман біздікі», «Шығыс ұлына хат», «Менің өмір сүргім келеді», «Тыңда, Кавказ!» және басқа да шығармаларында Отанға деген ыстық махаббат, қазақ жігітінің өмірге құштарлығы, асқақ арманы, ізгі мақсаты атойлап тұрды. «Жастар, өзіміздің заман үшін, өзіміздің жер үшін жауға оқ атайық! Заман біздікі», «Мен өмірімнің өзім үшін қымбат екенін де жақсы білемін, дүниеге мен келгелі де көп болған жоқ қой! Бірақ бұл күресте сол өмірімді аямаймын да! Аяуға да қақым жоқ деп білемін. Менде ұран біреу-ақ: ол – не өлім, не жеңіс», «Менің туысқандарым өз тағдырларын маған тапсырды. Ол тағдырға мен жауаптымын.

Сол жауапты бере аламын да» деген секілді жігерлі, отты сөздер жауынгерлердің бойына тың күш-қайрат қосты, туған жер мен туған елге деген ықылас-пейілдерін одан сайын арттырды. Баубек бар болғаны 28 жыл ғана өмір сүрді. 1944 жылдың 3 ақпанында жау қолынан қаза тапты.

...Расында да, ертеңіне хат қолымызға тиді. Райхан апа хатпен бірге Әбу Сәрсенбаевтың 1984 жылы шыққан бес



томдық шығармалар жинағының бесінші томын да қоса жіберіпті. Өйткені бұл кітапта Баубекке қатысты деректер бар екен.

Бұл бір хат емес. Екі хат болып шықты. Бірінің астында «30.12.43 ж.», екіншісінде «10.01.44 ж.» делінген. Түсінікті ғой. 1943 жылдың 30 желтоқсаны, екіншісі 1944 жылдың 10 қаңтары дегенді аңғартады.

Хаттар оқушы дәптерінің беттеріне жазылған. «Кең жол дәптер» дейтін едік қой оқушы кезімізде. Хаттар сарғайған. Беттердің бір шеті ақ қағазбен желімделген. Бұл енді кейініректе атқарылған. Хат бүлініп қалмауы үшін әрі тігіліп қойылуы үшін осылай істелген.

Хат қара қарындашпен жазылыпты. Арада жетпіс жылға жуық уақыт өткеніне қарамастан жазуларды қиналмай оқуға болады. Қолтаңба да көрікті. Әріптер тайға таңба басқандай ап-анық.

Хаттан көз алар емеспін. От-жалын арасынан сытылып шығып, туған топыраққа аман-есен жеткен қасиетті де қастерлі дүние ғой бұл.

Көз алдыма жанында қаруы, осы хатты шұқшия жазып отырған Баубек бейнесі елестейді. Өзі айтатындай, тізесін стол қылып жазды ма екен...

Өз басым бұл хаттың мазмұнымен бұрын да таныспын. 1990 жылы Баубектің «Заман біздікі» деген кітабы жарық көрді. Сол кітапта осы екі хат та бар. Бұл хаттар Баубектің 1977 жылы шыққан «Адамзатқа хат» кітабында да кездеседі. Алайда бұл хаттар олардан бөлектеу. Бұл «тасқа» басылған хаттар емес, Баубектің өз қолымен жазған хаттары. Бұл хаттарда Баубектің қолдарының табы, ізі бар. Көрмейсіз бе, Баубектің қолы тиген жерді ұстап отырмын. Қалай тебіренбессің, қалай толқымассың! Баубек бұл жазуларды жанарын қағазға қадап отырып түсірді ғой. Жазулардың ар жағында Баубектің жанары тұр. Мен Баубекпен тілдесіп отырғандаймын...

Енді алтынға бергісіз асыл мұра – сарғайған хаттарға көз жүгіртелік:

«Бауырым Әбеке!

Бағың артқан шағында жапалақ салсаң қаз ілер, бағың қайтқан шағында лашын салсаң аз ілер» дегені сияқты қазақтың, нағыз бұл бір лашын салсам аз ілетін кезім. Сондықтан да сендердің әрбір хаттарың мен үшін үлкен сүйеу. Бойға қуат. Жүрекке әл.

Сендердің мен келген майданда болғандарың қандай жақсы мен үшін. Менің шығысымда Алатауға сәйкес тау тұрған сияқты, олар – сендерсіңдер. Тек қана сол таудың жыра-жырасын хат арқылы аралағанымда мен екі жерде сияқтымын. Түсінген адамға осындай ғана халім бар.

Бұрынғы болған майдандарда Баубек едім, мұнда оңын, солын білмейтін қара табандарға кездесіп (олар және бастықсымақтар), жалғыздыққа бас идім. Менен бұрын біздің полкте дөкей бір қазақ жігіттері болған екен (Ракеев Шакен, Әжібаев дегендер), жақсы адам біздің халықтың маңдайына сыя ма, ұрыста өліп кетіпті. Солар туралы материал жинап, жазсам ба деп едім. Өліп кетсе де қазақтың атын шығарсын деген оймен жаңа аты аталсын.

Мені алдырамын деген ойларыңа мен 100% қосыламын ғой. Сендер әуелі совещанияға деп бірденені дәлелдеп, уақытша телефонограмма беріп шақырып көрсендер, из части подполковника Титова П.П 61271 состава инженерное управление фронта арқылы, олар менің қай армияда екенімді біледі.

Менің званием ст.лейтенант, должность командир саперного взвода, кандидат в чл. ВКП(б) с 1942 г. образ. среднее.

Жалпы, инженерное управление фронта или инженерный отдел армии арқылы мені табуға болады. Болмаса менің частымның әдірісі конверттің сыртындағы. Осы жөнінде ізденіп көріңдер. Может что-нибудь выйdet. Бұдан бұрын хат жазып жіберіп едім, мүмкін алған боларсыңдар!

Газеттеріңе уақыт болса жазып тұрармын ғой. Әрине, кейде уақыт та болады. Ол уақытта тізені стол орнына пайдаланып, бірдеңе жазып тастайтыным да бар.

Өздеріңнің жағдайларың қалай, газеттерің оқитыңдар арасында қызықты ма? Елдің жағдайы қалай екен. Үй

іші аман ба? Қазақтың жазушылары не жазыпты көзге түсерліктей. Өзіңнің менен кейін жазғандарыңды айтарсың. Өйткені, міне, 4 жыл қазақша кітаптың бетін ашпадым десе, өтірікші емеспін. Қазақша анда-санда, кездескен бір жарым қазақтармен болмаса сөйлеудің өзі де былай қалып бара жатыр. Елшібековті білесің ғой. Екеуміз бір армияда былтыр бір болып, анда-санда кездесіп тұрамыз. «Бала қазақшылап бір шерімізді тарқатайық» деп мені көрсе қуанып қалатын. Мен одан әрі қазақшылауға жаным құмар. Бауырмалшыл жақсы жігіт. Ақыры тағдыр одан да айырып жіберді.

Әбеке! Сөз дегенің жаза берсең таусылар емес, аман кездесуге тілектеспін. «Өлмеген жанға, апырым-ау, болып та қапты-ау мына жаз» дегеніндей Төлегеннің, Жаңа жыл да келіп қапты-ау. Жаңа жылмен қарсы аламын. Сөз майданында жеңімпаз болуыңа, сөз шебері болуыңа тілектеспін. Әзірше, Баубегің... 30.12.43 ж.

...На основании приказа нач. полит управления фронта деген сөз біздің бастықтар үшін заң ғой. Сөйлесіндер тезірек.

Ысқаққа сәлем айтарсың. Қапанға да.

«Комсомольская правдада» шыққан 12 декабрьдегі менің «Думы над старой картой» деген мақаламды кездестірдің бе? «Коварство и любовь» дегеннен қысқартып беріп ем.

Да, Әбеке, менің сол газетте шыққан мақалаларым өзімде жоқ. Әсіресе, «О жизни и смерти» от 1-го мая 42 г. и «Я хочу жить» от 5-го ноября 42 г. Сендердің подшивкілерінде болса маған жіберші. Өте қажет.

Сендерге жазамын деп әзір уәде бере тұрамын.

Пока. Сау бол. Сағынған інің Баубегің. 10.01.44 ж.».

Бұл хаттар адамды шуақты сезімге бөлейді. Оқ пен оттың ортасында жүріп, мұндай ойлы, мазмұнды хат жазу екінің бірінің қолынан келе бермес. Көңіл күйіне орай қазақтың мақалын да қалай ретімен келтірген десеңізші. Хат жолдарынан Баубектің бауырмал, жанашыр, адал, жүрегі ізгілікке толы жан екендігі аңғарылады. Хаттың «Бауырым Әбеке!» деп басталуы да – осы сөзімізге дәлел. Баубек Мұқан Иманжановпен жиі хат жазысып тұрған ғой. Сонда «Мұқан» дегеннен гөрі «Мұқанжан» дегенді жиі қолданады. Жүрегі пәк, таза

жандар ғана осылай елжірей алса керек. Дос-жолдастарын пана көріп, арқа тұтып, Алатауға теңегенін қарамайсыз ба... Жаумен арпалысып жүріп, елдегі жазушылардың қандай шығармалар жазып жүргеніне дейін көңіл бөлуі әдебиетке, сөз өнеріне адалдығын, сүйіспеншілігін аңғартпай ма?

Сөз реті келгенде, Баубек Бұлқышев пен Әбу Сәрсенбаев арасындағы жылы қарым-қатынастың қалай басталғандығы жөнінде бір-екі ауыз айта кетелік. Бұған Әбу ағамыздың шығармаларынан анық қанығуға болады. Ә.Сәрсенбаевтың 1966 жылы жазылған «Өмірге құштар өр тұлға» атты естелігінде мынандай жолдар бар:

«...1939 жылдың жаз айлары болса керек. Сындарлы келген жас жігіт кабинетке кірді де, есік алдында бөгеліп қалды. «Иә, інішек, бері кел. Қандай шаруа?». Жігіт биязы ғана жымып, қолындағы қағазын ұсынды... «Баубек Бұлқышұлынан... Мені іс басқарушылық қызметіне алсаңыз екен...» Арызын орысша өте сауатты жазыпты. Жолдары да түп-түзу, әріптері де маржандай тізілген, әдемі-ақ. Бұл жұмысты басқаратын адамды өткен аптада орнынан босатқанбыз. Қызметкер керек екені де рас. Дегенмен де ойланып қалдым. Қазақтың сауатты жастары бұл жұмысқа үйір болмайтын. Олар редакторлық не корректорлықты қалайтын. Ал мынау іс басқарамын дейді. Әлде қазақша оқымады ма екен? «Қарағым, қазақша сауаттымысың?» Жігіт тағы да жымыды... «Шүкір, оқып жазарлығым бар...» Арызын кері ысырдым. «Мүмкін, кіші редакторлық не корректорлыққа деп қайта жазарсың? Мынау бір берекесіздеу жұмыс...» Жігіт басын шайқады. «Жоқ, аға, маған әзірге осы да жетеді. Аналар қолымнан келмес, үлкен тәжірибе керек шығар». Қарсылық етпедім.

Бұл уақыт – Ә.Сәрсенбаевтың Қазақтың мемлекеттік ба-спасында директор болып қызмет істеп жүрген кезі. Осында келтірілген 1939 жыл емес, 1938 жыл сияқты. Баубек өз қолымен жазған қысқаша өмірбаянында жоғарыдағы баспада 1938 жылдың 2 шілдесі мен 2 қазаны аралығында қызмет еткенін келтіреді.

Баубек пен Әбу арасындағы байланыс соғыс уақытында

да үзілмейді. Жүзбе-жүз кездеспесе де хат арқылы хабарласып отырады. Баубектің майдан газеттерінде, әсіресе, «Комсомольская правдада» жарық көрген мақалаларымен Әбу қызмет ететін майдан газетіндегі қызметкерлер де етене танысады. Баубектің жазғандарына сүйсінген газет басшыларының бірі Ысқақ Дүйсенбаев бірде Әбуге былай дейді: «Әбеке-ау, мынау бала ғажап қой, керемет қой... Бұған дейін қалай елеусіз келген... Соғыс кезі ойын қанаттандырып, қаламын өткірлетіп жіберіпті ғой...» Бұл ойды Әбу де құптайды: «Ол – қазір саперлер ротасының командирі. Ал сапер дегендер үнемі оқ астында. Шабуылға жол ашатын да – солар. Оқ астында жүріп көпір салатын да – солар...» Мұны естіп Ысқақ қынжылыс білдіреді: «Қайтпек керек, қандай амал бар?». Әбудің де күткені осы болса керек. «Амал бар, Сәке, газетке алдыралық. Қазір біздің майданда...» дейді. Бұған Ысқақ қатты қуанады: «Түу, Әбеке, сіз қызықсыз, оны маған неге айтпағансыз? Баяғыдан бері шақыртатын...» Өкінішке орай, Әбудің де, Ысқақтың да бұл үміттері ақталмайды. Баубекті редакцияға алдыртудың сәті түспейді. Баубектің хатындағы «Мені алдырамын деген ойларыңа 100 процент қосыламын ғой» деген сөздер осы жайттарға байланысты жазылған сияқты.

Айтпақшы, 1944 жылдың 10 қаңтарындағы хат Баубектің Әбу Сәрсенбаевқа жазған ең ақырғы хаты екен. Хатты алған Әбу Баубекті іздеп бармақшы болады. Бірақ тағдыр екеуін кездестірмейді.

...Хаттар. Майдан хаттары. Баубектің хаттары. Отанын шексіз сүйген, сол үшін жанын қиған патриот жауынгердің, қазақ ұлының жүрек лүпілі, елге деген ыстық сағынышы.

Хаттарды ең асыл дүниемдей аялай бердім.

## ЕР ҮРМӘШ

Гитлершілдер бейбіт елге соғыс ашқанда Үрмәш ауылда егіс бригадирі болып еңбек ететін. Негізі бригадирлік әркім атқарып кете беретін жеңіл жұмыс емес. Қайратты, жігерлі, ұйымдастырушылық қабілеті бар адамның қолынан келетін іс. Бұл талаптардың бәрі Үрмәштің бойынан табылатын. Жүзі әрдайым да жарқын. Қиындық кездесе әлдекімдер секілді сарыуайымға салынбайды. Ұзаққа созбай, тезірек еңсеріп кетудің қамын жасайды. Бұл да жетекшіге қажет қасиет.

Бригадирді жетекші деп айтуға толық негіз бар. Оған бригададағы сушылар, барлық техникалар қарайды. Колхоз төрағасының да ең алдымен сөйлесетіні, іздейтіні бригадир. Өйткені егін орағының жай-жапсарын одан артық ешкім де білмейді.

Жұмыстың жағдайымен қырман басына келген. Аनाдай жерде өзіне қарай екпіндей басып келе жатқан пошташы Мырзалы қартты көрді.

– Аман ба, ақсақал. Жүрісіңіз суыт қой...

– Үрмәшжан жаңа ғана ауданнан жаманат хабар жетті. Германия бізге соғыс ашыпты...

Мына жайсыз хабарды естіген Үрмәш бір сәт үнсіз қалды. Сенерін де, сенбесін де білмеді. Күнделікті келетін газет-журналдарды үзбей оқиды. Радионы да тыңдап отырады. Сонда елге төніп тұрған қауіп байқала қоймайтын.

– Мынауыңыз жаңсақ естілген хабар емес пе.

– Қайдағы жаңсақ. Өз құлағыммен естідім. Мұндай хабар жайдан-жай айтылмайды ғой.

Үрмәш іштей қарттың сөзін қостады. «Иә, расында да бұл жай емес. Негіз болып тұр ғой. Жел тұрмаса шөптің басы қозғалар ма...».

Қырманнан шығып жедел кеңсеге беттегенде пошташы қарттың жеткізген хабарының анық-қанығына толық көзі жетті. Соғыстың басталғаны рас екен.

Үрмәштің бәрінен бұрын уайымдағаны анасы болды. Қанша дегенмен ана ғой. Ертең майданға аттанып жат-

са әрбі күнді оймен, толғаныспен өткізетіні анық. Ағасы Қалманды қалдырса жақсы. Ал екеуі бірдей соғысқа кетіп жатса ана байғұсқа оңай тимейтіні анық. Қасында серік болатын қосағы да жоқ. Сүйген жарынан жастай айрылып, жесірліктің қамытын киді. Әкесі Түктібай жөніндегі көптің пікірі көңіл семіртеді. Нағыз қажырлы еңбектің иесі болыпты. Отбасы жадап-жүдемеуі үшін байдың малын бағып, жатпай-тұрмай еңбек еткен. Алайда ерте жабысқан ауру мендеп, Үрмәш бір жасқа толғанда өмірден өткен. Содан да тіршіліктің тауқыметі ансына түсіп, бар ауыртпалықты көтеруіне тура келді.

Үрмәш әскерге шақыру қағазы эне-міне келер деп күтіп жүрген. Неге екені белгісіз, кешіге берді. Шыдамы таусылғаннан кейін аудан орталығына жол тартты. Әскери комиссариатқа келіп, майданға барғысы келетінін айтты. Дегені өтінішін қағазға түсірді.

Бір жеті өтер-өтпестен майданға шақырылғаны туралы ауылға хабар жетті. Жалғыз емес екен. Қатарластары Сұрқаш, Ібірайым, Қалилар да бірге шақырылыпты. Осы төртеуі армияда үш жыл қызмет етіп, биыл ғана әскери борыштарын өтеп келген. Міне енді тағы да жұптары жазылмай, ел қорғауға аттанбақшы. Бұл жолғы міндеттің жүгі тіптен ауыр.

«Ауылда қала беріңіз» дегеніне қарамай аудан орталығындағы вокзалға ағасы Қалманмен бірге анасы да келді. Құшақтары әрең ажырасты. «Құлыным, аман бол. Хат жазып тұр» деп Наурызбике ана көзі жасаурап, вокзал басында қала берді.

Поезд Мәскеуге жеткенде Сұрқаш пен Қалиды бөліп алып кетті. Ібірайым екеуі ғана қалды. Үрмәш осыған да шүкіршілік етті. Қалай дегенмен де жалғыз емес.

Алда-майдан жолдары.

...Рота командирі тапсырманы қысқа әрі нақпа-нақ түсіндірді.

«Жақын жердегі деревнядан «тіл» әкелу керек. Жай «тіл» емес, жауға қатысты деректер бере алатын «тіл» болуы тиіс».

Кеш бата деревняға жетті. Шеткі үйлердің бірінен немістердің даурыққан дауыстары естілді. Көңіл-күйлері

көтеріңкі. Ішімдік ішіп, тойлап отырған секілді.

Бұлар жақындағанда аула ішінде иығында қаруы бар, арлы-берлі жүрген неміс солдатын байқады. Сірә, күзетші болуы тиіс.

Топтың жетекшісі, кіші лейтенант Иванов кезекті іс ба-рысымен таныстырды.

– Көріп тұрсыңдар. Мыналар бас қосып, алаңсыз отыр екен. Былай істейміз. Алдымен үнін шығармай күзетшіні жайғаруымыз керек. Ол үшін біреуіміз арғы бұрыштан барып, оны алаңдататындай дыбыс шығаруға тиістіміз. Бұл өте жауапты. Кәне, бұл міндетті қайсысың орындайсың?

Төрт жігіттің ішіндегі ересектеуі Үрмәш еді. Үнсіз қала алмады.

– Мен орындаймын.

– Жарайсың, Түктібаев. Біз саған сенеміз. Ана күзетші Түктібаев жаққа бұрылған кезде оның сол мезетте үні өшуі тиіс. Мұны орындайтын қатардағы жауынгер Степанов. Сенің үздік спортшы екенің бәрімізге жақсы белгілі. Содан кейін қалғанымыз үйдің ішіне лап береміз.

Үрмәш үйді айналып, қораның бұрышына келді. Жайлап, адам жүріп бара жатқандай дыбыс шығарды. Мұны естіген әлгі күзетші бермен қарай бұрылып, құлағын түргендей болды. Осы уақытта Степанов та шаруасына кірісіп кеткенді.

Алдын ала келіскендей Үрмәш терезе жанында тұрған. Бір кезде іштен терезенің күл-талқанын шығарып, серейген біреу шыға келді. Ойлануға уақыт жоқ. Бұл сасқанынан сыртқа ұмтылған жаудың бірі еді. Автоматтың дүңбісімен қарақұстан бір қойды. Анау үн-түн жоқ, тыраң ете қалды. Жалма жан аузына шүберек тығып, қол-аяғын мықтап байлап тастады.

Терезеден ішке көз салғанда екі немістің қолы байлауы екенін, тағы екеуінің қанға бөгіп, жерде сұлап жатқанын көрді.

Кейін белгілі болғандай, Үрмәштің ұрып жыққаны жай жау солдаттарының бірі емес екен. Обер лейтенант деген атағы бар неміс офицері болып шықты. Қалтасынан майданның карта-жоспарлары да табылды.



Рота командирі жауынгерлердің алдына шығарып, Үрмәшқа алғыс жариялады. Әскери атағында өсірді: Енді ол эфрейтор Түктібаев.

...Солтүстік – Батыс майданы. Демьнск қаласының маңы.

Жау зеңбіректері дамыл табар емес. Снарядтардың бірінен кейін бірі жалғасады. Айнала қою қара түтін. Не нәрсені де ажырату мүмкін емес. Бірақ сонда да атыстың тоқтайтын түрі жоқ. Жау күшіне мінген. Бұл жердің қожасы өздері секілді. «Бізден құтылып кете алмайсындар» дегендей бас көтергер емес.

Мұнысы аздай әуеден жау ұшақтары көрінді. Жарылыстан құлақ тұнады. Бомбаны аямай тастап жатыр. «Тышқанға да жан керек». Ұшақтар биікте жүр. Төмендеуден қорқатындай. Содан да болар, бомабалар нысанаға дөп тиіп жатқан жоқ. Жобалап тастайтын секілді.

Біздікілер де қарап жатқан жоқ. Жаудың бетін қайтару үшін түрлі айла-шарғыларды жасап бағуда. Ара-арасында зениттердің орны ауыстырылады. Мақсат-ретін тауып жауды қыспаққа алу.

Жау жағы зеңбіректен атуын баяулатып, енді алаңға танкілерін шығарды. Ірку, сескену жоқ, қара жыландай жер бауырлап келеді. Бұдан әрі төзуге болмайтын еді. Алдарынан өлім күтіп тұрса да рота жауынгерлері танкілерге қарсы ұмтылды. Гранттың бірінен соң, бірін лақтырды.

Үрмәш бір кезде кіші лейтенант Ивановты зембілге салып, алып келе жатқан екі жауынгерді байқап қалды. Жанынан өтіп бара жатып басын көтерген взвод командирі – Түктібаев ,взводты саған тапсырдым. Қош бол... - деген дауыс үзіліп кете берді.

Бұрылуға уақыт жоқ. Қандай азамат еді. Жауынгерлердің қамқоршысы болатын. Соғыстың кесірі. Мұндай жүрегі таза жандарды өлімге қиярмысың.

Үрмәш пулемет тұтқасын нығырлай ұстап, оқты үсті-үстіне жаудырды. Жауға деген кек, кіші лейтенанттың қазасы бойына тың күш қосып, дұшпанның оғынан да сескендірер емес.

Оғы бітіп қалыпты. Оң қапталында серігі Тайыров бар

еді. Траншея ішімен солай қарай беттеді. Шошып кетті. Тайыров еш қимылсыз, шалқасынан жатыр. Жау оғы маңдайдан тиіпті. Жанындағы пулеметін алып, қарсыдағы дұшпанның бірінен соң бірін сұлатты.

Қайдан шыққаны белгісіз, аспанда өзіміздің истребительдер шаң берді. Жау жағы мұны күтпеген болу керек. Окоптарын тастап, тым тырақай қаша жөнелді.

Ет қызуымен байқамапты, Үрмәштың оң аяғына снаряд жарқыншағы тиіпті. Атыс тоқтағанда бір-ақ білді. Аяғы қозғалтпайды. Жанын көзіне көрсетіп, тыныш таптырмады. Госпитальге барғанда сезді, етінің бүлінгені болмаса, сүйегі аман.

Госпитальде бір айдай жатуына тура келді. Созылып кете ма деген, бір жақсысы аурудың беті қайтты. Демек, алдыңғы шепке аттануға, жаумен қайта шайқасуға болады. Үрмәш бәрінен бұрын осыған қуанды.

...Тағы да кезекті тапсырма. Жаудың қалай орналасқанын, қару-жарақтарының жайын білу.

Бес жауынгерден құралған топты басқару Үрмәшке жүктелді.

Межелі жерге жақындағанда жауынгерлерді екі топқа бөлу ұйғарылды. Үрмәш пен Петро бірге болмақ. Бұл Петроның ұсынысы. Екінші топты Павел басқарды.

Жазық алаңқайдан шыққанда қарағайлы орман басталды. Бұл жау шебінің жақын екенін аңғартады. Алдыңғы жақтан зеңбіректер көрінді. Бергі бетте мылтық асынған күзетші. Қараңғы түнде кім келетін еді деп ойлайтын болса керек. Жайбарақаттық байқалады. Ұзақтау жүреді де, асықпай кейін оралады.

Күзетшінің әр қимылын көзден таса қылмаған бұлар сәтін тауып жау жаққа кіріп үлгірді. Зеңбіректердің, танкілердің, басқа да дүниелердің саны қанша екендігі шамамен байқалып тұр. Демек, қазірдің өзінде тапсырма орындалды деуге болады.

Көп аялдамай кейін жылжыған жөн. Қырсыққанда осы кезде күзетшілердің қарасы көбейді.

Сақтықпен ілгері қадам басты. Бәрі де ойдағыдай. Соңғы

күзетші тұсынан өте берген кезде сылдырды сезіп қалды. Алайда дыбыстың нақты қай жерден шыққанын байқамады. Бас- көзге қарамай төтелеп оқ жаудырды. Кенет жанындағы Петроның аузынан: «Ой» деген дауыс естілді. Оқ тиіпті. Петроны арқасына салып, қалың орманды бетке алды. Жолдасының жарасы ауыр екен. «Мені осы жерге қалдыра бер. Әйтеуір бір өлім ғой. Ажалым жеткен болар. Сен тоқтамай, штабқа тарт. Олар бізді күтіп отыр. Көрген жайды жеткіз... » – дейді Петро даусы әрең шығып.

Үрмәш оны тыңдаған жоқ. Петроның денесін ауырсынса да оны білдіртпеуге тырысып, алған бетінен қайтпады. Рас, қатты шаршады. Әл-дәрмені құрып әрең жылжып келеді. «Мына түріммен жете алсам болар еді» дейді ішінен.

Орманның шетіне іліне бергенде біреулердің сөйлеген үні естілгендей болды. Сенерін де, сенбесін де білмейді. Қараңдаған үш адам көрінді. «Бағанағы үшеуі ғой. Біздің жігіттер ғой».

Расында да Үрмәш қателеспеді. Бұлар Павел бастаған үш жігіт болатын.

Павел Петроны арқасына салып алды. Ана екеуі әбден қалжырап, демі құруға шақ қалған Үрмәшты сүйемелдеді.

Жаратқанның, қала берді госпитальдегі дәрігерлердің көмегі болар Петро екі-үш айдан кейін сауығып, қатарға қосылды. Оның Үрмәшқа деген ризашылығы шексіз. «Рахмет, саған, сенің арқанда аман қалдым. Сен маған екінші өмір сыйладың. Бұл жақсылығыңды ешқашанда ұмытпаймын» дейді кездескен сайын ағынан жарылып. Ондайда Үрмәш: «Бұлай істеу әрқайсымыздың міндетіміз. Сондықтан таңданатын ешнәрсе жоқ. Ең бастысы біз біргеміз» дейді қашанғы қарапайымдығына салып.

Үрмәштің бұл адамгершілігі көпке дейін жауынгерлер қауымынына үлгі-өнеге ретінде айтылып жүрді. Үрмәш болса мұндай мадақты ыңғайсыз сезінетін. «Менің орнымда басқа біреу болса да осылай істемей ме...» дейді ішінен болған жайтқа соншама мән беріп жатқандарға таңырқап.

...Үрмәш жоғарыда тілге тиек етілген оқиғалардың талайын бастан кешрді. Соғыс дегенін өліммен арпалыс. Ажал сені

келіп қашан бас салады – мұны білу қиын. Мақсат кеуденде жаның барда жауға есенді жібермеу. Тек алға ұмтылу. Кейін шегіну өліммен тең. Өйткенше дұшпаныңмен арпалысып, көз жұмған әлдеқайда жақсы.

Үрмәш майданға аттанарда анасына да, ауылда қалған сүйген қызы Қаракөзге де: «Ешқандай алаңдамандар. Жауды жеңіп аман-есен ораламын» деген. Қандай өкінішті! Бұл уәдені орындау мүмкін болмады. Оған әрине Үрмәш кінәлі емес. Ол өзіне өлім тілеген жоқ. Фашистермен болған қанды шайқас, Отанға, туған елге деген сүйіспеншілік, бойдағы қайрат пен намыс оны жеңіске, жетістікке ұмтылдырды, сол үшін де жанын аяған жоқ. «Ер бір туып, бір өледі» деген қағиданы берік ұстанды. Дұшпанның басынуына жол бермеді. Жауды жеңіп барып, өзі де жарық дүниемен қоштаса берді. Бұл өзі қалай болып еді?..

1944 жылдың 18 шілдесі. Латвия жері

Немістер Грейдани деревнясын бекініп жатты. Тапсырма – жауға соққы беріп, кейін шегіндіру.

Тапсырманы орындау оңай болмады. Өйткені жаудың саны да, техникасы да мол еді.

Шайқас үш күнге созылды. Екі жақ та беріспеді. Бір деревня шамалы уақытта фашистердің қолына түссе, біраз уақыттан соң біздің жауынгерлер иеленіп отырды.

Жаудың Грейданиден айрылғысы келмейтіні бұл жерде қалың орман бар. Бекінуге қолайлы. Ыңғайлы жерден қол үзіп қалса – шаруалары бітті. Алдыңғы жақ жазық. Бұларға тиімсіз болғанымен қарсыластарына пайдалы. Жан беріп, жан алысудың сыры осында жатыр.

Деревнядан шеткері сай бар болатын. Бұл біздің әскердің шегінуіне жақсы. Өйтпесе болмайтын еді. Күш жинап алу керек. Сосын барып қарсы шабуылды ұйымдастыруға мүмкіндік бар.

Міне, әлгі сайға жауды өткізбеу Үрмәштың бөлімшесіне жүктелді. Жау жағы да бұлардың ой-жоспарын сезгендей. Бөлімше жауынгерлерін нысанаға алып, оқпен төпелеп жаттыр.

Бір сәт төңірегіне көз тастаған Үрмәш төбе басында

жалғыз қалғанын білді. Жанындағы көмекшісі Павел де оққа ұшыпты. Арғы жақтағы екі автоматшы да көз жұмған.

Фашистер Үрмәшты тірідей қолға түсіргісі келетін секілді. Таса-тасамен жылжып келеді. Үрмәш болса пулеметін тастамай, атысты тоқтатқан емес. Бір уақытта оқтың да таусылғаны байқалды. Автоматтың оғы болса бағана біткен. Ендігісі – қолма-қол ұрыс. Жендеттерді автоматтың дүмбісімен ұрып, бірінен сол бірін құлатуда. Осы кезде әуеден кеңестік ұшақтардың гүрілдеген даусы естілді. Жау жағы шегінуге мәжбүр болды. Үрмәштың тірідей қолға түспесін білді ме бір сағат бойы берілмей, табандылық танытқан ержүрек жауынгерді нөсерлеткен оқтың астына алды. Қазақтың қайсар ұлы екі қолын екі жаққа жайып құлай берді ...

Үрмәштың денесі латыштың Перели деревнясында жерленді. Оны жерлеуге бүкіл полк қатысты деуге болады. Осы жиында оның мемлекеттің ең жоғары марапаты – Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылғаны айтылды. Бұл ұсыныс жоғары жақтан кейін қабылданды. Үрмәшқа қаза болғаннан кейін Батыр атағы берілді.

Елбасына ауыр күн туған сол сұрапыл жылдары Сыр өңіріндегі Қазалы топырағынан он екі мыңнан астам адам майданға аттанды. Олардың жартысы туған жерге оралмады.

Еліміздің басқа азаматтары секілді соғысқа шақырылған қазалылықтар да гитлершілдермен аянбай шайқасты. Олардың көбісі естен кетпес ерліктері үшін түрлі марапаттарға ие болды. Бес жауынгер Кеңес Одағының Батыры атанды. Солардың бірі болашақ бейбіт өмір үшін жанын пида еткен Үрмәш Түктібаев болатын.

Үрмәш жау қолынан қаза тапқанда оның өлімін бәрінен бұрын анасы Наурызбикеге естірту оңай болмады. Қайран ана Үрмәшты қаза табады деп еш ойлаған емес. Аман- сау оралатынына сенімді еді. Ал жағдай басқаша өзгерді.

Аудан және ауыл басшылары ақылдаса келе көпке танымал жергілікті ақын Нұрсұлтан Жұбатұлына сенім артқанды жөн көрді. Сөзді бастау соған жүктелді.

Нұрсұлтан Жұбатұлы Қазалы ауданына қарасты

Қожабақы ауылының Құланбай деген жерінде дүниеге келген. Ауыл молдасынан хат таниды. Он бес – он алты жасында өлең шығарып, ақын жігіт атанады. Қазалы қаласындағы бір жылдық мұғалімдер даярлайтын курсты бітіреді. Мектептерде мұғалім болып қызмет атқарады. Кейін Ташкенттегі мұғалімдердің білімін жетілдіретін курста оқиды. Мектеп меңгерушісі, колхоз партия ұйымының хатшысы болады.

Ақынның шығармашылығындағы негізгі тақырып – екінші дүниежүзілік соғыс болды. Майдан мен тыл адамдарын жаумен белсене шайқасуға, жеңіс үшін білек түре еңбек етуге шақырды.

1943 жылы Қызылорда қаласында өткен облыс ақындарының жиынына қатысқан Нұрсұлтан «Майданнан хат», «Майданға хат» деген өлеңдерін оқиды. Жиынды өткізуге келген Жазушылар одағының өкілі, ақын Әбділда Тәжібаев пен қазылар алқасының төрағасы, ақын Асқар Тоқмағанбетов бірауыздан әлгі өлеңдерге бірінші орын береді. Аталған туындылар ертеңіне облыстық газетке басылып, бүкіл елге тарайды.

«Алға» ауылындағы Наурызбеке ананың шаңырағына төрт адам келді. Олардың бірі аупарткомның бірінші хатшысы, екіншісі колхоз төрағасы, үшіншісі облыстық кеңес атқару комитетінің қызметкері, төртіншісі ауыл ақыны.

Сөзді Нұрсұлтан ақын бастады. Өйткені ол Үрмәшты бала кезінен білетін. Сосын кезекті өзі шығарған өлеңге берді. Сол өлең мынау еді:

*Ардақты Наурызбике, қадірлі ана,  
Ер болды емшегіңді емген бала.  
Туад деп «алып анадан, ат биеден»  
Айтылған сөз бар бұрын қарияда.  
Қалады жақсыдан – ат, қаламнан – хат,  
Шығады бойдан - қайрат, ойдан - сана.  
Ұл болсаң елің үшін ер бол дедің,  
Тогыз ай, он күн сақтап құрсағыңа.  
Бал беріп, су сұраса сүт емізіп,  
Ағыздың ақ төсіңнен екі сала.*

Ақ жүзің балдырғанның балбыратып,  
Мойнына маржан байлап, тақтың жыға.  
Дүниеге тұр кіргізіп, гүл көгертіп,  
Ұрмашты елден бөлек тудың дара.  
Көп болды ана Сізді көрмегелі !  
Әдейі көрейін деп келдім жаңа.  
Сіз бе еді Ер Ұрмашты туған ана,  
Ақылың қатарынан етіп дана.  
Өсірдің алдыңа алып әуелдетіп,  
Ешқандай жүрегіңе салмай жара.  
Алыпты біздің Ұрмаш батыр атын,  
Біз соны айта келдік анасына.  
Тарихта батыр да өткен, шешен де өткен,  
Кім келіп, кім кеткен жоқ, бұл дүнияға.  
Майданда біздің Ұрмаш жауды қырған,  
Ол неге ер болмасын өзің туған.  
Арғы атаң Кішкененің Жанқожасы,  
Бергі атаң Бекарыстан ел қорғаған.  
Өз әкең Матығұлдың Түктібайы,  
Ер еді, егес жерде төгетін қан.  
Олардың жүрегі май көзі қанды,  
Бөрідей жауға шабар аңсыраған.  
Тас түлек бидайықтың балапаны,  
Айнымай атасына туған ұлан.  
Кешегі қанды соғыс қырғын жерде,  
Ұрмашқа қарсы неміс қаңсыраған.  
Ақырған айбатына жау шыдамай,  
Тау толқын қаһарына қалтыраған.  
Қамалға қасарысқан қарсы шауып,  
Ел үшін, ерлікпенен беріпті жан.  
Мерт болды, о, дариға, елдің ері,  
Жауыздың дәлдеп атқан бір оғынан.  
Қайғырды бір сен емес совет халқы,  
Қайғыңа біз де ортақпыз қайғылаған.  
Ұрмаштың топырағы торқа болып,  
Қадірлі халқың болар сенің панаң.  
Жыламай жасыңды сұрт, сабырлы бол,

*Сау болсың кейінгі ұрнақ, бала-шағаң.  
Тарихта Ер еңбегі бос кетпейді,  
Сиямен атын жазар алтындаған.  
Ерлердің қаза тапқан даңқы артып,  
Бірге мың шолпан туар жарқыраған.  
Жақсының аты өлмейді, өзі өледі,  
Қабіріне гүлдер жайнап, жағылар шам.  
Деп келдім, ана, сізді жұбатайын,  
Жолдасы Ұрмашыңның мен де балаң.*

Өлеңнің «Елі үшін ерлікпенен беріпті жан» деген тұсына келгеннен-ақ ана көкірегі қарс айрылып, көз жасына ерік берді «Көптен хат келмеді еді. Осындай жағдай болған екен ғой. Байғұс балам-ай, алаңдама, аман-есен оралам деп едің ғой. Бұл неғылғаның. Балапаным-ай, қарғам-ай, енді не істеймін. Ажалдың сені алғанша мені алғаны дұрыс еді ғой...» деп аңырағанда дауыс ауыл ішіне жайылып жатты.

Көп ұзамай-ақ Үрмәштың ерлігі төңірекке тез тарап кетті. «Ол өзі ерлік жасау үшін туылған жан еді» деді оны білетіндер. Бір жағынан ауылдастырының бойын мақтаныш кернеді. Сыр жерде өздерін таныстырса «Батыр Үрмәштың ауылынанбыз», «Ер Үрмәштың жақындарымыз» дейтін болды олар.

Батыр аты бара-бара аңызға айналды. Осы ретте бір азаматтың еңбегін бөле-жара айта кетуге болады. Ол – елінің ардақтысы, талантты жазушы Әлмәмбет Әлішов ағамыз. Қазалы жерінде туып, Латвия республикасында теңдесі жоқ ерлік жасап, мерт болған Кеңес Одағының Батыры Үрмәш Түктібаевтың өмірі мен жауынгерлік жолын көз майын тауыса, ұзақ жыл зерттеп, кейбір құжаттарда «Ормаш Түйтебаев», «Орман Тоқтыбаев» болып қате жазылған аты-жөнін қалпына келтірді. Латвияға өзінің жеке қаржысы есебінен алты рет барып, батырдың бұрын қолда болмаған суретін және қабірін тапты. Сөйтіп сүйегі жат жерде қалған Үрмәш Түктібаевты тірілтіп, туған халқына қайта қауыштырды. Әлмәмбет Әлішевтің қаһарман жауынгер туралы 1969 жылы «Жазушы» баспасынан «Совет Одағының Батырлары» сери-



ясымен «Үрмәш Түктібаев» атты кітабы, 1970 жылы сол баспадан «Батыр болып тумайды» повесі жарық көрді. «Батыр болып тумайды» повесін аудармашылық талантын атақты жазушы Шыңғыс Айтматов жоғары бағалаған Лина Қосмұхамедова орыс тіліне тәржімалады. Бұл повесть 1972 жылы латыш тіліне аударылып, Рига қаласындағы «Лиесма» баспасы арқылы оқырман қолына тиді. Осы кітап туралы кезінде республикадағы газеттер мен журналдар, одақтық «Правда» газеті мен «Литературная газета» жақсы лебіздер жариялады.

Жамбыл Жабаетын Алматыда өткен 125 жылдық тойында Латвия компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы А.Э. Восстың сөйлеген сөзінде Үрмәштің ерлігін қазақпен латыш халқының достығының белгісі ретінде айтқан пікірі сол уақытта еліміздегі «Социалистік Қазақстан» газетінде басылған еді.

«Ерлік – елге мұра» дейміз. Қазалы жұрты Үрмәш атын ұмытпастай, есте қалдыру жолында бірқатар игі шараларды жүзеге асырды. Батырдың туып-өскен ауылы қазірде Үрмәш Түктібаев ауылы атанады. Оның есімін иеленген орта мектеп те бар. Жыл сайын Жеңіс күні қарсаңында жиындар, басқосулар өтіп, міндетті түрде батыр есімі еске алынады, өмірі мен ерлік жолдары сөз болады. Үрмәштың туғанына жүз жыл толуына байланысты батыр ауылында оның ескерткіші бой көтерді.

Айтпақшы, соғысқа аттанған Үрмәштың ағасы Қалман қанды қырғыннан аман-сау елге оралды. Бұл да болса Наурызбеке анаға сүйініш еді. «Алла Тағала, мұныңа да шүкіршілік» деп көз жасын тиғандай болды. Дегенмен орны бөлек Үрмәшін көзі жұмылғанша естен еш шығарған емес.

Латыш жеріндегі Нерза поселкесінде бауырластар зираты орын тепкен. Сондағы көп қабірлердің бірінен «Кеңес Одағының Батыры, кіші сержант Үрмәш Түктібаев. 1917-20.VII .1944» деген жазуды оқуға болады. Денесі шет жерде қалғанымен батыр есімі өзі сүйіп, ерекше қастер тұтқан туған елінің мәңгілік жадында.

## ЖЕҢІМПАЗ

Жасы тоқсанды алқымдап қалған Мұханғали ақсақалмен танысқанымға көп бола қойған жоқ. Жарты жылдың көлемі ғана.

Ақсақал дегенше «аға» деп атаған дұрыс па деп қаласың. Бұл кісі сақалды айтпағанда, мұрттың өзін әзірге маңайлатар емес. Әрине, «ағайынды» екеуі – сақал да, мұрт та – жерсінуді жек көрмейді-ақ. Алайда Мұхаң қанға сіңген әдетімен мұрынның да, иектің де астына артық нәрсе жолатпай, қырынып, қырып, тазаланып жүргенді жаны қалайды. Енді осылай кеткені кеткен...

Өттен, жастың ұлғайып тұрғандығы. Әйтпесе, ол кісінің қазіргі түр-әлпеті тоқсандағы қарияның кейпін танытпайды. Әлдеқайда жасырақ көрінеді. Қарттықтың салдары ғой – баяғыдай қадамды кең алып жүре алмайды. Аяғын жаңа аттаған бүлдіршіндей ақырын басады.

Санада өткен өмірдің біраз көріністері өшірілген. Дегенмен де үзік-үзік есте қалғандары бар. Бәрінен де неміс-фашист басқыншыларымен болған қырғын соғысты ұмытуға, естен шығаруға бола ма екен? Анау-мынау емес, бақандай төрт жылға созылды емес пе?

Біз әңгімемізге арқау етіп отырған Мұханғали Тұрмағамбетов 1941-1945 жылдардағы соғыстың басынан аяғына дейін қатысты. Ол қатардағы көп жауынгерлердің бірі болмады. Жаумен нағыз ерлерше, батырларша шайқасты. Соның жарқын дәлелдерінің бірі – соғыста сенімді «серігі» болған қаруы – зенітінің Мәскеудегі Қарулы күштер мұражайында сақталғандығы. Онда орыс тілінде былай деп жазылған: «Орудие старшего сержанта Мухангали Турмагамбетова 15-го зенитного-артиллерийского дивизиона 6-й армий 3-го Украинского фронта, из которого в боях с фашистами было сбито 16 самолетов – рекордное количество за время Великой Отечественной войны».

Белоруссияның Бобруйск қаласынан басталған майдан жорығы Чехословакияға дейін жалғасты. Екі ортада Украина қалаларын азат етуге, Сталинградты қорғауға, Румы-

ния, Венгрия, Австрия жерлерінде болған қанды ұрыстарға қатысты. Соғыс жылдарында III дәрежелі Даңқ, II дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталды, Бас қолбасшының Алғыстарын алды. Майдангерге тән тағы бір ерекшелік – оның Мәскеуде өткен тарихи үш әскери парадқа қатысқандығы. Міне, аталған жайттарды тізбелей отырып, сіз оны жай адамдар санатына, көптің біріне жатқыза алмайсыз.

### **Соғыс қалай басталды?**

Мұханғали – Атырау өңірінің тумасы. Осы топырақтағы Балықшы ауылында дүниеге келді. Гурьевтегі балық техникумын бітіріп, мамандығы бойынша жұмысқа кіріскелі жүрген. 1939 жылы Қызыл Армия қатарына әскери борышын өтеуге шақырылды.

Сөйтіп, Харьковтан бір-ақ шықты. Алғашқы күндерден-ақ жақсы қырларымен көзге түсті. Ақырында үздік жауынгер ретінде зениттік полк мектебіне оқуға жіберілді. Оқу мерзімі – он ай. Мектепті бітіргеннен кейін бөлімше командирі болып шыға келесің.

Моншаға түсетін күн еді. «Штабқа шақырып жатыр» деді сырттан келген жауынгер. Түсі суық. Барған соң естіртті. Немістер соғыс ашыпты.

Соғыс деген суық сөз Мұханғалидың жанын түршіктіріп жіберді. Бала кезде анасы жыр-киссалардан үзінді айттып беретін. Сонда қазақтар мен қалмақтар арасындағы шайқасты әңгімелейтіні бар. Тындап отырып шошисың. Жерге төгілген қан, домалаған бас... «Елді ондай қырғыннан сақтасын. Соғыс деген жақсы емес. Ол-өмір мен өлімнің арпалысуы» деп анасы әңгімесін аяқтайтын.

Соғыс жайлы ойлаған Мұқанғали ел, жер, Отан қадірін де естен шығармайды. Ел басына күн туғанда ер азаматтың міндеті үйкүшік болмай, қолына қару алып, туған елін дұшпаннан қорғау, тіптен, осы жолда шыбын жанын құрбан ету болса керек. Бір жағынан өзінің арт жағында алаңдайтын да ешкім жоқ. Әке-шешеден жастай айрылды. Бірақ ба-

уырлары бар екен-ау. Көбен ағасы, апалары Қызбала, Бикен бар. Бәлипа жеңгесі ше?: Анасынан бір де кем қылмай қамқорлығын көрсетті емес пе. Осылар үшін де басын өлімге тіксе болмас па. Апырмай, қала берді Отаны, туған елі бар емес пе. «Туған елдей ел қайда, туған жердей жер қайда» демекші, асылындай, ардағындай туған елі, туған жері жау табанының астында жатса қайтіп өмір сүріп жүрмек, қара жерді қалай баспақ. Ондай сұмдықтың беті аулақ. Кеудесінде жаны барда жаумен аянбай арпалысар, батыр қазақтың ұрпағы емес пе. Қала берді өзі өскен топырақтың түлектері Исатай мен Махамбеттің рухтары бейжай қалдыра алмас. Алға ұмтылдырар, жаумен күресте мұқалмас жігер, тың серпін берер.

Екі күннен соң бүкіл курсанттар эшалонға тиеліп, жау аяғы тиген Белоруссияны бетке алды. Фашистермен алғаш кездескен жерлері Бобруйск қаласының батыс жағы.

Мұханғалиларды майданға аттанарда «Қажетті қару-жарақты сол жақтан аласыңдар» деген. Поездан түсіп, майдан шебіне келгенде қатты таңқалды. Артиллериялық қаруларды айтпағанда, тіпті қарапайым винтовканың өзін шаммен іздеп таба алмайсың. Содан келді де бұлардың бәрін таратып, жаяу әскерлердің қатарына қосты.

«Қарусыз қалай соғысамыз? Неміске қарсылық білдірмей-ақ жем боламыз ғой» деген жауынгерлердің сауалына: «Немісті өлтіріндер де автоматтарын алыңдар» деген жауап қайтарылды.

Мұны естігенде жауынгерлердің көздері атыздай болды. «Ол да адам ғой. Оның да жаны бар. Оңайлықпен беріле қоя ма?» деген сұрақтар әрқайсысын мазалады.

Дегенмен де кейін винтовкамен қамтамасыз етті. Олардың винтовка деген аты ғана. Қай замандыкі екенін бір құдай білер. Әбден тозығы жеткен, ескі. Бірақ бір шүкіршілігі жоқтан жақсы.

Фашистермен ұрыс, кәдімгі жан беріп, жан алу. Жау жағы сенімді. Олар соғысқа жақсы дайындалған. Бақайшағына дейін қаруланған десе болғандай. Алдымен танктерін жібереді. Оларға шыдас беру мүмкін емес. Адам-

ды айтпағанда, алдындағы ағаш па, үй ме...Қарамайды. Жыртқыш аңдай баса көктеп, жайпайды кеп. Танк табанының астында адам жаншылып жатқанын көргенде бір орында тұра алмайсың. Қан басқа шапшиды. Жынданып кете жаздайсың.

Танктен соң алға қаруын кезеніп жау әскерлері келе жатады. Бәрі маңғаз. Үркер емес, сасар емес. Несіне сасады. Жерде танк, төбеде ұшақ «жолдарын ашып» берді.

Соғыстың алғашқы күндерінде кеңес жауынгерлері қынадай қырылды. Олардың санына жету де мүмкін емес. Жау қолынан қаза тапқан жауынгерлердің көмілмей қалғандары қанша ма. Оларды жер қойнына тапсыруға құмырскадай қаптаған жау әскерлері мұрсат бермеді. Ішін қан жылайды. Бірақ қолдан келер дәрмен жоқ.

Мұханғалидың әскерде жүргеніне екі жылдан асқан. Әскери тәртіпке едәуір үйренді. Қарудың да қыр-сырына әбден қанық. Дәл қазір жанында елуді еңсерген, тіпті одан да асыңқыраған адамдар жүр. Қарудың өзін қалай ұстауды білмейді. Соларды көріп, жаны ашыды. Кеңес әскерінің кейпі осындай-тын.

Бірде кезекті шабуылға кіріскелі жатты. Қасында танысқанына екі айдай болған орыс шалы бар болатын. «Алға!» деген бұйрық берілгенде шал да орнынан көтеріліп, шұбатылған шинелінің етегін қайырып, тізесінің астына төсейін деп жатқанда жау оғы тура жүрек тұсына қалалып, сол жерде тіл тартпай кетті. Осыны көріп тұрып Мұханғали қатты өкінді. Үлкен адам ғой, шалт, жылдам қозғала алмайды. Шинелдің етегіне тізесін қойып, дүшпанды асықпай көздегісі келді. Бұл соғыс қой. Алдындағы аң емес. Қулығы, айлакерлігі бір басына жетерлік атажауың тұр. Мұндайда жайлылықтың, қолайлы жағдайдың қажеті жоқ. Үсті-басың бүлінсе ештеңе етпейді. Ең бастысы жаудың көзіне ілініп қалмау. Сергектік, ширақтық-жауынгер серігі. Осыны қарт солдат ескермеді. Бұл айналып келгенде әскери даярлықтан шыңдалып өтпегендіктің салдары.

Соғысқа кіріскен уақытта жауынгерлер мойнына медальон тағып жүруге тиіс болды. Онда жауынгердің аты-

жөні, елдегі мекен-жайы жазылады. «Бұл неге қажет?» деп сұраған мұның мәнісін түсінбегендер. «Тәртіп солай» деген бір-ақ ауыз сөз естіді. Мұның сыры басқаша еді. Егер солдат соғыста қаза табатын болса, осы хабарды елге жеткізу үшін жауынгердің мекен-жайы керек екені әбден түсінікті. Медальонда осындай сыр жатты. Мұханғали оны таққан жоқ. «Біз соғысқа өлу үшін келген жоқпыз. Жауды жеңіп, аман-есен елге ораламыз деген мақсатпен келдік» деген ой медальоннан бас тартқызды. Оны көңілге қаяу салар жаман ырымға балады. Дегенмен де медальонды тағып жүрудің артықшылығы жоқ еді. Көп жауынгер Мұханғали сияқты оны мойынға іліп жүруді қаламады. Жақсылыққа баламады. Ал олар қаза тапқанда хабарсыз жоғалғандар қатарына қосылды. Өйткені олардың қай жерден, қайдан шақырылғаны туралы құжат нақ сол мезетте табыла қоймайтын.

Жауынгерлердің соңында жерлеу командасы жүріп отырды. Олар қаза тапқан солдаттарды белгілі бір тәртіп бойынша жерлеуге үлгімеді. Өйткені өлім құшқандарға сан жетпейтін. Тек жерге көміп отырудың өзін қанағат тұтты. Мұханғалидың қасындағы мұртты, кавказдық мұсылман: «Құраның оқылып, кәде-сөдесімен жерленгеннің өзі ғанибет екен-ау» деп көзіне жас алды.

Соғыстың алғашқы күндеріндегі кеңес жауынгерлерінің кейпі де адам аярлық еді. Үсті-бастары кір, талай күн жуынбаған, бет-жүздері шаршаңқы. Бұған қоса аш та болатын. Ал немістер ондай емес. Кеуделері көтеріңкі, жүздері жарқын. Ақ жаға, жалтыраған етік. Бастарын өлімге тіккен жандар емес, мерекені атап өтуге, тойға бара жатқандай әсер қалдыратын.

...Голиль мен Черниговті артқа тастап Полтаваға келгенде тағы да атыс басталды. Жау жағының екпіні қатты. Алға қадам бастыртпайды. Немістер де қарсыластарының күш-қуаты әлсіз екенін сезгендей. Екпіндей, батылырақ ұмтылады. Бір уақытта алдағы биік ағаштың жанына снаряд жарылып, оның жарқыншағы Мұханғалидың оң аяғын жара лап кетті.

— Командир, тезірек жарақатыңызды таңып алыңыз.

Әйтпесе мүлде асқынып кетеді,-деді қасындағы жауынгер жанашырлық білдіріп.

– Ештеңе етпейді. Жазылып кетеді,-деді Мұханғали аяғының ауырсынғанын сездіртпей.

Екі жақтан да атыс қатты жүріп жатты. Дегенмен де жау жағының басымдығы айқын көрініп тұр. Осындай сын кезеңде «Жараланып қалдым. Медсанчасқа көрініп келейін» дегені қалай болады. Қисынсыз ғой.Бөлімше командирі деген аты тағы бар.Атыс соңына дейін қалай да шыдау керек.

Осылай ой түйген Мұханғали атысты жалғастыра берді. Алайда немістердің атысты тоқтатар түрі байқалмайды. Бір кезде жау жақтан ұшақтың даусы естілгендей болды. Демек жағдай тіптен шиленісе түспек. Осы уақытта басшылықтан «Жауынгерлер кейін шегінсін!» деген бұйрық келді. Бәрібір басқа амал жоқ еді. Әлгіндегі бұйрыққа сәйкес тек взвод,рота ғана емес, бүкіл армия құрамы кейін шегінуге мәжбүр болды.

### **Жау қоршауында**

Мұздай қаруланған немістер шегінбеске қоймады. Полтавинада бұларды Оржицк батпағына әкеліп тықты. Төрт күн бойы белуардан келетін су ішінде тұрды. Төрт күн бойына нәр татпады. Бұл кезде партизандар қозғалысының әлі пайда болмаған уақыты. Бірен-саран жергілікті тұрғындар қайықпен келіп, жағдаймен хабардар етіп кетеді. Олар жан-жақтың немістерге толы екенін, жолда жау мотоциклдерінің, танктерінің жүргенін айтады. Қоршаудан ебін тауып шығып кететіндер де болады екен. Бірақ байқау керек. Көзге түстің бе – сол мезетте оқ құшасың.

Төртінші күннің түн қараңғылығында жанындағы екі жауынгер жолдасымен батпақты көлден сытылып шығудың сәті түсті. Өткен шайқаста аяғына снаряд жарықшағы тиген. Осы едәуір кедергі жасап, жанға тиіп келеді. Судан шыққан соң егістік жерге кездесті. Соның ішімен жүрді. Әр жерде – қарауытқан шөмелелер. Үшеуі де әбден қалжыраған. Содан бір шөмеленің жанына келіп, демалып, күш жинап алуды ұйғарды.

Үсті-бастары малмандай су. Кептірініп алмаса болмайтын еді. Бас киімдерін, сырт киімдерін түгел шешіп, шөп үстіне жайып тастады.

Таң қылаң берген кезде бәрі де әлдененің сыбдырынан оянды. Дәу қара өгіз киімдерді мүйізіне іліп алып, олай-бұлай сілкіп жүр. Шәмеле ішінен қылтиған бұлардың бастарын көріп, «ойынын» доғарды. Іштерінен біреуі шапшаң көтеріліп, өгіздің мүйізіндегі киімді жұлып алды.

Егістік маңында шашырай орналасқан он шақты үй бар екен. «Тәуекел» деп шеткері бір үйге беттеді. Қартаң кемпір есік ашты. Мейірімді жан екендігі жүзінен де, сөзінен де аңғарылады. «Қонақтарының» аш құрсақ екенін сезіп, ба-рын алдарына тосып жатыр. Қызық. Аш екендері рас. Алай-да тамақ өтпейді. Тіптен тартпайды. Кемпірге бұл жағдай қанық сияқты. «Алдымен су ішіндер» деді. Қылғытып су ішті. Кемпір бір нәрсені біледі екен. Су жұтқаннан кейін барып тамаққа ықыластары ауды.

Бұл үйден шығып, бірнеше күн тағы жүрді. Деревня тұрғындары жандары ашығандарымен, бұларға жолай бермейді. Немістерден қорқады. «Солдат көрсендер, бізге айтындар. Айтпасаңдар, өздеріңді өлтіреміз. Үйлеріңді өртейміз» деп үрейлендіріпті. Содан да қараларын көрсеткісі келмейді. Көре қалса қашады. Тіпті болмаса «Ана жаққа барындар. Тамақты сосын апарып береміз» дейді.

Таң алдында шағын алаңқайға келді. Егістік алқап. Он бес-жиырма шақты әйел еңкейіп, дән теріп жүр. Шет жақтағы әйелге жақындап еді, басқалары да бірінен кейін бірі келіп жатты. «Сендер ешқайда бара алмайсыңдар. Айна-нала неміс. Қайда барасыңдар? Сендер осында қалыңдар» деді. Бұлар «Болмайды. Біз өз әскерімізге қосылуымыз керек» деп ниеттеріне ризашылық білдіріп, ары қарай жылжыды. Кешкілік тағы бір деревняның маңына жақындады. Жаралы аяғын ауырсынғаны соншалық, ілгері қадам басқысы келмеді. «Сен осы көпеді жасырына тұр. Біз деревняға барып, ахуалды біліп қайтайық. Тез ораламыз» деді екі серігі. Өкінішке орай, олар оралмады. Не жағдай болғаны белгісіз. Шаршағандікі шығар, өзі де естен тана ұйықтап қалыпты.



Таңертең иттің үрген даусынан оянды. Шөптің ішінде жатқан адамның тірі екенін білді ме, ит жөніне кетті.

Төңіректі барлай үйлердің біріне таянды. Үйде жас әйел, сосын шал бар екен. Шал аяқ киім жамап отырған секілді. Келіншек мұғалім екен. Мұның жарасын тазалап, жақсылап таңып берді.

Мал қораның ішіндегі жиылған шөп жанына түнеп шықты. Үй иелері таңертең шай беріп, сәттілік тілеп шығарып салды.

Құдай оңдап, сол күні өзеннің арғы жағындағы кеңес әскерлеріне қосылды. Жаумен шайқас одан әрі жалғасты.

### 7 қараша 1941 жыл

Қараша айының іші. Штабтан екі офицер келді.

– Мәскеуге бір жауынгерді жіберу керек.

Ол жауынгердің қайда, қай жерге баратынын айтпайды.

Бұл кезде Мұханғалидың төңірегіндегілерге жақсы жағынан танылған шағы. 1939 жылдан армия қатарында. Әскри тәртіпке әбден төселген. Бойы да тіп-тік. Сымбатты. Қараған адамның көзі тояды.

Сонымен таңдау Мұханғалиға түсті. Әлгі екі офицер бар, бұлар сол күні поезға отырды. Поездан түсіп, машинаға жайғасты. Мәскеуге кетіп бара жатқанын машинаның үстінде білді. Ертең 7 қараша. Қазан мерекесінің 24 жылдығы. Осы мерекеге байлынысты Мәскеуде парад өтеді екен. Сол шеруге Мұханғали да қатыспақшы. Басқа біреулерді таңдамай көпшілік ішінен бұған «құда түсулерінің» де бір мәні бар екен. Парадта сап түзеп өтетіндер жай жауынгерлер емес. Олар ең алдымен әскерде шындалған, ширыққан жауынгерлер болуы керек. Отанға шын берілгендігімен көзге түсулері керек. Сонымен бірге дене бітімдері де келісті, көзге түсерліктей болғаны жөн. Міне Мұханғали осы талаптар үдесінен көрініп, Мәскеуге жолы түскен.

Мұханғали іштей ойлап қояды: «Елдің басшылығы да мықты екен. Соғыстың түрі мынау. Жау болса Мәскеуге қарай ентелеп келеді. Парад дегеніміз де мереке ғой. Қазір

мерекелейтін, той тойлайтын сәт пе екен... «Сосын тағы да басқаша ой келеді: «Мүмкін бұлары да дұрыс шығар. Дұшпанға көрсеткен сес, айбындары болар. Қалай дегенмен де бұл қызық парад болғалы тұр. Осыны өткізудің өзін ерлікке балауға болар».

Мәскеуге таңғы беске қарай келді. Күн бұлыңғыр.

Бұған қоса аппақ қар жауып тұрды. Күннің түнеріңкі болатыны-айналада соғыс жүріп жатыр. Соғысты кім жақсы көретін еді. Ол-елге келген – зұлмат, ақырет. Ауа райының да жабырқаңқы кейіп танытып тұрғаны содан шығар. Ақ қар-ақ ниеттің, бейбіт күннің, алдағы үміттің белгісі. Ізгі жандардың тілегі-соғыс тезірек бітсе екен, бейбіт күн қайта оралса екен,

Ауа райының бүгінгі көрінісін Мұханғали өзінше осылай жорып, жорамалдады. Жан-жақтан жиналғандар сапқа тұрғызылып, Қызыл алаңды бетке алды. Жауынгерлердің үстіндегі майдандағы киімдері. Тек кейбіреулеріне ғана пима берілді.

Мәскеуге келгесін білді, кеше ел астанасында Қазан социалистік революциясының 24 жылдығына арналып дәстүрлі салтанатты жиналыс өтіпті. Ол «Маяковский» метросының стансасында өткен. Платформаға метроополитен поезы келіп, одан үкімет мүшелері түскен. Кешкі 7 сағат 30 минутта Сталин баядама жасаған. Ол төрт айдағы соғыс жағдайын қорытындылапты.

7 қараша күні радио дикторы Юрий Левитанның дауысы естілді: «Говорят все радиостанций Советского Союза. Центральная радиостанция Москвы начинает передачу с Красной площади парада частей Красной Армии, посвященного 24 годовщине Великой Октябрьской социалистической революций...».

Парад таңертең ерте басталды. Жоспар бойынша он бірге қарай басталу керек екен. Үш сағаттай ертерек қолға алынды. Қызыл алаңдағы парад салтанатты және қатаң тәртіппен өтті. Әскер коллонасы, оның ішінде танк және артиллерия бөлімдері, сондай-ақ кавалерия сап түзеп ілгері жылжыды. Парадқа Мәскеу гарнизонының бастығы, гене-

рал-лейтенант П.А. Артемьев басшылық жасады. Парадты Кеңес Одағының маршалы С.М.Буденный қабылдады. Сталин Қазан революциясының 24 жылдығына орай мерекелік құттықтау сөзін арнады. Өзі алыста тұрғанымен, даусы анық естілді. «Неміс басқыншыларының күл-талқанын шығаруға қабілетті күш ретінде сіздерге бүкіл әлем көз тігіп отыр. Сіздерге азат етуші ретінде жүрегі жаралы Еуропа халқы көз тігіп отыр. Сіздердің үлестеріңізге ұлы азат ету миссиясы тиіп отыр. Осы миссияға лайықты болыңыздар! Сіздер жүргізіп отырған соғыс азат ету соғысы, әділетті соғыс...» деген мағынадағы сөздері жүректі тербейді. Мұханғали сол сәтте Бас қолбасшының үндеуі тікелей өзіне арналғандай қабылдады. «Бұл жоғары сенімді қалай ақтауға болады?» деген ой көкейге кештелді.

Парад бітісімен Мұханғалилар машинаға отырып, майдан даласына тартты.

### Сталинград шайқасы

Мұханғали үшін Сталинград шайқасы ұмтылмастай есінде қалды. Мәскеу түбінде оңбай соққы алған фашистік Германия бар күшті 1942 жылдың жазында Сталинград төңірегіне төкті.

1942 жылғы шілденің орта кезінде фашистердің қуатты шабуылы басталды. Тарихта бұрын-соңды болмаған алапат шайқас орын алды. Кеңестік армия өте қиын қорғаныстық ұрыста жауға қарсы ірі соққылар берді.

Сталинград шайқасының ерекшелігі қаланы қорғау бір мезгілде қарсы шабуылға әзірленумен қатар жүрді. Осы мақсатта 1942 жылы қыркүйекте И.В.Сталин қантөгіс жүріп жатқан аумаққа генералдар Г.К. Жуков пен А.М.Василевскийді жіберді. Оларға жағдайды зерттеу және қарсы шабуылға дайындалу жүктелді. Қарсы шабуылға дайындалу және оны жүзеге асыру ісіне жалпы басшылық жауап үшін Жоғарғы қолбасшы Г.К.Жуковты

Оңтүстік-Батыс және Дон майданына, ал А.М. Василевскийді Сталинград майданына аттандырды.

Қарсы шабуылды жоспарлау кезінде Сталинград маңындағы жағдай назарға алынды. 6-ы және 4-і танк армияларына сенім көрсетуге болатындығы ескерілді. Өйткені бұл екі армия бұған дейін де жауды күйретуде жақсы жағынан көзге түсіп келді. Аумақтың екі қапталында румын әскерлері орын тепкен еді. Олар әскери қимылдарда тәжірбие жинай қоймағандар. Бұл аумақ әлсіз болғандықтан осы жер қарсы шабуыл учаскесіне айналатын болды.

Қарсы шабуылдың басталғанының белгісі артиллериялық дүмпу болды. Ол 1942 жылғы 19 қарашада таңертең басталды. Ол сексен минутқа созылды. Оған 3500 қару мен миномет қатысты. Мұның қуатты болғандығы соншалық жау елеулі қарсылық көрсете алмады. Осының нәтижесінде жаудың үш жүз мың солдатты Қалач қаласы маңында қоршауға алынды. 1942 жылдың 2 ақпаны фашистік Германия үшін қарады күн болып тарихта қалды.

Неміс-фашистерінің Сталинград түбінде жеңілуінің соғыс кезінде зор маңызы болды. Біріншіден, гитлерлік армияның жеңімпаз армия екендігі жай болып қалды. Екіншіден, бұл Кеңес Одағының әскери-экономикалық қуатының мықтылығын көрсетті. Үшіншіден, елдің халықаралық беделі өсті.

Қалачтағы көпір Мұханғалидың әлі есінде. Жау көпірді алғысы келеді. Бұлар бергісі келмейді. Төбеден көрінген жау ұшақтары да бас көтертпейді. Талай жауынгерлерді жер жастандырды. Оның үстіне зенитке қажет оқ та жетпей жатыр.

Алдан жау танкісі көрінгенде бөлімше командирі Леонид Нучика айқай салды.

– Сержант Тұрмағамбетов! Бар үміт өзіңде. Аяма!,- деді. Мұханғали жанындағы жауынгерлерге жедел тапсырма берді. Екі арадағы қашықтықты, оқтың қалай бағытталу керектігін... бәрін-бәрін тәтпіштей айтты.

Сәлден кейін жау танкісінің отқа оранғанын көзі шалды. Қателеспеген екен, оқ дөп тиіпті.

Бөлімше командирі осының бәрін сырттай бақылап тұрыпты.

– Жарайсың, Тұрмағамбетов! Енді келесіге

дайындалындар, - деген қарлығыңқы даусы шықты.

Жаңағыдан кейін тағы да келесі танк от-жалынға оранды. Төбеде тағы да жау ұшақтары. Алыстан бермен қарай танктер легі бет алып келеді. Жер мен көктің арасы ала түтін. Әскери техникалардың гүрілдіген үні. Осы кезде арт жақтан кеңестік танктердің келе жатқандығы байқалды. Жау танкілеріне қарағанда молырақ. Төбеде кеңестік ұшақтардың шоғыры байқалды. Бұдан ары ештеңе шықпасын білді ме жау танкілері кейін бұрыла бастады. Мұханғалилар да бұл сәтті текке жібермей жанындағы жауынгерлермен бірге оқоптан өре түргелді.

### Аяныш

Бұл оқиға Венгрия жерінде болған еді. Мұханғали қасындағы екі жауынгермен бірге бір үйдің жер төлесінде немістің екі солдатын қолға түсірді. Қолдарын көтеріп еш қарсылық танытпады. Түрлеріне қарасаң жап жас. Он жеті-он сегіздегі жігіттер. Мектепті кеше ғана бітіргендері көрініп тұр. Қорыққандарынан жылап жіберді.

Екеуін алдарына салып бөлімшеге алып келді.

Оларды атып тастауға адам қимайтындай. Соғыстың не екенін де өздері білмейтін секілді.

Ол екеуі жауынгерлерге тез үйреніп кетті. Бірге отырады, бірге тамақ ішеді. Біреуі шешесінің суретін төс қалтасына салып алыпты. Соны көрсетіп бетінен сүйеді. Араларында Гитлерді қарғап-сілейді. «Соғысты бастаған сол» дейді.

Бір аптадан соң Мұханғалилар басқа жаққа жылжитын болды. Сол кезде «Ана екеуін атып тастандар» деген бұйрық алды. Жау болса да оларды өлтіруге қол бармайды. Тіптен, сарыауыз балапандар дерсін. Жауынгерлер де оларға бауыр басып қалыпты. «Бізді өлтірмеңдер. Біз сіздермен бірге болайық. Не айтсаңдар да істейміз» дейді жалынып-жалбарынып, аяқтарына жығылып. Босатып жіберуге тағы болмайтындай. Қанша дегенмен жау солдаты деген аты бар. Мұханғали қандай шешім қабылдарын білмей қатты қиналды. Сүйтті де екі жасты көрші бөлімшеге апарып,

сондағы жауынгерлерге тапсырды. «Не істейсіңдер, өздерің біліңдер» деп кейін қайтты. «Осының бәрі соғыстың кесірі. Әйтпесе адамды адам өлтіріп несі бар?» деген ой іште қыж-қыж қайнап бара жатты.

## Чех жерінде

Мұханғали соғысты Чехословакия жерінде аяқтады. Осында жаудың бір миллионнан астам солдатты мен офицері орын тепті. Фашистер бұл жерде Кеңес армиясына кедергі жасаймыз деп ойлады. Сөйтіп әскерін батысқа қарай әкетпекші болды. Олар ағылшын – америка басшылығы тарапынан болатын жеке іс-қимылға да үміт артты. Осы кезде ел ішінде Чехословак патриоттары көтеріліске шығып жатты. Көтерілісті бастаушылар Прагадағы «Школа-Смеихов», «Вальтер», «Авиа», «Микрофон», «ЭТА» зауыттарының ұжымдары болатын. Олар біршама жетістіктерге жетті. Көп ұзамай радио станцияны, почтаны, телеграфты, орталық телефон станциясын, орталық вокзалды, қалалық электро станциясын басып алды. Жергілікті коммунистердің бастамасымен 1600 баррикада тұрғызылды.

Прагадағы көтеріліс кең ауқымды қамтыды. Оны басу үшін фашистік басшылық өзінің қаладағы горнизонына танктер мен ұшақтар жіберді. Неміс фашистері қала тұрғындарын аямады. Әйел демей, бала демей бәрінде қырып салды. Әсіресе эсесовтіктер жұмысшы аудандарына аюандық көрсетті. Баррикада қорғаушылары қайтпас қайсарлықпен шайқасты.

Гитлершілдер қиратқан Прага радиосы ғимаратаның жергөлесінен чехословак дикторының орыс тіліндегі даусы естіледі: «Тыңдаңыздар! Чех Прагасы сөйлейді! Көптеген герман танкісі мен авиациясы біздің қаламыздың жан-жағынан шабуыл жасауда. Біз сөзімізді біздерге көмек көрсету жөнінде ержүрек Қызыл Армияға арнаймыз. Бізге танктен, ұшақтан көмек көрсетіңіздер. Біздің Прага қаласының жойылуына жол бермеулеріңізді өтінеміз!» .

Осы сөзді естіген кеңес жауынгерлері тезірек Прагаға

жетуге, көтерілісшілерге көмек көрсетуге асықты. 1-і Украин майданы қаланың солтүстігі мен солтүстік-батысынан шабуыл жасады. Шығыстан 4-і Украин майданы шүйлікті, ал оңтүстік-шығыстан 2-і Украин майданы бас көтерді.

Ақыры кеңес жауынгерлері Праганы жаудан азат етті. Солардың ішінде Мұханғали да болды. Кеңес жауынгерлерінің алдынан жүздеген және мыңдаған еркектер, әйелдер, жасөспірімдер шықты. Бұлар орыстар, чехтар, поляктар, француздар басқа ұлт өкілдері еді. Гитлершілдер оларды туған жерлерінен қуып шығып, азапты жұмыстарға салған болатын. Олар жауынгерлерге ұмтылып, беттерінен сүйіп жатыр. «Азаткерлер жасасын!», «Азаттық жасасын!» дейді.

## 24 маусым 1945 жыл

Мұханғали 1945 жылы Мәскеуде өткен Жеңіс парадына да қатысты.

...Бұлардың әскери бөлімі Прагада тұрды. Мәскеудегі Жеңіс парадына Мұханғали қызмет етіп жүрген дивизиядан бір адам ғана таңдап алынды. Яғни 8-10 мың адамның ішінен бір адам ғана.

Талап қатты еді. Парадқа қатысушы жауынгердің бойы 1 метр 70 см-ден кем болмауы, сондай-ақ кем дегенде үш жауынгерлік ордені болуы тиіс.

Алдымен үш адам іріктеліп алынды. Осылардан қайсысы Мәскеуге баратындығын анықтау үшін олар дивизия штабына жөнелтілді. Нәтижесінде таңдау Мұханғалиға түсті. Ол барлық шарт үдесінен табылды.

Жеңімпаз ретінде бара жатқаннан кейін Мәскеуге құр қол аттанған ыңғайсыздау. Сыйлықпен барған жөн секілді. Жанындағы жігіттер кеңес беріп, теңіз қолсағаттарын ұсынды: «Жолдас командир, сіз ол жақта қыздарды кездестіретініңіз анық. Соларға тарту етіңіз».

Парадқа қатысатын жауынгерлер Братиславта бас қосты. Сосын барып Мәскеуді бетке алды.

Жеңіс солдаттарын жұртшылық Белорус вокзалында гүл шоқтарымен қарсы алды. Мұнан соң бәрін де Сокольниктегі

университет жатақханасына орналастырды.

Бұлар – бірінші қабатта, ал жоғарыда – студенттер. Төменгі қабатта күзет қойылған. Жайдан-жай шығып кете алмайсың.

Жиырманың о жақ, бұ жағындағы қылшылдаған жас жігіттер емес пе? Оның үстіне қуаныш, шаттық қандай! Қыздармен танысқылары, жүздескілері келеді. Оның да жолын тапқандай болды. Лебіздері жазылған үшбу қағазды сырты жіппен оралған сіріңке қорабының ішіне салып, өткен-кеткен қыздардың қолына ұстатты. Мұханғалиға сағатты тарату да аса қиындыққа түспеді. Өзіне күлімдеп қараған көрікті қыздардың қолына майдандас серіктері аманат еткен сағатты ұстатты.

Парадқа дайындық бір ай бойы жүрді. Алғашқы кезде күндіз дайындалды. Бұл уақытта көшедегі көріністі қызықтау үшін жан-жақтан адамдар көп жиналды. Мұның өзі жауынгерлердің көңілдерін бөле берді. Содан дайындықты түнге көшірді. Сөйтіп, түнгі 10-нан таңғы 6-ға дейін жаттығулар жүрді.

Шеру 24 маусымда өтті. Танертеңнен жаңбыр жауып тұрды. Бірақ бұл көңіл-күйге әсер ете қойған жоқ. Жеңіс қуанышына, Жеңіс салтанатына жетер не бар екен?

Шеруге Константин Рокоссовский басшылық жасады. Мұханғалиға бұл атақты командир жақсы таныс. Сталинград шайқасында көргені бар.

Рокоссовский сұлу торы ат мінген. Жуковтың астындағы ақбоз ат. Сөзіне қарағанда, шеруді Сталиннің өзі қабылдауы тиіс екен. Бірақ ол Жуковты шақырып алып, «Сен кавалериссің ғой. Шеруді сен қабылда» депті.

Мәскеудегі шеруден кейін Мұханғали қайтадан әскери бөліміне аттанды. Бөлім бұл кезде Будапеште орын тепкен-тін. Келу бойына тағы да шеруге тап болды. Венгрияда осы уақытта Бақылау комитеті деген орналасқан еді. Оның төрағасы – Ворошилов. Аталған комитет шеру ұйымдастырыпты. Сөйтіп, бір шеруден келіп, бір шеруге қатысты.



## 9 мамыр 1985 жыл

Мұханғали ағаға араға қырық жыл салып, Мәскеудегі тағы бір Жеңіс шеруіне қатысу бақыты бұйырды. Ол Жеңістің 40 жылдығына байланысты 1985 жылы өткен болатын. Майдангер 1945 жылғы Жеңіс парадына қатысушы ретінде шақырылды.

...Қызыл алаң салтанатты және мерекелік жағдайда. Тарихи мұражай мен ГУМ ғимаратында, Сенат мұнарасында, тіпті Кремель қабырғаларында панолар, транспоранттар, плакаттар ілінген. Панолардың бірінде: «Бейбітшілікті сақтап қалдық, бейбітшілікті сақтаймыз!» деген жазу алыстан көз тартады. Онда «Жеңіс» ордені бейнеленген плакатты көтеріп, бір сапта жайдары келе жатқан әртүрлі ұрпақ өкілдері бейнеленген.

Мінбеде-соғыс және еңбек ардагерлері, өндіріс озаттары мен жаңашылдары, ғылым, мәдениет қайраткерлері. Шетелдік меймандардың қарасы көрінеді. Бұл жерде дипломаттардың да бар екендігі айтылуда. М.Горбачев бастаған мемлекет басшылары орталық мінбеге көтерілгенде жұртшылық оларды ду қол шапалақтап құттықтады. Олардың арасында белгілі әскербасылары да бар.

Кремль куранттары он рет қоңырау соқты. Спасск мұнарасының қақпасынан ашық машинамен КСРО Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының маршалы С.Соколов шықты. Оған қарсы парад қолбасшысы, армия генаралы П.Лушевтің машинасы қозғалды. Әскердің сапка тұрғандығы туралы рапортты қабылдаған Қорғаныс министрі колоннаны аралап, парадқа қатысушыларды Жеңістің 40 жылдығымен құттықтады. Содан соң Соколов мінбеге көтеріліп, сөз сөйледі.

– Осыдан қырық жыл бұрын фашистік агрессорларды талқандау аяқталды. Отанымыздың тарихында бұл соғыстан асқан сұрапыл сын болған жоқ. Онда дүниежүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекеттің тағдыры, әлемдік өркениеттің, прогресс пен демократияның болашағы шешілді.

Жеңіске, Еуропа халықтарын фашистік күлдықтан азат

етуге, дүниежүзілік өркениетті құтқарып қалуға нақ осы Кеңес Одағының шешуші үле қосқаны төрткүл әлемге аян. Жеңіс үшін біз 20 миллион кеңес адамының өмірін құрбандыққа бердік. Және біз мұны ешқашан ұмытпаймыз,- деді маршал.

Маршал сөзінен кейін үш рет айтылған «Ура» алаң үстін жаңғырықтырды. Кеңес Одағының әнұраны орындалды. Оған артиллерия салютінің гүрсілі қосылды.

Парадты жас бүлдіршіндер ашты. Олар әскери-саз училищесінің тәрбиеленушілері.

Қызыл алаңда-Жеңіс туы. Оны қаһарман ұшқыш, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, авиация маршалы Н. Скоморохов алып келеді. Мұханғалиға оның аты-жөні етене белгілі. Оның жауынгерлік тапсырмамен 605 рет көкке көтеріліп, 143 рет әуе ұрысына қатысқаны, жалғыз ұшып, дұшпанның 46 ұшағын, ал топтық ұрыстарда сегіз ұшағын ұшып түсіргені туралы майдан газеттері жазған.

Алаңда құрметті күзет ротасы кетіп барады. Алдыңғы жақта Баранцев теңізінен Балқанға дейінгі жауды талқандаған майдандардың штандарттары. Осыдан 40 жыл бұрын болған парадта ең әйгілі бөлімдер мен құрамалардың оқ-дәрі сіңген 150 туы іріктеліп алынған еді. Міне сол тулар араға қырық жыл салып тағы да алаңда желбіреп барады.

Кілең Кеңес Одағының Батыры атағын иемденген жауынгерлер бір батальон құрап сап түзеген. Олардың алдында генерал-полковник К.Абрамов.

Алаңға шығу кезегі Мұханғалиларға – 1945 жылғы 24 маусымдағы парадқа қатысушыларға тиді. Бұлар шыққан кезде жиналған жұрт дүрілдете қол соқты. Иә бұлар нағыз Жеңіс солдаттары болатын.

Соғыс ардагерлерінің, олардың ізбасарларының парады аяқталды. Күшті моторлар түтіні мамыр аспанының астында қалықтады. Жұртшылық тарауға асығар емес. Оларды тарихтың демі, Отан қоғаушылардың, жеңімпаздардың естеліктері біріктіргендей.

...Мен Мұханғали ағамен жиі кездесіп тұрдым. Сонда әңгіме арқауы көбіне кешегі соғыс жайлы, соның себеп-сал-

дары туралы болады.

– Қазір бұл тақырыпқа көптеген материалдар жарық көріп жатыр. Сонда аңғарғаным Сталин 1939 жылғы 23 тамызда екі елдің бір-біріне соғыс ашпау жөнінде қол қойылған актіге қатты сенген. Ал Германияның КСРО-ға соғыс ашуға дайындалып жатқаны алдын-ала белгілі болыпты. Мәселен журналист Рихард Зорге соғыс басталғаннан төрт күн бұрын агрессордың шабуыл бастайтын күніне дейін нақты айтып берген. Маршал Жуков та бірдеңені сезген. Ол 1945 жылы мамырда Сталинге жазған хатында неміс әскеріне ескертпе соққы беруді ұсынған. Жуков сол хатында Германияның бермен қарай 2300 жаяу әскер, 22 танк, 20 моторлы, 8 әуе, және 4 кавелерлік дивизияны, барлығы 280 дивизияны бұрып отырғанын, олардың ішінде Кеңес Одағының шекарасында 86 жаяу әскер, 13 танк, 12 моторлы және 1 кавалерлік, барлығы 120 дивизия тұрғанын айтады. Осыларды тізе келе алдымен соққыны біз берейік деген ұсынысын білдіреді. Бірақ бұған Сталин құлақ аспапты.

Немістің генерал-полковнигі Ф. Гальдер 22 маусым күні күнделігінде жазбай ма: қарсы жақ біздің әскер шабуыл жасайды деп түк те ойлаған жоқ. Ұшақтар брезентпен жабылып аэродромдарда тұрды. Біз атқылап жатқан алдыңғы шептегі әскерлер басшылықтан не істеу керектігі жөнінде бұйрық күтіп жатты.

22 маусымның өзінде немістер 1200-ден астам кеңес ұшағын жойып жіберді. Олардың көбісі жерде тұрған еді. Соғыстың алғашқы жүз күнінде Қызыл армия авиациясының 96 пайызынан, яғни 8 мыңнан астам ұшағынан айрылды. Белесток және Минск түбінде екі армия қоршауда қалды. 28 маусымда немістер Минскіні басып алды. 1941 жылдың өзінде немістердің мәліметі бойынша үш миллион сегіз жүз мыңға жуық кеңес әскері тұтқынға алыныпты.

Бұл соғыс отыз миллиондай кеңес жауынгерінің өмірін қиып кетті. Кім біледі, егер Сталин соғыс қаупі жақын екендігіне байланысты айналасындағылардың айтқан ескертпелеріне ден қойғанда мұншама адам қырылмас па еді.

Қазақ айтпай ма: біткен іске сыншы көп. Өткен нәрсені сынау оңай. Біздікі әйтеуір оқығанымызды тілге тиек етіп жатқандық. Ең бастысы жеңіске қол жеткіздік. Бұл деген үлкен қуаныш, үлкен бақыт.

Майдангер, еңбек ардагері Мұханғали Тұрмағамбетовтың бойындағы ел білетін бір қасиет-адалдығы. Осыған бір мысал келтірейік. Соғыс біткен соң жауынгерлер туып-өскен жерлеріне қайтып жатты. Еуропа қалалары-Будапеш те, Прага да ... басқалар да жау қолынан қираған. Қымбат әрі асыл заттар иесіз әр жерде шашылып жатыр. Пенделік қой, жауынгерлердің көбісі елге барғанда керек бола ды деп дүниелерді чемодандарына тықпалайды. Мұханғалидың көзі түскені, ұнатқаны шахмат болды. Ол осы ойынды бала кезінен жақсы көрді. Техникумда, институтта оқып жүргенде шахматтан жарыстарға қатысып, талай рет чемпион атанды. Шахматтан спорт шебері деген атағы да бар. Алмайын-ақ деген шахматқа құмарлығы ақыры қол создырды. Сөйтіп елге шахмат алып қайтты. Елге келгесін ауылдағылыр күліп жатыр: «Анамдай болған жеңгем бар еді. Көйлек қылып кисін. Мата алайын» деп бір шүберекті іле салмадың ба?». Сосын біреу басу айтты: «Әй, шүберегі бар болсын. Бәрінен де аман келгенін айтсаң-шы. Осының өзі қай сыйлықтан кем».

Бәліпа жеңгесі Мұханғалиды ерекше сыйлайтын . «Енем аманат етіп кетті ғой. Қолдан келген көмегімді аямау-міндетім деп Мұханғалидың асты-үстіне түсетін. Сол жеңгесі соғыстан аман-есен оралғанда қалай қуанды десеңші! Бір қой сойып, ауылды түгел шақырып, қуанышын жасыра алмап еді...

\*\*\*

Сұрапыл соғысты бастан өткеріп, қаһармандық ерліктер көрсете білген Мұханғали Тұрмағамбетов соғыстан кейін Мәскеудегі балық шаруашылығы мен өндірісі институтына түсіп, үздік бітіріп шықты. Осы жерде айта кетерлік жайт, ол аталған беделді оқу орнын тәмамдаған алғашқы қазақ. Уақытында Арал балық комбинатына, Қапшағай балық кешеніне, республикалық «Қазбалыққолхоз» одағына

басшылық жасады. Бейбіт кезеңдегі жемісті еңбегі Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен атап өтілді.

... Майдангермен соңғы әңгімеміз осыдан он жыл бұрын болған. Қазір Мұханғали аға арамызда жоқ. Алайда кешегі ел басына ауыр күн туған қиын жылдары қолына қару алып, елін қорғаған ардақты азаматтың есімі ешқашанда жадымыздан өшпек емес. Өйткені ол – ескірмес, ел аузынан түспес ерен ерлік иесі.

## БАТЫР АТАҒЫНА ҰСЫНЫЛЫП ЕДІ...

### «Халық жауының» ұрпағы

1941-1945 жылдары болған сұрапылда неміс-фашист басқыншыларымен аяусыз алысқан қаһармандардың бірі, жерлестеріне есімі жақсы таныс – Әбсамат Тәжбенев.

Мен ол кісімен осыдан бес жыл бұрын кеншілер мекені – Сәтбаев қаласында, шаңырағында кездесіп едім. Алпамсадай ірі кісі екен. Батырлар жырындағы кейіпкерлерге ұқсайды. Алшаң-алшаң басады. Маған сол кезде ол қараша үйге сыймай, самал ескен кең даланы аңсаған алып дәулердің біріндей көрінді. Даусы да зор. Алайда сырт көзге зор, таудай боп көрінгенімен, Әбсамат аға қарапайым, ақкөңіл болып шықты. Өткен өмірін еске алғанда кәдімгідей босап отырды. Қиындықтарды, ауыртпалықтарды бастан көп өткеріпті.

Ардагер ағаның бір назар аудартқаны – кіндік қаны тамған туған жерін керемет жақсы көреді екен. Ол жер бұл төңіректен қашық та емес. Көп болса жүз шақырымның о жақ, бұ жағы. Бірақ сонда да жүрегі елжіреп тұрды. «Мен саған ол жерді көрсетемін. Осы жазда бірге барамыз» деді жүзі жадырап. Өкінішке орай, майдангердің туған мекеніне барудың реті келмей-ақ қойды. Сол кездесуден соң бір жылдан кейін Әбсамат аға өмірден озды.

Әбсамат Тәжбеневтің кіндік қаны тамған жер – Ұлытау. Нақтырақ айтсақ, Қаракеңгір ауылындағы Қарашоқы ата-

латын жер. Ол бұғанасы бекімей жатып-ақ тағдырдың теперішін көрді. Әсіресе, әкесінің Ұлытау төңірегіне мәлім атақты бай Сандыбайдың ұрпағы болғандығы басына сор болып жабысты. Қайсыбіреулер «Бұлар байдың тұқымы» деп үкіметке, елге жау адамды көргендей теріс айналды, алға қадам бастыртпады. Ақырында әкесі «халық жауы» атанып, ұсталып кетті. Ағасы Жүністі де Қиыр Шығысқа жер аударды. Жетім-жесірдің күйі белгілі емес пе, ішер тамаққа, киер киімге жарымады.

Әбсамат ағасы Жүністі ерекше сыйлайтын. Шахтада бірге жұмыс істегендіктен жиі кездесіп тұрады. Бауыры болған соң да бұған қамқоршыл болды. Жүніс «халық жауының ұрпағы» болып он жылға Магаданға жер аударылғанда Әбсамат қатты қапаланды. Алайда көретін қызығы бар екен. Иранда елшілік корпуста қызмет істейтін туыстары Әбдірәшит Сүйінбаев қолұшын созды. Жүністі Магаданға іздеп барып, елге аман-есен алып келді. Келгеннен соң Жүніс қайта шахтаға орналасты. №15 шахтада сол уақыттары аттары кең жайылған танымал кеншілер Ахмет Сафинмен, Зейнолла Биболатовпен бірге жұмыс істеді. Дегенмен Жүністің өмірі қысқа болды. Магаданда көрген қорлығы бар, шахтаның ауыр жұмысы оны селикоз ауруына ұшыратып, ақырында көп ұзамай дүние салды.

Өмірдің бұл соққысы аз болғандай, Әбсамат он сегіз жасқа енді келгенде Батыста соғыс дүмпуі бұрқ етті. Геологиялық барлау партиясында қарапайым слесарь болып еңбек ететін. Жұмысы өзіне ұнайтын. Бойда бұла күш. Не тапсырса да жапырып істейтін. Соғыс үнін естіген соң көппен бірге қолына қару алды.

Алғаш ол жаумен Солтүстік Кавказда кездесті. Кешегі СОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы болған Л.Брежнев саяси бөлімін басқарған №18 армияның құрамында болды. Серігі – «Максим» аталатын пулемет. Тез меңгеріп кетті. Оның салмағы да әжептәуір. Жетпіс екі келі татиды. Ұлытаудың қарлы бораны мен қақаған аязында әбден шындалып өскен қазақтың қайсар жігіті оны қаңбақ құрлы көрген жоқ. Кез келген жерге оп-оңай сүйрете жөнелетін.

Жалпы, Әбсамат жасынан қарулы болды. Екі иығына екі кісі мінгендей қапсағай денелі-тін.

– Қасымда кавказдық жігіттер көп болды. Олар тіпті қазақтың қандай ұлт екендігін де білмейді екен. Ұлытауды, Қарсақбайды айттым. Қайдан... Мүлде хабарлары жоқ. Қарулас жолдастарым көбіне ныспымды ауыздарына алмай мені «Қазақ» атайтын, – деп еді сол кездесуде әңгіме арасында майдангер аға. – Таудың ішінде жүрдік. Бұл да оңай емес. Жел тұрса ұшып кетесің. Тайғанақтап жүре алмайсың. Жаңбыр жауған күндері қадам басу мұңға айналады.

Тау жолын кейде тазартсақ, кейде жау жүрмесін деп үйдей-үйдей тастармен үйеміз. Бұл жұмыстар көбіне түнде атқарылады. Бір-біріне соқтығысқан тастардан от жарқылдайтын.

Ол талай рет жаумен бетпе-бет келді. Кәдімгідей алысып-жұлысты. Сондайда есесін жібере қоймады. «Алда көрер жарығым болды ма, талай өлімнен аман қалдым» дейді. Рас, ол өлім не өмір деп тіресті. Оның ерліктері жайлы майдан даласынан шығатын газеттер жазды. Мәселен, 1944 жылы майдандық «За Родину» газетінде жарық көрген мақалада Әбсаматтың қандай жауынгер болғандығы аңғарылады. Мақаланың авторы – рота партия ұйымының хатшысы И.Дорофеев. Сөзіміз нанымды болу үшін «Возвращение пулеметчика Тажбенова» деген тақырыппен орыс тілінде жарияланған материалды аудармасыз, сол қалпында бергенді жөн көрдік.

#### «СМЕЛЫЙ, БЕССТРАШНЫЙ СЫН КАЗАХСКОГО НАРОДА»

«Велика любовь бывалых воинов к своей гвардейской части. Возьмем к примеру гвардии старшего сержанта Абсамет Тажбенова. Смелый, бесстрашный сын казахского народа. Ему 21 год, а он с первого дня войны находится на фронте...

В первом же наступательном бою Тажбенов отличился. Он отразил из «максима» четыре ожесточенные контратаки, выпустив по немцу семь лент. Гранатой взорвал вражеский склад боеприпасов. В рукапашной схватке убил двух фрицев, а одного взял в плен.

После этого боя отважный казах был принят кандидатом в члены ВКП(б). Как коммунист, он сражался в самых опасных местах. Своим пулеметом не раз пробивал путь гвардейской пехоте. 23 августа Абсамет отбил контратаку, поджег пулеметной очередью вражеский автомобиль, снял фашистского наблюдателя. Немецкая пуля пробила ему ногу, кровь наполнила сапог, но мужественный командир расчета продолжал сражаться.

Слезы выступили на глазах Тажбенова, когда офицер Сурков приказал ему ехать в госпиталь.

– Все равно я найду свою роту, – сказал раненый герой. – Берегите моего «максима». Я скоро вернусь.

Вскоре я получил от него письмо. Он спрашивал, как воюет его рота, цел ли пулемет, нет ли писем с Родины. В ответном письме я сообщил Тажбенову, что он представлен к правительственной награде. Товарищи его ждут и желают скорее поправиться, а пулемет сохранен, и командир роты Шургин шлет ему привет. В конверт я вложил два письма от матери Абсамета из поселка Рудник.

Все наша подразделение ждало от Тажбенова ответного письма. Но на днях неожиданно он сам появился в роте. Горячо обнялся с пулеметчиком Головачевым, бойцом Кравчуком и другими старыми боевыми друзьями.

– Держали меня врачи, – смеясь, рассказывал Абсамет, – я сказал, что в Германию с ротой надо идти – отпустили.

В тот же день Тажбенов получил свой пулемет. До вечера он и красноармеец Кравчук любовно смазывали, чистили и собирали «максима», готовя его к новым боям. И ночью они остались дежурить у пулемета.

Осы мақаламен қоса ержүрек жауынгер Ә.Тажбеновтің қолдан салынған суреті қоса берілген. Сурет мәтінінде оның нағыз батыр, қаһарман екендігі жазылған.

Аталған мақалада Тажбеновтің бір ерлігі хақында ғана айтылады. Тағы бір ұрыста ержүрек жауынгердің үш бірдей неміс «тілін» тұтқынға алып келгені бар. Осы батылдығы үшін соғыстағы жоғары наградалардың бірі – «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды. Көп ұзамай осы орденнің



тағы да біреуін омырауына қондырды. Ол шайқас әлі күнге көз алдында. Керчь түбіндегі Лозовой станциясын жаудан тазартуда кескілескен ұрыс болды. Әбсаматқа бұл жолы да алдыңғы шепте жүруге тура келді. Алға қойған мақсатқа таң ата қол жетті. Станция Кеңес жауынгерлерінің қолына көшті. Дивизия комиссары «Қызыл Жұлдыздың» екіншісін шайқас кезінде көрсеткен жанқиярлығы үшін табыс етті. Ал Әбсаматтар құрамында жүрген 38-гвардиялық атқыштар дивизиясы Лозовой станциясын азат ету құрметіне Лозовой атын иемденді.

Соғыстағы мына бір оқиға есінде қалыпты. Бір күні «Қазақстаннан артистер келіпті. Штабқа шақырып жатыр» деген хабар жетті. Елдің аты аталғаннан кейін көппен бірге бұл да штабқа ұмтылды. Жауынгерлерге өнер көрсетуге келген Роза Бағланова екен. Жауынгерлер ол шырқаған әндерді асқан ықыласпен тыңдады. Концерт біткесін әншінің жанына барып, елдің жаңалығын сұрады. «Бәрі жақсы. Ел сендердің аман-есен оралуларыңды күтіп отыр» деді көзінен нұр төгілген әнші жанындағы қазақ жауынгерлеріне жігер бере сөйлеп. Осы концертте атақты қолбасшы Константин Рокоссовскийді бірінші рет көрді. Соның дәл қасында тұрып қазақтың жезтандай әншісінің өнерін тыңдады.

Туған елінің асыл перзенті Ә.Тәжбенов жан беріп, жан алысқан қаһарлы жылдарда талай майдан жолдарын кесіп өтті. Сталинград түбіндегі шайқас, Варшаваны азат ету, Бресті алу... секілді қанды қырғындарды бастан кешірді. 45-жылдың шадыман 9 мамырын Берлин маңында қарсы алды.

Майданда талай қазақ азаматтарымен танысты. Солардың бірі – Камали Дүйсенбеков. Ол Жезқазған облыс болып тұрған кезде Шет аупарткомының бірінші хатшысы болды. Облыстық «Полиграфия» мекемесін басқарды. Теміржолдың әлі қалпына келтірілмеген кезі. Сонда Камали екеуі Берлиннен Варшаваға дейін жаяу жеткендері бар. Былай қарағанда екі ара біраз жер. Бірақ шаршап-шалдыққандары байқалмады. Соғыстың аяқталғаны, осы қырғыннан аман қалғандары бойға ерекше тың күш-қайрат қосқан. Оны соғыс бітісімен

бірден туған жерге қайтара қоймады. Тиісті бұйрық бойынша Берлинде қалып, осындағы тәртіпті қалпына келтіруге қатысты. Қаладағы бір орамда коменданттық қызмет атқарды.

Елге 1946 жылдың шілдесінде ғана оралудың сәті келді. Келгеннен кейін соғысқа дейін тастап кеткен кен өндіру ісіне үлес қосуды одан әрі жалғастырды. «Кресто-Запад» шахтасына келгенде батыр тұлғалы майдангер жігітті мұндағылар құшақ жая қарсы алды. Учаске бастықтары Юрий Исаков пен Сүлеймен Гасанов, маркшейдер Ібін Құсайынов, ағайынды кеншілер Шәмші, Арыстан Жарасбаевтар ақыл-кеңестерін беріп, жанашырлық танытты. Мыс комбинатындағы іргелі кәсіпорындар саналатын №№44, 45, 65 шахталарда өрнекті ізі қалды. Құрметті еңбек демалысына шыққанға дейін шахтер атанды. Еңбек майданында да абырой-беделге кенелді. Озаттар сапынан көрініп, сый-құрметке бөленді. Құдай қосқан қосағы Жадырамен бірге өнегелі де тәлімді ұрпақ өсірді. Олардың барлығы – қазір елге өнегелі азаматтар.

Майдан жолдары соғыс ардагеріне ыстық болатыны түсінікті. Токсаныншы жылдардың бас кезінде Трусковец курортында демалған. Осында болғанда зайыбы Жадыра екеуі соғыста жан беріп, жан алғандай азат еткен Бресті көріп қайтты. Қала мүлдем өзгерген. Адам танымастай құлпырған. «Бұл жерде кезінде қырғын шайқас болған» дегенге ешкім сенбейтіндей. «Бейбітшілік! Сен қандай ғажапсың, кереметсің» деп іштей тебіреніп оралған сол сапардан.

Әбекең кешегі уақыттары жастармен жиі кездесіп жүрді. Әсіресе, кезінде өзі білім алған Жезқазған кентіндегі №7 қазақ орта мектебінде көбірек болатын. Майдан әңгімелерін айта отырып, жеткіншектерді Отанды, туған елді сүйеге, өжет, қайсар болып өсуге үндейтін.

### **Бұлтартпас дерек**

Қайратты да жігерлі жауынгердің соғыс жылдарындағы өмірінен аз-кем сыр шерттік. Біздің негізгі айтпағымыз, осы

мақаланы жазудағы мақсатымыз бұл емес. Басқа. Енді соған оралайық.

Фашистермен шайқаста ерлік істерімен ерекше көзге түскен Әбсамат Тәжбенев сол уақытта ең қаһарман жауынгерге берілетін жоғары награда – Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған болатын. Бұған айғақ болар қолымызда құжат бар. Ол – жоғарыда тілге тиек еткен рота партия ұйымының хатшысы Илья Трофимович Дорофеевтің Әбсамат жараланып, госпитальге түскенде жазған хаты. Хаттың сыртында мекенжай көрсетілген: «гор. Ногинск. Московская область в/ч 108. Тажбекову (Тажбенову деп түсініңіз – авт.) Абсамету». Хатты жолдап отырған адамның да мекенжайы ап-анық. Міне, осы хатта бәрі айтылады. Бұл хаттың да мәтінін өзгеріссіз, сол күйінде ұсынайық:

«Дорогой мой друг Абсамет!

Прими от меня чистосердечный привет. Мы все воюем. Людей много, все бодрее и сильные. Поправляйся скорей и приезжай к нам добивать фашистов, мы уже не далеко от Берлина. Я слышал, что ты награжден двумя орденами «Красное Знамя», а за последний твой подвиг представлен к званию Героя Советского Союза. Кошеля нет, Шургина тоже и Рубиса. Они погибли смертью храбрых за Родину. Пиши мне и не забывай. Я тебе всегда отвечу. Я вместе с Дворецким. И.Дорофеев, 7.04.45 г.»

Бір өкініштісі, соғыс уақытында да, соғыстан кейін де Әбекен осының ізіне түспеген.

– Біз награда туралы мүлде ойлаған емеспіз. Бар тілегіміз соғыстан аман қалып, елге оралу болды, – деп еді ағынан жарылып майдангер.

Бұл сөзге иланасыз. Соғыс қасіретін көзбен көргендер орден-медальдан гөрі аман-сау қалуды, туған жерге табан тіреуді бақыт санады. Әбекен де солардың бірі еді.

Қазір елімізде «Халық батыры» патриоттық акциясы жүріп жатыр. Мақсат – майдангер кезінде «Кеңес Одағының Батыры» атағына ұсынылып, бұл расталса, ондай адамдарға Қазақстанның «Халық Қаһарманы» атағын беру туралы ресми орындарға шығу. Біздіңше, жоғарыда тілге тиек еткен

соғыс ардагері Әбсамат Тәжбенов – «Халық Қаһарманы» атағына ұсынуға лайық азамат. Бұған дәлел – жауынгердің соғыс жылдарындағы ерлік істері. Екі бірдей «Қызыл Жұлдыз» орденімен әркім марапаттала бермейді. Шайқаста көзге түскеннен кейін, ерліктің нағыз өнегесін көрсеткеннен соң, салмақты наградаларға қол жеткізіп отыр. Майдан газетіндегі оның атына айтылған «смелый, бесстрашный сын казахского народа», «отважный казах», «мужественный командир» деген сөздер де жайдан-жай жазыла салмаған. Ол сөздердің өзі ержүректіліктің, қаһармандықтың белгісін ап-айқын көрсетіп тұр. Енді И.Дорофеевтің соңғы хаты жөнінде. «Дорогой», «мой друг» дегеніне қарағанда И.Дорофеев Ә.Тәжбеновті жақсы біледі. Әлгі жылы сөздері арқылы қарулас жолдасын ерекше құрметтейтіні байқалады. Оның үстіне хат дегені де кім болса соған жазыла бермейді. Ең жақынына ғана уақыт бөліп хат жазасың. Сонымен қатар «Соңғы ерлігің үшін сен Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылғансың» деген И.Дорофеевтің сөзіне әбден сенуге болады. Бұл енді – бұлтартпас дерек. Өйткені Илья Дорофеев аузына не келсе соны айта салатын көп адамдардың бірі емес. Ол – ротаның парторгі. Сауатты адам. Оның үстіне соғыста партия ұйымының хатшылығына кездейсоқ адамдар сайлана бермейді.

Ә.Тәжбенов туралы, оның соғыс жылдарында Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылғаны жөнінде бұдан бұрын да жазылған. Өкініштісі, жазылған нәрсе сол жазылған күйінде қалып қойды. Жергілікті әкімшілік органдар да, әскери комиссариаттар да бұған мән бермеді.

Дәл қазір осы маңызды істі қолға алудың реті келді. Отан үшін отқа түсіп, ересен ерлік көрсеткен, сөйтіп, сан ұлттардың ішінде қазақтың атын шығарған Әбсамат Тәжбеновке «Халық Қаһарманын» беріп жатсақ, бұл әділдіктің орнына келгені әрі ерге тағзым, ерлікке құрмет болар еді.

## «БЕСШИДЕН» БЕРЛИНГЕ ДЕЙІН

Ұлы Отан соғысының ардагері Бектай Әбсаттаровпен көптен таныс едім. Оның облыстық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқаруы да газетпен, журналистермен байланысын бұрынғыдан да арттыра түскен. Ардагер азамат өзін толғандырған көкейкесті мәселелерді, кеңес тарапынан атқарылып жатқан кейбір маңызды істерді баспасөз арқылы жұртшылыққа жеткізуге асығатын. Негізінде осы мақсат үдесінен шығып та жүрді.

Осылай жалғасқан берік қарым-қатынас майдангердің сонау сұрапыл жылдардағы ерлік істеріне етене қаныға түсуге мүмкіндік берді. Шынынан да, жауынгер өткізген сол майдан жолдары нағыз қаһармандық пен патриоттыққа, жеңіске деген құштарлық сезімге толы ұмытылмас жылдар болатын.

Бектай 1923 жылы күз мезгілінде қазіргі Қарағанды облысының Ұлытау ауданында Дүйсенбай өзенінен он шақырым жерде ағып жатқан «Бесши» бұлағының маңында дүниеге келді. Кейбіреулер бұл жерді «Бесши» ауылы деп те атайтын.

...Бектай Әбсаттарұлы Ұлы Отан соғысы басталғанда Қарсақбай мыс қорыту зауытында еңбек ететін. Он сегізге енді келген жас жігітті майданнан келіп жатқан хабарлар селқос қалдыра алмады. Тезірек қолға қару алып, неміс-фашист басқыншыларымен шайқасар күнді күтті. Алайда, шақыру қағазы ол ойлағандай жедел жете қойған жоқ. Ақыры әскери комиссариатқа өзі келіп, мұндағылардан майданға алу жөнінде өтініш жасады. Нәтижесінде өтініш қанағаттандырылды. 1942 жылдың 17 маусымында майданға аттанды. Бірақ, бірден шайқасқа кірісіп кете қойған жоқ. Тоцк селосындағы он бірінші запастағы атқыштар бригадасына жіберіліп, осында әскери дайындықтан өтті. Осы дайындықтан кейін ғана майдан шебіне келіп, Солтүстік-Батыс майданның 353-ші жеке артиллерист-пулеметшілер батальонында гитлершілдермен шайқасты. Осында жүріп, Старый Русс, Эльмен көлі маңындағы қанқұйлы ұрыстарға

қатысты. Осы ұрыстарда үш рет ауыр жараланғаны бар. Соның салдарынан госпитальдарда емделуіне тура келді. Соңғы емделіп шыққанда оны Нижний Тагил қаласындағы танкистер даярлайтын мектепке жіберді. Бұл мектепті бітірген соң генерал М.Е.Катуков басқарған 1-ші гвардиялы танк армиясының 69-шы гвардиялы танк полкінде майдан жолдарын жалғастырды.

Бектай Әбсаттарұлы әңгімеге жоқ адам. Өзі сөйлегеннен гөрі басқаларды тыңдағанды жөн санайды. Ал кейде жұмыстан босап, көңілі көтеріңкі сәттері өзі бастан өткерген соғыс жылдары жайлы асықпай, тебірене сыр шертетіні бар.

Сондай көптен күткен басқосу кезінде қарт майдангер соғыс жылдарындағы кейбір есте қалған оқиғаларды ортаға салған. Енді ардагер сөзіне құлақ салып көрелік.

### Курск иінінде

Соғыс кезінің кез келген жауынгеріндей менің де біреуден бірдеңе есту, ақпарат сұрастыру сияқты әдетім болмайтын. Ол армияда рұқсат етілмейтін. Әркім өз құпиясын өзінде сақтап тыныш жүреді. Қатты ұйықтап, демалуды армандайды, бұл әрбір солдат пен танкистің арманы. Кейбір танкистер әңгімелесіп, қалжыңдасқанды ұнатады. Олар өзара біздің әскерлер үлкен шайқасқа дайындалып жатыр дейді, ал қандай шайқасқа екенін ешқайсысы білмейді. Жол бойында жаяу әскерлер, өздігінен жүретін артиллерия және көптеген танкілер лек-легімен кетіп бара жатты. Бұдан біз біздің әскердің шынында да бір шайқасқа дайындалып жатқанын түсіндік. Олар топтасқан түрде тиісті пунктке бара жатты.

Күндіз бізді неміс авиациясы байқап қалатын болғандықтан, тәуліктің қараңғы уақытында жүріп отырдық. Солтүстік-Батыстан Курскіге бет алып жылжыған кезде генерал Катуковтың қолбасшылығындағы бірінші танк армиясы Жоғарғы Бас қолбасшы Ставкасының резервінде болатын. Біз Обоян ауданына келдік. Белгіленген орынға келісімен армия генералы Николай Федорович Ватутин қолбасшылық ететін Воронеж майданының қарамағына берді. Обоян ау-

данында екінші эшелонда болдық, ал бірінші эшелонда 6-шы гвардиялық армия орналасты. Бізге өз учаскемізде жедел қосымша белдеуді дайындап, жабдықтау тапсырылды. Өкінішке орай жауынгерлік бөлімдердің майданның жаңа учаскесіне көшер алдында дұрыстап демалуға мұршалары болмады. Өткен қыс пен көктемгі лайсаң танкистер мен мотоатқыштар бөлімшелері жауынгерлерінің әбден сілікпесін шығарды. Обоян түбіндегі бірінші кезектегі окоптық жұмыстар да біраз күшті кетірді. Бірақ соғыстың жаңа қорғаныс бөлігінде танк бөлімшесі өзінің шабуыл алдындағы міндетін ең аз мерзімде орындап шықты.

Гитлердің бас штабындағылар кейін «Цитадель» деген атпен белгілі болған жаңа шабуыл операциясын әзірлеп, дайындады. «Цитадель» операциясын дайындауы біздің қолбасшылар үшін жаңалық емес еді. Шілденің басынан кешіктірмей қарсыластарымыз Курск түбінде белсенді қимыл бастайтынын және соған түпкілікті дайындалып жатқандығы жайында хабардар едік.

Жоғарғы Бас қолбасшы Ставкасының жоспары бойынша әскерлер гитлершілерге бірінші болып шабуыл жасай отырып, алдын ала көзделген қорғанысқа көшуге тиіс еді. Қорғана отырып жаудың адам күші мен техникасына үлкен шығын әкеліп, содан кейін барып өзіміз шешуші шабуылға көше алар едік.

... Шамамен 5–6 шілденің түнінде менде де және жаудың дайындап жатқан шабуылынан хабардар болғандардың бәрінде де ұйқы болмады. Әрбір танк экипажы өз жұмыс орнында қалғып отырды.

Іштей қобалжуда болдым. Орудия командирінің айналмалы орындығынан тұрып, сағатыма қарадым. Сағат үш жарымды көрсетіп тұр. Жоғарғы люкті ашып, танкіден шығып, аяғыммен трансмиссиялық бөліктің үстіне тұрдым. Түнгі таза ауаны құшырлана жұтып, жан-жағыма қарадым. Қарағайдың арасынан жартылай бұлтпен жабылған ай сығалап көрініп тұр. Ағаш арасынан анда-санда түнгі құстардың үні естіледі. Осы тыныштық мәңгілік сияқты, бірер сағаттан кейін орыс орманының бұл тыныштығын зеңбіректер жа-

рылысы мен танктер моторының гүрілі бұзатынына сенгін келмейді. Бірақ солай болды, таң алдындағы жарты сағаттан кейін кеңес артиллериясы кезекті ұрысты бастады. Қолға түскен тұтқынның айтуынша бұл күшті отты соққы болды. Артиллериялық қарсы ұмтылыс неміс әскерлеріне елеулі шығын әкелді. Шоғырланған әскерлер мен танкілер құртылды. Қару-жарақ және жанармай қоймасы әуеге ұшты. Жаудың шабуылға шығуына кедергі жасалды.

Қарсыластар шешуші шабуылға көшті. Сонымен Қызыл армияның қолбасшыларынан бастап қатардағы солдатқа дейін күткен шешуші минут та келді. «Айдан анық, жау Обоян шоссесіне шығуды көздеп отыр» - деді полк командирі, - олар күшті танкілік таранмен біздің қорғанысымызды бұзып өтпекші, барлық взвод, рота командирлеріне шабуылдың басталғандығы туралы хабарлау керек. Бөлімдерді жауынгерлік даярлық жағдайына келтірсін» деген команда естілді.

Люктердің есіктері тарсылдап жабылып, мотор үні гүрілдеп орманға жан бітті. Шлемнің құлаққабынан полк командирінің «Гвардияшылар, жауға карай алға!» - деген даусы естіліп жатты. Біздің алдымызда ауыр сынақ тұрғанын барынша сезіндім. Обоян тас жолындағы қозғалыс толассыз болды. Бізді оқ-дәрі, азық-түлік тиелген жүк машиналары басып озды, ал қарсы жолда санитарлық машиналар дамылсыз жүріп жатыр. Соғыс тек жерде ғана емес аспанда да қызып тұрды. Аспанда истребительдер мен бомбалаушы ұшақтар ұшып, авиация моторының үні толассыз естілді. Біз бастапқы жауынгерлік межеге жеткенде кеш түсе бастады. Қараңғылық болғанына қарамастан аспанда да, жерде де күрес жүріп жатты. Сонымен, подполковник И.Н.Бойко қолбасшылық ететін 69-гвардиялық танк полкі Яковлева селосына жетті. Біз қандай жағдай болса да жауды Обоянға жібермеуіміз керек. Бірақ жау «тигрлері» мен «пантераларын» жүздеп, екі жүздеп шабуылға шығарды. Біздің танкішілер олардың бір жағын ойсыратса, екінші жақтан қаптап шығады. Бұл тарихта болмаған өмір мен өлім арасындағы қантөгіс, танкілер шайқасы еді. Біздің алды-



мызда тұрған бірінші эшелонның дивизиясы жаудың күшті екпінімен кейін шегінді. Гитлершілерге қатты соққы бере отырып біздің әскерлер алдын-ала дайындалған межеге - майдан шебіне ұйымдасқан түрде шегінді. Біздің қолбасшы, полк командирі: «Фашистер жеңіске жетіп қалдық деген ой-ниетпен бар күшін салып алға ұмтыла берсін. Жаудың техникасы мен адам күштерін алдап, қорғанысымызға кіргізіп талқандасақ, оларға қарсы шешуші соққы беруімізге қолайлы жағдай туады» - деді.

...Қарсы соққы беру туралы бұйрықты орындау кезеңі жеткендіктен танкімізбен алға ұмтылды. Даланы танкілер моторының үні алып кетті. Тасада тұрған Т-34-шілер соғыс тәртібімен жауға ұмтылды. Танкілердің артынан жаяу әскерлер ерді.

Мен зеңбірек командирі болғандықтан қатты қобалжыдым. Себебі немістердің «тигрлері» мен «фердинандтарының» жуандығы 88 мм болатын зеңбірегі біздің танкілердің бронины 2 шақырым қашықтықтан тесе алатын еді. Бұндай жағдайда «отызтөрттер» ашық соғыста жеңіске жете алар ма екен деп ойлады. Бірақ жаудың ауыр танкілерінің осал жерлері де бар еді. Біз жау танкілерінің сол осал кемшіліктерін пайдаландық. Ауыр болат танкілер ыңғайсыз, шабан жылжитын мұнараларын бізге қарай бағыттап бұрғанша жеңіл маневрлі «отызтөрттер» бірнеше рет нысаналы ату жүргізіп үлгеретін. Дегенмен, менің ойлағанымдай біраз шығынға ұшырадық. Ұрыс алаңында оққа ұшып жанып жатқан «отызтөрттерге» жүрегім сыздай қарадым. Қарсыластар кезекті шабуылға шықты. Олар Обоян тасжолының бойындағы шайқасқа саны 200-ден асатын танктерін шығарды. Үлкен шығынмен біз жаудың шабуылын тойтардық. Бізге өлім әкелетін жаудың бомбалаушыларын өзіміздің истребительдер қуып тастауға тырысты. Негізінде от пен қалың түтін арасында не болып жатқанын аңғару қиын еді. Шабуыл арасындағы қысқа үзілісте люкті ашып, басымызды шығарып, ауа жұтып, жеңілдене демалып бір-бірімізді жетістігімізбен құттықтадық. Сөйткенімізше болған жоқ, жаудың кезекті шабуылы басталды. Тасада

тұрған біздің танкілер гитлершілерді тура ату қашықтығына жіберіп алып, оларды осал жерлерінен көздеді. Біздің кейбір танкілер топтасқан ауыр және орташа танкілерді айналып өте бастады. Осындай қатты ұрыста Шаландиннің танкісі отқа оранып жана бастады. Взвод командирі жараланса да ұрысты жалғастырды. Жоғарыдан «мессершмидтер» құзғындай түйіліп, айналада снарядтар жарылып жатты. Бірақ Шаландин снаряд жаудыруды тоқтатпады. Механик-жүргізуші, аға сержант В.Ф.Леколизев ауыр жарақат алды. Жау снарядынан мұнара зақымдалып айналмай қалды. Ұрыс жүргізу қиынға соқты. Сол кезде Шаландин жақын жерде тұрған «тигрге» таран жасауға бел буды. Оқтаушы сержант П.Е.Зеленин жүргізушінің орнын басты. Оқ құшқан «отызтөрт» фашист танкісіне барып соғылды, «тигр» лап етіп жанды, ержүрек жауынгерлер танкілерімен бірге жанып, қаза болды.

Танкистер, артиллеристер, мотоатқыштар осылай өжеттікпен күресті. Біздің позицияға жақындаған жау танкілерін артиллеристер мен танкистер қалың окпен қарсы алды. Жау оққа ұшып жанған машиналарын тастап, шегіне отырып, қайта шабуыл жасаумен болды. Корпус позициясының алдындағы дала да, қыр да, орман да ойылған шұңқыр, қираған техникаға толы үлкен өрт алаңына айналды.

Гитлершілер Обоян бағытында елеулі жетістікке жете алмай, бәсең шабуылға көшті. Жау керемет қыруар күш жұмсай отырып біздің қорғанысымызды түбіне дейін бұза алмағандықтан бұл қантөгіс ұрыста табандылық көрсететінімізге сеніміміз молая түсті. Танкистер, артиллеристер мотоатқыштар адам айтқысыз шыдамдылықпен күрескенін көріп менің де үмітім ұлғайды.

7 шілде күні таң алдында Обоян тас жолының кішкентай Яковлево селосының маңынан фашистердің жеті «тигрі» мен бір полкқа жуық жаяу әскері көрінді. Гвардияшы танкистер екі машинаны жағып жіберді, қалғандары шегініп кетті. Таңғы сағат төртте гвардияшылар алдына «тигрлерді» салған үш танкілер колоннасын байқады. Жаудың танкілері параллель курспен келе жатты. Жаудың күші басым болса

да гвардияшылар мойымады. Сегіз «отызтөртпен» күні бойы жаудың шабуылын тойтарумен болды. Селоның үстінен «мессерлер» ұша бастады. Бір бомба лейтенант Соколовтың машинасының жанынан жарылды, танк қисайып барып шұңқырға құлап лапылдаған отқа айналды.

Күндіз полктың позициясына жаудың 30 танкісі бет бұрғанда біз бұйрықты күтіп, шайқасты бақылап резервте тұр едік. Алдымызда танкіге қарсы ататын зеңбіректер тұрды. Жаудың бірнеше танкісі тойтарылды. Бір кезде оң қанаттағы төбенің үстінен бірнеше «тигр» шыға келді. Олар тура батареяға қарай ұмтылды. Олардың снарядтары таусылып, ататын оғы болмады. Бірнеше минуттан кейін зеңбірек расчеттары тапталуы сөзсіз еді. Бір кезде олардың қасынан снаряд жарылып, жауынгерлердің бәрі де қаза тапты. Біздің шыдамымыз таусылып, менің танкім және басқалар бар орнымыздан қозғалдық. Орманнан шыға үлкен жылдамдықпен келіп, таранмен неміс танкілерін соғып, аударып тастадық. Лейтенант Мироненко бір танкіні аударып, енді екінші танкімен соғыса берген кезде жау оғына тап болды. Армия әскери кеңесінің қолдауымен оған Кеңес Одағының Батыры деген жоғары атақ берілді. Мен тараннан кейін соңғы күшімді жинап, жанып жатқан танкіден әзер шығып үлгердім. Құлақ тұндырар қатты соққыдан контузия алдым. Одан кейін не болғанын білмеймін, есімді жисам санитарлық бөлімнің палатасында жатыр екенмін...

### **Сандомирск сынағы**

– Сандомирск плацдарымындағы ұрыстың соғыс кезінде қандай рөл атқарғандығы жақсы белгілі болар, – деп майдангер тағы бір әңгімесінің тиегін ағыта жөнелді. – Жау шегініп бара жатқанымен әлі қаһарлы еді. Олар әрбір ұлтарак жер үшін күресіп бақты.

Нақты күні есімде жоқ, 1944 жылғы тамыздың басында біз ұрысқа кірістік. Танкілер алда жүрді де жаяу әскерлер ең соңымызда болды. Авиация жаудың қорғаныс шептерін бомбылады. Бірақ, дұшпандар танкілерді алға жылжытпай-

ақ қойды. Соғыс машиналарының бірінен соң бірі жанып жатты. Танкистер де алған беттерінен қайтар емес. Әлгіндей қуатты қарсылыққа қарамастан, фашистердің көптеген әскери техникаларын қатардан шығарды. Бірнеше күнге созылған ұрыстардан кейін полктағы 40 танкіден 10-ы ғана қалды. Оқ-дәрі, жанар-жағар май және азық-түлік те бітті. Техникалық жағынан қамтамасыз ететін рота оқ-дәрімен жабдықтай алмай қалды. Сондықтан та полк өзін қажетті жабдықтармен толықтыру үшін ұрысты уақытша тоқтатуға мәжбүр болды.

Жауынгерлер бұл аз ғана үзілісті тиімді пайдалануға тырысты. Әсіресе, ең алдымен, танкінің кем-кетіктерін жөндеуге күш жұмсады. Бұл жұмыстан кейін уақыт қалса жуынып-шайынып, тамақтанады. Алыста қалған ағайындарына хат жазуға отырады.

Осы шаруаларды бітіріп, өзара әңгімелесіп тұрғанбыз. Жанымызға биік болмаса да тұлғасы зор, басында шлемі бар, таныс адам қасымызға келді. Бұл Козяткин қаласын азат етуде көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алған полк командирі, полковник И.Н.Бойко болатын. Ол сабырлы қалпы, жауынгерлерге жігер бере былай деді: «Сіздер ұрыс кезінде өшпес ерлік көрсете білдіңіздер. Бұл батылдық пен табандылықтарыңызды Отанымыз ұмытпайды. Сандомирск плацдармындағы батыл іс-қимылдарыңызға байланысты біздің полк бұдан былай Сандомирск полкы атанатын болды. Осы плацдармда дұшпанның тағы да бірнеше топтары қалды. Бізге хабарланғанындай, бес шақырым жердегі қант заводына таяу маңда жаудың мықты күші орналасқан. Мақсат солардың көзін жою».

1944 жылғы 9 тамыздың кешінде жаудың қорғанысына беттедік. Немістер орман ішінде қолайлы жерде орналасқан еді. Екі аралық теп-тегіс дала. Бұйрықтың аты – бұйрық. Бұл бізге себеп болмауы тиіс. Жаудың берік қорғанына қарамай, ұрысқа шықтық. Тағы сол баяғы көрініс. Дүниенің бәрі отжалынға оранды.

Осы шайқастағы мына бір оқиға есімнен кетер емес. Бізге танк командирі болып, жаңадан келген лейтенант Долго-

палов бекітілген болатын. Біз онымен танысуға үлгерген де жоқ едік. Аты-жөнін де білмеймін. Осы командирден ойда-жоқта айырылып қалдық. Оның өліміне өзінің бұрын соғыста болмаған тәжірибесіздігі кінәлі еді.

Ол жоғарыдағы люк телескопынан бермен қарай тақалып келе жатқан, өртке оранған біздің танкілерді көреді. Бұрын мұндай көріністі көрмеген ол қорқыныш сезіміне бой алдырып, біздің танкі де осындай күй кешер деп ойласа керек. Сөйтіп, люкті ашып, сыртқа шығамын дегенде жау оғына ұшырайды. Өзіміз осындай болжам жасадық.

Өте аянышты өлім еді бұл. Кім біледі, танкіде отыра бергенде аман қалар ма еді.

Күндізгі шабуыл біз үшін сәтсіз аяқталды. Енді қараңғылықты пайдалануға тырыстық. Сөйтіп, 5 танкі мен десантшы-автоматшылар бар қайта шабуылға көтерілдік. Айнала қараңғы болса да бұл маңай бізге таныс еді. Ақыры батыл қимылдың арқасында жауды траншеядан қуып шықтық. Сөйтіп, қорғанысты бұзып, 150 метр алға жылжыдық. Алайда, снарядымыз бітіп қалды. Амал жоқ, ұрыс алаңын тастап, қалған жанар-жағар маймен полк штабына жетуге бет бұрдық. Міндет – сол жерге барып күш біріктіру. Осыны сезді ме жау оқтың астына алды. Сондай оқтың бірі менің танкіме де тиді. Танк бірте-бірте жана бастады. Мен бар күшімді жинап, жерге құлап түстім. Екінші оқтан кейін танк түгелдей жалынға оранды. Айналама қараймын, ешкім жоқ. Осы кезде қайдан шыққанын білмеймін біздің автоматшылардың бірі келіп менің тұруыма көмектесті. “Тезірек кетейік. Біз немістердің қоршауында қалдық” деді. Мен пистолетімді іздедім. Сөйтсем, ол танкіде қалыпты. Биноколь мен гранаттан басқа ештеңе қолыма тимеді. Көп ойланбастан екеуіміз де ілгері қарай жүрдік. Бағымызға қарай біздің екінші танкінің кетіп бара жатқанын көріп қалдық. Бірақ танкідегілер бізді көрмеді. Енді танкінің соңынан қалмауға тырыстық. Алға ұмтылғанымыз сол еді, неміс автоматшыларының оғы қарсы алды. Екеуіміз де құлап түстік. Оң жақ қолымыз дыз еткендей болды. Оқ тиген екен, қан аға жөнелді. Жараланғанымды сонда барып

білдім. Серігім арықша келген жігіт еді. Қолындағы автоматында оқ та жоқ болатын. Ол қаруын лақтырып жіберіп, «тағы да жүгірелік, құтылып кетерміз» деді. Менде ол кезде қозғалуға күш жоқ еді. Жолдасым орнынан тұрып алға ұмтыла берген кезде жау оғы тиді. Мен қозғалмай жата бердім. Неміс солдаттары жанымнан 50 метрдей жерде кетіп бара жатты. Ендігі өлім кезегі маған да келген шығар деп ойладым. Жылдам оң қолыма гранатаны алдым да ішіме басып жаттым. Ойым фашистер келгенде гранатаны жарып, өзімді де, оларды да өлтіру. Әйтеуір қолға тірі түспеу.

Осылай көпке дейін жаттым. Тіпті, есімнен танып қалыппын. Денеме қатты бірдеңе батқандай болды. Оның граната екенін сәлден кейін барып сездім. Сірә, немістер мені өлген адамға жорыған болса керек.

Жараланған қолымнан қан көп кетті. Қалтамнан бинт алып, қолымды байлап тастадым. Енді жау қоршауынан қалай шықсам екен деген ой тұрды. 150 метрдей жерде неміс қорғанысы байқалады. Солдаттар жан-жақтан келіп траншеяға жайғасып жатыр. Ақырында қоршаудан сытылып шығудың жолын тапқандай болдым.

Кеш түсіп, маңай қараңғы тарта бастады. Осы сәтті пайдаланып, ілгері жылжыдым. Он қадамдай аттай бергенде неміс солдаттарының «Хальт, ханде-хох» деген дауысы естілді. Көп ойлануға мұрша жоқ еді. Қолымдағы гранатаны бар күшіммен дауыс шыққан жаққа лақтырдым. Өзім траншеялар арқылы қалың өскен егіндікті бойлай алға ұмтылдым. Алда көретін өмірім бар екен. Түн жамыла, шаршап-шалдығып біздің армияға жеттім. Таңертең өз полкмның штабын тауып, онда штаб бастығы, подполковник Милыхты кездестірдім. «Сіздердің екінші танкілеріңіз оқ-дәрісі біткен соң кейін оралды. Келген танкистер Сізді жолдастарымен бірге танкісі өртеніп, қаза тапты деп еді. Қалай болды жағдай?» деп жатыр бір жағы таңырқап, бір жағы қуанып. Мен болған оқиғаның бәрін айтып бердім. Ол менің қолымды қысып «Қаһармандығың үшін көп рахмет. Біз Сізді ерлікпен қаза тапты деп Отан соғысы орденіне

ұсынып едік. Егер награда материалдары жіберілмесе түзету енгізейік. Әзірге демала тұр» деді.

Соғыста мұндай да оқиға болған.

### Берлинді бағындыру

Соғыстың аяқталуына санаулы күндердің қалғанын, фашистік Германияның сазайын тартар сәттің таяу екенін сезіп жүрдік. Бұл қуаныш бойымызға тың күш- қуат қосып, жаңа ерліктерге шабыттандырды. Кеңес армиясы соғыс алаңдарында гитлершілерге аяусыз соққы берумен болды. Міне енді әскерлеріміз фашистердің соңғы апаны – Берлинді шабуылдауға дайындалып жатты.

Неміс әскерлері өз жерінде жеңілістен соң жеңіліске ұшырап, біздерге қарсылық көрсете алмады. Одер өзеніне дейін артына қарамай қашумен болды. Біздің бірінші гвардиялық танкілі армия дұшпанның демалуына да мұрша бермей, аямай соққыға алды. 69-шы гвардиялық танк полкінің құрамындағы үш танкісі бар біздің взвод жауды барлау міндетін атқаратындықтан үнемі алдыңғы шепте бой көтеріп жүрді. Жаудың соңына түсіп, күніне 20-30 шақырымды артқа тастадық. Көрген- білгенімізді радио арқылы полк командиріне хабарлап отырдық. Біздің полк неміс әскерлерін екі жағынан орап, күнбатысқа қарай екпіндей жылжыды. Осындай тактикалық қимылдардан кейін қарсыластарымыз әжептәуір абыржып қалды. Олар қоршауда қалып қоймау үшін қару-жарақтары мен соғыс техникаларын тастап, қаша бастады.

Бір күні үш танкіміз алдыңғы шепте барлауда жүріп, немістердің бір деревнясына тым жақын келіп қалдық. Онда немістердің жаяу әскери бөлімшелері тұр екен. Еш ойланбастан төпелетіп оқ жаудырдық. Сөйтіп жүріп қоршауда қалып қойдық. Менің ылғи да танкінің жоғарғы қақпағын үнемі ашық ұстап, таза ауамен демалып отыратын әдетім бартұғын. Өйткені снарядты атып жатқан уақытта оқ-дәрінің түтінін тез шығарып отыруды башняның желдету жүйесі камтамасыз ете алмайтын еді. Қақпақты бомба түсіп жатқан

кезде ғана жауып қоятынбыз. Қақпақ танкінің үстінде бадырайып, қап- қара күйінде бір «нысана» сияқты көзге ұрып тұратын.

Ұрыстардың бірінде танк командирі қаза тапқан. Мен сондықтан да қажет болғандықтан танк командирінің орынына ауысып отырдым. Ұрыс алаңында не болып жатқанын байқау үшін және көрші танкіні көрейін деп қақпақтан басымды сыртқа шығардым. Басымды қайтадан ішке кіргізіп, тез төменге түскенім сол-ақ екен, кенеттен қатты дүрс еткен соққы көзімнің отын жарқ еткізді. Есімнен танып танкінің снарядының жәшігі секілді төмен құлап түстім. Есімді жиып қарасам атқыш-радистің орынында басымды қан басқан күйде жатыр екенмін. Құлағымнан қан ағып жатыр...

Сосын белгілі болғанындай, қарсыластар танкінің қақпағын фауст-оқпен атқан екен. Экипаждың менің басымды орап таңуға мүмкіндігі болмаса керек. Атқыш-радист тез арада менің орыныма – зеңбірек командирінің орынына ауысып, снаряд оқтаушымен бірге ұрысты жалғастыра беріпті. Механик-жүргізуші атқыш-радисті алмастырып, алдыңғы пулеметтен оқ жаудырған. Мен қозғалыссыз, әлсіз күйде отырып бұрынғы ескі экипаждан жалғыз өзім қалғанымды аңғардым. «Бұрынғы оқтаушы Курск шайқасында, механик-жүргізуші Казятинода, танк командирі Сандомир плацдармында қаза тапты, енді менің де кезегім келген шығар» деген жаман ой келді...

Иә, танктің әрбір экипажы ұзақ өмір сүруге құштар еді. Әрқайсысы соғыстан кейін Отанына, үйіне, отбасына аман-есен оралуды, сүйікті қызын, әйелін, туған анасын, әкесін қатты құшағына қысуды, болашақ өмірді және келер ұрпақтың қалай өмір сүретінін бір көруді армандайтын. Соғыстың аяғы, көптен күткен жеңіс күні жақындаған сайын, қатарымыздың сиреп жатқаны аһ ұрғызып, жанымызды ауыртатын.

Біздің 1-ші гвардияшы армияның танкистері, жеңісімізбен аяқталған Висла-Одер өзені операциясын жеделдету үшін барынша белсенділікпен соғысты. Армия құрамындағы полковник А.М.Темниктің 21-ші танк бригадасы шайқаса оты-



рып шапшаңдықпен алға ұмтылған қозғалысы жалғасып жатты. Бір-екі күннен соң Шығыс Пруссияда, Данциг пен Гдыняда орналасқан неміс әскерлерінің шегінетін және жабдықтайтын жолдарын кесіп тастау үшін Балтық теңізінің жағалауларына шықты. Біздің 69-шы гвардиялық танк полкінің танкистері де Данциг пен Гдыняда ауыр шайқасты бастан өткізді. Бұл жерлерде немістер бізге қарсы «бендершілер» мен «власовшыларды» қарсы қойды. Олар соңғы фауст-оқтары қалғанша соғысты. Фауст-оқтарымен біздің танктерден танк қалдырмай атқылады. Оларға жақын барып, танқтың шынжыр табанымен жанышпайынша тұтқынға берілмеді. «Егер жау берілмесе, оны құртар болар» демекші, біз оларға аяушылық көрсете алмадық.

1945 жылдың наурызында қарсыластардың негізгі күштері аяғына дейін талқандалды. Біз бұл уақытта 1-ші Белоруссия майданның құрамында болдық. Содан кейін барып соңғы шешуші Берлинді шабуылдау операциясына дайындық басталды.

Темниктің бригадасы қайтадан жарақтанып, қалыпқа келді. Бригада орналасқан алаң қалың орман басқан жер еді. Қылқан жапырақты ағаштар мен ылғалды шөптерден көктемнің хош иісі аңқып тұрды. Жасырылған әскери машиналар кішкене жолдың бойында орын тепкен.

Темниктің танкистері бұйрық бойынша өздерінің танкілерінің маңында тізіліп тұр. Комбригтің өзі мен оның саяси орынбасары бригаданың туын саптың алдынан алып өтті. Жауынгерлер мен офицерлер туды Берлинге дейін жеткіземіз деп ант берді. Салтанатты рәсім аяқталғаннан соң комбриг жанымызға келіп, әрқайсымызға награда тапсырды. Мен III дәрежелі Даңқ орденін алдым. Жорықтағы ас үй де іле-шала келіп жетті. Комбриг қазаннан астың дәмін байқап көріп, тамақтың сапасы үшін аспазшыға алғысын айтты. Танкистермен қоштаса отырып, «Денсаулық болсын, Берлинде аман-есен кездесейік» деген тілегін жеткізді.

Командирлер мен саяси қызметкерлер танкистермен ақпарат-әңгіме өткізді. Жауынгерлерге басып алған жаудың жерінде өздерін қалай ұстау керектігі жайын-

да айтты. Біздің адамдардың жауға деген өшпенділігі тым басым болғандықтан мұндай үгіт жұмысы қажет еді. Қайғысыз, қасіретсіз жауынгер бұл күндері жоқтың қасы еді. Көпшілігінің жақын туғандары қаза болған, фашистер еріксіз тұтқынға алып кеткен, туған қалалары мен селолары қираған. Бұл әрине фашистерден өш алу сезімін қоздыратын еді.

Берлинге шабуылдың алдында біздің армия, оның ішінде бригадалар мен полктер жаңа әскери машиналармен толықтырылды. Барлаушылардың мәліметтері бойынша жергілікті жер жаудың жақсы қорғана алуына қолайлы екен. Батпақты өзендер мен су ағып жатқан жылғалар, арықтар, көлдер ілгері жылжуда көп кедергі келтіретін. Бұл әсіресе танкистерге қолайсыз еді. Одердің батыс жағалауы батпақты, су басып жатқан жер. Оның арғы жағында тік жартастары бар Зееловский биіктіктері. Сонымен бірге бетондалған немесе ағаш жеркепеден жасалған оқ атылатын нүктелер.

...Әлі есімде, сәуір айының орта кезінде полк армияның басқа да құрамдас бөлімдерімен бірігіп, түн қараңғысын жамылып, шусыз, алдын-ала дайындалған өткелдермен Одердің сол жақ жағалауына шықты. Сөйтіп плацдармда арнайы белгіленген алаңға бас тіреді. Айнала тым-тырыс, үп еткен жел жоқ. Аспан төрінде жымындаған жұлдыздар. Ешкімнің де ұйқысы келер емес. Түнгі тыныштықты тек туған жерлерінің, өздерінің жақындарын сағынып, ақырын әндетіп отырған сырнайшы-жауынгерлер ғана бұзып тұрды. Осы түнде «Қараңғы түнде, далада оқтың ғана ысқырығы естіледі, сүйгенімнің көз жасын сүртіп ұйықтамай отырғанын білемін, тек жұлдыздар ғана жарқырайды» деген соғыс жылдарының әуені құлаққа келеді.

Менің танкімнің радист-атқышы Жадовский Николай Петрович, 1924 жылы туған, ұлты украин, Тернополь облысының Берстанск селолық кеңесінің тумасы, бойшаң, ірі жігіт. Жанымда шалқасынан жатып, әлгі әуенді тыңдап жатқан. Бір кезде жылап қоя берді. Мен оған «саған не болды, соншама қыз баладай өкіріп жылап?» дедім. Ал, ол маған былай деп жауап қатты: «Иә, Бектай Әшірбекұлы,

сенікі дұрыс. Мен ертеңгі Берлин шабуылынан тірі қаламын ба, қалмаймын ба деп уайымдап жыладым. Көп майдандас жолдастырым осы күнге дейін өмір сүрмеді. Олардың артында келіншектері жесір, ұлдары мен қыздары жетім қалды, шешелері және туған жерлері, үйлері қалды...».

Мен оны Казятино операциясына дейін кездестірген едім. Біздің полк қайтадан жарақтанып қалыптасып жатқан еді. Ол сол уақытта экипажымызға қосылды. Сол уақыттан бастап онымен қатты дос болдық, бір ыдыстан тамақ жедік, соңғы қалған-қатқан нанымызбен бөлістік. Бір шайқаста түнде барлауда жүріп тосқауылда тұрған біздің танкіні немістер фауст-окпен атып түсірді. Танк от боп жана бастады. Біз танкіден атып шығып, отты комбинезондарымызбен сөндіре бастадық. Немістердің автоматтарынан жауған оқтың астымен жан-жаққа қаша жөнелдік. Түн ішінде өзіміздің полктің тұрған жеріне жеттік. Таңертең полк командирі сол жаққа автоматшылар взводының тобын жіберді. Автоматшылар немістердің фауст-атқыштарымен шайқасқа түсіп, олардың көздерін жойды. Ұрыс аяқталғаннан кейін бағанағы танкімізге келдік. Танкінің алдыңғы қақпағы жағынан іште жаралы Николайды көрдік. Оны танкіден шығарып алып, полктің штабына әкелдік. Біз одан қалай тірі қалғанын сұрағанда, ол былай деді: «Таңертең немістер танкіге жақындап келіп, қарап жүріп мені көрді. Мен орындықта бетімді жоғары қаратып, өлген болып шалқамнан жаттым. Немістер мені шын мәнінде өлген кісі деп ойлап, кетіп қалды. Мен аяғым қатты жараланып, танкіден тез арада шыға алмадым. Сөйтіп, біздің автоматшылар келген кезге дейін жаттым...» Осыдан кейін ол госпитальға кетті.

Экипаждың бұрынғы ескі танкистерінен мен жалғыз қалдым. Менің жолым болды деп ойлаймын. Берлинді шабуылдау кезінде кенеттен мені өлтірсе, бәрінің де біткені емес пе?!... Міне, сондықтан да «тірі қалсам екен және соғыстан кейінгі кезеңді – адамдардың қуанышты, бақытты өмірін көрсем екен...» деген менің ең соңғы арманым осы болды. Асыл арман тек менде ғана болған жоқ, қараңғы түнде әннің әуеніне беріліп отырған жауынгерлердің бәрінде де болды.

1945 жылдың сәуір айының ортасындағы қай жұлдызы екені есімде жоқ, таңғы сағат 5-те кеңес әскерлерінің «рейхтың» астанасына соңғы шешуші шабуылының басталғанын мыңдаған зеңбіректер құлақты жаратын қатты гүрсілмен хабарлады. Аспанда біздің бомбалағыштардың гуілі толастамады. Артиллериялық дайындықтан кейін жүздеген прожекторлар жарқ ете қалды. Одердің арғы жағындағы ойпаттың бәрі мыңдаған снарядтардың, миналардың, авиациялық бомбалардың жарылысынан, яғни түгін араласқан көгілдір жарықпен жарқырап жатты. Түтіннің тығыз болғаны соншама, тіпті күшті зениттік прожекторлардың өзі жарыққа жол аша алмады. Жаяу әскерлер мен танкілер бірлесе, жақын үйіріліп шабуылға шықты.

Ең ауыр жұмыс біздің саперлардың үлесіне тиді. Қарсыластар шегіне отырып көпірлерді қиратты, сондықтан өзендері, көлдері, арықтары көбірек аудандарда толассыз тоқтамай атылып жатқан оқтың астында жүріп өткелдерді жөндеп, қалпына келтіруге тура келді.

Жаудың танкілерінің бір экипажы саперды көріп қалып, оны шынжыр табанымен жаншу ниетімен соңынан қуа жөнелді. Бірақ «пантера» оны қуып жеткен кезде Сычев оның шынжыр табанының астына минаны тастап үлгерді. Жарылыс толқыны саперды бір жағына қарай лақтырып жіберді. Ол есін жиып өз-өзіне келген кезде «пантераның» қозғалыссыз тұрғанын, ал оның экипажының қақпақтан атып шығып қашып бара жатқанын көреді. Сычев қашып бара жатқан гитлершілерге автомат оғының кезегін жөнелтіп, жау танкісіне кіріп жасырынып қалды. Ол танкінің башнясын бұрып алып, екі самоходканы нысанаға алды. Жаудың қалған танкілері қозғалуға жүрексініп, тұрған орындарында оқ ата бастады. Олар алдарында миналанған алаң бар екен деп ойлаған болу керек.

Зееловск биіктіктерінде ұрыстар қатты болды. Қарсыласқан жақ бізге қарсы үсті-үстіне жаңа дивизияларын жіберді. Танктен қауіпті бағыттарға зениттік батареяларын қойды. Жендеттерді терең окоптарда, траншеялар-

да, темірбетонды оқ ататын нүктелерде басып жаншуға, көмілген танктерді, металл қалпақтарды қиратуға тура келді. Екі күн ішінде танкистер тек 4-5 шақырым ғана жылжи алды. Ормандар жанып жатты, өрттің түтіні дем алуға кедергі жасап, көріну қашықтығын шектеді. Мұқият жасырынған жаудың зеңбіректері де және тасада тұрған фаустатқыштар да танкистердің әрбір қадамын андумен болды. Танк полкінің алдында мотоатқыштар жүріп торуылшылдарды жойып отырды. Олардың артынан бұта талдар мен ағаштарды көтеріп, минадан тазалап саперлар жүрді. Танкілер тағы да 25 шақырымға жылжыды, герман астанасының сыртқы орам жағында шайқас жүріп жатты. Кепеникке басып кірдік. Бұл Берлиннің шеті еді. Алдымызда соңғы сулы кедергі – Шпрее өзені. Екі сағаттан кейін Шпрее өзені арқылы өтетін көпір жасадық. І-ші танк армиясының құрамдас бөлімдерінің бәрі дерлік көпір арқылы өтіп, Берлиннің шетіндегі қалашықтардың аймағына шықты. Берлиннің орталығына дейін шабуылдау үшін қолайлы орынға жайғастық. Осылай Берлин ішіндегі көшелер үшін шайқас басталды. Біздің шабуыл майданының шебі империялық канцелярия мен рейхстагтан алыс емес «Тиргарен» паркіне тірелетін Вильгельмштрассе көшесі арқылы өтіп жатты. Бізге фаустатқыштар кедергі жасады. Кейбір кезде канализациялық құдықта немесе үйдің подвалында отырып алып көшеге шыққан танкілерді ата бастайды. Қай жаққа қарау керек екенін білмейсің. Көп қабатты үйлердің терезелерінен немесе есіктерінен фаустатқыштар біздің танкілерді ата бастайды. Танкілер жанып жатты. Біз де әлгілер отырған жерлерді аямай атып жатамыз. Тіпті танкіде экипаждың біреуін ғана қалдырып, автомат асынып, үйдің подвалдарындағы фаустатқыштарды іздейміз. Қаланың бүкіл бейбіт тұрғындары заттарымен, чемодандарымен подвалдарда отырды. Аш, арыған, жүдеген, ауру әйелдер мен балалардың отырғанын көреміз. Олар кеңес жауынгерлерінен қатты қорқатын. Олармен сөйлескен кезде суға малынған тауық секілді қол-аяқтарының бәрі дірілдеп, «Кранх», «Сталин – гут», «Гитлер – капут» деп жауап беретін. Олардың сорлы кейпін көріп, аяушылық

білдіріп өзіміздің жанымызда сақтап жүрген нанымыз бен консервілерімізді бердік. Олар ашыққан қасқырлар секілді бәрі бір кісідей тамаққа лап қояды. Біз оларға былай дейміз: «Сендер бейшарасыңдар, Гитлер біздің елге қарсы соғыс ашқан кезде бәрің қуанып, «Хайл Гитлер» дедіндер. Біздің жерімізді бөліп алып, өздеріңнің отарларыңа айналдырғыларың келді. Германияға айдап алып кеткен қыздарымызды өз араларыңда бөліп алдыңдар және олар сендерде құл сияқты жұмыс істеді. Сол кезде сендердің ешқайсыларың кеңес адамдарының да уақыты келетінін және біздің көшеде де мерекенің болатынын ойламадыңдар. Ал енді міне бейшара күйде отырсыңдар, сендер де Гитлермен бірге жауаптысыңдар».

Біз бәріміз экипажбен бірге көше жаққа шыққан кезде біздің танк өз орынында тұрды. Радист-атқыш фаустатқыштарға қарсы пулеметтен оқ жаудырып жатты. Германия жеріне кірген кезде күн сайын шайқаса отырып, 5, 10, 15 шақырымдай қашықтықты шабуылмен алатын едік, енді міне алға 5 метрге де жылжи алмай келеміз. Біз тышқанның інінен шыққанын аңдыған мысық сияқты болдық. Осылай көпқабатты үйлердің терезесінен фаустатқыштардың шыққанын аңдыдық. Атқыштар көрініп қалса болды зеңбіректен шрафнельді және жарқыншақ снарядпен атқылаймыз. Бұрын біз бір снарядты немістердің бір топ жаяу әскерлеріне жұмасасақ, енді бір фаустатқышқа жұмсауға тура келеді. Осылай үйлердің терезелерін атқылап отырып Берлиннің көшелерімен күн сайын 50 немесе 100 метрге ғана жылжимыз.

Көшелердегі шайқастарда біздің армияның құрамдары осылай шабуылдар жасап отырды. Тіпті экипаждар танкіде бір адамын ғана қалдырып, автоматпен, гранаталармен қаруланып, көпқабатты үйлердегі фаустатқыштардың ізіне түсті.

Шайқастарда автоматшылар мен саперлардың саны азайған кезде Темник штабтағы қызметшілерді жинап алып, бәріне автоматпен қарулануын бұйырып, шабуылдайтын топты өзі бастап шықты. Бір сағат бойы комбриг қатардағы авто-

матшы сияқты соғысты. Жаудан тағы да бір орамды тазалап алуға мүмкін болды, бірақ осы кезде жақын маңайдан мина жарылды. Темник ішінен жарақат алды. Абрам Матвеевичті госпитальға жібердік, бірақ оны аман алып қалу мүмкін болмады. Келесі күні армиялық госпитальда оның қайтыс болғанын естідім. Мен комбриг Темникті жақсы білетін едім. Ол әрдайым көңілді, ақжарқын және қарапайым, қою қалың мұрты бар кісі болатын, танкистермен әзілдесіп отыруды ұнататын. Кеудесінде үш «Қызыл Ту», бір «Александр Невский», екі «Қызыл Жұлдыз» ордендері жарқырап жүретін. Бұрынғы гвардия полковнигі, комбриг Темник Абрам Матвеевичті (Берлинде ол полковник атағын алған болатын) бәріміз де жақсы білетінбіз. Шайқаста батырлықпен көзге түскенім үшін 1944 жылдың 3 қыркүйегінде ол маған III дәрежелі «Даңқ» орденін өзі кеудеме қадап еді (майдандағы суреті мен хаты әлі күнге дейін менде сақтаулы). Орден қадаған кезде арқамнан қағып маған: «Сіз Курск шайқасынан бері келе жатқан тарлан танкистердің бірісіз, Сізге көп рахмет, өзіңіздің аман-есен болуыңызды қорғаңыз» дегені әлі есімде. Оның қаза тапқанын естіген кезде берекем кетіп, көз жасымның бетімнен сорғалап ағып бара жатқанын да байқамай қалдым. Менің оны аяған себебім, оның осы бір ең соңғы шайқаста қаза болғаны еді. Мен гитлершіл тобырлармен айқасқан жылдары қаншама көп өлімді көрдім, бірақ олардың әрқайсысына бұлай жыламап едім. Әрбір жаңа шығынды білген кезде терең қайғыға берілсем де, басқа бір жағымнан мінезімде қаталдық, жүректілік пайда болды және шайқастарда қаза тапқан әскери жолдастарымның әрқайсысы үшін кек алуға дайын едім. Біз өлімге бойымызды үйрете алмадық, бірақ бүгін кімнің біздің қатарымызда жоқ екенін ұмытпауымыз керек еді.

Бір күні танкінің радиостанциясы бойынша Гитлердің ашынған жанайқай дауысын естідім. Біз мұқият тыңдадық, бірақ неміс тілін түсіне алмадық. Ол неміс армиясы мен халқына ашынған жандауысымен Берлиннің құлауы уақытша құбылыс, бізді батыстың капиталистік мемлекеттері қолдайды, уақытша елімді тастап кетіп бара жатырмын және

ұлы Германияға тағы қайтып ораламын деген ой-пікірі берік екені мағынасында үндеу айтты.

25 сәуір күні қарсыластардың Берлин маңындағы топтары толық қоршауға алынды, әскерлері қиын жағдайға енді. Берлин гарнизонының тағдыры алдын ала шешілді. Танкінің радиоқабылдағышы арқылы 2 мамыр күні таңертең армия қолбасшысының оқ атуды дереу тоқтату туралы бұйрығын тыңдадық. Бұл қуанышты хабар еді. Жауынгерлер мен офицерлер бірін-бірі құшақтап, мээ-мәйрам. Әркім әрқалай, пистолеттен, винтовкадан, автоматтан, зеңбіректен аспанға оқ атқылап, бас киімдерін жоғары лақтырды. Жеңістің құрметіне салют аттық. Жау жеңілгенін мойындап, берілді. Берлин от болып жанып жатты. Будақтаған кара түтін аспанға көтерілді. Біз 1945 жылдың 9 мамырына дейін Берлинде тұрдық. Орнаған тыныштық арасынан, күшейтілген қуатты қондырғылардан Германияның беріліп, толық тізе бүккендігі және төрт ұлы державаның келсім-шартқа қол қойғандығы жайында естіліп жатты. Бізге Берлиннен кету жөнінде бұйрық келді. Бөліміміз қаланы тастап Гримме қаласының шетіне келді. Экипажды төрт адамнан танкілерінің жанына сапқа тұрғызды. Полктің командирі келіп І-ші гвардиялық танк армиясы танк әскерлерінің гвардия генерал полковнигі М.Катуковтың және әскери кеңестің мүшесі, І-ші гвардиялық танк армиясының генерал-лейтенанты Н.Попельдің қолтаңбалары қойылған Мақтау қағаздарын тапсырды. Мұнда, Гримме қаласында көп уақыт тұрдық, Германияны басып алушы әскерлердің құрамында болдық. Ол кезде Германияны басып алушы әскерлерге Кеңес Одағының маршалы Г.К.Жуков басшылық етті. 1945 жылдың қыркүйек айының аяғында КСРО Жоғарғы Кеңесінің XII сессиясының шешімі бойынша «Ұлы Отан соғысында үш рет жарақат алған жауынгер ретінде» демобилизациялануға жататындардың қатарына кірдім. Дәрігерлердің комиссиясынан өттім және үш рет жарақат алғанымды растайтын анықтама өткіздім.

Мені демобилизациялаған кезде полк штабында іс жүргізуші болып жұмыс істедім. Менің жақын арада үйге



қайтатынымды біліп, полк командирі өзіне шақырып алып, орынымда жұмысымды атқара алатын адамның жоқтығына байланысты мерзімді әскери қызметтен тыс бірнеше ай қызмет етуге қалуымды сұрады. Келісімді бердім. Соғыста үш жылдан аса уақыт бірге шайқастарда болған, өз үйімде жүргендей сезінетін бөлімімді тастап кете алмадым. Күн сайын әскери жолдастарым демобилизацияланып Отанына кетіп жатты. Полктастарымның саны күн сайын азаюда. Олармен қош айтысу қиын болды. Полкке әлі оқ-дәрінің иісін білмейтін жас жауынгерлер келіп жатты. Олар бізді «соғыс ардагерлері» деп атады. Біз оларға соғыстың ауыр күндерін әңгімелеп, өзіміздің тәжірибемізді, білімімізді және соғыс қимылдарының тактикаларын үйреттік. Бірақ сонда да болса ішіміз пысты, күндер ақырын өтіп жатыр.

Мерзімді әскери қызметтің сыртында жеті ай қызмет етіп, полктің командиріне еліме қайтқым келетіні туралы өтініш бердім. Осылайша «Берлин шабуылы» шайқасын аяқтап, 1946 жылдың 16 наурызында туып-өскен үйіме, Қарсақбайға келдім. Соғыста үш жылдан аса уақыт болып, жеңіспен Отаныма қайтып оралдым.

\* \* \*

Бектай Әбсаттарұлының әңгімесінен, қолдағы бар ескі құжаттардан аңғарғанымыз – оның соғыс жылдарындағы өмірінде мұндай оқиғалардың көптеп кездескендігі. Қанша дегенмен де соғысқа алдын-ала мұқият әзірленіп, бақайшағына дейін қаруланған жау әскерлерін жеңу оңай болмағандығы әрбір адамға түсінікті жайт. Ал майдан жолдарының күрес пен ерлікке, жеңіс пен өкініштерге де толы болатыны белгілі. Соның әрқайсысы есте қаларлық бір-бір оқиға.

Жаумен шайқастағы ержүректілігі мен батылдылығы үшін бірнеше орден-медальдармен наградталды. Майдангер кеудесінде 2 Қызыл Жұлдыз, 1-дәрежелі Отан соғысы, III-дәрежелі Даңқ ордендері және он үш жауынгерлік медаль жарқырайды.

Жоғарыда өзі айтқандай, елге 1946 жылдың наурызын-

да ғана оралудың сәті түсті. Келісімен жұмысты Қарсақбай ФЗО-сында өндірістік мастер болудан бастады. Бірнеше жыл Қарсақбай заводында еңбек етті. Мұнан соң партиялық қызметті де атқарып көрді. Завод теміржолының партком хатшысы, аудандық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, облыстық партия комитетінің нұсқаушысы секілді сатылардан өтті. Ал құрметті еңбек демалысына шыққанға дейін ширек ғасыр сауда саласында жұмыс істеді.

50 жылдық жұмыс өтілі бар ардақты азамат зейнеткерліктен кейін де босқа қарап отыра алмады. Оған облыстың ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары қызметін ұсынғанда көп ойланбай келісім берді. Әрине, жас ұлғайып келе жатқан кезде мұндай жауапты жұмысты атқару да жеңіл тимейді. Қиыны қиын. Алайда, ардагерлер өміріне қамқорлық жасау, кейінгі жас ұрпақты отансүйгіштікке, қаһармандық пен ерлік істерге тәрбиелеу өзі секілді кешегі ауыр жылдарды бастан өткерген ел азаматтарының абыройлы борышы емес пе. Келісім беруінің сыры да осында жатыр еді.

Бекең бақытты әке. Зайыбы Күлжамал екеуі он бала тәрбиелеп өсірді. Балаларының бәрі де жоғары білімді. Бірқатары немере сүйіп отыр.

– Осынша баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеген жарым ертерек дүние салды. Балаларымның бүгінгідей тәрбиелі, инабатты болып өсуіне олардың анасының сіңірген еңбегі мол еді. Перзенттерімнің әке мен ана үмітін ақтай беретініне сенім мол.

Негізі соғыс жылдарында туған Отанды қорғауда адал қызмет еттім деп ойлаймын. Сөйтіп, халық алдындағы бір міндетімді абыроймен орындадым – деген еді әңгіме соңында ардагер.

Майдангер, ардақты азамат 2002 жылы сексен жасқа қараған шағында өмірден озды. Туған еліне адал қызмет еткен аяулы ағамыздың өткен өмірі бүгінгі жас ұрпаққа үлгі-өнеге.

## ЖҮЗІНШІНІҢ ЖОРЫҚТАРЫ

Журналистік қызметте талай адаммен, түрлі сала иелерімен кездесіп, пікірлестік. Солардың бірі мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтан Сүлейменұлы Жиенбаев еді.

Сұлтекең Алматының тумасы. 1921 жылы 22 шілдеде дүниеге келген. ҚазМУ-дің физика-математика факультетін бітірген.

Неміс-фашист басқыншылары Кеңес одағына шабуыл жасағанда Сұлтан Сүлейменұлы да қолына қару алып, майданға аттанды. Бірқатар елді мекендерді жаудан азат етуге қатысты. Үшінші рет жараланғаннан кейін ғана 1944 жылы елге оралды. Бейбіт еңбекке араласып, Түрксиб теміржолының жұмысшыларды жабықтау басқармасы жүйесінде басшылық қызметтер атқарды. Сауда саласындағы қызметі одан әрі партиялық жұмыстарға жалғасты. Алматы қаласындағы Фрунзе аупарткомының бірінші хатшысы, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бөлім меңгерушісі болды. Республиканың Сауда министрлігіне басшылық етті. Кейін Қазақ КСР Министрлер кеңесі төрағасының орынбасарлығына тағайындалып, бұл қызметті он бес жылға жуық атқарды.

1992 жылы С.Жиенбаевтың бастамасымен әрі жекелеген ұйымдардың, ғылым, мәдениет, өнер өкілдерінің және Д.Қонаев серіктерінің ұйғарымымен халықаралық Қонаев қоры құрылды. Қонаевтың жеке өзінің ұсынысымен қордың президенті болып Сұлтан Сүлейменұлы сайланды. Осының өзі олардың арасындағы оң қарым-қатынасты аңғартса керек. Сұлтекеңнің Дінмұхамед Ахметұлымен ең жақын көрші болғандығынан да көпшілік жақсы хабардар. Екеуінің пәтерлері қатар болатын.

Кезінде «Ана тілі» басылымында Сұлтан ағаның шаңырағы, ондағы тату-бірлікті толғаған материал жарық көрді. Ағамызбен болған сол жүздесуде оның майдан жолдары, әсіресе өзі қызмет атқарған 100-ші қазақ атқыштар бригадасы жөнінде кеңірек әңгіме қозғалған. Әскери бригаданың негізгі атауы – жеке атқыштар бригадасы деп аталған.

Алайда, әскери құрамада қазақ ұлтының өкілдері көп болғандықтан әрі ол Қазақстанда ұйымдастырылғандықтан қазақ атқыштар бригадасы аталып кеткен.

Майдангермен болған бұл әңгіме ұнтаспаға түскенімен газет бетінде жарияланбап еді. Соның реті осы кездері келген секілді.

Бір айта кетерлік жайт, аталған әскери бригадада жаумен шайқасқан жауынгерлер ішінен кейін елге белгілі ақын, жазушылар, өнер қайраткерлері, басшы азаматтар шықты. Оған сұхбат барысында өздеріңіз де анық көз жеткізе аласыздар.

– Әңгімемізді әскери бригаданың қашан, қалай құрылғандығынан бастасақ...

– 100-ші жеке атқыштар бригадасын қалыптастыру Алматыда 1941 жылдың аяқ кезінде басталды. Құрама негізінен еріктілерден жасақталды. Оның Мәскеудегі, Ленинградтағы халық жасақтарынан ерекшелігі бригадаға медициналық қызметтің барлық талаптарына жауап беретін әскери борышын өтеуге міндеттілер алынды. Қажетті құрал-жабдықтармен, заттармен жарақтандыру өз еліміздің ресурстарымен жүзеге асырылды.

Бригаданы жасақтау және оның әскери даярлығы кезінде үш оқиғаның орны ерекше: 1942 жылы 12 қаңтардағы әскери ант қабылдау, Қазақ КСР-і үкіметінің ескерткіш туын және 1942 жылдың 1 қазанында Әскери Қызыл туды қабылдау.

Бригада құрамында төрт атқыштар батальоны, артиллериялық дивизион, миноментшілер және байланысшылар батальондары, танкке қарсы күресетін, автоматшылар, саперлар, дәрігерлік-санитарлық, автомобильдер роталары және басқа да бөлімшелер болды.

Әскери оқу айлары зымырап өте шықты. Осы уақытта атқыштар бригадасының 2300 солдатты мен сержантты майданға аттанып, атақты Панфилов дивизиясының қатарын толықтырды. Айта кетейін, солардың ішінде кейін Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған Төлеген Тоқтаров та бар еді.

Бригаданың алғашқы командирі Василий Шевцов, комиссары Сақтаған Бәйішов болды.

Жүзінші бригада 1942 жылдың 11 тамызында сол кездегі еліміздің астанасы Алматыдан майданға жол тартты. Атанар алдында митинг болды. Оны Алматы қалалық партия комитетінің хатшысы Джек Кулитов ашты. Онан соң республикамыздың Жоғарғы Кеңесі төрағасының орынбасары Шекер Ермағамбетова, бригада командирі Василий Щевцов сөз сөйледі. Олардың жалынды сөздері жауынгерлерге күш-қайрат қосты. Сөз кезегі жыр алыбы – Жамбылға келгенде, ақын ата өлеңмен төкпелетті. Жиналғандардың бәрі де ду қол шапалақтады.

24 тамызда Мәскеуге жеттік. Бригада қала іргесіндегі Бабушкин селосына орналасты. Одан Алабино селосына маңдай тіредік. Алабинодан Апреловка стансасы, Волоколамск қаласы арқылы жүріп отырып, Погоролое Городище маңында пойыздан түстік. Содан Глухово, Старица, Новое, Нашекино селолары арқылы бес күн жорық жасап, 1 қарашада Холкиноға жетіп, Орталық майданға қосылдық.

Бригада 1942 жылдың 25 қарашасында 39-армия құрамында алғашқы ұрысқа кірісті. Васильевский, Березка, Толкачев селоларын және Калинин облысының Молодой Туд ауданына қарасты алты деревняны жау қолынан босатты. 1943 жылдың бас кезінде жан беріп, жан алу Великие Лукиде жалғасты. Одан әрі жауынгерлерді Новель қаласы түбіндегі қанды қырғын күтіп тұрды.

– Көптеген қалаларды, селоларды жау қолынан тазарттыңыздар. Қысқаша болса да сол шайқастарды еске түсіріп өтсеңіз...

– Жаңа айтылғандай, біздің атқыштар бригадасы Ржев бағытындағы Калинин майданының сол жағында орын тепкен 39-шы армияның қарамағына берілді. Бригада әлі ұрысқа кіріскен жоқ. Майданның алдыңғы легіне қарай жылжып келеді. 23 қарашада құрама бөлімшелері Молодой Туд ауданы орталығының солтүстік-батысына орналасты.

25 қарашаның түнінде бригада әскери бұйрық алды. Онда былай делінді: «100-атқыштар бригадасы 587-ші истребитель-танкке қарсы артиллерия полкімен және 327-артполктің екі батальонымен бірге Молодой Тудты жауға бермеу. Бе-

резка, Толкачевка майдандарында екі батальонмен жаудың қорғанысын талқандау.

Таяудағы міндет Калинино, Бочково шептерін бұзып, одан әрі оңтүстікке беттеп, 373-ші атқыштар дивизиясымен бірге дұшпанды Васильевское, Тройня, Брюнханово елді мекендерінде жою. Мұнан соң Плеханованың шығысындағы орманға жиналып, 46-шы мотоатқыштар бригадасымен бірге Оленино бағытында шайқасқа дайын болу».

Осыдан кейін екінші және төртінші батальондардың командирлері жау қорғанысының жайы турады мәліметтерді зерттеп, рота мен взводтардың міндеттерін нақтылай бастады. Осы уақытта Молодой Туд өзенінің солтүстік-батыстағы алғы шебінде орналасқан атқыштар бөлімшесі соңғы дайындықтарын аяқтап та шықты.

Барлығы да ойластырылғандай, бірақ мақсатқа жету оңай болмады. Қарсы шабуыл жақсы ұйымдастырылғанымен, сәтті аяқтала қоймады. Роталар өзеннен өтіп, оңтүстік жағалаудағы 300-400 метр жерді бағындырғанымен ары қарай жылжу мүлде ауыр болды. Деревнядағы дзоттардан атылған жау оқтары біраз шығынға ұшыратты. Ертеңіне қайталанған шабуыл да алдын-ала әзірленген жоспарға қол жеткізбеді. Әскерилердің шашыранды әрекет етуі жаудың күш алып кетуіне әсер етті.

Жекелеген жетістіктер болды. Солардың бірі сержант Қарабек Бұрышевтің атқыштар бөлімшесі. Бөлімше бірінші болып жау траншеясын бұзып-жарып кірді.

Үшінші күн дегенде жүзімізге қан жүгірді. Күштерін қайта толықтырған бригада Тройня, Медвежка және Большое Приволье деревняларын алды. Мұнан соң Березка, Толпачевка, Васильевское секілді тоғыз елді мекенді жау қолынан тазарттық.

Ұрыс кезінде капитандар Жұмаділ Әубәкіров, Александр Углов, лейтенанттар Әнуар Сейдахметов, Қажым Көшеков, екінші батальон командирінің саяси бөлім жөніндегі орынбасары, капитан Райымжан Әшкеев, екінші ротаның командирі, лейтенант А.Бобров, 10-шы рота командирінің орынбасары, аға лейтенант Қайыр Именов, барлаушылар

ротасының сержанты Хамит Закиров және басқа да жолдастарымыз ерлікпен қаза тапты. Біз оларды естен шығармай, әрдайым да әңгімелерімізге арқау етіп жүрдік.

Алғашқы рет шабуылға шығуымыз ғой. Бір жағынан қорқынышты да еді. Алайда біздің роталарымыз бен батальондарымыз батыл шайқаса білді. Жаспыз ғой. Сондықтан қатты үрейлене қойған жоқпыз. Қарулас достарым бұл жолы батылдықтың, табандылықтың үлгісін көрсетті.

Блиндаждарда орналасқан жауды қуып шығу оңай тимеді. Дұшпан әсіресе Бочкова деревнясындағы биіктікте бой бермей қорғанды. Алғашқыда қарсы жақ биіктіктен біздің жауынгерлерді оқтың астына алды. Дегенмен аға лейтенант Садық Ескелдиевтің батальоны басқа тәсіл қолданып, гитлершілдерге тылдан келіп тиісті. Фашистер амалсыз шегінуге мәжбүр болды. Олар алдымен биіктіктен, сосын деревнядан қуылды. Немістер кетер кездерінде барлық үйлерді өрт құшағына көмдірді. Бірде бір үй, бірде бір сарай аман қалмады.

Бригада мұнан соң да ұрысты жалғастыра берді. Екінші және үшінші батальонға Плеханово деревнясын бағындыру міндеттелді. Таңертең біздің артиллерияның күркіреген даусы естілді, ал артиллериялық әзірліктен кейін аталған батальондардың бөлімшелері деревняны жан-жақтан шабуылдады.

Жаяу әскер баяу жылжып отырды. Жау оқ жаудыруын тоқтатпады. Тек бірнеше сағаттардан кейін, түске таман екі рота деревняны айналып өтіп шет жағына ілікті. Қиян-кескі, найзаласқан, қоян-қолтық ұрыстан кейін ғана жаудың шегінбеске амалы қалмады.

Қараша айының жиырма жетісінде Молодой Тудтың сол жағынан қатты соққы берілді. Оның алдында қаланың оң жағынан ұрыс салғанбыз.

Ертеңіне бірінші батальонның командирі капитан Александр Углов пен оның саяси істер жөніндегі орынбасары Халим Хаснуллинге ерекше тапсырма берілді. Олардың алдында Молодой Туд қаласын алу міндеті тұрды. Батальонның ең алдында аға лейтенант Шәкір Тәжібаевтың ротасы бар

болатын. Рота барлаушылары алдымен түнде барлауға шығып, жаудың күшін, қайда орналасқанын біліп, қажетті мәліметтер алып келді.

Рота жауды жайрата отырып, ілгері жылжи берді. Бұл ретте сержант Қарабек Бұрышевтің ерлік істерін мақтанышпен айтар едім. Ол жаудың додтарына граната жаудырды. Арасында станокты пулеметті қолға алып, аямай соққы берді. Өкініштісі, қайсар жігіт осы ұрыста ерлікпен қаза тапты.

Біздің жауынгерлердің екпініне шыдай алмаған немістер амалсыздан тырағайлап қашты. Рота қалаға кірді. Аудан орталығындағы биік ғимаратқа қызыл жалауды желбіретті. Ұрыс кезінде рота командирі қатты жарақаттанды. Оның орнын басқан орынбасары Тахауи Ахтанов ротаны өзі бастап ұрысқа шығарды. Ол сонымен қатар қаза тапқан пулеметшінің пулеметін өзі алып, оқ себелетуді тоқтатпады. Атыс-шабыс жау траншеясында жалғасты. Қолма қол ұрыс кезінде Тахауи жараланып, госпитальге жөнелтілді.

Молодой Туд үшін ұрыста сержант Құдайберген Дәулетбаев басқаратын расчет ерекше көзге түсті. Оның расчеті шабуылдаушы бөлімшеге жол аша отырып, жаудың атыс ұяларын дер кезінде және асқан дәлдікпен қиратты. Сондай-ақ аға лейтенант, танкке қарсы взводтың командирі Мағзұм Көшекөвтің жігіттері де өзгелерден ерекшеленіп тұрды. Оның взводы ондаған фашистің және бірнеше дзоттың көзін жойды. Көшекөвтің жеке өзі үш дзоттың күл-талқанын шығарып, екі танкіні отқа орады. Ол алқын-жұлқын сәтте жараланғанына қарамастан ұрысты жалғастыра берді. Әбдірахман Баймурзин, Мырзаби Ерназаров секілді жауынгерлердің қимыл-әрекеттері де атап өтерлік еді.

Жауды талқандауда майдандағы медицина қызметкерлері елеулі үлес қосты. Олардың ерліктері солдаттардың жеңісінен еш кем болған жоқ. Ржев түбінде болған шайқаста ақ халаттылар жауған оқтан сескенбей ержүректілік танытты. Олардың ішінде әскери фельдшерлер Ғанибай Дәукенов, Қаликш Шалатаев, саннұсқаушылар Әліпқан Жансықбаев, Шаден Жоламанов, Мұқаметқали Мұсабаев, санитарлар



Иван Морозов, Анна Хайдина, медбикелер Нина Львова-Белова, Александра Конягина, Дарья Морская, әскери дәрігерлер Мариям Сырлыбаева, Зейнолла Төлегенов және басқалар болды.

Бригададағы медициналық қызметке Алматы мединститутының түлегі, дәрігер Мариям Сырлыбаева басшылық етті. Ол бригада алғаш құрылған күннен келді. Сөйтіп арамызға тез сіңісіп кетті. Мариям Ржев түбіндегі ұрыста ерекше көзге түсті. Ол санитарлармен бірге ауыр жараланғандарды алдыңғы шептен алып шығып, жедел көмек көрсетті.

1942 жылдың 27 қарашасы Мариямның есінде ұмытпайтын шығар. Сол күні Плеханово деревнясында төртінші батальонның комсоргі Сәлім Ескендіров ауыр жараланды. Сол сәтте оған қан құю қажет болды. Мариям көп ойланбады, өзі қан беруге келісті. Өйткені оның қаны Сәлімнің қанымен сәйкес келеді екен. Кейін Сәлім Мариямның жақсылығын көпке дейін айтып жүрді.

Тікелей Мариямның көмегі арқасында аман қалғандардың ішінде саяси бөлім бастығының орынбасары, капитан Егемқұл Тосанбаев, барлаушылар Ерғали Мұсаев, Әбдіхамит Асанбаев, артиллеристер Мүлік Қалиев, Несіпбай Манкенов, пулеметшілер Оразкен Мусин, Тыныштық Жаманқұловтар болғанын жақсы білеміз.

Бірде Мариямның өзі ажал құша жаздаған. Неміс ұшағы Толкачевка деревнясын бомбалаған кезде медпункт те бомба астында қалады. Ол жерде Мариям да бар болатын. Құдай сақтап көп зардап шеге қоймайды. Бірақ өзі «Өмірге екінші рет келгендей болдым» деп көпке дейін айтып жүрді.

Бригада жауынгерлік тапсырманы ойдағыдай орындады. Молодой Туд қаласын және он бір селоны азат еттік. Фашистердің мыннан аса солдаттары мен офицерлері жойылды. Снайпер Заманбек Матаевтың өзі елуге жуық фашисті жайратты. Ұрыстағы ерліктері үшін біраз жауынгер орден, медальдармен марапатталды.

Шабуылдаушы отрядтар көшелерді немістерден тазарта

отырып, Ловать өзенінің батыс жағалауына шықты. Мұның өзі үлкен жетістік болып табылатын.

Бұдан әрі үшінші екпінді армияның қолбасшысы, генерал К. Галицкий Великие Лукиді шабуылдап алу жөнінде шешім қабылдады. Артиллерияның екі сағаттық дайындығы басталды. Қатты тұман болғандықтан авиация ұрысқа қатыспады.

Великие Луки қаласы – коммуникациялық ірі торап. Қазақта «тоғыз жолдың торабы» деген сөз бар емес пе? Великие Луки сондай жер. Бұл қаладан жан-жаққа он тас жол, төрт теміржол тарайды. Солтүстік жақтағы Дно, Новгород, Ленинградтан, шығыс жақтағы Ржев пен Мәскеуден, Батыстағы Балтық жағалауындағы елдерден келетін жолдардың барлығы Великие Лукиде тоғысады. Германияға баратын жолдар да осы қаладан шығады.

Бригада 1942 жылдың 22 желтоқсанында Великие Луки түбіне келді. 28 панфиловшылар Мәскеу түбінде қалай шайқасса, біздің жігіттер де Великие Лукиді жау қолынан қайтарып алу үшін жан аямай күресті. Артиллерия дивизионына қарасты батарея жігіттері арыстанша арпалысты. Өздері қаза болды. Алайда бірде бір танкті Великие Лукиге өткізген жоқ. Қажым Көшеков, Ыбырайым Сүлейменов, Мәншүк Мәметова, Заманбек Матаев, Біргебай Әбдікәрімов, Ислам Назаров, Қалисар Хабдулинов, Қабас Дүйімбаев, Ғани Қасымов, Шазада Әтеев, Ыдырыс Исатаев, Тұраш Әбуов, Ақыраш Әндіров, Жамалхан Жамалбеков, Ғаббас Таңбаев, Жақан Биғазин, Қабікен Меңдібаев, Әділхан Құсайынов, Сейсебай Әбдікәрімов, Манап Шідеров, Мәулен Исин, Айтқали Құсайынов, Құсайын Кәкібаев, Сембек Молдабаев сияқты көптеген жауынгерлер мен командирлер батылдық танытып, жауды Великие Лукиге кіргізбеді.

Великие Лукиде үшінші батареяның өзі жаудың он үш танкісін қиратып, алты рота жаяу әскерін жойды. Он бір танкті Рымбек Байсейітовтың взводы өртеді. Жаудың бес танкісін Әбдірахман Бимурзин, үш танкті Мырзаби Ерназаров қиратты. Бригада осы ерліктері үшін Бимурзин мен Байсейітовты Кеңес Одағаның Батыры атағына, ал Ерназаровты Ленин орденіне ұсынған еді. Бұл ұсынысымыз

біз күткендегідей қабылданбады. Бимурзин мен Ерназаров бірінші дәрежелі Отан соғысы ал, Байсейітов екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды. Бірақ біз үшін ол үшеуі де нағыз батыр, нағыз ер.

Қазаққа белгілі жазушы Әзілхан Нұршайықовтың соғыс жылдарында мықты командир болғанын айта кеткім келеді. Ол бригада жауынгерлерінің ішінде бірінші болып «Қызыл Армия үздігі» белгісімен марапатталды. Молодой Туд қаласының түбіндегі ұрыста көрсеткен ерлігіне байланысты «Ерлігі үшін» медалін, ал Великие Луки қаласын азат етудегі қаһармандығы үшін «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалымен, кейін үшінші дәрежелі Даңқ орденін алды. Ол әскери тілші ретінде де қаруластарын мақала, өлеңдерімен жігерлендіріп отырды.

1943 жылдың бірінші қаңтарында біздің әскерлер Великие Луки қаласын жаудан азат етті. Бірақ қалада жаудың үлкен гарнизоны қалып қойған еді. Фашистер жанталасып, қаланы қайтарып алуға, сөйтіп гарнизонға қосылуға тырысты. Дегенмен біздің бригада алған беттен қайта қойған жоқ. Қаһарына мініп, дұшпанмен аянбай шайқасты. Ақырында гарнизондағы фашистер оңбай соққы алды. Аман қалғандары алды-артына қарамай қаша жөнелді. Алайда олардың барар жері жоқ еді. Қоршауда қалған болатын. Берілуден басқа мүмкіндік жоқ еді.

Мына бір сәт әлі есімде. 3 қаңтар күні таңертең жаудың «рама» деп кеткен барлаушы ұшағы көрінді. Көп ұзамай артиллерия-минометтің дүрсілі басталды. Жаудың оқ атуы күшейді. Бір кезде юнкерлер пайда болды.

Бомба мен снарядтың жарылысынан жер дір-дір етті. Жүректі айнытатын иіс қолқаны алды.

Біздің жауынгерлер көктегі «рамаға» қарсы қолда бар құралдармен оқ жаудырды. Юнкерлердің кезекті тобы төменірек ұшпағандықтан бомбалар нысанаға дәлмә-дәл тиіп жатпады. Осындай көріністен кейін енді танктер, содан соң жаяу әскерлер жолға шығатындықтан біз пулеметтерді траншеяға жасырғанды жөн санадық.

Біз танктердің беттеуін күттік. Гранаталар, жанармай

құйылған бөтелкелер бір жерге жиналды. Атриллеристер де асығыс атысқа дайындалып жатты. Біздің батальонның сол жағында кескілескен ұрыс жүріп жатты. Аз уақыттан кейін қырғын біз жаққа ауысты.

Шығын орасан, жараланғанлар көп. Санитарлар оларды карауға әрең үлгіріп жатты.

Мен сержант Өтепберген Есімбековтің пулеметінің жанында тұрғанмын. Сол кезде траншеяға екінші взводтың жараланған пулеметшісі келді. Оған командирі медпункттің қайда екенін біл деп жіберіпті. Медпункттің қай жерде орналасқанын мен де білмейтінмін. Мен байланысшыны батальонның командалық пунктіне жұмсап, танкке қарсы гранаттар мен жанармай құйылған бөтелкелерді әкелуді, сонымен бірге батальонның медициналық пунктінің орналасқан жерін білуді тапсырдым. Сәлден кейін байланысшы да келді. Алайда ол жақсы хабар жеткізген жоқ. Командалық пунктте екі радист ғана бар екен. Комбат екі сағат бұрын жараланып, тылға жіберіліпті, ал аға адьюдант бомбалау кезінде қаза тапқан. Комбат жараланған кезде әскери фельдшер жанында болған, оның қазір қайда екенін, медпункттің де қай жерде орын тепкенін радистер білмейтін болып шықты.

Ұрыс жалғасып жатты. Мина мен снарядтардың жарықшақтары жиі жауып, окоптағы адамдарды топыраққа «шомылдырды». Жарықшақтың дыбысы естілу бойына жауынгерлер орындарынан тұрып, қаруларын қайтадан қолға алады.

Аспанда фашистердің ұшақтары пайда болып, жаяу әскерге қарсы дайындаған бомбаларын тастай жөнелді. Бомбалар траншеяға тікелей беттеп, екі пулемет расчөтін жойып жіберді. Түп-тура бізге және көрші үшінші батальонға қарай он беске жуық танк жылжып келе жатты. Бірінші қатарда «тигрлар», одан соң орташа танкілер, олардың соңында «фердинандтар» және бронетранспортерлер.

Жедел және қателікке ұрындырмайтындай шешім қабылдау керек болды. Танкілердің бәрін жоя алмайсың, олардың соңында жаяу әскермен бірге бронетранспортерлер

келеді. Не істеу керек. Екі пулеметпен және бронь бұзар-өртегіш оқтармен қарсы тұру керек.

Пулеметшілеріміз оқ атуды бастады. Бір пулемет ленталары таусылып жатса да жаудың бронетранспортерін жалынға орады. Қырсыққанда қарсы жақтың автоматшылары бой көтерді. Траншеядан қатаң бұйрық естілді: «Жаудың жаяу әскерін тоқтатындар!».

Бір ой әуел бастан миды қажады: қалай да қарсы тұрып, берілмеу керек. Танкілердің бір бөлігі бермен жылжығандай болды. Бәрібір де олар жаяу әскерсіз қашыққа ұзай алмайтын.

Қалыптасқан жағдайды түсінген жаралыларға дейін қолдарына қару алып, жаяу әскерді оқпен төпелеуге дайындалды. Бір нәрсе алаңдатты-жауынгерлер танкілерге қарсы тұра ала ма. Байқаймын, әбігерлену, үрейлену жоқ. Осының өзі көңілді орнына түсіріп, үміт шоғын үрлетті.

Менің артқы жағымнан зеңбіректің үні шығып еді, аз уақыт тына қалды. Жылдам басып зеңбірек жанына келдім. Не болды деймін, зеңбірек командирі, сержант Жақсыбаевқа. «Снарядты алмай тұр» дейді ол. «Алмағаны қалай». «Онда танкке қарсы атылатынымен оқта!». Екі зеңбіректі де оқтады. Сол жақтағы зеңбірекке Жақсыбаевтің өзі ие болды.

Алғашқы танк те көрінді. Снаряд танкінің сол жағынан жарқ ете қалды да жоғары қарай ұшты. Жау танкісі зеңбірегімізді көріп қалып, оқ боратты.

Танк баяу жылжып келеді. Міне пулеметшіміз орнынан көтерілді де құлаштай сермеп гранатаны лақтырды. Танкке лақтырылған гранат пен жау снаряды бір уақытта жарылды деуге болады. Пулемет расчетындағы екінші нөмірімнің жансыз денесі траншеяға лықси берді. Гранатты лақтырған бірінші нөмір мен жаққа қарғып түсті. Осы кезде жақын жерден танкінің шынжыр табанының шықылдағаны естілді. Гүрілдеп алаңқайға жеткен танк кілт бұрылып, бізге қарай қозғалды.

Оның салмағымен траншеяның жұмсақ топырағы тапталып, айнала құмға көміліп қалды. Пулеметшінің жүйкесі бұған шыдай алмады. Ол жасырынған жерден

шығып, аулаққа қашып кетуге тырысты. Өкініштісі, жау пулеметі оның ойын іске асыртпады.

Мен жалғыз қалдым. Танк енді мені қолға түсірмекші екен. Ара қашық жақын болғандықтан пулемет оқтары басымның үстінен өтіп жатты. Жалғыз адамдық окопқа жетуге ұмтылдым. Секіріп түскенімде басын окопқа тіреген солдатты байқадым. «Гранат, гранатты бер» деп жаным шыға айқайлады. Ол қозғалар емес. Бәрі түсінікті болды. Өліп кетіпті. Сол сәтте төменнен жарылғыш екі бөтелкені және гранатты байқап қалдым. Бөтелкелерлі жалма-жан қолыма алдым. Танк еңкейіңкіреп траншеяға түсіп келеді. Мен бар пәрменіммен бөтелкені лақтырдым. Танк сыртынан от шықты. Маған бұл аздай көрінді. Екпіндей екіншісін жөнелттім. Тек осы кезде ғана алып танк шашалып-қақалып, ал шынжыр табан жерді тырмалауын доғарды. Бір кезде жоғары люк ашылып, фрицтің басы көрінді. Дереву гранатты солай қарай сілтедім. Несін айтасыз, нысынаға дөп тиді. Сөйтіп жау танкісі қатардан шықты.

Жүзінші бригада Орталық майдандағы басқа құрамалармен бірге Великие Луки түбіндегі қиянкескі ұрыста Отан алдындағы борышын адал орындады. Бригада жауынгерлері дұшпанның талай шабуылдарына тойтарыс берді. Атқыштар, автоматшылар, пулеметшілер, зеңбірекшілер, минометшілер, қысқаша айтқанда барлық жауынгерлер мен командирлер шебер қимылдап батыллықтың, батырлықтың үлгісін көрсетті.

Сондай-ақ Невель түбіндегі шайқасты естен шығару мүмкін емес. 1943 жылдың қазанында Невельге алдымен кірген 78-ші танк бригадасы, 21-ші гвардиялық және 28-ші атқыштар дивизиясы. Солармен бірге біз де қалаға кірдік.

Невель – орыстың ежелгі қаласы. Великие Лукимен салыстырғанда бұл кәдімгі қала. Қыштан, ағаштан салынған үйлер өзгеше өрнектермен көз тартады. Қала онша бүлінбеген. Біздің шабуылымыз тұтқиылдан болғандықтан аман қалған сияқты.

Қаланың ішінде әлі де болса қаша алмай, жасырынып қалған фашистер бар еді. Соларды қаладан аулақтату қажет

болды. Бұл оңай тапсырма емес еді. Өйткені дұшпан қаланы қайтып алу үшін ұшақпен үстімізден бас көтертпей бомбалады. Осының салдарынан жанымыздағы бауырларымыздың біразынан айырылды.

13 қазан күні кешке таман бригадамыз кезекті бұйрықты алды. Міндет-Қаратай мен Большой Иван көлдері аралығында орналасқан немістердің қорғанысын бұзып, Новосокольники - Невель учаскесіндегі теміржолды қирату және Изоча стансасын бағындыру. Бұл тапсырманы орындау үшін Большой Иван көлімен Қаратай көлінің арасындағы қыл өзектен өту керек. Өзектен өту үшін көпір салу керек. Бұл міндет саперлерге жүктелді.

Шабуыл 15 қазан күні таңертең басталу керек болды. Түнде саперлер жетті. Мұнан соң көпірге біздің атқыштар батальоны, оның артынан артиллеристер келгенде әлі қараңғылық басып тұрған. Саперлер жау оқтарын жаудырып тұрғанына қарамастан көпірді тұрғызды, сөйтіп біздің бөлімшелердің каналдың арғы бетіне өтуіне жағдай жасады. Шығын көп болды. Көпірді қайта тұрғызған жүз саперден олардың жартысы ғана аман қалды.

Бригада басшылығы соңғы минуттарда операцияның алғашқы жоспарына өзгеріс енгізді. Жаяу әскерлердің шабуылы алдында артиллеристер «іске кірісуі» керек еді. Ол ой іске аспайтын болды. Жауға күтпеген жерден, тұтқиылдан шабуыл жасау жөнінде шешім қабылданды. Барлық артиллерия, бір батериядан басқасы түгел жаяу әскерден кейін жылжуға тиіс болды. Батарейя шабуылды қолдау үшін және жаудың артиллериялық, минометтік атыстарына тосқауыл қою үшін кейінге қалдырылды.

Дивизионның командалық пункті шағын блиндажға орын тепті. Блиндаждың сол жағы орманға ұласса, оң жағы ашық алаңқай. Ол Стефановадан Зайваньеге баратын жолмен шектесіп жатты.

Таңертең күн шашырай сәулелерін төккеде жан-жақ тыныштық құшағында тербеліп тұрған. Енді санаулы минуттардан кейін соғыс қарулары гүрсілге басып, төңіректі азан-казан қылатыны басқа кіретін емес.

Таңғы алты шамасында жаяу әскер көпірден өтіп, Зайваньеге кірді. Немістер біз шабуыл жасайды деп ойлаған жоқ. Адам төзгісіз атыс басталды да кетті.

Немістер де күшіне мінді. Артиллериядан оқ жаудырды. Деревня түтінге оранды. Біздің артиллерия да жаяу әскермен бірге жаудың атыс нүктелерін дәл көздеп, мақсатына жетіп келеді.

Операцияның дамуы жаман емес. Атқыштарымыз жаудың төпелеген оғына қарамастан теміржолды бетке алды. Артиллеристердің де қимылдары көңіл қуантады. Операцияның ойдағыдай жүріп жатқаны жау жағындағы атыстың баяулағаны анық айғақтайтын.

Біздің взвод ақыры теміржолға жетті. Нығайып алатын кез-ақ. Бірақ бұдан ештеңе шықпады. Байланыстың болмауы, әзіресе оқ-дәрінің таусылғаны өкінішке қалдырды. Оқ-дәрінің жетіспеушілігі соғыстың алғашқы жылында ерекше байқалған. Бұл жолы да сан соқтыруда. Оқ - дәрінің қоры онсыз да көңіл көншітпейтін.

Атқыштар бөлімшелері теміржолға жеткендерімен, ары қарай жүруге мүмкіндіктері болмады. Бұл майор Емельян Кожемякиннің автоматшылар батальоны еді. Немістер теміржолдан айырғылары келмеді.

Олар жан-жақтан жиналып, қарсы шабуылға дайындалып жатты.

Биік жотадан оқ борай бастады. Немістер патрондарын аяп жатқан жоқ. Үсті-үстіне төпелейді. Бізде шығын азаяр емес. Көптеген жауынгерлер, офицерлер қатардан шықты. Материалдық жағдайымыз да мәз емес. Тек тасадағы батарея ғана үнемдеген оқтарымен жауға жауап берген болады. Бригада бөлімшелері түн ортасында көпір арқылы Изоча стансасын бетке алды. Таңертең стансаны шабуылдауға кірістік.

Бір ғана автоматшылар батальонымен теміржол стансасын қорғап тұру мүмкін емес еді. Көрші дивизиядан да көмек келмей қойды. Келесі таңертеңгілік майор Омар Сырлыбаевтің атқыштар батальоны артиллерияның қолдауымен екінші рет стансаға шабуыл жасады. Ұрыс түске



дейін тоқтамады. Ақырында стансаны басып алдық. Бұл жеңісіміз ары қарай да жалғасын тапты.

Атқыштар бригадасы Қаратай өзенінің жағасында бір айға жуық жауды бір қадам да ілгері жылжытпауы үшін барынша шайқасты. Аруақтары риза болсын,мына майдандастарымның аты-жөндерін бөле-жара айтқым келеді:лейтенант Петр Байковтың танкке қарсы взводы, Сергей Кучиннің пулемет ротасы,Александр Поповтың пулемет расчеті, ефрейтор Сағыбай Албаев, қатардағы жауынгер Александр Ширинкин, аға сержант Мырзағали Усаев, сержанттар Әуез Садықов, Хамза Меңдіханов, Хакім Оразов, Алмасбек Мусаев, Олжай Траисов, Асан Баймолдин, Әбікен Сейсенбеков, минометшілер Төленді Райзақов, Дмитрий Шишкин, аға лейтенант Ж.Жамалбеков, лейтенант Құрманғалиев және тағы басқалар.

Невельдің солтүстік-батыс бағытындағы шайқаста майор Кузнецовтің екінші батальоны айрықша көзге түсті. Батальондағы қазақ жігіттері аға лейтенант Масалим Төлеуғалиев, сондай-ақ Тәкен Майшинов ,Сәрсенбай Бөрібаев, Ахметқазы Болатов, Кенжағли Құттықұлов, Ғарифулла Кенжағалиев, минометші Сасық Иманқұлов, барлаушы Жаңаберген Әлімбаев жаудың шабуылына нағыз ерлерше қарсы тұра білді.

Жүзінші бригаданың Невель түбіндегі ұрыс-қимылдарын үшінші екпінді армияның қолбасшысы, генерал-лейтенант Кузьма Галицкий жоғары бағалады. Ол өзінің «Сұрапыл сын жылдары» деген кітабында былай деді: «Невельдің оң жағында жаудың күшті шабуылына жүзінші атқыштар бригадасы ойдағыдай төтеп берді. Оның құрамында жаумен ерлерше және жан қия шайқасқан көптеген қазақ жауынгерлері болды. Бригада дұшпанның барлық қарсы шабуылдарын тойтарып, қорғаныста аса зор табандылық көрсетті».

Сұрапыл сол күндері қазақ азаматы, білікті командир Әбілхайыр Баймолдиннің Невель қаласының коменданты болғанын айта кеткім келеді.

– Сіздердің бригадаларыңызда қазақтың батыр қызы

Мәншүк Мәметованың болғанын жақсы білеміз. Мәншүк туралы не айтар едіңіз?

– Мәншүк алғашқыда штабта писарь болып істеді. Шамалыдан кейін санитарлыққа ауысты. Бірақ ол бұл қызметке қанағаттана қойған жоқ. Оның бар мақсаты қолына қару алып, жаудан кек алу еді. Ақырында пулемет батальонына қабылданды. Несін айтасыз, қаршадай қыз үздік пулеметші болып шықты.

Алғаш пулемет тұтқасын ұстаған кезі де есімізде. 1942 жылдың қаңтары. Бурцево деревнясы үшін ұрыс болып жатқан сәт. Жаралыларды таңып жүрген Мәншүк сол жағындағы пулеметтің үнсіз қалғанын байқайды. Пулеметші қаза тапқан екен. Пулемет жанына келіп, жауды нысанаға алады. Неміс снайпері де қырағы екен. Байқап қалады. Мұны сезген Мәншүк жылдам пулеметін ауыстыра қояды. Жау оғы тимей тек жанап өтеді.

Ұрыстан кейін жанындағылар Мәншүкті ортаға алса, сырт киімінің, бас киімінің сыртынан оқтың жарықшағының ізін көреді. Бәрі: «Қазақтың қызынан оқтың өзі қорқады» деп күліпті.

Қиын сәттерде жолдасқа қол созу Мәншүкке тән қасиет еді. Бұл туралы бригаданың кіші лейтенанты Болат Ахметжановтың екеуара әңгімеде былайша сыр бөліскені бар. 1943 жылдың 11 қазанында Болат қызмет ететін дивизион Изочи стансасын азат етуге қатысу жөнінде тапсырма алып, Мәншүк те бір мүшесі болып саналатын батальонға қосылады. «Таңертең ертемен шайқас басталды. Алғашқы қадамымыз жаман болмады. Бірақ, немістер қарсы шабуылға шығып, едәуір есеңгіретіп жіберді. Көп шығынға ұшырадық. Амалсыз кейін шегіндік. Шегініп бара жатып Мәншүкті көріп қалдым. Пулеметіне жабысып алып, оқты боратып жатыр. Басы жаралы секілді. Жақын келіп, бізбен бірге жүруге кеңес бердім. «Жүре бер. Егер мен болмасам сендерді кім қалқалайды» дейді. Мен: «Сен немене барлық немісті бір өзің қырмақпысың. Қане, жүр» деймін. «Бара беріңіздер, әйтпесе өлім құшасыздар» деп атуын жалғастыра берді. Оның айтқан сөзінен қайтпайтыны белгілі. Амалсыз,

біз кете бердік. Кейін сезіп жатырмыз. Егер Мәншүк бізді сақтап қалмағанда, аман қалуымыз екіталай-тын» дейді Болат.

Мәншүк «Максим» пулеметімен талай дұшпанды жер жастандырды. Сөйтіп, 1943 жылдың 15 қазанында ерлікпен қаза тапты.

Бригада атынан бір топ қарулас жолдастарымыз Мәншүктің анасы Әмина апамызға көңіл айту хатын жолдады. Осында Мәншүктің отансүйгіштігі, ержүректігі, қайтпас қайсарлығы атап көрсетілді.

Мәншүктің ерлігі елімізге, әсіресе, республикамызға тез тарады. 1943 жылы желтоқсанда газеттерде Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі Б.Хасенова мен облатком төрағасының орынбасары Ф.Закированың хаты жарияланды. Онда облыстағы әйелдердің жеңіс күнін жақындату үшін тылда екпінді еңбек етіп жатқандарын, Қорғаныс қорына бес миллион сом қаржы аударғандарын, оны танк жасауға жұмсап, ол танкке Мәншүктің есімін беруді өтінеді. Бұл Мәншүкке деген халық сүйіспеншілігінің бір көрінісі.

– Мәншүк есімі аталғанда онымен қатар жүріп, жаумен шайқасқан Ыбырайым Сүлейменовтің де есімі ауызға алынады. Кейбір ақпараттардан біліп жатырмыз, Ыбырайым құралайды көзге атқан мерген болыпты...

– Ыбырайым Мәншүкті туған қарындасындай ерекше құрметтейтін. Әр кезде де амандығын тілеп, қамқорлық жасап жүрді. Мұны Мәншүк те сезетін. Өзінің ешкімге айтпайтын сырын Ыбырайым ағасымен ғана бөлісетін.

Ыбырайым Жамбыл облысы Красногор ауданының түлегі. Соғысқа дейін тракторшы болған. Өке-шешесі шаруа адамдары екен. Үйленген. Қызды болған. Жүзінші бригадаға келгенде капитан Ф.Ушаков басқаратын батальонға тап болды. Батальон комиссары капитан Райымжан Әшкеев еді. «Біздің Сүлейменовке ешкім тең келмейді. Сүлейменовтен асқан мерген жоқ. Мерген десең мерген. Атқан оғы бос кетпейді» деп Ушаковтың өзі аспанға көтеріп мақтап отыратын.

Ыбырайымға жауынгерліктің қыр-сырын үйреткен

өзінің комиссары Райымжан болды. Оның сөздерін зор ықыласпен тыңдайтын. Туысындай сезінді. Райымжанмен бірге жүрсе жау алмайтындай, ешқандай кедергілер кездеспейтіндей көрінетін. Райымжан тек басшы ғана емес, ақылшысы, кеңесшісі бола білді. Сүлейменовке 470 000 нөмірлі снайперлік винтовканы өз қолымен берген Әшкеев еді. «Ыбырайым, мынау винтовканың нөмірі 47 және төрт нөл екен. Алғашқы екі санындай жауды жайрат» дейді Райымжан. «Ол аз, жолдас капитан. Ол екі сандай емес, алғы үш санындай немісті жоямын» деп жауап береді Ыбырайым.

Ыбырайым сөзінде тұрды деуге болады. Немістермен арпалыста 280 фашистің көзін жойды. Егер ол соғыстың аяғына дейін тірі болғанда Райымжанға берген уәдесінен шыққан болар еді.

Бір мылтық оған місе болмады. Сұрап жүріп екінші снайпердік винтовканы алды. Сөйтіп, қос винтовкамен, бір автоматпен ұрысқа кірісті. Кейбіреулер бір мылтықтың өзін ауырсынғанда бұл екі винтовка асынып, бір автомат пен бір қапшық оқты арқасына салып жүрді. Кейбір жолдастары: «Ыбырайым, сен анау зеңбіректің бірін бөліңе байлап ал. Танк кездесіп қалса керек болады» деп әзілдейді екен.

1943 жылдың сәуірінде мергендер жарысы болды. Алты жүз метрге нысана қойылды. Шарт бойынша сегіз оқтың біреуін тигізген кісі үшінші орын, екеуін тигізген екінші орын, үшеуін тигізген бірінші орын алады». Маған үш оқ та жетеді» деген Ыбырайым қалған бес оқты қайтарып берді. Жұрт таңғалып жатыр. Бір кезде мылтық тарс ете қалғанда үш оқ қатар шықты». Үшеуі де дәл тид» деген хабар жетті». Бас бәйге Сүлейменовтікі» деді сайысқа қатысып отырған генерал-лейтенант Кузьма Галицкий. Жанындағы адъютанты бастығы байқамай қалды ма деп ойлады ма екен: «Бір снайпер сегіз оқтан төрт оқты нысанаға дәл тигізді» деп сыбырлады. Сол кезде генерал жарқын үнмен: «Бас бәйге Сүлейменовтікі. Өйткені ол үш оқты да тигізетінін айтқан, сөзінде тұрды» деді. Содан соң Ыбырайымды қасына шақырып: «Жолдас Сүлейменов, сізді батырлығыңыз бен ақылдылығыңыз үшін үкімет атынан «Қызыл Жұлдыз»

орденімен марапаттаймын!» деп орденді мергеннің кеудесіне қадады. Сірә бұл алдын-ала шешілген ұйғарым болса керек.

Амал нешік. Біз Мәншүктен де Ыбырайыммен де, Невель түбінде болған шайқас кезінде айырылды. Бұл біз үшін үлкен қаза болды. Екеуі де қаруластар арасында сыйлы, әрі жауынан сескенбей, қарсы ұмтылған ержүрек жақындарымыз еді.

Невель қаласын жаудан тазартқан күні Мәншүк пен Ыбырайым жерленген бейіт басында қаралы жиын болды. Әлі топырағы кеуіп үлгірмеген жас бейіттің біреуінде «Пулеметші Мәншүк Мәметова. 1922-1943» деп, екіншісіне «Снайпер Ыбырайым Сүлейменов. 1911-1943» деп жазылған.

Бейіттердің басында бригада командирінің екі орынбасары-подполковник Әбілқайыр Баймолдин мен Сақтаған Бәйішев тұрды. Артиллерия дивизионының командирі, капитан Дейчук олардың қасына барып, әскердің сапқа тұрғанын мәлімдеді. Содан соң әр бөлімшенің туын көтерген жауынгерлер екі бейіттің екі жағына келіп орналасты. Бейіттердің төменгі жағына оркестр взводы бой түзеді.

Баймолдин әскердің алдына шығып, «Бригада, равняйсь!» деп команда берді. Мұнан соң: «Смирно! Равнение на середину» деген бұйрық естілді. Екі подполковниктің бірі Сүлейменовтің, бірі Мәметованың қарсысына барып тоқтаған кезде оркестр қаралы маршты ойнап қоя берді. Мұны естіген жергілікті тұрғындар да алаңға жинала бастады. Қаралы әуен сай-сүйекті сырқыратқандай болды. Ол тоқтаған кезде Баймолдин «Вольно!» деп команда берді.

Митингіні Баймолдин ашқаннан кейін сөзді Бәйішев алды:

– Невель үшін ұрыстарда бригаданың көптеген жауынгерлері мен командирлері ерлікпен қаза тапты. Солардың екеуі мына қос қабірдің ішінде жатыр. Бұлардың есімдері-пулеметші Мәншүк Мәметова, мерген Ыбырайым Сүлейменов. Екеуі де Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылды. Екеуінің де сүйегі Невель қалалық кеңесінің ұйғаруы бойынша осы жерге жерленді, - деді.

Подполковник сөзін аяқтағаннан кейін: «Қош,

қарындасым! Қош, бауырым!» деп екі қабірдің үстін алақанымен сипады. Бәйішевтің сөзінен кейін жаяу әскер командирлерінің бірі сөйледі. Әзілхан Нұршайықов Мәншүкке арнаған өлеңін оқыды.

Соңғы сөз тұрғындар атынан қалалық комсомол комитетінің хатшысы болып істейтін сұңғақ бойлы, ақсары орыс қызына берілді. Онымен бірге ортаға қолдарына бір-бір тал жіңішке шыбық ұстаған бір топ қыз шықты. Бұл қыздардың шығуында да мән бар екен. Қазақ аңызындағы қырық қыз жөнінде Баймолдиннен естіпті. Ақылды, парасатты ару қырық қыздың қоршауында жүреді екен.

— Міне орыстың қырық қызы Мәншүкті ортаға алып, ерлігіне бас иіп тұр. Ертеңдері осы жерде қырық түп ақ қайың өседі. Ол ақ қайындар қазақтың батыр қызын кірпік қақпай күзетіп тұратын болады. Сол қайыңның түбінде қыздар Мәншүкті еске алып жоқтайды., - деген кезде толқымаған жан болмады.

Одан әрі ол қала коменданты, подполковник Баймолдиннің ұсынысы бойынша, еңбекшілер депутаттары Невель қалалық кеңесінің шешіміне сәйкес қаланың екі көшесіне Мәншүк пен Ыбырайымның есімдері берілгенін айтты.

Осыдан кейін Баймолдиннің командасымен ту ұстаушылар қолдарындағы туларды қабірлердің үстіне еңкейтті. Батырлар құрметіне үш дүркін салют берілді.

— Жауынгерлер, бұл күн әрдайым естеріңде болсын. Қаһармандарды ешқашан ұмытпаңдар. Енді жаңа тапсырмаларды орындауға жолға шығамыз,- деді Баймолдин. Мұнан соң әскер бейітті аралап шықты да қаланың орталығына беттеді. Кетіп бара жатып, көше бойындағы «Мәншүк Мәметова көшесі» деген жазу көзімізге оттай басылды.

— Подполковник Баймолдиннің қаланың әскери коменданты болғаны айтылып қалды. Бұл сол уақыттары жауапкершілігі зор үлкен міндет қой...

— Әрине, үлкен міндет. Бұл жауапты қызмет кім болса соған тапсырыла бермейді. Қаланың, ондағы адамдардың тағдыры комендант қолында болады.

Әбілхайыр жауапты қызметті қазанның алтысынан отыз біріне дейін атқарды. Оның коменданттығы армиялық көлемдегі қызмет болатын. Барлық дивизиялар мен бригадалардағы командирлерге әмірі жүрді. Осы еңбегі үшін бірінші дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды, полковник атағына ұсынылды. Жау алыстаған соң Невельді басқару ісін қалалық кеңеске өткізіп, бригададағы қызметіне келді.

Әбілхайыр 1909 жылы Павлодар облысының Лебяжье ауданындағы Тақыр деген ауылында туған. 1928 жылы кеңес-партия мектебін бітіреді. Аудандық комсомол комитетінің хатшысы болған. 1931 жылдан Алматыдағы Қазақ атты әскер бөлімінде эскадрон политругі болып қызмет істеді. 1938 жылы Хасан көлі маңында жапон сұмырайларына қарсы ұрысқа қатысып, «Ерлігі үшін» меделімен марапатталған.

1941 жылы Мәскеудегі әскери-саяси академияны бітіріп, генерал-майор Л.Доватордың екінші гвардиялық атты әскери корпусындағы төртінші полктің комиссары болды. Бұл корпус Мәскеу түбіндегі шайқастарда генерал-майор И.Панфиловтың дивизиясымен бірге сол кездегі ел астанасын жаудан қорғауға қатысты. Сол шайқастарда Баймолдиннің полкі де фашистерге мықтап соққы берді. Осы ұрыста ерекше ерлік көрсетіп, «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды. Жараланып, емделгеннен кейін майданға қайта келіп, полк командирі болып тағайындалды. Полк Смоленск жеріндегі ұрыстарға қатысып, жауға тойтарыс береді. Осы жолы ол «Қызыл Ту» оденімен марапатталып, корпус штабының комиссары деңгейіне дейін көтеріледі. Комиссарлық қызмет жойылған соң, Мәскеудегі Жоғарғы офицерлік мектептің жанындағы командирлер даярлайтын алты айлық курсты бітіреді. Содан Калинин майданына келіп, жүзінші бригадаға жіберіледі.

1943 жылдың желтоқсанында 31-невельдік бригада мен жүзінші бригада негізінде бірінші атқыштар дивизиясы құрылды. Баймолдин осы дивизия командирінің орынбасары болып тағайындалады.

Баймолдин аяғына атты әскердің ақ шпорлы етігін киіп,

иығына Чапаевша бурка жамылып жүретін дембелше келген, қою қара қасты, көздерінен жалт-жұлт еткен ұшқын шашып тұратын адам еді.

Нағыз командир саналған Баймолдин 1944 жылдың 4 қаңтарында біздің әскерлердің Новосокольникке шабуылы кезінде ерлікпен қаза болды.

Подполковник Баймолдиннің бәрімізге белгілі бір әдеті болатын. Бригада қандай жағдайда болса да, жігіттер саз кешіп, не қарға омбылап келе жатсын батальондар мен дивизиондарды аралап шығатын. Кейде ат үстінде тұрып, кейде атынан түсіп, коллоннаны басында жаяу күтіп тұратын. Сосын: «Жігіттер, хал қалай?» деп жайраңдай амандасатын. Осы бір ауыз сөздің өзі жауынгерлерге күш-қуат беретін.

Асыл азамат кеше өзі комендант болып, жаудан тазартқан Невель қаласында жерленді. Мәншүк пен Ыбырайымның бейіттері жанында сөз сөйлеп, Отанды жаудан толық қорғауға ант берген еді. Сол ант адал орындалды. Қазақ командирі ел есінде мәңгілікке қалды.

– Сіз бір әңгімеңізде елден келген хаттардың жауынгерлердің рухын, көңіл-күйін көтеруде ерекше маңызды болғанын айтып едіңіз. Әсіресе, Жамбылдың «Балама хат» деген өлеңі зор серпін туғызған сияқты...

– Расында да, елден келген хаттар бойға шуақ құйып, күш-жігерімізді тасытты. 1943 жылдың 6 ақпанында «Правда» газетінде «Қазақ халқының майдангер қазақтарға хаты» жарияланды. Бұл хаттың әсері айырықша болды. Онда намысты жанатын, өмірге деген құштарлығымызды арттыратын сөздер мол еді. Хат басқосуларда кеңінен талқыланды.

Тағы бір назар аударған оқиға, Жамбыл Жабаеттың бригаданың «Сталин үшін алға» газетінде жарияланған «Балама хат» өлеңі болды. Өлең тек ақынның баласын ғана емес, өзгелерді де жеңіске ұмтылдырып еді. Бұл өзі барлық майдангерлерге арналған үндеудей әсер етті. Өлеңнің соңында мынандай жолдар бар болатын:

*Аянба, балам, аянба!*

*Бәлекет сонда аршылар.*

*Алгадай ылғый алда бол,*



*Аянған адам болмақ қор.  
Бәйгеге барын тігемін  
Сендерге арнап осы жол.  
Достарыңа осыны айт,  
Жауларыңды жеңіп қайт!  
Айтарым, арнап саған сол.*

Бригаданың саяси бөлімі Жамбылға жауап жазу керектігі жөнінде шешім қабылдады. Бұл тапсырма сол уақытта ақындығымен көзге түскен, артиллерия сержанты Өзілхан Нұршайықовқа жүктелді.

Өзілхан кейін осы тапсырманың қалай орындалғаны жөнінде былай әңгімелегені бар: Бір күні мені 100-бригаданың штабына шақырды. Барған бойда майдандық газет редакторы, капитан Қасым Шәріпов Жамбылдың газетке басылған «Балама хат» деген өлеңін қолыма ұстатты. Оқып шықтым. «Бұл Жамбылдың майдандағы Алғадай деген ұлына және оның жолдастарына жазған хаты,- деді капитан. Сонымен бірге бұл жалғыз Алғадайға ғана емес, соғыста жүрген бәрімізге арналған хат. Сол себептен бригада басшылары Жамбыл жолдасқа жауап жазу керек деп ұйғарды. Подполковник Бәйішев жолдас ол хатты өлеңмен жазуды сізге тапсырды. Ұқтыңыз ба, жолдас сержант!» Шәріпов жұрттың бәрімен тек қана «сіз», «жолдас» деп сөйлесетін.» Ұқтым, жолдас капитан» дедім.

Мен өзіме жүктелген өте жауапты тапсырманы орындауға тырыстым. Бригада газетінің редакциясында үш күн отырып, «Атамыз Жамбыл ақынға» деген ұзақ өлеңді жаздым. Онда жаяу әскер Қарабек Бұрышевтің, зеңбірекшілер Әбдірахман Бимурзиннің, Мырзаби Ерназаровтың, бригада мергені Ыбырайым Сүлейменовтің және басқалардың ерліктерін баяндадым. Хатқа 100-атқыштар бригадасы командирлері мен жауынгерлерінің, саяси қызметкерлерінің атынан 25 адамның қолы қойылып, Қазақстанға жіберілді. Ең алдымен менің қолым қойылды. Оны қойған өзім емес, подполковник Бәйішев. Ең соңына Бәйішев өз қолын қойды».

Өлең-хаттың мәтіні мынау:

АТАМЫЗ ЖАМБЫЛ АҚЫНҒА  
(Н. құрамасы жауынгерлерінің хаты)

Қазақ поэзиясының алыбы, халық ғасыры қарт Жамбыл, Сізге, Н. қазақ құрамасының жауынгерлері майданнан жалынды сәлем жолдап, қолыңызды қатты қысады. Біз жауынгерлер бұл хатты әрқайсымыз өз үйімізге жазып отырғандай сезіммен, адал жүрегімізбен алтын күннің әлемге нұр шашқан жазына көз тіге, сүйікті қазақ даласын көзге елестете отырып, Сізге жолдаймыз. Сізді өзіміздің туған әкеміздей ыстық махаббатпен сағынып еске аламыз.

Қажырлы әкеміз, Жамбыл! Сіздің «Балама хат» деген өлеңіңіз таң алдындағы шығыстың майда желіндей желпіп бізге жетті. Біздің жігерімізді тасытты. Біз бәріміз де, осы хатты жазып отырғандар, батыр достарымыз туралы Сіздің тәтті жырларыңызды тағы да оқимыз деген үміттеміз.

Тыңдаңыз қарт, ұлдарыңыздың үнін:

*Әкеміз Жамбыл алыстан,  
Ғасырды көрген данышпан,  
Тыңдап құлақ салыңыз,  
Ұлдарыңның майданнан  
Жауынгерлік сәлемін,  
Қабыл көріп алыңыз.  
Ұлыңды батыр сансыз мың  
Желіндей желпіп жеңістің  
Жетті сіздің хатыңыз.  
Жолдаған сәлем жүректен,  
Жалынды ұшқыр тілекпен,  
Күш берді, қарт атыңыз.  
Уа, қадірлі ата жан,  
Ұлы жолға аттанған  
Ұлдарыңа сеніңіз:  
Жауды аяусыз қырамыз,  
Тұрғызбастай ұрамыз,  
Тазарғанша еліміз!  
Көкорай шалғын көліміз,  
Асу асқар беліміз,  
Босанғанша жеріміз*

Тоқтамаймыз бір минут  
Таусылмаса деміміз!  
Фашист деген зұлым жау  
Ойнамайды, күлмейді,  
Адамның тілін білмейді,  
Кісі өлтіру, қан ішу, —  
Өзгені көзге ілмейді.  
Сөйлесу керек олармен:  
Қызыл оттың тілімен,  
Көк зеңбірек үнімен,  
Үшқыр оқтың сөзімен,  
Егеулі найза өзімен,  
Болат қанжар жүзімен,  
Ұғады соны немістер,  
Түсінеді шынымен.  
Осындай сұмның талайын  
Келтіріп тілге үйреттік,  
Ат артына сүйреттік,  
Аз келгенін аздырып,  
Бір-бірлеп тобын сиреттік.  
Қызыл отты қақ жарып!  
Жауған оққа қасарып,  
Дұшпанның жатқан жеріне  
Іркілмей кірді ол барып  
Жүректі батыр Бұрышев  
Гранатын қолға алып.  
Қас батырша толғанып,  
Бірін оңға құлатып,  
Бірін солға сұлатып,  
Қырғыйдай тиді неміске  
Жаңбырша оғын боратып,  
Батыр ұлың Баймұрзин  
(Әбдірахман өз аты)  
Ойып түсер дұшпанын  
Жігіттің өткір болаты.  
Ежелгі жауын көргенде,  
Асығып сабыр тағаты,

Қырып салар қынадай  
Жеткенде мезгіл сағаты.  
Жау құтылып кетер деп  
Үзбей сірә күдерді,  
Жылдамдығы нажағай,  
Қыймылы жай оғындай,  
Жасымайтын жігерлі,  
Бір ұрыстың үстінде  
Фашистің бес танкісін  
Бір-бірлеп өртеп жіберді. »  
Көк зеңбірек сүйреткен  
Егескен жауы күйреткен  
Ерназаров Мырзабай,  
Ұлыңыз ол да асқан ер.  
Ұшқан құсты ілетін  
Желдей жүйрік жүгірер,  
Ауыздықпен алысып,  
Зеңбіректі тартатын,  
Кедергі болмай ылдый, өр.  
Жаяу әскер соңынан  
Көмек берді әрқашан  
Қанатсыз ұиқыш жігіттер.  
Атқаны аумаи тиетін,  
Топ-тобымен үйетін:  
Талайын жойып дұшпанның  
Үш танкісін қиратты.  
Жауды тынбай өлтіру  
Ісі еді оның сүйетін.  
Қырағы қырдың қыраны,  
Даланың ор қояны,  
Таудың жүйрік бұланы,  
Немістерді екі жүз  
Отыз тоғыз өлтірген  
Сүлейменов Ыбырайым  
Қазақтың батыр ұланы.  
Ашкейұлы Райымжан,  
Талай батыр баулыған,

*Ақылды басшы капитан,  
Ұрыста салқын сабырлы,  
Қырандарын өрбітіп  
Жеңіске бастап жүрді сан.  
Толып жатыр осындай  
Қаһарман батыр жігіттер,  
Өзіңнің шешен тіліңмен,  
Бұлбұлдай тәтті үніңмен  
Ұлдарыңды кемеңгер  
Әлемге айқын жырлап бер!  
Сұм фашисті, атажан,  
Қарыс сүйем ілгері  
Бастырмаймыз, жеңеміз!  
Сіз арқылы халыққа  
Осылай серт береміз!  
Хош болыңыз, қарт ата,  
Ұсындық, міне, қолымыз.  
Талай жылдап тағы да  
Сау-саламат болыңыз.  
Ұлдарыңның жеңісін  
Көзіңізбен көріңіз.  
Асыл сөзбен ерлерді  
Елге жырлап беріңіз!*

Н. құрамасының жауынгерлері, командирлері мен саяси қызметкерлерінің тапсыруы бойынша: орденді жас ақын, сержант Нұршаихов Әзілхан, қос орденді мерген Сүлейменов Ыбырайым, орденді лейтенант Хұсаинов Мәті, капитан Барманқұлов Олжабай, медальді мерген Матаев Заманбек, капитан Шарипов Қасым, медальді сержант Мамырбаев Әлімжан, лейтенант Назаров Ислам, орденді үлкен лейтенант Исин Мәулен, қос орденді үлкен лейтенант Біләлов Әділ, әскери дәрігер Сырлыбаева Мәриям, майор Досанов Әбдірахман, орденді қызыләскер Әбдікәримов Біргебай, орденді қызыләскер Омарбаев Мұқан, үлкен лейтенант Мақамбаев Нұрділдә, капитан Қасымов Қани, үлкен лейтенант Өтеев Шазада, капитан Дүйсембеков Ғайса, капитан Исатаев Ыдырыс, медальді лейтенант Омаров

Бексұлтан, лейтенант Қабдуллинов Қалижар, үлкен лейтенант Рахымжанов Балабек, үлкен лейтенант Қасқаруов Жылқыбай, медальді үлкен сержант Баталов Жүсіп, подполковник Бәйішев Сақтаған.

Майдандағы Армия.

25 адам қол қойған.

Арада екі ай өткенде, 1943 жылдың мамырының аяқ кезінде Жамбылдан майдандағы бізге жауап келді. Ақынның жүзінші бригадаға арнаған «Жүз жасаған жүректен» деген толғауы бригада газетінде жарияланды. Жәкеңнен жауап келгеніне бас киімімізді төбеге атып, қатты қуандық. Жауап өлеңнің бір ерекшелігі онда бірқатар жауынгерлердің аты-жөндері көрсетілген.

Бұл да бір тарих қой. Жамбыл атамыздың сол өлеңін де оқырман қауымға ұсына кетейін:

### ЖҮЗ ЖАСАҒАН ЖҮРЕКТЕН (Жамбылдың жауабы)

*Өңкей өрім балалар,  
Қолымыздан өсірген!  
Ар азығын алғандар  
Ананың ақ төсінен!  
«Аталасаң» еркелеп  
Орын берем қасымнан.  
Сендер едің сол бөбек  
Оң тіземе асылған,  
Айтушы едім мен ертеқ  
Қыйлы заман ғасырдан,  
Ұға білсең, боп зерек  
Көңілім судай тасыған.  
Өжет едің жасыңнан:  
Шығармаймын есімнен:  
Сендер үшін басынан  
Талай күнді ел кешірген...*

Ержеткізген осылай  
Жасқандырмай ешкімнен!  
Елдің қамқор досындай  
Ер кәдесі ескіден.  
Жау жағадан алғанда,  
Аттандырдық майданға:  
«Жауға ойран сал!» – десумен,  
Сендер қолқа салғанда,  
Жырды аяйын несін мен!  
Қарақтарым оқыдым!  
Хаттарыңды арнаған.  
Батырлықты тоқыдым  
Бұрын құлақ шалмаған.  
Неше алуан ел өткен  
Мұндай ерлік болмаған.  
Қаһарың жер тербеткен,  
Қайрат берген сол маған;  
Баймұрзин мен Бұрышев.  
Жауған оқтан таймаған.  
Танктермен ұрысып  
Нажағайша ойнаған.  
Ыбырайым, Мырзабай  
Жау қыруға тоймаған,  
Көзегенге боп қырғый  
Көрінгенді қоймаған.  
Кеңес етіп соны ылғый,  
Күндіз түні ойланам:  
Сол батырлық болып күй,  
Өлеңімді қозғаған.  
Қайсы бірін айтамын,  
Көңілімді толғаған.  
Хаттарыңнан байқадым:  
Батырлықтың келбетін,  
Мұздай темір құрсаңған,  
Жауар күндей томсарған,  
Қамал бұзып, жол салған!  
Қол алдында көсемі

*Жеңу жолын болжаған.  
Несін аяр туған ел,  
Өзі өсірген баладан!  
Есіл-дерті бір сендер,  
Зор үмітпен қараған,  
Береді деп біле бер  
Керегіңді ел қалаған!  
Білем: қатты майдан бар!  
Көп жер жатыр жау алған.  
Жау қолында қалғандар  
Қанды азапта қаналған...  
Уа, қарағым, балалар!  
Ер бол демей не дейін,  
Ереуілді майданда  
Үстем болсын мерейің!  
Жауды қырып айдауға,  
Талмай көмек берейін.  
Дүбір қосып айғайға  
Қызыл тілді жебейін.  
Сендерге өлең айтқанға  
Еш шаршадым демейін.  
Қан майдан боп жатқанда,  
Қарлығар ма көмейім!  
Жүз жасаған жүректен  
Жырларымды төгейін.  
Көктемнің күніндей,  
Жауды жеңіп, күлімдеп,  
Келгеніңді көрейін!  
Қаһарманым, күнім деп,  
Беттеріңнен өбейін!*

– 100-шінің соңғы кездердегі жағдайы қалай болды?

– Бригада негізінен соғыс уақытында Калинин майданында шайқасты. 22, 39, 3-екпінді және 6-шы гвардиялық армиялардың құрамында Молодой Туд, Великие луки, Невель, Новосокольники қалаларын, үш жүзден аса деревняны жаудан азат етті.

Бригада 1943 жылы 12 желтоқсанда 31-атқыштар бри-



гадасымен бірігіп, 1-ші атқыштар дивизиясы болып қайта құрылды. Бұл дивизия 1-ші және 2-ші Беларусь майдандарында 70-армияның құрамында болып, Брест қаласын жаудан тазартты. Сондықтан оған 1-Брест атқыштар дивизиясы деген құрметті атақ берілді. Одан кейін Польша астанасы Варшаваны азат ету ұрыстарына қатысты. Соғысты Германияның Висмар қаласында аяқтады.

Алматыдан майданға аттанарда бригада құрамында 4890 адам бар еді. Соғыс біткеннен кейін елге олардың 300-дейі ғана оралды. Олардың дені мүгедек.

Елге оралған қаруластарым туған еліміздің өркендеуі үшін жан аямай еңбек етті. Олардың ішінен елге танымал, жауапты қызметтердің тұтқасын ұстаған, әр саланың үздіктері атанған тұлғалар шықты. Реті келіп тұпқанда айта кетейін. Асқар Закарин, Қали Біләлов үкімет басшысының орынбасары, Әбдірахман Досанов Жоғарғы сот төрағасы, Егемқұл Тасанбаев, Рымбек Байсейітов, Қали Біләлов министр қызметін атқарды. Академик Сақтаған Бәйішов есімі жақсы таныс. Жазушы-журналистер Тахауи Ахтанов, Өзілхан Нұршайықов, Қасым Шәріпов, Жекен Жұмақанов, Амантай Байтанаев, Әлнұр Мейірбеков, кинорежиссерлер Сұлтан Хожықов, Мәжит Бегалин және басқалар бар.

Кешегі қан майданда жүзінші қазақ атқыштар бригадасы өз міндеттерін адал атқарып, нағыз патриоттықтың, отансүйгіштіктің үлгісін көрсетті. Олардың ерлік істерін бүгінгі жас ұрпақ ұмытпауы тиіс. Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран демейміз бе?

## ЖАҢААРҚАЛЫҚ ЖАУЫНГЕР

Тек Сәкен Сейфуллин атындағы совхоздың тұрғындары ғана емес, Жаңаарқа өңірінің азаматтары жақсы білетін соғыс ардагері, атпал азамат Боран Бұқаршинмен біз кешқұрым шаруашылық кеңсесінде кездестік. Бұйымтайымызды түсініп, мән-жайға қанық болғаннан кейін ол әлгінде ғана жүзіне үйірілген жайдары күлкіден тез арылып, бір сәт ой

теңізіне батып кетті. Қолындағы темекісін ауық-ауық тартып, ақырында оны бітіруге де айналды.

– Соғыста өткізген майдан жолдары дейсіңдер ме? Осындайда еске түсе қояр ма екен, – деп ақырын үн қатқан қарт жауынгер қойылған сауалдарға нақты әрі қысқаша жауап беріп отырды да сәлден кейін әңгіме тиегін ағыта жөнелді.

...Неміс-фашист басқыншылары туған елімізге тұтқиылдан шабуыл жасағанда Боран он тоғыз жаста болатын. Ол кезде Петропавловскідегі медициналық техникумның үшінші курсына оқитын-ды. Каникул уақыты еді. Гитлершіл қанқұмарлардың тыныш жатқан бейбіт елге опасыздықпен соғыс ашуы жас та болса оның да ашу-ыза-сын туғызды.

Көп ұзамай, бұл мақсаты да орындалып, 1941 жылдың тамыз айында армия қатарына шақырылды. Бірақ бұл жолы бірден соғысқа кірісіп кете қойған жоқ. Ең алдымен, өзі құралыптас жас жігіттермен бірге Суммискідегі артиллеристер даярлайтын училищеде оқып, қуатты әскери техниканың қыр-сырына әбден қанықты. Сөйтіп, аз уақытта әскери училищені үздік бітірген білімді де алғыр офицер болып шыға келді.

Саяси сенімі мығым, санасы жоғары жиырма жастағы офицер майдан жолын Курск иініндегі ұрыстардан бастады. Алғашқы шайқастардың өзінде-ақ тапқырлығымен, батылдығымен көзге түсе білді. Ол басқаратын взвод жауынгерлері жаудың шабуылына тойтарыс беруде нағыз ерлерше қимылдап, қаһармандық көрсетті. Солардың ішінде Василий Воеводин, Михайл Максимов, Нығматуллиндерді және басқа да қарулас жолдастарын әлі күнге ұмыта қойған жоқ.

– Ол жылдардың әңгімесін бір күнде айтып шығу мүмкін емес. Соғыстың аты соғыс. Тек қана жауды тезірек жеңуді, тек қана алға жылжуды білдік. Сол кездегі оқ пен оттың ортасында қан кешіп жүрген жауынгерлердің ойлаған мақсаттары да, көздеген ниеттері де туған елдің қасиетті топырағын жау аяғына таптатпау болды. Алдарына осындай зор мақсат қойған майдангерлер берген серттерінде тұра

білді. Әділеттілік үшін, елдің бостандығы үшін шайқасқан халқымыз ақырында жау ордасына жеңіс туын шалқыта желбіретті, – деді майдангер азамат ойлы пішінмен сөз арасында.

1008-ші полкте взвод командирі болған лейтенант Боран Бұқаршин майдан жолдарында талай қиындықтарды бастан өткерді. Бірнеше қалалар мен деревняларды жау қолынан азат етуде қаһармандық қасиет танытып, жанындағы серіктерін Отан тағдыры үшін аянбай күресуге жігерлендірді. Өзіміздің елді мекендерді айтпағанда Болгария, Румыния, Югославия, Австрия, Чехословакия жерлерін жау тырнағынан босатуда айырықша қайсарлық танытты. Оның кеудесінде осы елдердің астаналарын неміс фашистерінен азат етудегі ерлік істерін айғақтайтын медальдар жарқырайды. Сондай-ақ қайсар командир ел қорғаудағы қаһармандығы үшін Александр Невский, I және II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен наградталды. Ол үшін, әсіресе, алғашқы орденнің орны бөлек.

...1944 жыл болатын. Кишинев қаласына таяу жердегі шағын деревня маңында бұлар кезекті шабуылды күтіп жатты. Таң енді ағарып атып келе жатқан мезгіл-тін. Боран окопта жатқан жерінен тұрып, қолындағы дүрбісімен алдыңғы жақты шолып қарағанда өз көзіне өзі сенбеді. Деревняға жақын орналасқан күнбағыс өскен алқапта немістің төрт танкісінің тұрғанын аңғарып қалды. Олар қалың өскен күнбағыс арасынан онша көзге түсе де бермейтін. Кезекті шабуылды таңертең емес, кешке қарай бастауды күтіп жатқан біздің әскерлер жаудың бұл әрекетінен бейхабар-тын. Ол дереу жанындағы жауынгерлерді жылдам орындарынан тұрғызып, танкілерді атуға бұйрық берді.

– Атыңдар! Атыңдар!

Взвод командирінің саңқ еткен дауысы жігерлі шығады. Бұл бұйрықты қалт етпей тыңдаған жауынгерлер оқты нысанаға дәл тигізуде. Алайда жау жағы да текке қарап қалмады. Олар да оқты үсті-үстіне жаудырды. Бірақ әр секундты босқа жібермей, жіті қимылдаған Боранның жауынгерлері ілезде жау танкісінің үшеуін от жалынына

орады. Ал қалған біреуі кейін қарай қашуға мәжбүр болды. Бұдан кейін екі жақ та үлкен шайқасқа кірісіп кетті.

Міне, осы ұрыста көрсеткен жаужүректігі мен батылдығы арқасында Б.Бұқаршин Александр Невский орденімен наградталды. Басқа да жауынгерлер наградадан кенде қалмады. Полктың өзіне де Александр Невский ордені берілді.

– Жеңіс күнін қай жерде қарсы алдыңыз? – дедік біз.

– Ол кезде біздің полк Австрияның Градеций деген қаласының жанында тұрған. Әлі есімде, 8 мамыр күні сағат түнгі 2-нің кезі еді. «Офицерлердің барлығы штабқа жиналсын» деген хабар жетті. Мен де мұны ести сала межелі жерге асыға басып келдім. Офицерлердің барлығы жиналғаннан кейін полк командирі Пантелеймонов Герман окупанттарының толық тізе бүккендігін, бүгін Жеңіс күні екендігін қуанышпен хабарлады. Біз штабтан шыққаннан кейін бұл жақсылық хабарды жауынгерлерге жеткізуге асықтық. Бұйрықтың өзі солай-тын.

Әлгі сұхбаттасудан кейін майдангер алдымызға бірнеше суреттерді, соғыс кезінде жазған кейбір деректерді жайып салды.

– Мынау Иван Абрамов деген. Үнемі көңілді жүретін тамаша жігіт еді. Шабуылдан босаған демалыс сағаттарында әзіл-қалжың айтып, бәрімізді күлдіріп отыратын. Анау топ жауынгерлердің ортасында тұрған Лидия. Сол кезде 17-18 жастардағы белорусь қызы өз тілегімен майданға келіп, менің взводомда қызмет етті. Бәріміздің туған қарындасымыздай болып кеткен оны жау оғынан қорғаштап, қамқорлық жасап жүрдік. Бірақ өзі де батыл, алғыр болатын.

Майданда түскен осы суреттердің сыртындағы әрбір қолтаңбадан жауынгерлердің өздерінің командирлеріне деген шынайы сүйіспеншілікті аңғару қиын емес. «Біздің сүйікті командирімізге...», «Біздің қымбатты командиріміз лейтенант Бұқаршин жолдасқа...» деген жазулар бұл сөзімізге анық дәлел бола алады.

Соғыстан елге 1947 жылдың ақпанында оралған Б.Бұқаршин бойындағы күш-қайратын бейбіт өмірдің алдында тұрған ауқымды міндеттерді жүзеге асыруға

жұмсады. Көп жылдар теміржол салаларында қажырлы еңбек етті. 1962 жылдан бері Сәкен Сейфуллин атындағы совхоз директорының шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасары болып жемісті қызмет атқарып келді.

Боран зайыбы Ырымтай екеуі жеті бала тәрбиелеп өсіріп, солардың қызығын көріп отырған бақытты ата-ана. Балаларының алды үлкен азамат болып, бірі еңбек етіп, бірі оқу орындарында оқып жүрсе, кейінгі үшеуі мектеп табалдырығында білім алуда.

– Ұлы Жеңіс оңайлықпен келмеді. Туған еліміз осы қанқұйлы соғыста сан миллион ұл-қызынан айырылды. Олардың ішінде менің де әкем бар болатын. Бірақ, өкінгенмен не шара. Ең бастысы – сүйікті Отанымызды зұлым жаудың қанды қолынан қорғап қалдық. Ендігі міндет – бұдан былай соғыс өртінің тұтануына жол бермеу. Осы мақсаттарға үлкеніміз болып, кішіміз болып бел шеше күресуге міндеттіміз, – деп ол әңгімесін аяқтады.

Қарт майдангердің бұл сөзі оны тыңдап отырған біздерге әжептәуір ой салып, көп әсер қалдырды. Бүгінгі шаттық өмірді аман алып қалуда кеуделерін оққа тосып, нағыз ерлерше шайқасқан аталарымыз бен ағаларымыздың, аналарымыздың таңғажайып ерлік істері жайлы толғана айтқан ардагер әңгімесін жалықпай тыңдай бергің келеді. Солардың қатарында жұдырықтай жүрегі «Елім, Отаным» деп соққан азамат Боран Бұқаршиннің де болуы оның кейінгі ұрпағы үшін үлкен мақтаныш.

## ПАРТИЗАН

Ұлы Отан соғысы деген атпен тарихта мәңгілік қалған сұрапыл жылдарды көзімен көрген, туған елінің жарқын болашағы үшін бар күш-жігерін жұмсап күресіп баққан Қаппас Әлиакпаров ақсақалды Жезқазған төңірегінде білмейтіндер кемде-кем. Оның есімі аталса болды: «Ә, әлгі партизан ғой» немесе «Партизан шалды айтып отырсың ба?» деп танитындықтары, білетіндіктерін аңғартып жатады.

Иә, солай. Көп адам оған шырылдап дүниеге келгенде Қаппас есімі берілгенін ұмытқандай. «Өзіміздің партизан ғой» дейді. Тіпті, кейбіреулердің «Партеке, амансыз ба?» деп қол ұсынып жататыны бар. Әдейі айта ма, әлде шынымен білмей қара баса ма? Ол бір құдайға аян. Бірақ, осыған да еті үйреніп кетіпті. Қабақ түйіп, шытынамайды. Сәлемін алып, сауқат сұрайды. «Партеке» дегенге несіне бүлінеді. Бақайшағына дейін қаруланған фашистермен анау-мынау емес, партизан болып шайқасқанын халық білетін болса ол жаман ба екен? Ел есінде жүргендіктің белгісі ол. Ал, ел есінде көп нәрсе қала бермейтіні аян.

Қапекенмен кездесіп әңгімелесудің өзі бір ғанибет. Бұл кісінің өмірі елдің тарихы іспетті. Өмір үшін арпалысқан адам тағдыры бейжай қалдыра алмайды. Қандай ауыр жылдар десеңізші! Соншама қиындықтарды өткеріп, бүгінгі күнге аман-есен жеткен адам жанының сірілігіне таңғаласың. Ажалға алдырмай жарық күнге ұмтылдырған құдірет – өмір сүруге деген құштарлық па? Әйтеуір, қалай десе де қасіреті шектеусіз, азабы артылып жығылатын сол жылдар артта қалды.

### **Балалықтың ащы дәмі**

Тағдыр Қаппасқа балдай тәтті балалық сыйлауды да көпсінгендей. Қайдағы шырын шақ. Бұғанасы бекімей жатып өмірдің өксікті өрмегіне шырмалып қалды емес пе? Тоғыз жасында арқа сүйер, тіреуім дейтін жан әкесінен айырылды. Бұдан кейінгі тірлікті тірі адамның басына бермегей. «Ұжым боламыз» деген сылтаумен қорадағы мал «өкілміз» деп әкірендеп келген әлдекімдердің қолында кетті. Әп-сәтте аштықтың аузына құм етіп түсті. Терісаққан өзенінің жағалауы малға жайлы болғанымен амал нешік, тігерге тұяқ қалмады. «Қарсақбайға барғандардың жаны қалады екен» деп ауылдағы күш-қуаты барлар солай қарай жөңкіді. Қаппастың шаңырағындағылар да сөйтті. Әкесімен ағайындас Ысқақ, Ідіріс, Ғабдолла, шешесі Айна алыс жолға аттанды. Терісаққанда Қалима әжесі, Жамал апасы, оның

күйеуі мен қайнысы қара шаңырақты күзетіп қалды.

Туған топырақта ұзақ отырудың сәті түспеді. Қарсақбайды бетке алғандар екі-үш ірі қара қалдырып кеткен. Солардан бары жалғыз сиыр ғана. Еттен басқа талғажу етер дәнеңе жоқ. Мал азаймай қайтеді. Ілдалап қыстан шыққан соң бұлай отыра берудің қисынсыз екенін іштері сезді. Қарсақбайға қарай қозғалмаса болмайтын еді.

Қарсақбайға жету де оңай тимеді. Жол-жөнекей құс жұмыртқасын, тау жуасын, шөп тамырын жеп, бойға қуат жинады. Межелі жерге құр сүлделері ғана жетті.

Ол кез қара шаңырақ – Қарсақбайдың жаңа қолға алынып жатқан шағы. Біршама жұмыс түрлері бар. Не тапсырылады әркім соны істеді. Ідіріс ағасы тас қалаушы болып орналасты. Ысқақ – арбакеш. Осында көмір тасиды. Ғабдолланы ФЗУ-ға алды. Шешесі де жұмысқа тұрды. Өзі жас та болса анасына қолұшын тигізді.

Үйдегілердің жұмыс істеді деген аты ғана. Еңбектің қайтарымы мардымсыз. Жалақы орнына беретіні болмашы азық-түлік. Жұғым болмайды. Қарсақбайдың аты біраз жерге жетсе керек. Осылай қарай ағылғандар көп. Өкінішке орай, барлығына жұмыс табыла бермейді. Жұмыс болмағасын тамақ қайдан келсін. Көздері шүңірейген, қабағы түсіңкі жұрт. Қаппас өз көзімен талай көрді. Бұлар тұрған барактың айналасында аштықтан қалжырап, көз жұмған адам өліктері жиі кездесетін.

Бір күні төңіректе «Адамдарды мақта теруге Оңтүстікке жинап жатқан көрінеді. Тізіммен алады екен» деген сөз тарлады. Осыны естіген Қалима әжесі балаларын, немерелерін шақырып ішкі ойын жеткізді: «Мына түрімізбен тамақ табу қиын. Қыста жағдайымыз бұдан да қиындайды. Оңтүстіктің аты оңтүстік. Ең құрығанда тоңып, жаурамайсындар. Менің ақылымды тыңдасандар сол жаққа беттегендерің дұрыс».

Ана сөзін жиналғандар құп алды. Алайда, қырсық дегенді қойсаңшы. Мақта жинауға қажет адам түгел алыныпты. Тізім толған көрінеді. Енді не істемек керек? Әбден шаралары біткен кезде Қалима әжелері көмекке келді. Тізімге алатын бөлім бастығы Хамзаның шешесі мен мұның әжесі ет

жақын туыс адамдар. Әжелері Хамзаға қалай да жаздыртуын өтінді. Өтініші орындалмаса кабинеттен шықпайтынын, тіпті «өлігімді аттап кет» деген қатты сөзге де барыпты. Ақырында Хамза бір жолын тауыпты.

Басқалармен бірге Қаппастың үйіндегілер де машинаға мініп, Жосалыға тартты. Осында келгенде ойда жоқ жерде алдағы сапарға өзгеріс енді. Үлкендердің қасындағы балалар көзге түсіп аяқастынан «Оларды оқыту керек» деген әңгіме қозғалды. Міне, осы жерде Қаппас әжесімен, шешесімен, бауырларымен қош айтысып, басқа поезға мінді.

Жанындағы балалармен Қызылордаға келді. Алдымен моншаға апарды. Үстеріндегі жыртық-жамау киімдерді өртеп, бүтін көйлек, дамбал кигізді. Араларына балалар үйінің қырық баласын қосып, қайта поезға шығарды.

Қайда бара жатқандарын өздері де білмейді. Ересектер нұсқау береді. Балалар солардың айтқанын істейді. Шынын айтқанда, Қаппасқа қайда барса да бәрібір-тін. «Әйтеуір аштан өлтірмесе екен» деп іштей сан мәрте қайталаған жалғыз тілегі бар. Білетіндер айтып жатыр: «Артта Қызылорда, Арыс, Шымкент, Манкент, Луговой қалды».

Бұларды қайда алып келді дейсіз ғой. Бішкекке. Сірә, андаусыз осылай кетіп қалған болулары керек. Негізі, баратын жерлері Шымкент өңірі болуы тиіс еді.

Поездан түскен үш жүздей бала табандары жерге тиісімен қара жұмысқа жегілді. Егін пісісімен оларды бидай жинауға салды. Орақ барысында балалар арасында жарыс ұйымдастырылды. Бидайды кім көбірек жинаса оның атына әжептәуір мақтау сөз айтылатын. Әлгі жарыста Қаппас талай жеңімпаз атанды. Стахановшы деген мәртебелі атқа ие болды. Топ жарып шыққанның куәсі ретінде қанардан шалбар, көйлек киді.

Қысқа қарай балалардың бір бөлігін Сайрамдағы балалар үйіне апарды. Ішінде Қаппас та бар. Ашаршылық уақытында балалар үйі қайбір жетісіп тұратын еді. Тамақ жоқтың қасы. Отын болмағандықтан ғимараттың іші азынап кетті. Аштық бар, суық бар Қаппас көктем шыға ауруға шалдықты. Қарында ештеңе болмағандықтан күп болып ісінді. Тамақ



ретінде берілетіні балықтың сорпасы. Ол денені одан сайын ісіреді.

Ағасы Ідірістің арқасында аман қалды ғой. Әйтпесе, осы балалар үйінен өлігі шығатын еді. Оның мұны тауып алғаны да бір хикая.

Ол кездің теміржол вокзалы қызық көретін думанды жер, балалар үшін кино залы сықылды болатын. Арыс станциясына келген ағасы көңілі қалған ба, әлде құдай итермеледі ме осындағы вокзалға соғады. Ағылып жатқан поездар. Мәскеуді бетке алып Ташкенттен, қырғыз, тәжік жерінен шыққан составтар, басқа да поездар Арыстың үстінен өтеді. Содан ба вокзал басы ығы-жығы халық. Ідіріс вокзалда тұрғанда жаңа ғана зіркілдей тоқтап, енгігін басқан поездан секіріп түскен екі баланы көзі шалып қалады. Жүздері таныс. «Баяғыда Қаппаспен бірге кеткен балалар». Соңдарынан тұра жүгіреді. Балалар мұны басқаша ойлап тым-тырақай қашады. Әуірімдеп қуып жетеді. Жөн сұрасқанда қателеспепті. Анық сол балалар. Інісінің ауыр хал үстінде жатқанын естіп Сайрамға құстай ұшады.

Келгеннен кейін мұны босатса-шы, жібергілері келмейді. «Жатысы мынау. Мына түрімен өледі ғой. Қасымызда болсын. Қолымыздан келгенше күтерміз» деп жалынып-жалбарынған ағасы әрең дегенде балалар үйінен алып шығыпты. Туыстарының қасына жеткен соң ептеп күш жинады. Бойын тіктеп қатарға қосылды. Денсаулығын жөндегенімен бұлар тұратын колхоздың жағдайы мүшкілтің. Егін шықпай, ел қатты күйзелді. Тіршілік ету керек қой. «Қалаға барсақ өлмеспіз» деген ниетпен отбасымен шұбырып Шымкентке келді. Бұл карточкілік жүйенің енгізіліп жатқан кезі. Бір зат босатылса болды шұбатылған кезек пайда болады. Кезекке тұрып жөнімен, ретімен алып жатса жақсы ғой. Тәртіп сақтамай, маңайындағыларды баса-көктеп ұмтылатындар бар. Сондай арпалыс кезінде Ідіріс ағалары отбасының бүкіл құжаттарын ұрлатып алды. Құжатсыз нан бермейді. Жағдай тағы да ауырлай берді. Өзге шара болмағандықтан Қаппас балалар үйінің есігін қайта ашты. Алғашқыда оны алғысы келмеді. «Жасың ұлғайып

кеткен. Сенен кішілерді қабылдаймыз» деген сөз айтылды. Қаппастың алған бетінен қайтпасын сезді ме балалар үйінің басшысы ойына әлдене түскендей «Жұмыс істеуге қалайсың? Көрші колхозға жұмысшы керек екен» демесі бар ма. Қарсыласпады. Қарамұрт деген жерде өзбектің шағын ауылы бар екен. Сол жерде қолға тиген ұсақ-түйек шаруалармен айналысты.

Анаға перзентінің орыны бөлек қой. Шешесі шыдамай осында іздеп келді. Жетісіп жүрмеген баласының түрін көріп, өзімен ала кетті.

Бұрын Смағұлов болып жүрген мұның Әлиакпаров атанғаны да қызық. Ідіріс Шымкенттегі ФЗУ-ды бітірген еді. Үздік бағаға тәмамдады. Бұған «сен де осыны бітіріп алсаң қайтеді» деп қолқа салды. Ағасының сөзін жерге тастамады. Алайда, ФЗУ-ға кім болса соны қабылдай бермейді екен. Ідіріс оқу орнының жетекшісіне о баста «туған інім еді» деп өтініш жасапты. Содан кейін барып қана директор жарайды дегендей ишарат білдірген. Мұның құжатымен танысқан балалар үйінің басшысы «Ағаң мені алдапты ғой. Туған інім, бауырым деген. Сенің фамилияң басқа. Қабылдай алмаймын. Онсыз да оқушылар жеткілікті» деп тулай жөнелсін. Жыламсырап ағасына келді. Кейін білді. Ідіріс барлық жайды директорға түсіндіріпті. Тіпті, болмаған соң «Әлиакпардан туғаны рас. Бірақ, Смағұл бауырына салған» деп өтірікті қосып та жіберіпті. Не керек әйтеуір, оқуға қабылданып, оны алты айда бітіріп шықты.

Неге екенін қайдам, осыдан кейін Қаппастың оқуға, білімге қызығушылығы артты. «Оқысам, білім алсам» деген ой бойына қанат бітірді. Қиял жетегімен ұшқыштар даярлайтын оқу орнына, Ташкенттегі теміржолшылар техникумына барды. Бірақ, жолы болмады. Ең соңында Шымкенттегі ауыл шаруашылығы техникумына келіп түсті. 1939 жылы аталған оқу орнының үшінші курсына жүргенде Армия қатарына шақырылды. Азаматтық борышын атқарып жүріп «Соғыс басталды» деген төбе-құйқаны шымырлатқан сұмдық дабыл естіді.

## Жау қолында

Қаппас армиядағы борышын Украинаның Коломия қаласына жақын жерде өтеп жатқан. Бұл Польша елімен шекаралас өңір.

Таңғы сағат 6-да әскери дабыл қағылды. Соғыс басталыпты. Жан-жақ ызың-шу. Соғыстың тосыннан басталғанына осы аласапыран тірлік куә. Жақын жерде жарылған бомба дауысынан құлақ тұнады. Жан-жаққа бастарын ала қашқан солдаттардың өзін жинау оңай тимеді. Кешкі 10-ның кезінде ғана полктың басы қосылды. Жауынгерлер жауға қарсы көтерілуге дәрменсіз-тін. Оқ-дәрі жетімсіз, соғыс техникалары дайын емес. Амалсыздан бір ғана бұйрық болды: «Қолдағы соғыс құралдары жау қолына түспеуі тиіс. Бәрін суға батырып жіберу керек». Осы бұйрық іске асырылып жатқанда «Жаудың қоршауында қалыппыз» деген үрейлі дауыс шықты. Рас екен. Сәлден соң-ақ дұшпан қолына түскендері байқалды.

Тұтқында торығып жүрген күндер Қапастың өмірінен өшпес. Азапты кез еді ол. Көңгің-ақ келмейді, қолдан келер шара қайсы. Жау күзеті мықты. Дұшпан қолға түскен соң аясын ба. Ойларына келгенін істеткізді. Жұмыстың ең ауырына салды. «Бейшаралар шалдықты ғой. Жанын шақырар бірдене берейік» демеді. Бір тілім кеуіп қалған қара нанды отыз-қырық адам бөліп жеді. Күш-қуаттары кемігендіктен бір-екі шақырым жерге екі-үш сағат жүрген кездері болды. Аштықтан, әлсіздіктен өлгендер болса оған жаудың жаны ашыған жоқ. Қолға түскендердің өздеріне көмдіре салды.

Бірде жүз шақты тұтқын жұмыстарын бітіріп, лагерьге қайтып келе жатқан. Ми қайнатар ыстық. Оның үстіне бәрі де шаршап-шалдыққан. Бір жағынан шөл қысып барады. Осы кезде сапта келе жатқандар жол жиегіндегі құдықты көріп қалды. Алдыңғы жақтағы екі-үшеуі шыдамай солай қарай жүгірді. Сол сәтте артта мотоциклмен келе жатқан неміс солдаттары оқ жаудырып әлгілерді табанда сұлатып салды. Тұтқынға шыбын құрлы мән бермеді.

Екі-үш түйір кәмпит үшін өмірі қиылғандар болды.

20-30 шақты тұтқынға азық-түлік салынған жәшіктерді түсіру тапсырылды. Тапсырма орындалғаннан кейін жүкті түсіргендердің өн бойы түгел тінтілді. Сол уақытта екі адамның қалтасынан кәмпит табылады. Немістің тамағын «талан-таражға» салғаны үшін екеуі де сол жерде оққа ұшты.

Немістерден сытылып қашып кету Қаппастың ойына талай келген. Бірақ, ретін таба алмайтын. Бір күні сәті түскендей болды.

Жанында танысқалы біраз болған тәжік жігіті бар. Түстен кейінгі уақыт. Ат қораның жанында жүрген Қаппас «қашайық» деп еді тәжік жігіті келісе кетті. Екеуі ат қораның сыртындағы шарбақтан сыртқа секірді. Түскен жерлері бақшалық екен. Бұларды көріп қалған үй иесі бажылдап жатыр. Бақшаға түсіп жүрген ұры-қары деп қалса керек. Ол жерден шығып келесі көшеге жеткенде алдарында екі жол жатты. Біріне түсіп аяндап еді анадай жерде қараң-құраң еткен бес-алты неміс солдатын көрді. Ол жолды тастап келесісіне беттеді. Алда арасы сиректеу жалғыз-жалғыз үй. Арғы жағы жазың көрінді. Жүріп келе жатып аңғарды, жазық емес, сыңси тал өскен аумақты алқап екен. Сөйтіп, қалың талдың тереңіне барып күннің батуын күтті. Екі сағаттай селода мотоциклдің, иттің дауысы сембеді. Бұлардың қашып кеткенін сезіп, іздеген болуы керек.

Қараңғы түсісімен екеуі тоқтамай ілгері тартты. Келе жатып қарайып көрінген бір үйге тап болды. Бақылап көріп еді үйде бір әйелден басқа тірі жан байқалмады. Тәуекел деп есік қақты. Иманды әйел екен. Әлде өздері секілді қашып-пысып жүргендерді жиі кездестіре ме жаны аши қарсы алды. «Шатырға барып жатындар. Ал, біреу-міреу үстеріңнен шықса өзіміз келіп паналағанбыз деп айтындар» деді. Әйелдің ескертпесі түсінікті. Тұтқынды паналатқан үй иелерін немістер оңдырмай жазалайтын.

Қапекең әңгіме арасында соғыс кезіндегі украин әйелдерінің жаудан қашқан кеңес жауынгерлеріне көрсеткен жақсылығы мен жанашырлығын сөзбен айтып жеткізе алмады. «Солардың адалдығы арқасында ажалдан аман қалдық. Оларға мәңгілік қарыздармын» деді көзіне жас алып.

Алғашқы қашқанда жолдары болмады. Әлдекімдердің сілтеуімен жолға шыққанда велосипедті біреу кездесіп, бұларды танып қойды. Үстінде кеңес солдатының киімі болғанға арқаны кеңге салған. Сөйтсе, полиция қызметкері. Қарсыласуға мұршат бермеді. Бұларды сол мезетте қамауға алды.

Житомирде екі-үш ай қамауда болды. Содан кейін тұтқындарды эшалонға салып басқа қалаға аттандырды. Қаппас жолда осы мүмкіндікті пайдаланып қалды. Бұл оның дұшпан қолынан үшінші рет бас сауғалауы еді. Негізі, Қаппас жау қолында жүріп туған Отаны мен елін көңілден бір сәт те шығарған емес. Ел дегенде жүрегі елжіреді. Содан да жау қоршауынан құтылып кетудің талай айла-шарғысын жасады. Бұл жолы да жолдастарының қашып шығуына себепкер өзі-тін. Вагон терезесінің орнындағы тікенек сымды әрең дегенде тарқатты. Төмен секіргенде суға күмп еткенін сәлден кейін барып білді. Келісілген төрт жолдасы да жарақат алмай, аман қалыпты. Түнімен тоқтамай жүрген олар әбден қалжырағандарын сезіп, кездескен сай ішіне құлай кетті. Таңға жақын оянса таяу маңда үй тұр. Кәдімгі орманшының қарапайым үйі. Қаппас жөн-жоба білу мақсатында серіктерін қалдырып үйге келді. Жалғыз шал тұрады екен. Ол «Бұлай топтанып жүрмеңдер. Көзге түсіп қаласыңдар. Құрығанда екеуден жүріндер» деген ақыл айтты. Шалдың мұнысы көкейге қонды.

Қаппас жанындағы актөбелік Ахмедия атты жігітпен кешкілік тағы бір орманшының үйіне соқты. Қартаңдау әйел екен. Картоптың өзін там-тұмдап берді. Бұл қылығына қарап сараң ба деп қаласың. Жоқ, олай емес екен. Тамақты мөлшермен беруінде де үлкен мән бар болып шықты. Бұлардың ашыққан жандар екенін келген беттен байқайды. Дәмді молдау берсе өліп кетер деп қорқыпты. Мұны кейін киімдерін жуып-шайып, алдарына ас қойған кезде айтты. Бергенін жеп, алаңсыз отырғанда қайдан шыққанын кім білсін қара киімді, мылтық асынған біреу жандарына жетіп келді. Қолға түстік деп ойлады үріккен екеу. Олардың шошыған түрін көріп кемпір басу айтып жатыр:

– Шошымай-ақ қойындар. Бұл Николай деген балам. Кімнің кім екенін айыра біледі.

– Николай! – деді сосын оған қарап. – Сенің әең мен ағаларың осылай жүдеп-жадап жүрген болар. Байғұстарға көмектесейік. Бұл жерде колхоз, совхоз көп. Іші толған жау. Қолға түсіп қалады. Мына Ровно жағы қалың орман ғой. Бұларды сол жаққа өткізу керек.

Көрші үйдегі бір бала жақында Ровно жақтан келген екен. Жол жапсарын жақсы білетін сыңайлы. Кемпір мен Николай сол баланы көндіріп, жолбасшы етіп, екеуін селодан алысырақ шығарып салды.

Орманға жеткендерімен кеңес жауынгерлерін, партизандарды табу оңай болмады. Амалсыз, селоларда тығылып жан сақтады. Арасында жауға ұсталып та қалды. Бірақ, бұл қайткенде де маңайдағы жұрт айта беретін партизандарға қосылуды мақсат етті. Осы мақсаттың жүзеге асуы үшін кездескен кедергілер мен қиындықтарға шыдап бақты.

Жаудан жасырынып жүріп, көздеген ойына жетті де.

### **Орындалған мақсат**

Партизандар қатарына 1943 жылдың үшінші ақпанында қосылды. Бұл күнді Қаппас ұмытпайды. Партизан отрядының кезекшісі Саркасян мұның аты-жөнін журналға осы күні тіркеп еді. Отрядта барлығы 120-130 көлемінде адам болды. Ол Струпинский дейтін шал басқаратын взводқа тап болды.

Алғашқы тапсырма әлі есінде. Взвод Хатанка станциясына жіберілді. Міндет – осындағы жергілікті полиция бастығы мен станция комендантын қолға түсіру. Өкінішке орай, бұлардың жолға шыққанын біреулер жеткізіп қойыпты. Жол болмады. Шығынмен кейін оралды.

Партизандар орман ішінде тек жаумен шайқасуды ғана білмеді. Немістің соғыс құралдарын меңгеру, сапта тұру, немісше қалай жауап беру керек деген секілді ұсақ-түйекке дейін үйренді.

Жазға салым отряд Ровноға қарай жылжыды.

Қапастардың взводы немістерді кідірте тұру мақсатында орындарында қалды. Немістер лагерьге жақындағанда взвод партизандары оларды соңдарынан бақылап отырды. Түнде атысып жүріп орманның келесі бетіне орын ауыстырды. Үш күн осылай немістерді алдарқатты. Содан кейін ғана отряд соңынан ерді.

Взводта жиырма адам бар болатын. Жолай немістермен, бендерлермен қақтығыстар болып тұрды. Үш адамнан айырылған взвод отрядқа жеткенде олар Ровно орманына емін-еркін жайғасып үлгерген екен.

Қапас қызмет ететін взводқа әр түрлі тапсырмалар беріліп жататын. Взвод мүшелері қандай міндет жүктелсе де абыройлы атқаруға тырысты. Шамалы уақыт шаруашылық взводы міндетін атқарды. Отрядқа азық-түлік жеткізумен айналысты. Бұл тапсырманы орындау да жеңіл тимейтін.

Күзге салым жертөле салумен айналысты. Жертөле құрылысы бітер-бітпестен немістердің бері қарай беттеп келе жатқаны белгілі болды. Барлап қайтқандардың сөзіне қарағанда олар екі жарым мың адам. Сол жолы қатты ұрыс болды. Таңертең басталған атыс қараңғы түскенше созылды. Партизандардың тегеурінді қимыл-әрекеті дұшпанның кейін шегінуіне мәжбүр етті. Отрядтағылар мээ-мәйрам. Бұл көптен күткен алғашқы жеңіс еді. Әрине, шығын да болды. Онсыз болмайды ғой. Есесіне біраз қару-жарақ қолға түсті. Отряд осыдан соң Брянск ормандарына қарай қозғалды. Бұл жерде атақты Федоровтың жаужүрек партизандары қоныс тебетін.

Қапас алған бетінен қайтпайтын қайсарлығы, табандылығы арқасында жолдастарының құрметіне бөленді. Содан да шығар кейбір тапсырмалар оның жеке өзіне жүктелетін. Ол атақты барлаушы Николай Кузнецовтың өз қолынан бағалы құжаттарды отрядқа жеткізді. Түркістан легионының адамы болып та маңызды хабарлар әкеліп жүрді.

Партизандар тұрып жатқан жеті километр жерде ағаш кесіп, тақтай дайындайтын ірі зауыт болды. Осында жау қолына түскен жүзге жуық кеңес жауынгері жұмыс істейтін.

Міне, соларды партизан құрамына тарту басты мәселе етіліп қойылды. Осы маңызды жұмысты жүзеге асыру талай тапсырмаларда жақсы қырынан көзге түсіп, белсенділік танытып жүрген Қаппасқа жүктелді. Қаппас мән-жайға жан-жақты қаныққаннан кейін отрядтағы Валя есімді қызды жанына алып, тапсырманы орындауға кірісті.

Бір-екі күннен кейін Валя қасына тұтқын жігіттердің біреуін ертіп келді. Расында да, оның кейбір серіктерінің бұл жерден қашып шығу ойларында бар екен. Бірақ, сытылып кетудің жолын таба алмай жүрген көрінеді. Жігіттің сенімді сөзінен кейін Қаппас барлық жайды түсіндірді. Бұлардың шаруалары да тұтқындардың жау қолынан босануына көмектесу екенін жеткізді. Екі жақтың келісімі бойынша ертең қырық шақты адам орманды бетке алып қашады. Аландаудың реті жоқ. Алдарында қарулы партизандар күтіп тұрады. Ақырында осы жоспарлары жүзеге асты. Өлгі қырық адамның ішінде алғаш кездесіп, уағдаласқан жігіт те бар болатын. Ол партизандардан қашып шыққан болып жолдастарына қайта қосылды да берілген тапсырмаға орай үгіт-насихат жүргізді. Сөйтіп, кейін қалған тұтқындар да партизандар қатарына қосылды. Маңызды міндеттің көңілдегідей іске асырылуына Қаппас көп еңбек сіңірді. Осы қызметі үшін оған серіктері алдында алғыс жарияланды.

Неміс солдаттары, қару-жарақтар, соғыс техникалары тиелген вагондардың күлін көкке ұшырғандары әлі есінде. Мұндай қауіпті тапсырманы орындауға топ-топ болып бармайды. Екі-үш адам ғана қатысады. Темір жолдар қатаң күзетте тұрғанда әрбір минутты есептеп рельске мина жапсыру оңай емес. Бұл тапсырма аса қырағылықты, ептілік пен жылдамдықты қажет етеді. Қаппас үш-төрт рет қасындағы жолдастарын өзі басқарып, тапсырманы орындап қайтты. Солардың ішінде ең ауыры фашистер тиелген вагондарды құрту еді. Мина жарылғанда айнала төбе құйқаны шымырлатар азан-қазан шуға толып кететін. Адамдардың ажал құшып жатқаны қай бір жақсы дейсің. Бірақ, жаудың аты жау. Оны сен аяғаныңмен, ол сені аямайды. Сол себепті жан беріп, жан аласың.



Партизандар жаумен жасырын күресіп қана қоймай, бетпе-бет, ашық та шайқасатын. Бұл шайқас та өмірінде ұмытылмастай қалыпты. Ол кезең кеңес жауынгерлерінің жауды шегіндіріп бара жатқан шағы-тын. Украина селосының маңында немістер мызғымастай бекінді. Соғыс техникалары да жеткілікті болды. Әсіресе, артиллерияның дүмпуі біздің жауынгерлерді алға бастыртпады. Сол уақытта үш ротадан тұратын орман ішіндегі партизандарға шұғыл тапсырма берілді. Олар жасырынып қалай да жаудың арт жағынан бару керек. Сол жақтан соққы беруі тиіс. Сөйтіп, әлсіретіп алмаса дұшпан бет қаратар емес. Тапсырманың аты тапсырма. Оны тек орындау керек.

Неміс солдаттары ту сырттарынан оқ жаудырап деп ойламаса керек. Әжептәуір абыржып қалды. Екі оттың ортасында қалып, алғашқы қарқындарынан айрылды. Жауға тұтқиылдан тап бергендердің арасында пулеметші Қаппас Әлиакпаров та бар-тын. Бұл жолы да ол қаруластарының сенімінен шығып, батылдығымен, қайсарлығымен көзге ілікті.

Қаппас сондай-ақ жанындағы жолдастарымен бірге “үлкен жерден” келген командирлердің, Кузнецов, Медведев мінген ұшақтардың аман-есен бұлар әзірлеген алаңқайларға қонуын қамтамасыз етті. Бұл да жайдан-жай іске асырыла салатын жұмыс емес-тін. Тапсырма алған партизандардан ерекше қасиеттерді қажет етті.

Сөйтіп жүргенде атакты Дмитрий Медведевтің қолын алып, сәлемдесу бақытына ие болды.

– Қай жерденсің? – деді ол.

– Қазақстаннанмын. Сол жақтан 1939 жылы Армия қатарына шақырылдым. Станиславск облысында қызмет еттім, – деп өзін таныстырған Қаппас партизандарға қалай қосылғаны туралы айтып берді.

Медведев Қазақстанды жақсы біледі. Ол соғыста ерлік көрсетіп жүрген батыр қазақтар туралы да жылы лебіз білдірді.

– Сенің де осал жігіт емесіңді сеземін. Соғысты жеңіспен

аяқтап, елге аман-сау оралайық, – деді ержүрек қолбасшы қоштасарда.

1944 жылдың шілдесінде Қызыл Армия Ровноға жақындады. Қапастардың отрядына Львовқа қарай жылжуға бұйрық берілді. Бұл кезде Кузнецов та Львов қаласында болатын. Екі арадағы байланысты қалыптастыру бұлардың взводына тапсырылды. Оның соңынан отряд жүріп отырды.

Отряд Волыньск облысының территориясымен жүрді. Жолда қалың ағаш көп кездесті. Сол себепті түнде ғана қозғалуға тура келді. Он екі күн дегенде Буч өзеніне таянды. Жақын жердегі селода жаудың бар-жоқтығы ішінде Қаппас бас үш адамға тапсырылды. Үшеуінің барлауынан кейін ғана отряд селоға кірді.

Партизандар отряды кейін Қызыл Армияның алтыншы кавалерлік корпусының барлаушыларымен кездесті. Кеңес жауынгерлерінің табысынан хабардар болған отряд өзгеше серпінмен, тың жігермен алға адымдады. Цумари қаласына жеткенде қала кеңес әскерлерінің күшімен азат етіліпті. Алайда, отрядтың бір ай бойы аймақтағы бендерлермен шайқасуына тура келді.

1944 жылдың қазанында партизан отряды таратылды. Қаппас бірінші Украин майданына қарасты 60-шы Армияның атқыштар полкінің құрамына енді. Осы полк құрамында Польшаның Краков, Вроцлав және басқа да қалаларын азат етуге қатысты.

1945 жылдың наурызында Берлин түбіндегі селода ұрыс болып, Қаппас осында қатты жараланды. Жарақат ауыр еді. Львов қаласындағы әскери госпитальде емделді. Міне, осы жерде наурыздың он бесінде Отан соғысының мүгедегі болып елге оралды.

\* \* \*

Соғыстан кейін Шымкент облысында еңбек етті. Аудандық шикізат дайындау конторының директоры қызметін атқарды. Туған жерге 1949 жылы ғана оралудың сәті түсті. 1962 жылдан Жезқазған қаласында тұрып келеді.

Зейнеткерлікке шыққанға дейін Жезқазған үй құрылысы комбинаты директорының орынбасары болып істеді.

Құдай қосқан қосағы Дариға апа екеуі үш бала өсірді. Олардан бүгінде немере, шөбере сүйіп, ұрпағының қызығына кенеліп отыр.

Өмірдің талай белесін артқа тастаса да Қаппас аға кешегі фашист басқыншыларымен шайқасқан ауыр жолдарды санадан өшіре алмайды. Күні кешеге дейін партизан отрядында бірге болған С.Стехов, Н.Гнедюк, В.Лукин, В.Семенов және басқа да қарулас жолдастарымен хат алысып тұрады. 1960 жылы Ровно қаласында белгілі барлаушы Николай Иванович Кузнецовтың ескерткіші ашылды. Қапекең оған да қатысып қайтты. Ал 1979 жылдың маусымында Львов облысындағы Бродин ауданының Боротин селосында ержүрек барлаушыға мұражай,obelisk ашылғанда да жолдың қиындығына төзіп, ел есінде қалған батыр барлаушыға тағзым етті.

Ровнодағы мұражайда болғанда өзіне таныс сурет көзіне оттай басылды. Ол 1943 жылы салынған.

Қардың енді-енді кетіп жатқан уақыты. Күн ерекше жайма-шуақтанып тұрады. Табиғаттың осы көрінісі бойға нұр құйып, арба үстінде ұзақ отырып қалыпты. Анадай жерде ағаш түбіртегінің үстінде басын төмен салып Гриша отырған. Ол да партизан. Бірақ, талантты жігіт. Шебер суретші. Қаппас мұның бейнесін салып отыр деп ойламады.

Орнынан тұрып, күркеге кірді. Екі-үш жігіт отыр екен. Солардың қасына бұл да жайғасты. Сол кезде Гриша кіріп келіп:

– Қалай ұқсайсың ба? – деп бір парақ қағазды ұсынды. Жанындағылар да «Ол не?» деп бері жақындады. Сонда сезді, бағана отырғанда қаламмен сурет салып отырыпты.

– Қаппастың өзі ғой. Айнымайды, – деп жатыр қасындағылар.

Хаттар демекші, партизан жолдастары бұған ылғи да ыстық сәлемдерін жеткізуге асығатын. Хаттардың өн бойынан сұрапыл жылдарды қатар өткерген досқа, жолдасқа деген ғажайып сағыныштың исі аңқып тұратын. Мына жолдарға назар аударыңызшы. Бұған анық көзіңіз жетеді.

«Қымбатты досым Қаппас Смағұлұлы!

Саған деген ең шынайы тілегімді жолдаймын. Отбасында, жұмыста барлығы да ойдағыдай болуға тілектеспін.

Сіз бен біз жау тылында жүріп-ақ туған Отанымыздың бостандығы үшін дұшпанмен аянбай күрестік. Осыны бүгінгі ұрпақ жадынан шығармаса екен деймін.

Жеңіс күнін сен де достарыңмен, ағайын-туыстарыңмен дүрілдетіп тойлайтынына сенімдімін. Сол мерекелік столдың бір шетінде мені де отыр деп сезін, досым.

Денің сау болсын.

Партизандың сәлеммен, Стехов».

«Қымбатты қарулас досым Қаппас!»

Сен отрядтағы ержүрек барлаушы, қаһарман пулеметші болдың. Осыны жерлестерің біле ме екен.

Біз Сізбен бірге Ұлы Отанымызды қорғай білдік.

Қайтпас, қайсар партизан! Өзіңе мықты денсаулық, бақыт пен қуаныш тілеймін.

Өзіңнің командирің Валентин Симонов».

Партизан Қаппас Әлиакпаровтың аты-жөні кешегі қанды соғысты көзбен көріп, ол жөнінде естеліктер жазған жауынгер-жазушылардың шығармаларында келтіріледі. Солардың ішінде Қапекең үшін Кеңес Одағының Батыры, партизандар қолбасшысы Дмитрий Медведевтің «Рухы күшті» кітабының орыны бөлек. В.Цессарский жазған «Партизан дәрігерінің жазбалары», испандық қарулас досы С.Гельфандтың «Но посаран» кітаптарында Қаппас туралы да кең айтылады.

Сексеннің сеңгіріндегі Қапекең қартайдым, ұлғайдым деп отырған жоқ. Еңбек ұжымдарының, әсіресе, оқу орындарының, мектептердің қадірлі де құрметті қонағы. Жастар, оқушылар арасында жиі болып, өз өмірінен, соғыс жылдарынан естеліктер айтады. Жас ұрпақты Отанды сүйеге, туған елінің шынайы патриоты болуға үндейді.

– Жас емессің. Біразға келдің. Одан да жаныңды бағып үйде отырсаң қайтеді. Осыған дейін де талай кездесулерге қатысып, әңгіменді айтып жүрген жоқсың ба? Саған ешкім өкпелей қоймас десем көнбейді. «Қатарымыз сиреп барады.

Жастарға рух, күш-қуат берер сөзімізді айтып қалғанымыз дұрыс» деп алған бетінен қайтпайды, – дейді Қапекен үйіндегі апамыз Дариға шешей.

Дариға апа да кеңпейілді, қонақжай, ақкөңіл адам. Үйге кірсең дастархан жайып бәйек болады да қалады. «Келгендерің дұрыс. Шалымыз екеуміз аса көп сыртқа шыға бермейміз. Кіші келіп сәлем беріп жатса бір жасап «қаламыз» деп отбасының өткен өмір жолдарынан сыр шерте жөнеледі.

Дариға апа да өнегелі, тәрбиелі отбасынан тарағандықтарын әңгіме арасында аңғартады. Үйдегі альбом арасынан екі сурет бірден көзге түсті. Олар Захар мен Мұса Беспаевтар. Екеуі де апаның туған інісі болып шықты. Алғашқысының кеудесінде Социалистік Еңбек Ері екенін айғақтайтын алтын жұлдыз жарқырайды. Ол адал еңбегімен елге танылған атақты автомобиль жүргізуші. Екіншісі ірі ғалым. Тарих ғылымының докторы, профессор. Алматыдағы жекеменшік жоғары оқу орнының ректоры.

Қаппас аға мен Дариға апа балаларына өнегелі тәрбиетағылым бере білді. Ұлдарының үшеуі де білімді, білікті азаматтар. Мәжит аймақтық экономика департаментінің жауапты қызметкері. Мұрат пен Ғабит «Қазақмыс» корпорациясының өндірістік бөлімшелерінде еңбек етеді. Бірі – экономист, екіншісі – металлург.

Аға мен апа үш баладан қазірдің өзінде тоғыз немере көріп отыр. Олардың төртеуі жоғары білім алған білікті мамандар.

«Өмірдің қиын өткелдерінен өттім. Жас ұрпаққа мен бастан кешкен қиямет күндерді бермесін. Бақыт та, байлық та – елдің тыныштығы, бейбіт өмір ғой» дейді Қаппас ақсақал бүгінгі күні. Рас қой. Бейбіт замандағы кездескен қиындық деген не, тәйірі. Бәрінен бұрын, соғыстың беті аулақ.

2000 ж.

## МАЙДАН ХАТТАРЫ

Мыс шаһары-Жезқазған қаласындағы кезінде Жезқазған кен-металлургия, қазіргі таңда «Қазақмыс» корпорациясы аталатын өндіріс компаниясының мұражайы жәдігерлерге бай. Олардың әрқайсысының шертер өз сыры бар.

Мұражайда жинақталған материалдар, суреттер жүйеленіп, тиісті тақырыптарға бөлінген. Солардың бірі екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан жезқазғандық майдангерлер өміріне арналған.

«Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деп аталатын бөлімдегі құнды экспонаттармен таныса жүріп, сөредегі сыртында «Майдан хаттары» деген жазуы бар папкіге назар аудармай кете алмайтыныңыз әбден анық. Біз де бір жағы толқи, бір жағы құмарлана папкі бауын ағыттық.

Хаттарды қолымызға алып, танысып жатырмыз. Күн сайын ажалмен әлденеше рет бетпе-бет келетін жауынгерлердің оқ пен от кешсе де елде қалған жары мен балаларының, туыс-ағайындарының қамын жеп жүретіндері анық аңғарылады. Сонымен қатар кеуделеріндегі жұдырықтай жүректері Отаным, елім деп соғатындарын, бойларын бейбіт елге тұтқиылдан тиіскен басқыншы жауға деген өшпенділік сезімі кернейтінін сезінер едіңіз. Осы бағалы дүниелерді жинақтауда жергілікті өлкетанушы Сүтемген Бүкіровтың еңбегін ерекше атап өткен жөн.

Реті келіп тұрғанда сол хаттардың бірқатарымен таныстыруды жөн санадық. Мәтіндер сол қалпында, өзгеріссіз беріліп отыр.

\*\*\*

Ардақты аса сүйікті көруші Әлекем, Қәукен, Елеу-кен, Ажар т. б. аттары аталмағандарыңызға бүгінгі 7. XI. празникті еске түсіре отырып. жас жүректің сағынған жалынды жерінен туысқандық сәлемімді жолдаймын. Қалай аман- есен, күйлі- қуатты, денсаулықтың арқасында тиісті қызметтеріңізді атқарып жатқан боларсыздар. Сіздердің сондай жақсы жайда болуларыңызға тілектеспін. Мен де бұяқта

амандық, денім сау, өздеріңізге белгілі жерде лайықталған жағдайда жүріп жатқан жай бар, жалпы жағдай бұрынғыша шамалы. Қымбатты сүйікті Әлекем, бүгінгі күн бұрынғы патшалық Ресейдің қамы үшін қара тұманынан, ұлы октябрь революциясының жеңісінің арқасында мұндай тұрмысқа ие болған күнді граждан болып жүрген уақыттырдағы шақты есіме салып отырмын. Мұндай күні ешқайда текке қарап отырғасын, хат пен қарындашты ермек етіп жазып отырмын, екінші жағынан сіздер бір бас қосқан жерде мен бұяқта праздникті қалай өткізгенімді есіне сала отырсын деп ойымды жазып отырғаным ғой. Әлеке, сіздің соңғы жазған хатыңды алдым, көп жаңалықтармен таныстым. Ал бұяқта біздің жағдайдан хабар: оқу бітті, қазір гос. экзам. жүріп жатыр, экзам. 20-ның, 25 шамасында бітеді. Содан кейінгі жол бағыты белгілі ғой. Сондықтан да енді осы хат барғаннан кейін сіздерден хат алуға үлгере алмайтын шығармыз. Сондықтан жаңалықты телеграмма арқылы хабарларсыздар. Қайыр қош, жазған Сәлем.

7.XI.1942

\*\*\*

Аса ардақты көретін үй- ішіме, бұяқта менен жалынды сәлем. Аман –сау, саламат, тиісті болған шаруашылықтың саласында жүріп жатқан болуларыңызға тілектеспін. Аmandықтан кейін бұдан бұрынғы хатымда енді хат жазба деп едім, ондағы себепті сол хаттада жазған едім. Егзам 16.XI басталып, 20. XI.бітіп тұрғанда тағы 12. XI. дейін оқу срогі созылды. Сондықтанда бұрынғыша оқый беретін болдық. Дегенмен бұл хаттан кейін енді сіздерден хат келгенше бұл жерде болмаспыз. Сондықтан жаңалық, амандықтарыңды телеграмм арқылы білдіріп тұрыңдар. Сәтәрдің шаруасы қалай болды. Жүністен, Ержігіттен хат бар ма? Бар болса әдірісін телеграммамен жіберіндер. Ал, салған посылкелерінді әлі алғаным жоқ. 20. XI. күні посылкені ала алмай кетем ғой деп едім, енді оқу срогі созылуына байланысты 1. XI дейін аламын ғой деп отырмын. Сүйтіп әжемнің сағынған балды бармағынан жіберген дәмді татам ба деп отырмын. Басқа не жазайын, қайыр қош, амандықпен жолығайық: Бұяқта ме-

нен сұраған жанға жалынды сәлем жолдаңыздар. Әдіріс бұрынғыша, жазған Сәлем.

21. XI. 42 ж

\*\*\*

Ардақты сүйікті көруші Төке, апай, Балтай, Шарбан, баршаларыңызға бұяқта менен жалынды сәлем. Аман- сау, белгілі шаруашылықта жүріп жатқан боларсыздар. Мен де аманмын, денім сау, бүгін оқуды бітіріп лейтенант деген атақты алып, жол үстіне шығуға бет алып тұрмын. Әзірше жол беті Москва сияқты, содан кейінгісі белгісіз. Менімен бұл жолдағы Ұлытаудың жігіттерінен бірге адамдар Қоят, Арынғазы, ал Дәулетияр кіші лейтенант деген атақ алды. Сондықтан да ол әзірше Свердловта қалды. Қайыр кош, амандықпен жолығайық.

Жазған Сәлем.

6. 1.43 ж.

\*\*\*

Аса жақсы көретін Тоқа, Зеке, Әже, Жекен, Ажар, Елеу-кен (бұзау), Айтжан есен- сау боларсындар ма. Сәлемнен хат келе ме. Бұл жақта мен де жақсы халде жатырмын. 18. I. күні Қазандағы госпитальге әкелді. Алысымен тез хат салындар. Сәлемнің адресін білсеңдер жіберіндер. Қош, амандықпен жолығайық, елдегі ағайындарға тегіс сәлем айтындар. Сағынып хат жазған балаларың Жүніс.

23. 1. 1944 ж.

\*\*\*

Аса қымбатты көретін анашым, сәулем Құрмет, Жібек, Амантай, Шолпан, сіздерге мен Шәріптің сағынған жалынды, жас жүрегінен сансыз сағынышты сәлемімді арнап отырмын. Апатай, қалың қалай, күйлі- қуатты отырсың ба? Балалардың дені сау ма? Шаруашылық жағдайларың қалай. Шолпан, сен де сау- саламат барсың ба? Ағайын, туған, ауыл-аймақ тегіс аман ба?

...Зеттен, Ишекеңнен хат бар ма?

Шәріп,

18. V. 1943 жыл».



\*\*\*

«...Денім сау. Орал облысындамыз, мен 1 номерлі пулеметчикпін. Қарамағымда бір өзбек бар.

Тілектес, құлының Шәріп.

28. V. 1943 жыл».

\*\*\*

«...Менен амандық білмек болсаңдар есен-саумын. Қуатты сүйікті Отанымызды дұшпаннан аянбай қорғаудамыз. Апа, көп уайымдама, тағдыр жазса немісті құртып елге барып қалармыз.

Шәрібің,

16. VII. 1943 жыл».

\*\*\*

«...Госпитальда жатырмын. Комыл деген қалада, жара шүкір жазылып келеді.

Шәріп. Дала почтасы 92547.

1/1, 1944

жыл».

\*\*\*

ҚАЛМАНБАЙ БАЛАСЫ ШӘРІПтің АРМИЯДА, ОТАН  
СОҒЫСЫНДА ЖҮРІП АУЫЛДАҒЫ АҒАСЫ БҰЛДЫБАЙҒА  
ЖАЗҒАН ӨЛЕҢ ХАТТАРЫ ШӘРІПтің БІРІНШІ ХАТЫ

*Бұлдеке, арнап сізге жазамын хат,  
Қалыпша есен сау ма? Ел- жамигат.  
Көп күндер көрмегелі болып өтті,  
Қуатты, күйлісіз бе? Сау-саламат.  
Сағынып жазған хатымды Бұлдыбайға  
Жасымнан еркелеткен ағатайға,  
Қосылып сауық-сайран ететұғын.  
Айқасқан құлын-тайдай құрбы.қайда?  
Өкініп өткен күнді ойлағанмен,  
Жігітке құр уайымнан болмас пайда.*

*Ауылда жүрген күндер еске түссе  
Ұйықтамай ұзақ түнде қалам ойда.  
Сағындырдың сен мені,  
Атамекен, жер-суым.  
Қайран халқым көре алмай,  
Тарығып жаздым бұл сырым.  
Хат-хабар елден ала-алмай,  
Құрып тұр менің ындарым.  
Кішкентайдан ойнаған,  
Қайғысы қатты кұрбының.  
Сол күндер түсіп есіме,  
Мінезін етем жындының.  
Бәрін жазып қайтейін,  
Таусылмайтын көп жырым.*

АҒАСЫ БҰЛДЫБАЙДЫҢ ШӘРІПТІҢ БІРІНШІ ХАТЫНА  
ҚАЙТАРҒАН ЖАУАБЫ

*Мендағы хат жазамын Шәріп саған,  
Қалған ел бұл жақтағы тегіс аман,  
Есітіп амандығын бек қуандық.  
Аман болғай уақытта болма жаман.  
Ел жағдай тұрмыс жөні өте жақсы,  
Жалғыз-ақ сендерді ойлап қалады арман,  
Кәрілік қапалықпен бірдей келіп,  
Болып жүр хат жазуға ағаң шабан.  
Қарағым, аманбысың сау-саламат.  
Болып ем қонсаң құйрық, ұхсаң қанат.  
Артында кемпір мен шал, бала-шаға.  
Тілеуқор әйел дейтін екіқабат.  
Айтайын Шәріп саған ақылымды.  
Жер мен су, сағыныпсың жақыныңды,  
Заң да осы, жазмыш та осы ойласаңыз.  
Мықтап бас босай бермей тақымыңды.  
Жұмысын Отан қорғау бітірген соң,  
Қосуға Алла жазсын ақырында.*

## ШӘРІПТІҢ ЕКІНШІ ХАТЫ

Сағындым мен Арқаның самал желін,  
Балалық балғын дәурен өскен жерім.  
Аялап алтын бесік құшағында,  
Өсірген амансың ба, қайран елім.  
Қайран ел қош аман бол қалған бізден,  
Хат алмай қапыдамын халқым сізден.  
Ел мен жер туып -өскен еске түсіп,  
Еріксіз ағады жас қара көзден.  
Арқаның желі жібек, суы қаймақ.  
Еркелеп сенде өсіп ем еркін ойнап.  
Қаз қонып, аққу жүзген шалқар көл-ай.  
Туған жер сағындым-ау бір сені ойлай.  
Жыланды, Үштаған мен Түйемойнақ.  
Төменде Арал төбе тұр, бөрі ойнақ,  
Баласы Асан, Саңырық, мекен еткен,  
Қыс қыстап Сарысу бойын, қырқа жайлап.  
Самалды Сарыарқаның бір саласы ет,  
Құлын-тай, құнан атша өскен бойлап.  
Шалқаркөл шалғайына көшіп қоңып,  
Жаннатты шіркін жер-ай жүрген жайлап.  
Қызықтың қызығымен қыз бозбала,  
Думанды шірқін ел-ай жүрген тойлап,  
Сол күнді елестетіп есіме алдым,  
Шыдатпай жүрегімнің қаны қайнап,  
Еске алдым Арқа түнін бұлақ қаққан,  
Кетпестей жүрегіме отын жаққан.  
Сырласып, әзілдесіп достарыммен,  
Жамылып түн көрпесін құрбы баққан.  
Сол түннің шын жаршысы-табиғат,  
Тойыппең қызығына жан құмартқан.  
Қақбақ тас, Қара су мен Теректі ата,  
Қырқада жер шүйгінін мұңарытқан.  
Жамылып өлкелердің жанат тоғай  
Сылдырлап күміс бұлақ тастан аққан.  
Балталы, Бағаналы неше арыс боп,

*Саласын сол қырқаның жайнап жатқан,  
Жазушы атым Шәріп қайран жер-ай.  
Бір кезде жаным сенен рахат тапқан.  
Сәлем айт Жауғаштының баласына.  
Жасы үлкен, жаны дос бар арасында.  
Шерлінің шерін қозғап жазған жыры.  
Тілінен өскен жерге тарасын да.  
Қарт, қария жасы келген ғазиз ана,  
Отырсың дұға ғой боп баласына.  
Бірге өскен қатар құрбы еске түсіп,  
Тербелтіп Европаның даласында.  
Сағынып ел мен жерді тірі жүр деп.  
Ақ қағаз осыны айтып барасын да.  
Жазғам жоқ шешендікпен өнер тасып  
Жұбаттым көңілімді кеткен жасып,  
Қайыр қош, барша халқым тілектес бол.  
Көрерміз бір Алладан болса нәсіп.*

#### БҰЛДЫБАЙДЫҢ ШӘРІПТІҢ ЕКІНШІ ХАТЫНА ЖАУАБЫ

*Сағынсаң бізді солай қалқам Шәріп,  
Жазған хат тиер қолға өрен талып.  
Қайран ел,туған-жер ай деген сөзің.  
Барады жүрек қайнап,ішті жарып.  
Дүниені ешбір адам түгел етпей,  
Барады біреу кетіп, біреу қалып.  
Әуелде жазмыш біреу даген сөз бар.  
Түбінде осы нақыл болады анық  
Баршаға бірдей Отан біле білсең  
Дәм- тұзбен келіп жатыр әркім барып  
Налыма артық ойлап ел мен жерді.  
Заңменен бұл нәубетті тәңірім берді.  
Халық үшін жауға шапқан сарбаздарың.  
Бір жүріп соның бәрін көзің көрді.  
Жыланды өзің айтқан Үшитағаның  
Айтқанды мекен жерді қоштағаның.  
Тасымай көп білімді іште сақтап,*

*Марқұмның сөзің аумай ұстағаның!*  
*«Марқұмның сөзін аумай ұстағаның!»* – деуі әкесі  
Қалекене тартқан деген ұғымды білдіреді.

### ШӘРІПТІҢ ҮШІНШІ ХАТЫ

*Бұлдеке, амансың ба? Малы басың,  
Қуатты, күйлі жү ме? Қәрі- жасың.  
Киініп біз фронтқа шықтық тағы,  
Түседі газиз басым кандай күйге.  
Ел мен жер туып- өскен еске түсіп,  
Бойыма таралмайды ішкен асым.  
Не жазса газиз басқа көтерет соны,  
Бір Алла рақымымен жарылқасын.  
Сарыарқа туып- өскен жер аман ба  
Әруақытта өсіп-өнген ел амаң ба?  
Гүлге орап ел мен жерді масайратқан,  
Кең байтақ Қазақстан кені аман ба?  
Ардақты ата менен ана аман ба?  
Қадірлі жеңге менен аға аман ба?  
Өркендеп өсіп, өніп кебейетін.  
Жеткіншек қанат, құйрық бала аман ба?  
Замандас, қатар құрбы қадырменді  
Тілегі, жүрегі бір құрбы аман ба?  
Қайран ел қасиетті қаным бірге.  
Дәм, тұзын татармын ба, бұл жалғанда?  
Сәлем де атап мені сұрағанға  
Бұлығып жүрек тулап бұлағанға.  
Қайыры қош, барша халқым тілектес бол.  
Көруге жазсын бізді құдауанда.  
Қарындаш хат жазуға алдым қолға,  
Мінекей біздер тағы шықтық жолға.  
Аман- сау ауылда, аға жүретін болсаң.  
Көзің сал қатын-бала, кемпір, шалға  
Бұлдеке, өлең тасып жазғаным жоқ.  
Ауылда аға бар деп көңілге тоқ.*

*Йльяс, Мұқаш сіздер аман болсаң,  
Қайғырман бала үшін уайым жеп.*

Шәріп үшінші хатын жаралы болып, госпитальға түсіп, содан жазылып, қайтадан шабуылға шығайын деп тұрғанда жазған. Бұдан кейін хабарсыз кеткен. Ағасы Бұлдыбай үшінші хатқа жауап қайтара алмаған.

\*\*\*

Ардақты туысқандар, Ағай, Апай, Лена, Бәтима, Әсия, Елеш, Бибісара т. б. менен амандық естімек болған ағайын туысқандарға мен Тұрсынбектен, сағынышты сәлем. Аман, денім сау, фронт жағдайында, қызмет бабында жүріп жатқан. Ағай сіздің 2-VI, 7-VI-гі екі хат жаңа тіпті 5-V хаттарыңыз маған бірақ жолатта келді. Хаттағы жазылған амандық хабарларыңызды естіп көңіл жай боп қалды.

Солардың ішіндегі 7-VI хатыңыз маған ұнады. Үйткені ол бәрінен соң жазылып, маған тез келген хат боп есептелді. Ол хаттардан елдегілердің де, фронттағылардың да жағдай-хабарлары ашық түсіріліпті, сондықтан оларды да естіп қуанып қалдым. Мен жақында Пшенбектен хат алдым. Аман-мын, Қозғанның да дені сау депті, жаңа менен ол жақтың амандығын сұрапты. Мен өзім болжауымша ел жақтың амандықтарын толық етіп хат жазып жібердім. Біздер тайау жиекте тұрсақ та, нақ айқасуға кірісе қойған жоқ едік, минут сайын, сағат сайын әзірлікте тұрмыз. Сондықтан, осы хатты жазып болысымен соғысқа кірісіп кетеміз бе дегендей әзірлікте тұрмыз.

Менің өз айлығымнан әр сайын сіздер алып тұратын етіп әжем атына (300 сомнан) сіздің адреске ақша шегертіп отырамын: нақ май айынан бастап оны сіздер ала-алып жүрсіздер ме? 2-VI-дегі ашық хатыңызда «бүгін тағы жазамын, ішінде сүгіретіңіз бар» – депсіз, ол маған келген жоқ. Егер жібермеген болсаңыз жіберерсіз.

Амандық, жеңісті тілегеннен басқа еш уайым, арманымыз жоқ. Қарамағымда 2 зеңбірек, 8 ат, 20 сарбаздарым бар. Өзім командир взводымын. Маңымда менімен өз тілімде сөйлесетін ешкім жоқ. Жалғыз шалым бар еді, ол денсаулығы

нашарлап тыл жаққа жеңіл еңбекке кетті. Денсаулық зор байлық, сау болып аман жолығайық. Хат жазған Тұрсынбек.  
3 июль 1943 ж.

Ескерту: Лена маған неге хат жазып тұрмайды? Хат жаза білмей ме? Хат жаза білмесе, Фатимаға қосып, биыл қайтадан «Әріп таңбаларынан» бастатып I- класқа түсіріңдер. Тоғызбай Алматыда ма? Адресін жіберерсіз.

### БАРАҚБАЙ ӘУБӘКІРҰЛЫНЫҢ (БҮКІРОВТИҢ) ХАТТАРЫ

Аса қымбатты көретін анамызға, інімізге, Сүтемгенге, баламыз Ибраһімге, Гүлжаһанға, Нәшімге, Тамашқа, бар мені сұраған туған-туысқандарға мен Барақбайдан сағынышты жүректің ыстық түбінен алып, сансыз сәлемімді жолдай келе, сіздермен ақ қағаз арқылы қол ұстап амандасамын.

Қалай туғандарым, дендерің сау аман- есен жүріп жатқан боларсыздар. Мал жандарың тегіс аман ба, шаруашылықтарың жақсы ма. Ал қалқам Сүтемген, өзің орынша қызметінде жүріп жатқан боларсың. Ал, енді менен хал білмек босаңыздар денім сау, аман- есен, орынша, госпитальда жатырмын. Жарам жазылып қалды. Ал, мен сендердің 1. X., 3.X. 43 ж. жазған хатынды, 16. X. 43 ж. алып оқып, амандықтарыңды естіп, қатты қуанып қалдым. Ал, сіздер ол хатыңның ішіне апамды көрсетіп жазбағандарыңа мен қатты ренжіп қалдым.

\* \* \*

Аса қымбатты анамызға, інім Сүтемгенге, қарындасымыз Нәшімге, Ибраһім, Гүлжаһанға, Шарипаға екі әжеме, Тамашқа, барша мені сұраған туған- туысқанға мен балаңыз Барақбайдан сағынған жүректен сәлемімді жолдаймын. Ал, қалқам Тамаш, денің сау ма, есен жүріп жатырмысың. Үй-ішің аман ба, екі шешенің дендері сау ма? Сәмет ағай қалай, дені сау ма, бала-шаға тегіс аман ба? Әшімхан қайда, үйде ме? Менен хал білмек болсандар, денім сау, орынша, госпитальде жатырмын. Жарам жазылып қалды.

Мен сендерден 1.Х -3.Х. екі хаттарыңды алдым. 16. Х. 43 ж., күні алып оқып ,амандықтарыңды естіп қуандым. Сол күні хат жазып жібердім. Қайыр қош, қош! Сау болыңдар. Хат жазған БАРАҚБАЙ деп білерсіңдер. Осы хатты алысыменен тез хат жазыңдар. Қасымда қазақтан Семейдің бір баласы бар. Мынау сағынғаннан апама жазған өлеңім.

### АНАМА

*Құрметті хат жазайын анамызға,  
Бұл тойдан жұрт жиылған қаламыз ба?  
Өсірген тәрбиелеп қайран анам,  
Бағыңа аман-есен барамыз ба?!  
Екі жыл алмадым хат туған елден,  
Қір жуып, кіндік кәсіп өскен жерден.  
Біле алмай амандықты жүргенімде,  
Қолыма бірінші рет хатың тиген.  
Үйде екен аман-есен Сүтемгенім,  
Тарқады хатыңды оқып іште шерім.  
Амандық арттағы елден естіген соң,  
Мінекей енді менің сөйлер жерім.  
Жакешжан да сау ма жалғыз балам,  
Сағынып атыңды атап хатқа салам.  
Шешімді бұл хатыңда көрсетпепсің,  
Жалғыз- ақ бұл қалай деп қайран қалам.  
Ашып жаз үйде бар ма менің анам,  
Сағынды сізді ойлап мұнда балаң.  
Жүргенде мен бұл жақта кетсең өліп  
Өлгенше біте қоймас іште жарам.  
Қолымда қара сия, күміс қалам,  
Бұл хатты, арнап анам саған жазам.  
Сағынып бірер ауыз өлең жаздым,  
Айағы осы менен болсын тәмәм.*

Ал, туғандарым бұл өлеңді ақындықпен жазғаным жоқ. Шешемді қатты сағынып, оны мен бірде хатқа жазбағаныңа уайымдап жазғаным бұл.

Балаң Барақбай.

17 октябрь, 1943 ж.



\*\*\*

Көке, қалай аман – сау жүрсіз бе? Менде ден сау. Тамбов қаласында жүрмін. Жара жазылды. Жақында тағы да майдан барғалы тұрмын. Ал сіздің 20 декабрьде және Сейтжаннан ауылдан 25 декабрьде салған хатын 11 январь күні алып қуанып қалдым. Ал кішкентай ағадан да бір рет хат алдым. 13 декабрьде жазған.

4 рет кірдім дейді. Ал, көке, мен сізге ақыл айтпаймын ғой. Сонда да мені, ауылды, кішкентай ағаны ойлап жүдемеңіз. Алла жазса кездесерміз. Басқа айтар сөз жоқ. Жаңа адресті барған жерден күтесіз. Сау болыңыз.

Алла аман жолығуға жазсын. Жаныңыздағы ауылдағы бар кісілерге тегіс сәлем. Шаһарап.

11. I. 43 ж.

Тамбов, Сақтағанов Ш.

\*\*\*

Көп құрметті Күлән!

Аманбысың? Қарттар қуатты ма? Русланның дені сау ма? Сабакқа үлгерімі қандай? Скрипканы үйренетін бе? Балалардан хат-хабар бар ма?

Мен қазір далада, жорық үстіндемін. Жолдастардың бәрі де майданға жүріп кетті. Мені тек оқуға қалдырып отыр. Егер денімнің саулығы жарап оқуға енсем 6—7 ай оқу орнында болмақшымын. Бөтен не жазайын, амандықтарыңды білдір. Күлән, сені шексіз сағындым.

Досың Тәшібай. 12. III. 1943 ж.

Күлән, «Қанжар» – деген өлеңдер жинағын баспаға бергелі отырмын. Сол жинақтан бір өлеңді саған жазып, сәлемдеме ретінде жіберіп отырмын, Қабыл көріп алар деп ойлаймын.

КӨК КӨГЕРШІН

*Көк көгершін құлаш сермен,  
Қанатыңды қарышта.  
Кейде аспандап, кейде жерлеп,*

Ұшып жылдам алысқа.  
Тез жеткізіп, жазған менің,  
Сәлемімді жарыма.  
Ой орнықсын, алсын демін,  
Жай таптырып жаныма.  
Жүрген болса жүрек толқып,  
Ойға үнемі беріліп.  
Менің жазған хатымды оқып  
Қалсын көңілі серігіп.  
Жаным сүйген жарым тәтті,  
Нұр сәулетті келбеттім.  
Білем жүр зой істеп қатты,  
Майданында еңбектің,  
Жүрегімді білсін менің,  
Майдандағы атыста.  
Етпек болған елді менің,  
Жауды қуып батысқа.  
Кек торынан фашистердің,  
Елді, жерді босатып.  
Өлтіргенім офицерін,  
Жарды тастар жасартып.  
Көк көгершін құлаш сермеп,  
Ұшты жылдам алысқа.  
Жар шаттығы кетер көп боп,  
Басқан сайын батысқа.

## ТУҒАН - ТУЫС, БАУЫРЛАРҒА

Ардақты ата-ана, туған бауыр,  
Асыр салып аясында өскен ауыл.  
Арқаның аппақ жатқан кең даласы,  
Еске алсам, көңіл жүгі болады ауыр.  
Ақ сүтін адал берген анам қайда,  
Бізді ойлап отыр екен қандай жайда?  
Көтерген ауыр күнде, әлпештеген  
Атыңды ұмытпасын сақтай ойда.  
Елестеп көз алдымда көкем түрі,

Еске алсам езіледі жүрек кірі.  
Сүйреген өрден-өрге өрендікпен.  
Жетпейді-ау «қалқам» деген маған үні.  
Елжіреп бауыр еті бала десе  
Мәз болып қарамызға күні кеше  
Күніне мың толғанған туған ана,  
Ақтармын ақ сүтіңді кезі келсе.  
Жеткіншек жауқазындай бауырларым,  
Кей кезде еркелігіңді ауырладым.  
Мұң болып бір көруім осы. күнде  
Жанға сеп ешбір қара таба алмадым.  
Айналған қарамыздан аналарым,  
Ақ сақта аманатын аталардың  
Туысты туған танып, қара болып  
Сыйластық сеніңдағы қолда барың.  
Нағашы, жиендерім, дос пен жарым,  
Сізге де бір жағынан көңіл алаң.  
Думанның туын тіккен жастық, орта  
Аңсаймын бәріңді де не бар шарам.  
Жекелеп атыңды атап еске алдым,  
Сағынған сәлеміңді қабыл алғын.  
Жұлдызша бәрі дағы ағып өтер,  
Жайраңдап, табысар күн көріп алдым.

Жанахмет Баяхметов.  
9 сентябрь 1943 ж.

#### ПОЛЬША ЖЕРІНЕН

Мен күткен бір тағдырдан өмірді,  
Қана етпей көтергей деп көңілді.  
Жас буынды қайғы ізі талдырып  
Бір көрсем деп кіндік кескен жерімді.  
Мен аңсаймын Сары-Арқаның даласын,  
Көк сеңгірлі тау менен сай-саласын.  
Асыр салып сайрандаған туған жер,  
Еркін беріп өсіріп еді панасын.  
Сағынамын жастық орта думаным,

*Бір тойлаған құрбы-құрдас туганым.  
Ақтан жазғай алдан сірә бақыттың.  
Деп тілекті тәуекелге бұғанмын.  
Мен ойлаймын әлпештеген ата-ана,  
Біздерді ойлап сіздерге ас бата ма.  
Адалдықпен ақ сүтінді беріп ең,  
Сол қызметті ақтар таңым ата ма.  
Қаны бірге аға-іні, қарындас,  
Ойнап бірге жүрген замандас.  
Жүздерінді бір көруге боп арманым,  
Еске аламын қайғы-күлкі аралас.  
Бізде жүрміз әр арманның соңында,  
Жат жерлерде ауыр күннің жолында.  
Үйдегі жай еркін жүру мұнда жоқ,  
Не жазса да бір тәңірдің қолында.  
Біз келеміз тағы жорық майданға,  
Түспек болып ұлы дүбір ойранға.  
Игі тілек елде отырып тілеңдер.  
Әлде аққан көздің жасын байлар ма.*

Жанахмет Баяхметов.  
Польша, 30 май 1944 жыл.

\*\*\*

Қымбатты жерлестер! Біздің қазақ елдері туған елге, оның тамаша үнін естіп, бұрынғыдан әлденеше есе жігер алып, хат жазып отырмыз. Сіздердің бауырларың, балаларың қар төсеніп, мұз жастанып, талай қиындықтарды жеңіп өтіп, неміс басқыншыларына күннен күнге қатты соққы беруде, сүйікті отанымыздың қасиетті жерін фашист арамзалардан тазартуда. Біздер неміс басқыншыларына бұрынғыдан да еселеген күшті соққы беріп, сіздердің тапсырмаларыңызды және Бас Командашының бұйрығын мүлтіксіз орындаймын деп ант береміз.

Сержант-химик Сейтжан Ибраев  
Пулеметчик Данияров  
Қызыл әскер Ғабдулла Дегенбаев  
(«Қызыл кенші», 1943, 24 март, № 13).

\*\*\*

Біздің қымбатты жерлестеріміз. Қарсақбай, Жезқазғанның жұмысшылары, біздер соғыс басталғалы қарғыс атқан неміс басқыншыларымен кескілескен ұрыста жүрміз. Біздер немістерден қайтып алынған талай қалалар мен селолардағы аянышты халдерді көрдік. Неміс аюандары өздері басып алған жерлердегі совет адамдарын жаппай қыру әдістерін қолданған. Бейбіт халықтарды олар тұншықтырғыш машинаға зорлап мінгізіп өлтіруді системаға айналдырған. Совет азаматтарының қажырлы еңбегімен жасалған бірнеше қалалар мен селоларды көзсіз аюандарша қыйратып, кәресін құйып өртеп отырған. Зұлым жаудың бұл жыртқыштық ісін біз еш уақыттада ұмытпаймыз. Осының бәрі үшін олардан аяусыз кек аламыз.

«Батырлығы үшін» медальмен наградталған үздік байланысшылар:

Ақтай Шаңбаев, Қыдырберген Кеулов,  
(«Қызыл кенші», 1943, 28 август, № 41).

\*\*\*

Біздің бөлім Ленинград блокадасын талқандаған әйгілі ұрысқа қатынасты. Қызыл армия бөлімдерімен бірге гитлершіл суайттардың «алынбайтын қамал» деп мақтаған бекіністерін көктей тіліп бұзып өтіп, Ленинград қоршауын талқандадық. Жоғарғы Бас командования бөлімшеміздің осы әйгілі ұрыста көрсеткен ерлігі мен жүректілігі, ұйымшылдығы үшін біздің бөлімшеге гвардия атағын беріп, гвардиялық Қызыл ту тапсырды.

Біз неміс-фашистерді бұдан былай да бірі болмай жойылғанша қыра береміз.

Ата-аналарымыз, апа- қарындастарымыз, сүйген жар, сүйікті достарымыз! Бізді зор жеңіспен күтіңіздер!

Сәли Дүйсенбеков.  
Батарея командирі – гвардия лейтенанты.  
(«Қызыл кенші», 1943, 24 март).

\*\*\*

Қымбатты жерлестерім – Қарсақбай мысшылары мен Жезқазған, Байқоңыр кеншілері! Майдандағы Н. бөлімінің қазақ жауынгерлері қазақ халқының жалынды сөздерін зор қуанышпен, мақтанышпен оқыды. Бұл сөз біздің жігерімізді бұрынғыдан он есе арттырып жаңа жеңістерге жігерлендірді.

Туысқан жерлестерім! Сендердің сенімдеріңізді адал ниетпен ақтаймын, фашист арамзалар талқандалып жойылғанша тас түйін боп бекінген белімді босатпаймын, неміс баскесерлердің басын кесіп бітіргенше халқымның кегімен күресте шыңдалған қылышымды қынабыма салмаймын.

Оразбек Әшірбеков.

Қызыл әскер.

(«Қызыл кенші», 1943, 24 март).

Енді жоғарыда тізілген хат иелерінің бірқатары жөнінде нақты деректер келтіре кетейік.

Тәшібай Әлмұханбетовтың туған жері Торғай өңірі болғанымен жастай өскен мекені Ұлытау. Ол отызыншы жылдың бас кезінде Алматыға келіп, Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының әдебиет бөліміне түсіп, 1938 жылы бітіреді. Еңбек жолын Семей педтехникумында бастап, осында әдебиет пәнінен сабақ береді. Бір жылдан соң Ұлытауға келіп, мұғалімдік жұмысқа кіріседі. Бұдан кейін ұстаздық қызметін Қарсақбай мен Жезқазған кенішінде жалғастырады.

Студент кезінде «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Социалды Қазақстан» газеттерінде өлең, әңгімелері, мақалалары шығып тұрған. 1938 жылы Алматыда жарық көрген «Жастық даусы» деген жас ақын-жазушылар жинағына екі әңгімесі енген.

Тәшібай соғысқа 1942 жылдың қазанында аттанады. Майданда жүріп қанға сіңген өлең тудыруын тоқтатпаған.

*Жігітті мақтап не керек,  
Өз Отанын сүймесе,*

*Халқының жауын жықпаса,  
Күресте қайрат көрсетіп,  
Қанға бояп дұшпанын,  
Жерге басын тықпаса.  
Өзі тұрған жұртының,  
Тілегін, мұңын, шаттығын,  
Есте сақтап, ұқпаса.  
Тар жерде ерлік көрсетіп,  
Қоршалаған жауының,  
Мойындарын қырықпаса.  
Соңынан ерген қолдарын,  
Түтеген оқтың аузында*

Өлімнен алып шықпаса...,- деп келетін өлеңдері арқылы жанындағы қаруластарына жігер, қайрат беріп отырған.

Тәшібай соңғы хатын 1943 жылдың 2 желтоқсаны күні туған қарындасы Бақытжанға жазған. Бұл уақыт Тәшібайдың Дон өзені бойындағы сұрапыл ұрыста ауыр жараланып, госпитальге түскен кезі болатын. Алайда отаншыл азамат, ұлтының аяулы перзенті бір аптадан соң осы госпитальде көз жұмады. «Қара қағаз» елдегі зайыбы Күләнға келеді.

Жауынгер ақын жырлары-ел есінде. 1990 жылы Тәшібай Әлмұханбетовтың «Мен өмірге ғашықпын» атты шығармалар жинағы жеңістің 45 жылдығы қарсаңында «Жазушы» ба-спасынан жарық көрді.

Жанахмет Баяхметов 1922 жылы Ұлытау ауданының Кішітау аталатын жерінде туған. Мектепті Қарсақбайда бітіреді. Қарағандыдағы педагогтік институтты тәмамдаған. Мұғалімдікті Ұлытауда бастайды.

1943 жылы Байқоңыр ауылында ұстаздық етіп жүргенде майданға алынады. Белоруссия, Украина, Польша жерін гитлершілдерден азат етуге қатысады. Соңғы өлеңмен жазған хаты 1944 жылдың 30 мамырында, сосын кешікпей тағы бір хаты келеді. Одан әрі хабарсыз кетіп, ақырында Польша жерінде жерленгені анықталады.

Жанахмет те өлең-жырға бала кезінен құмар болған. Мектепте жүргенде-ақ өлеңдері жергілікті басылымдарға шығып тұрған. Ол өлеңге жауапкершілікпен қараған. Оны

белгілі ақын Бүркіт Ысқақовтың мына естелігінен аңғаруға болар еді: «Жанахметке жолыққанға дейін де мен өлең жазғанмын. Ол өлеңдердің кейбіреулері газет беттерінде басылып та жүрді. Бірақ Жанахметтің айтуынша шын өлең, нағыз поэзия бұдан гөрі басқарақ, одан гөрі жоғарырақ. Оған жету үшін табиғи дарынмен қоса, талмай оқу керек, ерінбей іздену қажет. Ол шын өлең, нағыз поэзия деп маған Қасым Аманжолов пен Абдолла Жұмағалиевтің кейбір өлеңдерін оқып берді. Және ол өлеңдердің неліктен шын поэзия екенін айтып, түсіндірді. Өлеңді жалпылама жазбау керек, кұр айғай, бос даурығу, кұрғақ ұран, арзан ақыл өлең болмайды. Өлеңді белгілі бір сюжетке, оқиғаға немесе ойға кұру қажет. Әр өлеңнің өз арқалаған жүгі, яғни айтайын деген ойы болуға тиіс. Өлең ой мен сезімнен туу керек деді. Жанахметтің бұл сөздері менің кұлағымға жағып, миымға қонып кетті. Енді бұдан былай өлең жаза қалсам, оны ең алдымен Жанахметке көрсетіп алып, редакцияға апаратын болдым».

Жанахметтің әкесі Баяхмет Алдабергенов Байқоңыр көмір шахтасында атақты кенші болды. Ол кісі соғыс жылдарында тылда жанкиярлықпен еңбек етті. Қажырлы еңбегі арқасында Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталды. Зайыбы екеуі азаматтығы да, адамгершілігі де мол бес ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Солардың бірі әлгінде біз тілге тиек еткен, туған елі үшін қасық қаны қалғанша шайқасып, жау қолынан мерт болған жаны жайсаң Жанахмет еді.

Шәріп Қалманбаев Ұлытау ауданының Аралтөбе ауылында 1909 жылы дүниеге келген. Сауатты азамат болған. Колхоз мүшелеріне хат танытып, білімге жетелеп отырған. Майданға 1941 жылдың тамызында шақырылады. Көп кешікпей соғысқа ағасы Ишан, інілері Жәлел, Зет те аттанады. Елде анасы Күнжамал, зайыбы Шолпан, бір жасар ұлы Құрмет қала береді.

Шәріп майданнан хатты көбіне өлеңмен жазған. Оны ағасы Бұлдыбайға жолдап отырған. Бұлдыбай да өлеңмен жауап қайтарады.

Атпал азамат 1944 жылы ауыр шайқас кезінде қаза тапты.



Шаһарап Сақтағанов та жастайынан өлеңге ынтық боп өскен. Балауса жырлары газеттерге шығып тұрған. Ол да соғыстан аман-есен оралғанда елге танымал ақын болар ма еді. Амал нешік, 1943 жылдың 16 ақпанында жаумен алысып жүріп жан тапсырады.

...Майдан хаттары. Біз үшін бұлардың әрқайсысы қымбат. Оларды көздің қарашығындай сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыру парыз.

### «РЖЕВ ҚАНДЫ ҚАСАБЫ»

Біз кешегі күнге дейін Ұлы Отан соғысы атап кеткен екінші дүниежүзілік соғыста майданда ерекше көзге түскен жаужүрек жауынгерлерге Кеңес Одағының Батыры атағы берілгені белгілі. Бұл әрине құптарлық. Ерлік ескерілуі тиіс. Осыған қоса мына жайтты да атап өтсек. Ерлік жасаған майдангерлердің барлығы бірдей тиісті орындар тарапынан лайықты атақ-дәрежеге бөлене алды ма? Күмәніміз бар.

Мұндай тоқтамға келуге өзіміз жақсы білетін жезқазғандық соғыс ардагерінің майдан жолдары түрткі болды. Ол кісінің аты-жөні-Қозғанбай Қияқбайұлы Әбиев.

Қозғанбай ағамыз фашистермен шайқастағы ерліктері үшін бес орденмен марапатталды. Медалдарын ауызға алмай-ақ қоялық. Олар өте көп. Қандай ордендер еді? Кәне, тізіп өтейік: Бірінші, екінші дәрежелі «Отан соғысы» ордендері. Бұларға қосып тағы да Екінші дәрежелі «Отан соғысы» ордені. Бір емес екі бірдей «Қызыл жұлдыз» ордені. Осыдан кейін қалай Қозкеңді Батыр дей алмайсыз. Батыр атағына ұсынуға әбден болатын еді ғой. Бірақ олай етілмеді. Алайда бәрібір де ағамыз біз үшін Батыр. Оған жаңа келтіріп өткен марапаттары, соғыстағы ерлік жолдары куә.

Қозғанбай Әбиев 1922 жылы туған. Майданға Жезқазған поселкесінен аттанды. Дұшпанмен шайқасқа 1942 жылдың наурыз айында кірісті. Бұл соғыстың тым ауыр сәттері еді. Калинин майданында Ржев қаласын және оның төңірегін жауға бермеу үшін атсалысты.

Ржев Мәскеуден бар болғаны жүз елу шақырымдай ғана жерде. Ржевті алса Мәскеуге кіру түк те емес. Сондықтан шығар жау жағы аянып қалмады. Әскерін де, соғыс техникаларын да осылай қарай төкті. Арпалыс анау-мынау емес, он жеті айға созылды. Осы кездері қанды ұрысқа екі жақтан он миллиондай әскер қатысты. Шайқас барысында осынша адамның екі жарым миллиондайы қырылды. Міне осы себептен де бұл ұрыстың «Ржев қанды қасабы» аталуы тегіннен-тегін емес. Шығын кеңес әскерлері жағынан басымырақ болды. Бұлай болатыны кеңес әскерлерінде қару-жарақ, оқ-дәрі мүлде жеткіліксіз еді. Жауынгерлердің қынадай қырылуына осы да әсер етті.

1941 жылдың аяқ кезінде басталған қырғын 1943 жылдың наурызында ғана басылды. Ең ақырында Қызыл армия жауынгерлері Жеңіс туын желбіретті. Ржев ұрысының бел ортасында Қозғанбай да жүрген. Жауға аямай соққы бергені үшін соғыстағы алғашқы марапаты-«Қызыл жұлдыз» орденін омырауына тақты. Тағы да бір қуанышы-партия қатарына қабылданды.

1944 жылдың 13 шілдесінде Латвияның Виленск облысындағы Ораны аталатын жердегі ұрыс та ұмтылмастай есінде. Ол кезде 4-ші атқыштар ротасының қарамағында. Солдаттарды жігерлі үнімен алға жігерлендіре білді. Сөйтіп жаудың төрт шақырымға дейін шегінуіне ұйтқы болды. Бір уақытта алдыңғы жақтан немістердің танкілері шыға келді. Қарап тұруға бола ма. Қаза тапқан жауынгердің танкіге қарсы қаруын жедел қолына алып, жау танкілерінің бірін қатардан шығарды.

1944 жылы 16 шілдеде Неман өзенінен өту оңай болмады. Өзеннің арғы жағына мықтап бекінген жау бір қадам да алға бастыртар емес. Алайда бұйрықтың аты-бұйрық. Оны орындау-міндет. Бұл жолы да бойға сіңген қайсар мінезінен танбады. Өзін айтпағанда төңірегіндегі жолдастарын да дұшпанның қарсы шабуылын тойтаруға ұмтылдырды. «Отан соғысы» орденінің алғашқысына ие болғаны да осы кез болатын.

Литвия аумағын басқыншылардан азат етуге қатысам деп

жүріп бір ұрыста қатты жараланды. Оқ кеудесіне тиіпті. Госпительде емделгеннен кейін қайта қатарға қосылды.

«Отан соғысы» орденінің тағы бір екінші дәрежесіне ие болғанда марапаттау қағазында төмендегідей жолдар бар еді: «Атқыштар батальоны командирінің саяси жұмыстар жөніндегі орынбасары Қ.Қ. Әбиев жолдас ұрыстарда өзін жақсы жақтарымен көрсете білді. Күрделі жағдайларда табандылық танытып, өзінің жеке үлгісімен басшылықтың сенімінен шығып келеді. Ол қандай марапатқа да лайық».

1945 жылдың 15 сәуірінде немістер Норгау/Шығыс Пруссия елді мекнінде екі «Фердинандтың» қолдауымен қарсы шабуылға шықты. Қозғанбайдың батальоны да орындарынан өре түрегелді. Алда комиссар Қ.Әбиевтің өзі. «Менің соңымнан еріндер!», «Бір қадам да шегінбеңдер!», «Жауға қарсы, алға!» деген дауысы айналаға анық естіліп, жауынгерлерге жігер берді.

Қозғанбайдың осы ұмтылысының арқасында батальон қарсы шабуылға тойтарыс бере отырып, немістің жиырма жеті солдатын тұтқынға алды. Қайсар саяси жетекшінің бұл әрекеті де жоғары жақтан еленбей қалмады.

Гитлершіл жеңдеттер Шығыс Пруссияны ешкім ала алмайтын берік қамал санайтын. Бірақ олар кеңес жауынгерлерінің шабуылына төтеп бере алмай, аяусыз соққыға ұшырады. Дегенмен жау жағы өздерінің Одер өзеніндегі күшті қорғанысына сеніп, қарсылық білдіретіндіктеріне үміттенді. Сөйтіп техникаларын, қару-жарақтарын сүйретіп батысқа қарай қашты. Осы кезде жау тылындағы автомобиль жолына бөгет жасау, техникалардың, басқа да құралдардың әкетілуіне жол бермеу қажет болды.

Қозғанбай қызмет ететін батальоннан танкке қарсы оқ ататын қарумен, пулемет, автомат, гранаталармен қаруланған барлаушылар тобы жасақталып, жау тылына жіберілді. Оларға түн жамылып, екі жағы ну орман, саздауыт жол бойына шығып, жаудың шегінуіне бөгет жасау жөнінде тапсырма берілді. Бұл тапсырма ойдағыдай орындалды. Елу шақырымға созылған жол бойында жаудың көптеген

танктері, автомашиналары, өзге де қыруар техникасы иін тіресіп, тоқтап қалды.

Қозғанбай Қияқбайұлы мұнан соң әскери құрама сапында Қиыр Шығысқа аттанды. Осында жапонның Квантун армиясын талқандауға қатысты. «Қызыл жұлдыз» орденінің екіншісін жапон милитаристеріне қарсы ұрыстағы жауынгерлік ерлігі үшін алған еді.

Қозғанбай ағамыз Кеңес армиясы қатарынан 1953 жылы ғана оралды. Келе салысымен Жезқазғандағы «Казмедстрой» тресіне жұмысқа орналасты. Мысты аймақтағы маңызды өндірістік нысандар құрылысының бел ортасында жүрді. Әсіресе Жезқазған, Сәтбаев, Қаражал қалаларының, Жәйрем поселкесінің қалыптасуына, олардағы құрылыс ісіне едәуір еңбек сіңірді. Бөлім бастығы, трестің біріктірілген кәсіподақ комитетінің төрағасы, трест парткомының хатшысы, кәсіпорын басқарушысының кадр және тұрмыс жөніндегі орынбасары секілді жауапты қызметтерді атқарды,

Трестің және қаланың қоғамдық жұмыстарына белсене қатысты. Әлденеше рет қалалық партия комитетінің, облыстың кәсіподақтар комитетінің мүшесі болып сайланды. Жезқазған қалалық кеңесінің жиырма жылға жуық депутаты болды.

Құрлысшылардың тұрмысын жақсартуға, әсіресе кадрлар тәрбиелеуге, зор үлес қосты. Өзінің сайлаушыларымен, сондай-ақ ГПТУ-36 және ГПТУ-108-дің жас құрлысшыларымен жиі кездесіп отыратын.

Еселі еңбегі үшін «Құрмет белгісі» орденімен, бірқатар медалдармен марапатталды. Оған республикалық дәрежедегі дербес зейнетақы тағайындалды.

Қозғанбай аға соңғы уақытта Жезқазған облыстық мүгедектер қоғамына басшылық етті.

Осы қызметтің барысында жиі кездесіп тұратынбыз. Қоғамның өзекті мәселелері жөнінде газетке мақалалар жазып тұрдық. Ол бұған ризашылығын білдіріп, өзінің басшылығымен өтетін жиналыс-жиындарға үзбей шақыратын.

Біз әңгіме леген майдангер азамат соғыс жылдары

қаруластарына қандай үлгі-өнеге көрсетілсе бейбіт өмірде де сол белсенділігінен бір де танбады. Сүйікті елінің өсіп-өркендеуі жолында қалтқысыз қызмет етті. Міне, осы жанқиярлық еңбегі үшін тоқсаныншы жылдардың басында «Парасат» орденімен марапатталды. Ол расында да осы награданың атауындай жұртшылық қадір тұтқан парасатты, жүрегі таза, асыл азамат еді. Жарық дүниеден де адамгершіл отаншыл қасиеттеріне кір шалдырмай өтті.

## ЕРЛІК ЕСКІРМЕЙДІ

Тарихта мәңгілік өшпестей жазылып қалған неміс-фашист басқыншыларымен арпалысқан қанды қырғынның жеңіспен аяқталғанына да жетпіс бес жыл болып қалыпты. Арада осыншама мерзім өтсе де бұл соғыстың кейбір құпиялары енді ашылып жатқан жағдай бар. Гитлершілермен шайқаста қаһармандықпен күрескен кейбір батырларымыздың есімдеріне осы күндері ғана қанығып жатқанымызды несіне жасыра аламыз. Ел, жер десе жүрегін жұлып беруге даяр қазақтың жаужүрек ұлдарының бірі Әбілғазы Кенжалин болатын.

Әбілғазы Кенжалин 1921 жылы Шығыс Қазақстан облысы Бұқтырма ауданында дүниеге келген. Білетіндердің айтуынша оқуға алғыр болған. Соның дәлелі он бес-он алты жастың өзінде Шыбынды, Манат мектептерінде мұғалімдік қызмет атқарады. 1939-1940 жылдары Өскемен – Зырян тас жолын салуға қатысқан. Осы жұмыста жүргенде соғыс басталады. Тайыншы ауылындағы әскерге шақырылған жігіттермен бірге Әбілғазы да аудан орталығына жетеді. Одан әрі майданға жол тартады. 1941 жылдың қыркүйегінде қолына қару алып, шабуылға кіріседі. Жас жігіт алғашқы күндерден ақ жинақылығымен, ұқыптылығымен төңірегіндегілердің көзіне түседі. Ақырында Ташкенттегі офицерлер даярлайтын төрт айлық курсқа жіберіледі. Бұл жерден лейтенант шенін алған соң алғы шептен, онда да фашистер жан беріп, жан алысып жатқан Ленинград майданынан бір-ақ шығады.

Ары қарай белгілі жайт. Бораған оқтың астында жаумен шайқасу. Жеңіске деген зор үміт.

Әбілғазы соғыс жылдарында елдегілерге үзбей хат жазып тұрған. Әсіресе, туған інісі Шаймарданнан хабар үзбеген. Әрбір хатында ажалмен бетпе-бет келіп жүрген өзін емес, бауырының жайын көбірек ойлайтыны байқалады. «Ауылға аман-есен жетсем өзім сені оқытамын. Ешқандай уайым болмасын» дейді екен.

Майдандағы жауынгердің ауылдағы туған-туыстарына жолдаған соңғы хаты 1945 жылдың 13 наурызында жазылды. Хатта мынандай жолдар бар: «Қымбатты, аса құрметті көретін ағайға, тәтеме, бауырым Мардаш (Шаймардан), Бағила, Мәрзия, Озипаға – барлығына менен, сағынған жүректен жалынды, сансыз сәлем!

Қадірлі аға, аман-сау жүріп жатырсыз ба? Деніңіз сау ма? Тәтей, балалардың дені сау ма, халдарың жақсы ма? Мен де аман-сау, денсаулықта тиісті командирлік қызметімді атқарып жүріп жатырмын. Хал-тұрмыс жақсы. Екі рет наградталдым. Старший лейтенант деген звание алдым. Рота басқарып, дәл майданның өзінде жүріп жатқан жайым бар.

Қарағым Бағила, сіздің 12 январь күнгі жазған хатыңызды алып оқып, хабарларыңызды біліп, өте қатты қуанып қалдым.

Хабар білдірген Әбілғазы.

...Елдің, өздеріңнің халдеріңізді толық жазыңыздар. Сіздердің хабарларыңызды білмегеніме көп айлар, көп күндер өтті. Сіздерден хат алған күннен қуаныштымын».

Осы хаттан соң көп күн өтпей Әбілғазының ерлікпен қаза тапқан-дығы жөнінде қара қағаз келеді. Бұл хабар ауылдағыларды есеңгіретіп тастайды. Радиодан, газеттен берілетін жаңалықтар кеңес әскерінің жеңістері жайлы жиі айтуда. «Жау ордасы – Берлинге де таянар күн жақын. Жеңісті тойлайтын сәт те тақау», деп жатқанда мұндай қаралы хабарды мүлде күтпеген. Туыс-ағайын сенер-сенбестерін білмей аласұрды.

Әбілғазының қаза тапқаны рас еді. Бұл 1945 жылдың 17 наурызы болатын. 19-гвардиялық атқыштар полкінің командирі, подполковник Шапшаев марапаттау қағазына

былай жазады: «Кенжалин 1945 жылдың ақ-панынан полктегі пулеметшілер ротасына басшылық етті. 1945 жылы 17 наурыздағы шабуылда өжеттік пен қайсарлық танытты. Қарауылдағы пулеметті шебер меңгере отырып шабуылға көтерілген біздің жаяу әскерлерге дер кезінде қолдау көрсетті.

Сол күні Донгас хуторы маңындағы кескілескен ұрыста пулеметті өз қолына алды. Шепті сеніммен қорғай отырып, жауды қырық метрге дейін жақындатты. Отыз неміс солдатының күлін көкке ұшырды. Біздің жаяу әскерлерді ілгері бастыртпай тұрған жау дзоты амбразурасының үнін өшірді. Кенжалин жолдас өзінің ержүректігі арқасында жаяу әскердің алға жылжуын және жау қорғанысын бұзып жаруды қамтамасыз етті. Осы күні Кенжалин жолдас ротасымен бірге жаудың бес қарсы шабуылына тойтарыс беріп, жетпіске жуық неміс солдатының көзін жойды. Алайда бұл ұрыста өзі де қаза тапты. Ол «II дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапатталуға әбден лайық. 19-ы гв. атқ. пол. командирі, подполковник Шапшаев. 25 наурыз 1945 ж.». Осы анықтамада рота командирі Ә.Кенжалиннің жаудан тайсалмайтындығы, өз елінің патриот ұлы екендігі анық көрініп тұр. Полк басшылығы Әбілғазының осының алдындағы шайқас кездерінде де батылдығымен көзге түскендігін мақтанышпен айтады. 1943 жылы Жарнах, Вознесенский деревнялары, Космодемьянск қаласы (Брянск майданы) үшін болған ұрыстарда Әбілғазының бір өзі пулеметімен он төрт немісті жер жастандырған. Псков қаласы жанындағы ұрыста Великая өзенінен ротасымен шығынсыз өтіп, жеті пулемет нүктесін отқа орайды. Оның пулемет ротасы жаудың екі миномет расчетын жойып жібереді.

Қайсар жауынгер өмір мен өлім сынға түскен қанқұйлы ұрыстар барысында үш рет қатты жараланады. Бұл туралы ресми құжаттарда айтылады. 1943 жылы 7 маусымда Пушкин қаласы үшін, 1944 жылдың 20 шілдесінде Псков қаласы үшін, 1944 жылдың 15 қазанында Калинин облысындағы Скоморохов деревнясы маңындағы шайқастарда жараланады. Алайда, жарақатын елең қылмаған командир әрдайым да

қаруластарының жанынан табылып тұрды.

Қазақтың қаһарман ұлы Әбілғазы Кенжалиннің соғыстағы ерліктері кейін ғана белгілі бола бастады.

– Бала кезім ғой. Әкем Шаймардан дастарқан басында ағасы Әбілғазының соғыста қаза тапқанын, қара қағаз келгенін айтып отыратын. «Шіркін, ең болмаса оның мүрдесінің қай жерде жатқанын білсем арманым болмас» еді деп жүрегі аһ ұратынына талай куә болдым. Мен есейе келе әкемнің аманатын орындауды өзіме міндет санадым, – дейді Шаймарданның ұлы, «Құрылысконсалтинг» АҚ Ақтөбе филиалының бөлім басшысы Ербол Кенжалы.

Ербол Қарағанды облысының Теміртау қаласында әскери борышын өтеп жүргенде көздеген мақсатына қол жеткізу үшін білек сыбана кірісті. Алдымен Орталық радио хабарларын тарату редакциясына хабарласты. Содан соң жауынгердің қаза тапқан жерін, тіпті болмаса майдандас жолдас-тарын табуға көмек сұрап КСРО Қорғаныс министрлігінің архив қызметкерлеріне хат жазды. Өкінішке қарай, мардымды жауап ала алмады.

«Енді болмайтын шығар», деп үміт үзілген шақта бұл іске Ерболдың баласы Әбілтай кірісті. Бұл интернет желілері арқылы сырт елдерден де хабар-ошар алуға мүмкіндік туғызылып жатқан кез еді. Көп ұзамай-ақ Әбілтайдың жақсы хабарға қолы жетті. Латвиядағы Ұлы Отан соғысы жауынгерлеріне арналған ескерткіш тақтадағы тізімде алтыншы болып «гв. старший лейтенант Кенжалин А.» деп жазылған екен. Шайқас өткен жердің картасы, суреттер қолына тиді. Айтуларына қарағанда Әбілғазы Кенжалин Сандус өлкесі Броцен ауданындағы Тушки хуторында жерленген. Интернет желісі арқылы тапқан Михаил есімді жігіт Әбілғазылар қызмет еткен Панфилов дивизиясы туралы былай деп жазады. «Панфиловшылардың 8-ші атқыштар дивизиясының тарихы әлі күнге дейін толық жазылып біткен жоқ. Бұл құраманың 1941 жылы Мәскеу түбінде қандай ерлік көрсеткенін жұртшылық жақсы біледі. Ал бұл даңқты дивизияның соңғы қасіретті тағдыры туралы көпшілік біле бермейтіні және ақиқат.



1945 жылдың наурыз айында Курляндия жерінде кезекті шабуыл кезінде әуелі жартылай қоршауға түсіп, сосын ол барған сайын тарыла түседі. Нәтижесінде көптеген кеңес жауынгерлері қаза табады. Дивизия қоршаудан шыққаннан кейін одан әрі белсенді әрекет көрсете алмайды.

Негізінде оқиға былай болған. Дивизия шабуылға бір жарым айдай әзірленеді. Олар сақадай-сай күйінде алға ұмтылып, жау тылына дендеп енеді. Алайда, қанаттас көршілер бұл уақытта шамамен төрт-бес шақырымдай кейіндеп қалады.

18 наурызда түс ауа жау төрт рет қарсы шабуылға шығады. Олар мүмкіндікті пайдаланып бұлардың тылына да өтіп алады. Сөйтіп, ілгері шығыңқырап кеткен дивизияны бір жағынан қауқарсыз жағдайда қалдырады.

26 наурызға дейін дивизия жартылай қоршауда әрекет етеді. Неміс-тер күштерін аямай төгіп, біздің жауынгерлерді тықсыра түседі...»

Ұлан ауданындағы Қасым Қайсенов кентінде Мағауия Мұқашев атты соғыс ардагері тұрады. Ол бір ауылда өскен Әбілғазыны жақсы білетін болып шықты.

– Әбілғазы ақ көңіл, кішіпейіл азамат болатын. Ауылдың бәрі білетін. Үздік оқуының арқасында жас кезінен-ақ ұстаз атанып, ауыл балаларына сабақ берді. Майданға аттанар алдында бауыры Шаймарданға айтқан сөздері әлі құлағымызда тұр. Інісіне деген ілтипаты ерекше еді. “Майданнан аман-есен оралсам сенің жоғары білім алуыңа көмектесемін” деп еді сонда.

Соғыстағы ерліктерімен қанығып жатырмыз. Олардың бәрі құжатта жазылған. Нағыз батыр. Елі үшін жауға есесін жібермеген оны “Халық қаһарманына” ұсынып жатсақ еш артықтығы болмас еді, – дейді тоқсан жастағы майдангер ішкі сырын ақтарып.

Әбілғазының інісі Шаймарданның ұрпақтары бізге Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор Панфилов атындағы 8-гвардиялық атқыштар дивизиясы бойынша 1945 жылғы 6 сәуірде марапатталған жауынгерлердің тізімімен таныстырды. Солардың ішінде 19-гвардиялық атқыштар полкіне

қарасты пулемет ротасының командирі, гвардия аға лейтенанты Әбілғазы Кенжалин де бар. Ол бір топ қаруластарымен қатар «І дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапатталған. Ал осының алдында, яғни 1945 жылдың 28 ақпанында әскери тапсырманы мүлтіксіз орындағаны үшін ІІ дәрежелі Отан соғысы орденін омырауына таққан.

Бүгінгі күні назар аудартып отырған жайт – жау қолынан қаза тапқан қазақ жауынгерінің қай жерде жерленгені?

– 2007 жылы университетте оқып жүргенде соғыста қаза тапқандардың тізімі орналасқан бір сайтты кездестірдім, – дейді Әбілтай Кенжалин. – Солардың бірінде менің атамның Латвиядағы Войдолотес хуторынан жүз метр жерде жерленгені көрсетілген. Бір жерде үш адамның мүрдесі жерленген.

Әбілтай әлгі сайттың көмегімен соғыста қаза тапқан жауынгерлердің жерленген жерін әрі олардың аты-жөндерін анықтаумен айналысатын іздестіру топтарының өкілдерімен байланысқа шығады. Олар Әбілтайға тиісті қорытынды жасауға асықпау керектігін айтады. Себебі, соғыс біткеннен кейінгі жылдардан соң кеңес үкіметінің және әскери басшылықтың шешімімен жауынгер мүрделерін қайта жерлеу жүргізілген.

«Латвия аумағында бауырластар мен жекелеген шағын зираттар көп кездескен, – дейді Ә.Кенжалиннің туыстарына Ригадан хат жазған Александр Ржавин. – Бұл ауыл шаруашылығын дамытуға едәуір кедергі жасаған. Көптеген жауынгерлердің сүйектері бір жерге көміліп, араласып кеткен. Мұның өзі ескерткіш тақтада көрсетілген жауынгер аты-жөндерінің өзгеріп кетуіне де әсері болуы ықтимал».

Осыдан кейін латвиялық және ресейлік іздестіру топтарынан хабар жетеді. Олар аға лейтенант Кенжалиннің басқа жерде – Салдусск ауданындағы Броценский өлкесі Тушки хуторында жерленгенін баяндайды. Олар қайта жерлеудің кейде қағаз жүзінде қалғанын да ескертеді. Әрине, мұның бәрі нақтылауға болатын жайттар. Біз ең бастысы кешегі сұрапыл жылдарда басқыншы жаумен нағыз батырларша алысқан қазақ жауынгерінің ғажайып ерлігіне қанықтық.

Ол – өр Алтайдан түлеп ұшқан, ұлтымыздың мақтаныш етер азаматы – Әбілғазы Кенжалин. Ер есімі де, ол жасаған ерлік те ешқашан ұмытылмақ емес.

## 65 ЖЫЛДАН СОҢ...

Негізгі себепші Қызылорда облысында жарық көрген «Боздақтар» кітабы болды.

Осы кітапта Бақытжан ағамыздың әкесі Сырлыбайға да орын беріліпті. Онда бұл кісінің 1941 жылы Қазалы ауданынан соғысқа аттанғаны, 1943 жылы Ленинградты қорғау кезінде қаза тапқаны айтылады.

Бақытжан әкесі майданға шақырылғанда төрт жаста ғана болатын. Кескін-келбеті, түр-тұлғасы есінде жоқ. Ол туралы анасынан ғана естіп-білді. Соғысқа кетіп, содан оралмаған. Шайқаста мерт болғандығы жайлы «қара қағаз» келіпті.

Қай бала да әкесі жайлы ойлайтыны хақ. Бұл да әкесі туралы ауыр ойларға шоматын. Әрине, тірі емесі анық. Жер басып жүрген болса бір хабары болар еді. «Ең болмаса, жатқан жері табылса ғой. Басына бір уыс топырақ салып, Құран бағыштаған болар еді». Осындай ой жетегімен жүргенімен аңсаған арманы орындалмай-ақ қойды.

...Енді мына қара. Бір сәтте жылт етіп, үміт оты жылтырағандай.

Жолға шығуға тағы бір жағдай себеп болды. Ленинградта, яғни бүгінгі Санкт-Петербург қаласында екінші ұлдары Әділдің отбасылық жолдастарының бірі – Владимир Матич тұрып жатқан. Ол кезінде Байқоңырда әскери қызметте болған. Қазір де әскери салада. «Владимир – өз адамымыз. Ол, барсақ, туысқаны келгендей қуанады» деп Әділ де сапарды тездетті.

2008 жылдың жазында Бақытжан зайыбы Райкүлмен, ұлы Әділ, ол үйдегі келіні Зәуремен төртеу болып жолға шықты. Алдымен Мәскеуге келді. Осындағы «Қазақ тілі» қоғамының азаматтары жақсы қарсы алып, поезға шығарып салды.

Владимир, Әділ айтқандай, тамаша азамат болып шықты. Туған бауырлары келгендей құшағын жайды. Төрт бөлменің бір бөлмесі – Қазақстандағы Сыр өңіріне арналған мұражай іспетті. Сырда өсетін құстардың, жануарлардың, өсімдіктердің бірқатары қатырылып, көрме жәдігерлеріндей тізіліп қойылған. Табаны күректей отыз бес жыл ауасын жұтып, суын ішкен жер ғой. Қазақ топырағын ерекше бағалайтыны осыдан-ақ көрініп тұр.

Алғашқы кезде қиналғандай болды. Алайда жергілікті әскери комиссариатқа барғанда көңілдегі кірбіңнің бәрі сейілді. Жауынгер Сырлыбай Көбековтің осы жерден жетпіс шақырымдай жерде – Иваново деревнясындағы әскери бауырластар зиратында жерленгендігі туралы құжат табылды.

Әкенің сүйегі жатқан алаңқайға келгенде Бақытжан топырақты құша құлады. «Сабыр сақтармын» деген. Дүрс-дүрс сокқан жүрек шыдас бермеді. Кеудені қысқан өксік әсерінен айналаны басына көтере жылап жіберді. «Сыр өңіріндегі Қазалы қайда? Ленинград қайда? Екеуінің арасы сан мың шақырым. Бірақ топырақтың туған жерден емес, мына жақтан – шет аймақтан бұйырғанын қарашы... Қарғыс атқыр, соғыс-ай! Сен болмағанда таудай әке жанында өспейтін бе едім...» Осы секілді алуан ойлар кеудеге кептеліп, денесін босатты. Райкүл де, ұл мен келін де Бақытжанға кедергі жасамады. «Мұныңыз не? Сабыр етіңіз» деген де жоқ. «Әбден өксігін бассын. Шерін тарқатсын» деді.

65 жыл. Ол осы күнді осынша жылдар күтті.

Ол осы сәт осыдан алпыс бес жыл бұрын дүние салған адаммен емес, кәдімгі тірі әкесімен, бойында жаны бар әкесімен жүздескендей болды. Содан ба, көпке дейін топыраққа тиген басын көтермеді.

Әке жатқан топыраққа ақтық жабылды. Құран оқылды. Бұл жерге құлпытасқа тапсырыс беруге болады екен. Осы жұмыс атқарылды. Сөйтіп, келесі жылы 9 мамырда келіп қайтуға серт байласты.

Келесі жылы Бақытжан аға уәде еткеніндей, жанына зайыбын, ұлы Ақыл мен келіні Лаураны, немересі Талғатты ертіп тағы да келді. Владимир бұларға дейін-ақ құлпытасты

орнатып қойыпты. Онда Сырлыбай Көбековтің қай жылы туып, қай жылы қайтыс болғаны және орыс тілінде бір шумақ өлең жазылған.

Ана жолы келгендерінде көрген. Бұл жерде қаһарман қазақ, Кеңес Одағының Батыры Сұлтан Баймағамбетов те жерленген екен. Екі ара он-жиырма метрдей ғана. Осыған қарағанда әкесі мен Сұлтан бір әскери құрамада болған секілді. Әкеден кейін бұлар батыр қазаққа да тәу етіп, Құран бағыштады.

Санкт-Петербургте төрт мұсылман мешіті бар екен. Солардың бірі – қазақтардікі. Әке денесі жатқан зираттан кейін Бақытжан аға осында соғып, соғыста қаза болған барша қазақ бауырларға, оның ішінде өз әкесіне Құран оқытты, елде бейбітшілік, тыныштық болуын тіледі.

– Әкем жатқан жерді тауып, басына зиярат еткеннен кейін арқамнан ауыр жүк түскендей жеңілденіп қалдым. Тағдырдың мұнысына разымыз. Көптен көкейде жүрген арман еді. Сол орындалды, – дейді Бақытжан аға.

Бұл күнде жетпістің үшеуіндегі Бақытжан Сырлыбайұлы – өмірдің ауырлығын көп көрген азамат. Балалық шағы соғыс кезеңімен тұспа-тұс келіп, ойын, күлкі дегенді білмей өсті. Аштықты да, жалаңаштықты да бастан өткерді. Дегенмен де келе-келе тұрмыс түзелді. Еңбекке араласты. Адал да жауапкершілікпен еңбек етті. Құдай қосқан қосағы Райкүл апамызбен бірге алты бала тәрбиелеп өсірді. Қазір олардың өзі үйлі-баранды. Шаңырақтары сәби үніне толы.

– Менің осы уақытқа дейін көңілге түйгенім – тыныштыққа, бейбіт өмірге ештеңе жетпейді. Өзге қиындықтар бейбітшіліктің қасында түк те емес. Сондықтан ең басты тілегім – ұрпағымыз бұдан былай соғыс үнін естімесін. Еліміз өсіп, өркендей берсін.

Бұл – ардагердің жүрекжарды тілегі.

Жеңістің биылғы 65 жылдық мерекесі қарсаңында Бақытжан аға да бірқатар замандастары секілді мерейтойлық медальмен марапатталды. Бұл мемлекетіміздің соғыс уақытындағы қасіретті балалық шақты ескеріп, азаматына құрмет көрсеткендігі еді.

## БАТЫР ҚЫЗДАРДЫ БІР-БІРІНЕН БӨЛМЕЙІК

Осыдан 75 жыл бұрын Ұлы Отан соғысы деген атпен тарихта өшпестей ізі қалған алапат қырғын басталып еді. Кеңес Одағындағы басқа халықтар секілді қазақтар да қолдарына қару алып, неміс-фашист басқыншыларына қарсы аяусыз күресті.

Осы соғыста ерлермен қатар қазақ қыздары да ерлік көрсетіп, ұлттың абыройын асқақтатты. Қазақтың қыздары да намысшыл, аршыл, қайратты екендігін төрткүл әлемге паш етті. Солардың қатарында Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова да бар.

Бірі пулеметші, екіншісі сұр мерген – Мәншүк пен Әлия ел есінде мәңгілік қалды. Оларды білмейтін, ерліктеріне қанық емес отандастарымыз некен-саяқ.

Өкінішке қарай, біз соғыс аяқталған алпыс жылдан кейін барып қана қазақтың тағы бір қызы соғыста айрықша қаһармандық көрсеткеніне қанықтық. Ол – Хиуаз Доспанова еді.

Хиуаз орыстың белгілі ұшқыш қызы М.Раскова басқарған ұшқыштар полкінде штурман қызметін атқарды. Жау шебіне 300-ден аса ұшып шықты. Соғыс кезінде көрсеткен жауынгерлік ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз», II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталды. Соғыстан аман-есен оралғаннан кейін де жауапты қызметтердің басында жүрді. Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Жоғарғы Кеңес Төралқасының хатшысы болды. Қазақстан жастарына жетекшілік жасады – Қазақстан комсомолы орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды. Алматы қалалық партия комитетінің екінші хатшысы қызметін де жемісті атқара білді.

1959 жылы, бар болғаны отыз жеті жасында Хиуаздың өмірі күрт өзгерді. Соғыста алған жарақат салдары біліне бастады. Сөйтіп, соғыс мүгедегі ретінде зейнеткерлікке шықты. Үйден шығу қиындады. Төсекке таңылып қалды.

Араға көп жылдар салып әділдік тұғырына қонды. Хиуаздың соғыстағы ерлігі лайықты бағаланды. Еліміздің

жоғарғы марапаты – Халық Қаһарманы атағына ие болды. Сөйтіп, бұрыннан белгілі батыр қыздарымыз – Мәншүк пен Әлияның қатарына Хиуаз келіп қосылды. Бұл – мақтаныш! Аузымызды толтырып айтатын үш батыр қызымыз бар.

Дегенмен де біз кейбір кездері Хиуазды назардан тыс қалдырып жататын секілдіміз. «Шығыстың қос шынары», «Қос қыран» деп Мәншүк пен Әлия есімдері жиірек айтылып жатады. Әрине, мұнда тұрған ешқандай өрескелдік жоқ. Алайда біздің ұсынысымыз: осы үш қаһарман қыздарымыз – Мәншүк, Әлия, Хиуазды бір-бірінен бөлмесек. Бір-бірінен ажыратпасақ. Бірге атасақ, бірге тілге тиек етсек. Екеу қандай? Үшеу қандай? «Қазақтың үш қаһарман қызы», «Қазақтың үш батыр қызы» дегенде қазақ қайсар, өршіл, өжет қыздардан кенде еместігін, олардың қатары көп екендігін аңғартпай ма? Осының өзі – ұлт үшін үлкен мерей, дос сүйсініп, дұшпан қызығар мәртебе.

## ПАРТИЗАН «ДЖЕЗКАЗГАН». ОЛ КІМ?

Бұл жайлы бұрын да естіген сияқтымын. Міне тағы да алдымнан шықты. Биылғы мамыр айындағы «Аргументы и факты» газетінің Қазақстанға арналған қосымшасында майдангер, тарихшы Асханбек Алданазаровтың екінші дүниежүзілік соғысқа қатысты бірнеше материалдары жарық көрді. Солардың бірі «Партизан Джекказган» деп аталады. Тақырыбының өзі мақаланы оқыттырмай қоймады. Расына да, қызықтыратындай хикая. Сондағы жазылғанды оқырмандарға түсіндіре кетейін.

...Кешегі неміс-фашист басқыншыларымен болған қырғында Польша жерін жаудан азат етуде жергілікті халықтың есінде Джекказган деген атпен қалған бір қазақ ерекше ерлік көрсетіпті. Ол партизан болған. Шын атын ешкім білмейді. Оны сондай-ақ «Иванович Қазақстан», «Қазақстандақ Иванович» деп те атаған көрінеді. Ол кезде мұның өзі танданарлықтай нәрсе емес екен. Партизандар лақап атпен жүрген. Өздері дайындаған төлқұжаттарында

да осы жасырын аттарын жазған. А.Алданазаровтың жазуына қарағанда Джекказған әскерге соғыс басталмай тұрып алынған. Ол Эстониядағы Сааремаа аралында жағалау күзетінің артиллерисі болған. Жау бомбалаған кезде Джекказған қасындағы жауынгерлермен 85 күн берілмей тұрған. Ақырында бұларды немістер тұтқынға алады. Тұтқыннан қашқан Джекказған шығыстағы Шецина қаласына тап болады. Поручик Батория дегеннің отрядына партизан болып кіреді.

«Қазақстандық Иванович» партизан отрядында 30 ай болады. Осы уақытта әлденеше рет жауға атой салады, винтовкілер, пулеметтер әкеледі. Жандармерияның күзетшілерін жоюға қатысады. Ол қатысқан ең ірі оқиға – Гданьскідегі неміс аэродромына шабуыл көрінеді. Төрт ұшақ өртеніп кетеді. Бұдан әрі партизандар немістің қару-жарақ сақтайтын қоймаларының күлін көкке ұшырады. Алайда, немістер Баторияның отрядын жойып жібереді. Мұны Джекказған білмейді. Ол 1945 жылы 9 мамырда өздерінің тұрақты мекені – бункерге келгенде жау қолына түседі. Осы жерде оны және қасындағы жолдастарын өртеп жібереді. Джекказған туралы Войцех Сулевскийдің кітабында да жазылған екен. Польшаның бостандығы үшін шайқасқан қазақтың жатқан жерінің белгісіздігіне ол да өкініш білдіреді.

А.Алданазаров өзінің мақаласының соңын былай аяқтайды: «Менің ізденістерім ешқандай нәтиже бермеді. Ең болмаса оның атын да біле алмадым. 70-жылдары Жекказған комбинаты өздерінің мұражайында осы жерлестеріне арнап бұрыш ашты, оны іздестіру үшін маған әжептәуір ақша ұсынды. Бірақ, мен қарсылық білдірдім. Мен оны ақшасыз да іздер едім. Польшада оның атында төрт награда бар, ол осы елде ұлттық батыр саналады».

Айта кететін жәйт, 52 қазақ отбасы Джекказғанды өздеріне жақын тартқан екен. Бірі балам десе, екіншілері ағам, әкем дейді екен. Хат жазатындар, келіп-кететіндер бар екен. Тарихшы майдангерге: «Ол осы деп айтсаңыз неңіз кетеді» деп үгіттейтіндер де болыпты. Алайда, дәлелдер шындыққа



жанасып жатпағаннан кейін қалай өтірікке, жалғандыққа жол берілсін.

Көңілді сауал мазалайды. Апыр-ай, партизан Джекказган кім болды екен?

2002 ж.

## БАУБЕКТЕЙ БОЛА АЛСАҚ

Журналист. Сіз мойындаңыз, мойындамаңыз – бұл қазір қоғамдағы әлеуетті мамандық иелерінің бірі.

Журналист сөзі жүрекке ой салады, қоғамдық пікір қалыптастырады.

Жүрекке ой салу. Бұл ғажайыптылық емес пе? Осының өзі құдіреттіліктің, мықтылықтың белгісі ғой.

«Мәртебелі мамандық саналатын бұл кәсіптің иелері өз міндеттерін тиісті деңгейде атқарып жүр ме?» деген сауал көлденең алға тартылатын болса, қалай жауап берер едік. «Иә» деп ауыз толтырып айта аламыз ба? Бұлайша үн қату қиындау шығар. Барлық әріптестерімізге бірдей топырақ шашу әділеттілік болмас. Дегенмен, көңілге кірбің салатын жәйттер бар.

Ортақ мүдде, елдік тұрғыда сөз қозғалып, ой тасталудың орнына дүдәмал жеке топтар, қозғалыстар, пратиялар атынан солардың мақсат-ниеттеріне орай атой салу байқалып қалатындай. Кім біледі, әлде бұл қазіргі заман күрделілігінен бе екен? Тұрмыстың, күнкөрістің, тіршілік жағдайының аяққа тұсау сала беруі де бірбеткейлікті, принципшілдікті танытуда көлеңкесін түсіріп отыр ма? Осылай шығар деп шүкіршілік танытатынымыз бар.

Алайда, нағыз журналист басқаша қимыл-әрекет көрсетуі керектей. Тәуелсіздік, егемендік ұғымдары санаға жаңа-жаңа сіңіп жатыр. Осындай жағдайда журналистер не істемек керек? Біздіңше ел үркіп, алаңдайтындай атыс-шабыс, өлтіру, жазалау, жыныстық қатынас... жайлы жазылған материалдар емес. Отансүйгіштік, туған жер мен туған елге ынтызарлық, сыйластық, жарасымдылық рухын бойға

сіңіретіндей нұрлы, шуақты сөздер көбірек керек. Бұл сөздерді дүниеге келтірудің де амал-тәсілдері бар. Ол сөз жоқ, журналист шеберлігіне қатысты.

Жалпы журналист қауымы жалынды публицист, отаншыл Баубек Бұлқышевтен үйренсек, соның жүрек соғысын, лүпілін түсінсек жөн болар еді. Егер біздер туған Отанымызды, Қазақстанымызды Баубектей сүйе білсек, қадірлей білсек мемлекетімізге де, халқымызға да көп пайда әкелген болар едік.

Баубектің өмірі өзін туған жұртының патриоты, жанашыры санайтын әркімге де өнеге, тағлым емес пе? Жан-жақтан ажал оғы себелеп, қызу шайқас жүріп жатқанда қарақан басының қамын күйттемей, отандастарына, замандастарына жалынды сөздерін арнауы, оларды баспасөз беттеріне жариялауы, құдай-ау, нағыз ұлдың, нағыз жігіттің, азаматтың, ердің ісі ғой. Бұған қалай сүйсінбессің, қалай тебіренбессің... «Заман біздікі», «Өмір мен өлім туралы», «Тыңда, Кавказ!», «Шығыс ұлына хат»... Бұлар қаламмен емес, жүрекпен, қанмен өрілген толғаныстар, толғаулар. «Шіркін, қайыспас мықты, мейірімді, жомарт, туған жер, біздің ана! Біз сенің үстінде тудық, сенің үстінде өстік, сенің үстінде өлсек те арман жоқ» дейді Баубек. «Ел намысы үшін өлген ер өлімі бізде қадірлі, сондықтан біз өлімнен намыс жоғары дегенді жау оғының астында да қайталап айтамыз» дейді Баубек.

Туған еліміз – Қазақстан қазіргі күні сын шақты бастан кешіруде. Алда атқарылуға тиіс көп міндеттер бар. Елдің тұрмысы тез арада түзеліп кете ме... Ұлт бірлігі қалай нығаймақ... Жанымыз, арымыз- мемлекеттік тілдің мәртебесі қайтсе көтерілмек... Өзекті мәселелер көп. Осыларды шешуде, елдің көсегесін көтеруде көп адам төртінші билік иесі санайтын журналистер едәуір үлес қоса алар еді... Ол үшін бізге Баубектің жүрек тебіренісі, Баубек бауырмалдығы қажет болып-ақ тұр. Отанды, жұртымызды ақ жүрекпен сүйіп, құрметтей алсақ алынбайтын асу, бағынбайтын кедергілер болмайды-ау, сірә.

2003 ж.

## «АНА АТЫ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ»

Көзі қарақты жұрт қазақтың батыр қызы – Хиуаз Доспанованы жақсы білуі тиіс. Ұшқыш қыз неміс-фашист басқыншыларымен болған қырғын соғыста ерлікпен шайқасты.

Ол мектепте оқып жүргенде-ақ атақты орыс ұшқышы Марина Раскованы ерекше бағалады. Қазақша айтқанда, пір тұтты. «Өскенде Маринадай ұшқыш болсам» деп армандады. Өмір деген қызық. Соғыс жылдары сол Раскова басқарған 46-гвардиялық түнгі бомбалаушы ұшқыштар полкінде штурман қызметін атқарды. Солтүстік Кавказ бен Кубанді, Қырымды, Украина мен Белоруссияны, Польша мен Германияны фашистерден азат етуге қатысты. Жау шебіне 300-ден аса ұшқыш ұшып шықты. Жауынгерлік ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталды.

Соғыстан аман-есен оралғаннан кейін бейбіт өмірге белсене араласты. Жауапты қызметтер атқарды. Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Жоғарғы Кеңесі Төралқасының хатшысы, Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, Алматы қалалық партия комитетінің екінші хатшысы қызметтерінде болды.

Фашистерді бас көтертпей бомбалаған жаужүрек қызға 2004 жылы Тәуелсіздік күніне орай «Халық Қаһарманы» атағы берілді. «Игіліктің ерте-кеші жоқ» дегендей, арада көп жылдар өтсе де ерлік бағаланды, әділдіктің ақ туы желбіреді.

Арада бір жыл өткеннен кейін көп жылғы науқастан соң қазақтың ержүрек қызы дүние салды. Көңілге демеу болатыны – ұлы Отаны, туған халқы оны батыр, қаһарман деп құрметтеп-қастерлегенін, кеудесіне Алтын Жұлдыз таққанын көзімен көріп, жүрегімен сезініп кетті.

...Міне, қарсы алдымда батыр қыз – Хиуаз апаның ұлы, отбасындағы жалғыз перзент, бүгінде алпыс бес жастағы Ерболат Шәкуұлы Әміров отыр.

Әңгіме өзегі – туған халқының мақтанышы Хиуаз апамыздың өмірі. Ерболат сөзге онша жоқ екен. Сауалға

қысқа жауап қайтарады. Тереңірек бара бермейді. Дегенмен де, жүрегі таза, адамгершілігі, кісілігі мол азамат екендігі сөз саптауынан байқалып тұр.

– Хиуаз апаның күйеуі, әкеңіз Шәку ағамыздың сырқаттанып жүргенінен хабардармыз. Жай-күйі қалай?

– Сыртқа шыға бермейді. Көбіне үйде. Оның үстіне жасы да біразға келген.

– Оқырман қауымға әкей жөнінде бір-екі ауыз сөз айта кетсек.

– Ол кісі 1921 жылы Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданының Күнтимес аталатын жерінде өмірге келген. 1939 жылы мектепті бітіріп, Қостанайдағы педучилищеге түседі. Алайда осы оқу орны жабылып қалады да, Қостанай мұғалімдер институтына құжатын тапсырып, студент атанады. 1943 жылы Кеңес Армиясының қатарына шақырылады. Армиядан 1945 жылдың қазан айында оралады. 1945 жылдың желтоқсанында Қостанай облыстық партия комитеті насихатшы қызметкерлердің республикалық мектебіне оқуға жібереді. Сонда оқып жүргенде әлгі курс қысқарады да, екіжылдық партия мектебі ұйымдастырылады. Курстан іріктеліп алынғандар партия мектебіне тартылады. Осы партия мектебінде әкем де, анам да оқиды. Осында жүріп танысады. Сөйтіп, 1948 жылы екеуі қосылып, шаңырақ көтереді.

Әкей сырттай Қазақ педагогика институтының тарих факультетін бітіреді. Көбіне партиялық жұмыста болды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде, республикалық партия мектебінде қызмет етті.

– Ереке, өзіңіз, отбасыңыз жайлы айтып отырсаңыз.

– Мен 1950 жылы дүниеге келдім. Мектепті тәмамдаған соң Ресейге жол тарттым. Новосибирск қаласындағы университеттің математика факультетін бітірдім. Қазір Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеттің математика кафедрасында оқытушы болып қызмет етемін. Отбасым бар. Зайыбымның аты – Ирина. Шешесі орыс болғанымен әкесі қазақ. Мәскеудің мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Ағылшын, қытай тілдеріне жетік. «Қазақмыстың» Алматыдағы филиа-

лында аудармашы. Екі баламыз бар. Үлкеніміз Баян Америкада оқып жүр. Тұрмысқа шыққан. Сол жақта тұрады. Қанат та Америкада білім алып жүр.

– Хиуаз апа соғыста алған жарақаттың зардабын бейбіт өмірде көп тартты-ау...

– Иә, солай болды. Мен бесінші-алтыншы сыныпта оқып жүргенде зейнеткерлікке шықты. Өзіңіз де анамның естелігінен таныс шығарсыз. Жерге қонар кезде екі ұшақ соқтығысқан ғой. Төрт адамның үшеуі бірден сол жерде көз жұмған. Төртіншісі – шешем. Өлді деп ойлаған екен. Денесін ұстағанда қан тамырының соғып тұрғанын байқаған. Содан госпитальге алып келген. Осы апатта басына қатты соққы тиген. Аяғының сүйектері сынған. Осылардың барлығы кейін әсер еткен.

– Анаңыз ақыл-кеңес айтып отыратын ба еді?

– Ондай болған жоқ. Бала кезімде әкем Мәскеудегі Қоғамдық ғылымдар академиясында оқыды. Сол уақытта көп кітапқа жазылды. Олардың ішінде балаларға арналған кітаптар да жеткілікті еді. Соларды оқудан жалықпадым. Көшеге шыға бермейтінмін. Үйде отыратын бала болдым. Ермегім кітап қана болды. Анам да, әкем де ақыл-кеңес айтып мені «әурелей» қойған жоқ.

– Хиуаз апа туған жерге барып тұратын ба еді?

– Нақты есімде жоқ. Барса бір-екі рет барған болар. Ол кісі үйден шыға алмады ғой. Туған жері Атыраудың Құрманғазы ауданы, Ганюшкин селосы. Ганюшкиннің бұрынғы аты Қанішкен болған сияқты. Сірә, орыстар әлгіндей етіп өзгерте салған. Ол жақта шешемнің екі інісі бар. Қабылан және Тарғын деген. Қабыланның Мейрамкүл деген қыз баласы Есік қаласында тұрады.

– Үйге апаның құрбы-құрдастары келіп тұратын ба еді?

– Қызмет істеп жүргенде үйіміз адамнан құрғамайтын. Кейін олардың қатары азая бастады. Сырқаттың салдары ма өзі де адам келгенді жақтыра қоймады. Дәрігерге қаралып жүрді. Солардың берген дәрісін ішеді. Жан-жақтан хаттар келетін. Оларға да жауап бере қоймайтын.

– Анаңыздың Халық қаһарманы атағын алғанын қайдан естідіңіз?

– 2004 жылдың тамызында зайыбым бір грант ұтып алған. Америкада болуға. Маған да ұлықсат етілді. Жақсы жаңалықты Америкада жүріп есіттік.

Жеңіс күні қарсаңында шақыру алдым. Сәуір айында Алматыға келдім. Жеңіс күніне байланысты салтанат Алматы қаласының әкімдігінде болды. Кеңес Одағының екі дүркін Батыры Талғат Бигелдинов бастаған кілең мен атайын, сен тұр атақты соғыс ардагерлері болды. Бірқатар ардагерлерге үйдің кілтін тапсырды. Біразына көлік мінгізді. Шешеме де машина тарту етті. Шешем машинаны алғысы келмепті. «Сексеннен асқанда машинаны не істеймін. Одан да ақшасын беріңдер» деген болу керек. Сөйтіп бас тартыпты. Жиын біткеннен кейін әкімдік қызметкері көлік кілтін маған берді.

– Ерлігіне, енбегіне лайық жоғары атақты ертерек беруге болатын еді ғой...

– Ол үшін жазу керек, айту керек қой. Анамды жақсы білетін Қанапия Ахметов, Оразай Батырбеков, Михаил Есенәлиев ағаларымыз мәселе көтеріп, мақалалар жазды, тиісті орындарға хабардар етті. Сол кездегі қала әкімі Иманғали Тасмағамбетовтің де көмегі тиген болуы керек. Сөйтіп, Елбасына жеткен ғой.

– Анаңыз соғыс туралы әңгіме айтатын ба еді?

– Аздап айтатын. Есімде, майдан әндері болатын. Ол бір радиода айтылатын ресми өлеңдер емес. Соғыста жүргенде өздері шығарған ғой. Үш-төрт шумағы есімде қалыпты. Орыс газетінен бір журналист келгенде соның бір шумағын айтып бергенім бар. Сол күйінде газетке шықты.

Мен бастауыш сыпыптарда оқып жүргенде Жеңіс күніне байланысты мектептерге кездесулерге барып жүретін. Сонда бір сыныптас досым айтып еді: «Сенің анаң фашистермен соғысыпты ғой. Тамаша ерліктер көрсетіпті» деп. Расын айтқанда, оған мен сондайлық мән бере қоймаппын. Ал досым болса аузын ашып таңданумен болды. Қалай ұшты? Қасында кімдер болды? Соларды сұрамаппын да.

– Жылда келетін жеңіс шеруіне, Жеңіс күніне арналған салтанатты жиындарға қатысатын ба еді?

– Анамның орысша, қазақша екі кітабы шыққан. Содан ба жазушы деп те бағалайтын.

Коммунист ретінде Жазушылар одағының партия ұйымында тіркеуде тұрды. Партия жиналыстарына, Жеңіс күніне байланысты өткен шараларда бой көрсететін. Бірақ бұл жағдай жетпіс жасқа дейін ғана болды ғой деймін. Одан кейін денсаулығына байланысты үйде отырып қалды. Үйдің ішінің өзінде әрең-әрең қозғалатын.

– Хиуаз апаның есімі елге белгілі. Халық қаһарманы дегендей. Анаңызды мақтаныш ететін боларсыз?

– Ел басына күн туғанда анам да жүрек қалауымен майданға сұранып, Отанын қорғады. Жау тылына талай рет ұшты. Жараланды да. Ол кісі «мен батыр болайын, қаһарман болайын» деп соғыспағаны анық. Не көрсе де елмен бірге көрді. Маған шешем батыр, қаһарман болғаны үшін емес бәрінен бұрын анам болғаны үшін қымбат, кастерлі. Сіздің сауалыңызға осылай деп жауап бере аламын.

Ерболаттың бойында да анасынан дарыған ұшқын-жалын бар секілді. Хиуаз ана да тік сөйлеп, ойын бүкпесіз, ашық айтады екен. Жалған сөйлеу, жағымпаздық жат қасиет көрінеді. Ерболаттың орнында басқа біреулер болса: «Әрине, мақтанамын. Анам Халық қаһарманы болса неге шаттанып, тасымасқа» дер ме еді. Біздің кейіпкеріміз олай демеді. Анасын ең алдымен өзін жарық дүниеге әкелген орны бөлек жан ретінде жоғары бағалайтынын айтты. Иә, ананың аты ана ғой.

## «АТАСЫН СЫЙЛАМАҒАНДЫ АНТ ҰРАДЫ»

Еліміз Тәуелсіздікке ие болғаннан кейін экономикалық реформалармен бірге патриоттардың жаңа буынын тәрбиелеу ісі де басты міндеттердің бірі болды. Бүгінгі Отан қорғаушы күні қарсаңында осы мәселе бойынша Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әскери ғылымдар докторы, профессор Ким Серікбаевпен тілдесудің сәті түсті.

– Сіз көптен бері жастарға патриоттық тәрбие беру ісімен шұғылданып келесіз. Өткен жылдармен салыстырғанда қазіргі уақытта тәрбие жұмысын жүргізудің мазмұны мен әдіс-тәсілдерінде өзгешеліктер бар деп ойлайсыз ба?

– Ертеңін ойлаған қандай да өркениетті ел болмасын жас ұрпаққа айрықша көңіл бөледі. Бұл жөнінде біздің еліміздің Президенті де әлденеше рет айтқан болатын. Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында да қазақстандық патриотизмнің қандай болуы керектігі жөнінде нақты айтып берді.

Жаңа қазақстандық патриотизмнің басты мақсаты – қоғамдық келісімді сақтау және нығайту. Мұның себебі де белгілі. Көптеген басқа елдерге қарағандағы біздің ерекшелігіміз – біз бірнеше ұлт өкілдерінің басын қосқан мемлекетте тұрамыз. Қазақстандық патриотизмнің іргетасы ретінде барлық азаматтардың тең құқылығын, Отан мүддесі жолындағы ортақ жауапкершілікті айтуға болар еді.

Алайда Президентіміз орынды атап көрсеткендей бүгінгі күні еліміз үшін бойды кернеген мақтаныш сезімі аздық етеді. Мәселе әрбір азамат ертеңгі күнге, тіпті алдағы болашаққа деген берік сенімі болатындай, өз жерінің қожайыны ретінде сезінетіндей саяси жүйені орнықтыруда болып тұр. Өз басым тәрбие саласындағы ескі мен жаңа тәсілдердің айырмашылығын осылай түсінемін.

Жалпы менің буынымдағы адамдар үшін патриотизм туралы айту жеңіл де, бір жағынан оңай да емес. Жеңіл болатыны, біз өміріміздің едәуір бөлігін басқа қоғамдық-экономикалық кезеңде өткіздік. «Бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін», «Өзің өлсең де, жолдасыңды құтқар» деген секілді



қағидалармен тәрбиелендік. Бұл жақсы ма, жаман ба – ой таразысына салып көріңіз.

Кешегі екінші дүниежүзілік соғыс басталған уақытта біздің буын мектеп партасына жаңа отырып жатыр еді. Біз бала болсақ та біздің қаламыздан не ауданымыздан шыққан майдан мен тыл ерлерінің аты-жөндеріне дейін білетінбіз. Кішкентай болғанымызға қарамастан үлкендерге көмектесіп жүрдік, қоғамымыз үшін пайдалы іс тындыруға ұмтылып тұратынбыз. Біз де сөйтіп Ұлы Жеңісті жақындатуға тырыстық. Біз үшін «патриотизм» сөзінің мән-мағынасы жақсы түсінікті болды. Міне, бұл тақырыпқа кез келген ортада әңгіме қозғаудың қиын болмайтын себебі осыдан.

– Сіз қазіргі күні патриотизм туралы айту оңай емес деп қалдыңыз. Сонда бүгінгі жастар бұл түсінікті өзгеше қабылдайтын болғаны ма?

– Осыдан жарты ғасыр бұрын Мәскеудегі әскери академияда оқыдым. Біз Кеңес Одағының Батыры, генерал-лейтенант Григорий Федорович Самойловичтің дәрісін тыңдадық. Сол кездің өзінде ол кейбіреулер біздің өткенімізді, соғыс тарихын бұрмалауға тырысатындығын айтқан болатын. Мұның өзі жастарға, әсіресе дүниетанымы жаңа-жаңа қалыптасып келе жатқан жас буынға әсер етпей қоймайтыны түсінікті еді.

Сол кісінің сөзі бүгінгі таңда айна-қатесіз келіп жатқандай. Кейбір ақпарат құралдары өздерінше соғыс туралы «шындықты ашқан» болып жатыр. Біздің жерлестеріміз – панфиловшылардың ерлігіне күмән келтіретіндер бар секілді, 28-інші гвардияшы-панфиловшылар саябағындағы мемориалды басқа жерге ауыстыру жөнінде ақылға қонбайтын ұсыныс айтушылар кездесіп жүр, қазақтар үшін осы соғыстың керегі де жоқ еді дейтіндер де ұшырасып қалады.

Сөз жоқ, кешегі соғыстың деректері мен тарихын бұрмалаушылармен ешқашан да келісе алмаймыз. Біз, ардагерлер әлгіндей теріс пікірлер мен ұсыныстарды адамгершілікке жат қылықтар ретінде бағалаймыз, бұл бүгінгі бейбіт өмір үшін опат болған аға-апаларымыздың

аруағын сыйламағандық, арамызда жер басып жүрген майдангерлердің ар-намысын таптағандық деп білеміз.

Әрине, демократиялық елде сөз бостандығы болуы тиіс, алайда өтірік пен жала жапқандығы үшін жауапкершілік те сұралу қажет шығар. Тарихты бұрмалаудың арты жақсылыққа апармайды. Мұны есте сақтағанымыз жөн. Бұл ретте дағыстандық әйгілі ақын Расул Ғамзатовтың мына сөзін келтіре кеткенді жөн көремін: «Егер сен өткенінді тапаншамен ататын болсаң, онда болашақ сені зеңбірекпен атқылайды». Ал қазақта мынадай сөз бар: «Атаңа не істесең, алдына сол келеді» немесе «Атасын сыйламағанды ант ұрады».

– Расында да, қазір уақыт басқа. Нарықтық экономика заманында өмір сүріп жатырмыз. Жеке кәсіпкерлік даму үстінде. Мұның да тәрбие жұмысына әсері бары анық...

– Елдің Тәуелсіздікке ие болуы зор игілік. Осының өзі әр отбасының және тұтастай алғанда мемлекеттің өсіп-өркендеуіне жол ашады. Сонымен бірге мынаны да атап өткен жөн, жаңа құбылыс – баюға, байлыққа кенелуге ұмтылу байқалады. Өкінішке орай, таза еңбегімен емес, түрлі айла-шарғылар арқылы байығысы келетіндер бар. Өмірден көріп жүргеніміздей, ондайлардың бірқатары түрмеге қамалып отыр, бірқатары шетел асып жасырынуда. Солардың көбісі өздерін патриоттар, біздің жас мемлекетіміздің тәуелсіздігі жолындағы күрескерлер санайтын секілді. Осының өзі жас ұрпаққа әсер етері анық. Патриотизм туралы дәл қазір әңгіме айтудың жеңіл еместігі де осыдан.

– Соған қарамастан жастарға жөн-жоба, бағыт-бағдар сілтеу парыз, әрине...

– Сондықтан да біз, ардагерлер патриоттық тәрбие беруде жаңа жағдай жаңа әдіс-тәсілдерді талап етеді деп есептейміз. Бізде ешуақытта да мәнін жоймайтын құндылықтар бар. Олар кез келген әлеуметтік- экономикалық кезеңдерде болады. Біздің бабаларымыз Отаны мен жерін, туған халқын жанындай сүйді және қасық қаны қалғанша қорғады. Олар бізге қойнауы табиғи байлықтарға бай ұлан-ғайыр жер қалдырды. Бөгенбай мен Қабанбайдың, Есет пен Қарасайдың, Махам-

бет пен Исатайдың байлықпен аттары шыққан жоқ, олар қарапайым адамдарды маңдарына топтастырып, оларды жауға қарсы атойлата білді. Міне, бұл шынайы патриотизмнің түп тамыры. Отанымыздың бүгінгі және болашақтағы патриоттарын тәрбиелеу жөніндегі жұмыс осының негізінде жүргізілуі тиіс. Бұл, біріншіден.

Екіншіден, өмір көрсетіп отырғанындай, тәрбие жұмысы диалог, еркін пікір алмасу тұрғысында жүргізілсе нәтижелі. Сондықтан да «қолайсыз» сұрақтардан бойды аулақ ұстамаған жөн, әңгіме әділ және ашық болуы тиіс. Сонда ғана бұл талқыланатын проблеманы терең ұғынуға ғана емес, жастардың бойына сенім ұялатуға мүмкіндік береді. Бұл өте маңызды.

Елімізде жыл сайын өткізілетін «Менің Қазақстаным» атты патриоттардың жалпыұлттық форумының маңызын жоққа шығаруға болмайды. Алайда бұл форум шығармашылық, пікірталастық сипат алса нұр үстіне нұр. Яғни айқай-шудан гөрі нақтылық, ұрпақтар пікір алмасуы орын алса тиімділігі мол.

– Мемлекет басшысы патриотизм туралы айтқанда қазақстандықтардың мемлекеттік тілді меңгеруі маңызды болып саналатынын әрдайым да ескертіп келеді. Әскери құрылымдарда қазақ тілін оқып-үйренудің жайы қалай?

– Расында да, Президент өте орынды айтты, қазақ тілі бұл біздің рухани өзегіміз. Ол қазақстандық патриотизмді тәрбиелеудегі қуатты қару саналады. Сондықтан да әскери оқу орындарында, армияның барлық құрылымдарында басқармалар мен бөлімдер құрылған, олар қазақ тілін оқып-үйрету жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асырады. Бұл үшін мамандарға арналып шығарылған «Әскери энциклопедия», сөздіктер бар, жалпы әскери жарғы және қарулар мен әскери техникаларды оқып-үйренуге арналған материалдар қазақ тіліне аударылды. Біздің әскерлер сапта, сахнада қазақша ән айтады.

Сонымен бірге мынаны да ескеруіміз қажет, Қазақстанда бірнеше ұлт өкілдері тұрады. Міне, сондықтан да мемлекеттік

тіл басқа тілдерге көлеңкесін түсірмей, біздің елдегі ұлт өкілдерін топтастыра, біріктіре білуі қажет.

– Сіздің Алматы қаласындағы Медеу аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы екендігіңізден хабардармыз. Патриоттық тәрбие беруде қандай игі істер атқарылуда?

– Біз жұмысымызда еліміздің мемлекеттік нышандарының мәнін ұғындыруға баса көңіл бөлеміз. Әнұран, елтанба, ту – мемлекетіміздің қасиетті белгілері. Сондықтан да олардың қалай пайда болғандығы туралы егжей-тегжейлі әңгімелейміз. Ерлік сабақтары жөнінде айтпай кетсек дұрыс болмас. Біздің ауданда 26 орта мектеп, 3 жоғары оқу орны бар. Ерлік сабағы әрбір оқу жылында басталады. Олар сондай-ақ екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы әйгілі шайқастар, мектептерге және көшелерге аты берілген соғыс қаһармандарының мерейтойлық күндеріне орай жүргізіледі.

Реті келіп тұрғанда бір маңызды мәселе жөнінде айтқым келеді. Қауіпсіздік кеңесінің мәжілісінде Мемлекет басшысы облыстарда патриоттық тәрбие берудің орталығына айналуға тиіс Ардагерлер үйін ашу жөнінде тапсырма берген болатын. Осы жылдары Ардагерлер үйі Талдықорғанда пайда болды. Қостанайда ашу жоспарлануда. Алматыда Ардагерлер үйі болса жақсы болар еді. Мұнда 170 мыңнан астам зейнеткер мен 1500 майдангер-ардагерлер бар. Бұл мәселені ардагерлер қозғалысының белсенділері жиі көтеріп жүргенін айтқым келеді. Мәжіліс депутаттарының да осы мәселеге көңіл аударғанын қалар едім.

Бізде жастарды патриоттыққа тәрбиелеуде барлық мүмкіндік бар. Сол мүмкіндіктерді тиімді пайдалана білгеніміз дұрыс.

## МАЗМҰНЫ

ЖАУЫНА КӨКТЕН ШҮЙІЛГЕН.....	3
ОҚ ПЕН ОТ АРАСЫНАН ОРАЛҒАН.....	23
ЕР ҮРМӘШ.....	30
ЖЕҢІМПАЗ.....	42
Соғыс қалай басталды?.....	43
Жау қоршауында.....	47
7 қараша 1941 жыл.....	49
Сталинград шайқасы.....	51
Аяныш.....	53
Чех жерінде.....	54
24 маусым 1945 жыл.....	55
9 мамыр 1985 жыл.....	57
БАТЫР АТАҒЫНА ҰСЫНЫЛЫП ЕДІ.....	61
«Халық жауының» ұрпағы.....	61
Бұлтартпас дерек.....	66
«БЕСШИДЕН» БЕРЛИНГЕ ДЕЙІН.....	69
Курскиінінде.....	70
Сандомирск сынағы.....	75
Берлинді бағындыру.....	79
ЖҮЗІНШІНІҢ ЖОРЫҚТАРЫ.....	91
ЖАҢААРҚАЛЫҚ ЖАУЫНГЕР.....	121
ПАРТИЗАН.....	125
Балалықтың ащы дәмі.....	126
Жау қолында.....	131
Орындалған мақсат.....	134
МАЙДАН ХАТТАРЫ.....	142

«РЖЕВ ҚАНДЫ ҚАСАБЫ».....	161
ЕРЛІК ЕСКІРМЕЙДІ.....	165
65 ЖЫЛДАН СОҢ.....	171
БАТЫР ҚЫЗДАРДЫ БІР-БІРІНЕН БӨЛМЕЙІК.....	174
ПАРТИЗАН «ДЖЕЗКАЗГАН». ОЛ КІМ?.....	175
БАУБЕКТЕЙ БОЛА АЛСАҚ.....	177
«АНА АТЫ БӨРІНЕН ҚЫМБАТ».....	179
«АТАСЫН СЫЙЛАМАҒАНДЫ АНТ ҰРАДЫ».....	184

**Нұрперзент ДОМБАЙ**

## **ЕЛІК – ЕЛГЕ МҰРА**



Жауапты шығарушы -  
“Алматы-Болашақ” АҚ  
Өндіріс жағын басқарушы - И. Ү. Ақбасов  
Көркемдік жағын қараған - В. В. Стенякин  
Редактор - М. Б. Ақсан  
Беттеген - А. Рахманбай

Басуға 29.09.2022 ж. қол қойылды. Қалыбы 84x108 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>.  
Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы - 6.0  
Таралымы - 3000 дана. Тапсырыс № 1312

АҚ «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қаласы,  
050026, Мұқанов көшесі 223 «В».  
Тел.: 378-40-08, 378-42-00

**ISBN 978-601-7646-39-4**



**9 786017 646394**